«Ел билеу! Бұл мансапқор жанның ұлы тілегі. Кенет Әбілқайырдың есіне Шыңғыстың ел билеу жөнінде балаларына айтыптымыс деген қағидасы түсті. Ұлы хан жаулап алған жерін төрт ұлысқа бөліп, төрт баласына беріпті. Сол мәжілісте әкесінен өсиет естігісі келген үлкен ұлы Жошы: «Ұлы мәртебелі Әлем әміршісі, хан қандай болу керек?» деп сұрапты. Шыңғыс: «Хан халқының көңілін табу үшін ақылды, ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек»деп жауап беріпті.

Шыңғыстың екінші баласы Жағатай: «Ханды қайткенде халқы сыйлайды?» деп сұрапты. Шыңғыс хан: «Халқың сыйласын десең тағыңнан түспе» деп жауап беріпті.

Шыңғыс ханның үшінші баласы Үгедей: «Хан қайткенде тағынан түспейд?» деп сұрапты. Шыңғыс хан: «Маңына өзінен ақылы төмен, бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе, сол хан тағында ұзақ отырады» деп жауап беріпті.

Шыңғыс ханның төртінші баласы Төле: «Қандай хан абыройлы болады?» деп сұрапты. Шыңғыс хан: «Ойынан шықпаған туған баласына да рақымы жоқ хан әрқашанда абыройлы болады» деп жауап береді...

Әбілқайыр да осы төрт жарғыға қол қойған адам» [9].

Ендеше, күні кеше ғана сияқты еді ғой сол Шыңғыстың осы атақты жарғы-өситін қалдырғаны, олай болса, сол ұлы әміршінің ұрпағы Әбілқайыр ханға не болды? Айдаладағы қара қазақ Батыр арасында татулық емес, араздық отын жағып, соның арқасында билік шеңберінің тарылмауын ойлап, өз мерейінің үстем болуын көздеген әйгілі ханның бұл шешімсіздігіне не жорық? Дүйім жұрттың алдында Асан қайғы бастаған қос ақын – Қотан мен Қазтуғанның елдің ерлігі мен елдігін мадақтап, Шыңғыс хан бастаған қанды жорықты даттауы, онда да Әбілқайырдың көзінше көсілуін не деп ұғуға болады? Қылышынан қан тамған Шыңғыс заманының өткеніне небәрі 2-3-ақ ғасыр өтпеп пе еді? Ал екі-үш ғасыр тарих үшін бәлендей көп уақыт емес қой, тәйірі!

Міне, осынау негізгі идея, эстетикалық қуатты өзінше беруге талпыну – романшы Есенберлиннің стиліне тән сипаттар. Әр қаламгердің көркемдік ізденістері, стильдік ерекшеліктері өз алдына бір сиқырлы, жұмбақ әлем десек, оның яғни Есенберлиннің стилі Шыңғыс хан, Бату жорықтарын баяндайтын В.Янның романдарынан осы жоғарыдағы сипаттарымен дараланып тұр десек, қателеспеспіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Добролюбов Н. Полн.собр.соч. – М.: ГИХЛ, 1934. Т.І. – С.528.
2. Ленобль Г. История и литература. – М., 1960
3. Айтматов Ч. Отчет себе // Правда. 1967. 5 авг.
4. Елеукенов Ш. Көрс. Еңб.; Бердібаев Р. Көрс. Еңб.; Нұрғалиев Р. Көрс. еңб.; Тоқбергенов Т. Үш тоғыс. – Алматы: Жазушы, 1997.т.б.
5. Елеукенов Ш. Көрс. еңб.
6. Тоқбергенов Т. Көрс. еңб.
7. Лосев А. Гомер. – М., 1960. – С.69.
8. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991.
9. Есенберлин І. Алмас қылыш. – Алматы, 1971. 19-б.

ӘОК 81-11

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ РОЛІ

Ахмедиева Б.З.
«Қарағанды қаласы №2 лицей» КММ,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде [1]. Қазіргі таңда білім беру үрдісінде ойын элементтерін қолданудың маңызы артып келеді. Әсерісе, бұл орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытуда ерекше мәнге ие болып отыр.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты – оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру, дамыту, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарында көрсетілген.

Мұғалім үшін басты міндет оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту [2].

Өзге ұлт балалары оқитын мектептерде жұмыс істейтін ұстаздар қауымының басты мақсаты – өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілде сөйлету, сұрақтарға жауап қайтара білуге үйрету. Қазақ сөзінің құдыреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт талабын шыңдау қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлтты балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек [1, 13].

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады [3].

Тілді үйрену – күрделі процесс екені белгілі, оны әртүрлі ойын технологиясын қолдану арқылы жандандыруға болады, ойын арқылы тіл үйренуге деген қызығушылық артады. Ойын жаттығулары тілді меңгеру үшін берілетін қиын тапсырманы қызықты да тартымды етеді.Балалардың ойынға орасан зор қызығушылық танытатыны баршаға мәлім. Тіпті олардың белсенділік танытпайтындарының өзі ойынға зор ықыласпен қатысады, ойындағы серіктесін қолдау үшін өзінің бар жігерін салады. Ұшқалақ, тілазарлардың өзі сабақта өзінің тобының сәтсіздіктері үшін күйініп, ойыншылардың сәттілігіне қуанып, тып-тыныш отыра қалады және ойынды бақылайды. Ойын үдерісі барысында балалар әлемі оқушылар қадам басқан тамаша ғылым әлемімен түйіседі [4].

Ойында зор тәрбиелік және білім беру мүмкіндіктері бар. Оқушылар ойын үдерісінде пән туралы және қоршаған әлем құбылыстары жөнінде сан алуан мәліметтер алады. Ол балалардың зейінін және заттардың қасиетін, олардың елеулі белгілерін анықтау қабілеттерін дамытады, балалардың ойлау, зейін, шығармашылық қиялын дамыта отырып, олардың ақыл-есінің дамуына әсер етеді. Барлық ойындар (қарапайымдары да) ғалымның жұмысымен ортақ элементтерге ие, ойында алдыға қойылған міндет пен төзетін қиындықтар, содан сон ашылулар мен бағындырған кедергілер қызықтырады, сондықтан жас мөлшеріне қарамастан ойын адамдарды қызықтырады.

Оқу үдерісіндегі ойын келесі қызметтерді атқарады:

1. Оқыту қызметі – оқушының жадын, зейінін, ақпаратты қабылдау қабілетін дамыту;

2. Тәрбиелік қызметі – ілтипат, ойындағы серіктесіне адамгершілікпен қарау;

3. Сауықтық қызметі – сабақта жағымды атмосфераны орнату, сабақты қызықты саяхатқа айналдыру;

4. Коммуникативтік қызмет – басқа тілде қарым-қатынас жасау атмосферасын жасау, жаңа қазақ тілінде байланыс жасауға негізделген эмоциналдық-коммуникативтік қарым-қатынасын орнату.

Қазақ тілі сабағында ойын түрлерінің қолдану тиімділігі:

- тақырыпты ойын арқылы меңгертуде не бір жақсы нәтижеге жетуге болады;
- сабақты жандандырып, оқушыларды ынталандырады;
- шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;
- өзіне деген сенімділік пайда болады;
- логикалық ойлау қабілеті дамиды [3].

Оқу үдерісінде ойынды қолданудың мақсаты – ойын арқылы оқушылардың білім-білік, имек-дағдыларын қалыптастыру.

Ойынның міндеті:

1. Білім деңгейі мен икем-дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу және тәрбиені ұштастыру;
2. Танымдық қызметі мен ой-өрісін кеңейту;
3. Оқушының өзіне деген сенімін арттыру, оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін дамыту.

Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

- Сабақ сапасын арттыру, жақсы білім дәрежесіне жетуде ойын элементтерін пайдалану;
- Өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгерге әсер ету [5].

Әсіресе, қазақ тілін оқытуда рөлдік ойындарды пайданалудың тиімділігі зор. Мысалы, сабақты өткізгенде белгілі бір жағдаятты негізге алып, балалардың ойнайтын рөлін анықтап, сабақты ойын түрінде өткізген өте қызықты болады.

Мысалы, 11-сыныпта «Кеден мағлұмдамасын толтыру» тақырыбы бойынша балалар кеденшінің, шетелге жол жүріп бара жатқан кәсіпкердің және студенттің рөлдерін ойнады. Ойынның мақсаты жол жүрушілердің кеден мағлұмдамасын толтыруға қатысты кеденшінің сұрақтарына жауап беру. Егер сұрақтарға жауап дұрыс берілмесе, олар шет мемлекетке жолға шыға алмайтын болды. Бұл ойынды ұйымдастыру үшін кеденшінің қызметтік формасы арнайы алынды. Сондай-ақ, кеден мағлұмдамасының мемлекеттік стандарттарға сай үлгісі де алынды. Оқушылардың ойынға қызыққаны сонша, үлгерімі төмен балалардың өзі ойынға белсенді араласты.

Дәл осындай ойын әдісі 10-сыныптарда «Сәнді киінеміз» тақырыбында сабақты өткізуде орын алды. Сабақтың тақырыбына сай оқушылар «Сәнді киінеміз» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар дүкендегі оқиға, сән журналдары өкілдерінің арасындағы пікір-талас сияқты бірнеше жағдаяттар ұйымдастырды.

Дүкендегі оқиға барысында дүкенші мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас көрсетілді. Мұның бәрін оқушылар қазақ тілінде жеткізді.

Сондай-ақ, оқушылар сән журналдары өкілдерінің рөлін ойнап, олардың арасында сән үлгілері бойынша пікір-таласты көрсетті. Пікір талас онлайн режимінде өтті. Әр оқушы өзінің сән үлгісін қорғап шығуы тиіс болды. Бұл пікір-таласқа оқушылардың қызығушылық танытқаны сонша, пікір-талас қызу өтті.

Сабаққа дайындалар алдында оқушылар Қарағанды қаласындағы «Нұр Әсем» сән үйін барып, директоры В.А. Исинадан сұхбат алды.

Сабақ қорытындысы бойынша оқушылардың күшімен «Сыр-сымбат» журналының номері жарық көрді.

Нәтижесінде сабақ өте қызықты өтті. Мұғалімнің сабақ өткізуіне қоятын барлық мақсаттарына қол жеткізілді.

Жоғарыда аталғандар ойын элементтерінің сабақтың қызықтылығын арттыруда атқаратын рөлін айқындайды. Сабаққа қойылатын мақсат – оқушылардың ойын элементтері арқылы, соның ішінде жағдаяттық ойындар арқылы тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыруға қол жеткізуге болады. Белгілі жағдаятты қазақ тілінде көрсету оңай міндет емес, алайда тәжірибе көрсететіндей, бұл міндетті балалар ойнап жүріп оңай орындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Есенгелдіқызы Б. Қазақ тілі сабағындағы ойынның рөлі // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. – №8. – 2011. – Б.14-15.

2. Рахметулина К. Сабақта ойын элементтерін тиімді қолдану // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. – №7. – 2008. – Б.129.

3. Жеткергенова Э.К. Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру [Электрондық ресурс]: http://sabaq.kz/5878

4. Заурбекова Г. Қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін тиімді қолдану туралы [Электрондық ресурс]: http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2015-01-15-10307_1.pdf

5. Аманжолов Ж. Оқытудағы ойынның маңызы // Қазақ тілі сабағындағы ойынның рөлі // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. – №4. – 2007. – Б.24.

ӘОК 81 367: 811.512.122

СИНТАКСИСТІК БІРЛІКТЕРДІҢ ПОЭЗИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ

Ахмет Р.Ғ.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы
Ибраимова Ж.Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

Поэзиядағы тілдік элементтердің бір-бірімен байланысы, қарым-қатынастары таза синтаксистік қана болмайды, ритмико-синтаксистік болады. Поэзияның синтаксисі – ұйқас, өлшем заңдарымен қоса қабаттасқан күрделі синтаксис [1, 179]. Осы күрделілік поэзиядағы синтаксис бірліктері сөз тіркесінің, яғни сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, оқшау сөздер, құрмалас сөйлем түрлері қолданыстарынан айқын көрінеді.

Ғалым М.Балақаев сөз тіркесінің табиғаты және оған тән белгілерін анықтап, кез келген сөздердің сөз тіркесін құрай алмайтындығын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынандай белгілеріне қарау керек: 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады; 2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады. 3) тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады [2, 12]. Өзара тіркескен сөздің бірі екіншісін өзіне бағындырып сабақтаса байланысқанда, сөз тіркесінің ұйытқы бөлігі басыңқы сыңар деп, ал оған қатысты және тәуелді бөлігі бағыныңқы сыңар деп аталады. Сондықтан алдыңғы бөлік үнемі бағыныңқы сыңар, соңғы бөлік үнемі басыңқы сыңар болады. Ал поэзиялық шығармаларға тән бір қасиет - көбінесе осы бағыныңқы-басыңқы сыңардың орын тәртібінің өзгеріп кетуі. Бұл ерекшелікті кезінде ғалымдар Т.Р.Қордабаев та, Р.Сыздықова да өз зерттеулерінде айқындап берген еді. «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты еңбегінде ғалым Р.Сыздықова былай деп ой өрбітеді: «Сөйлем мүшелерінің түркі тілдеріне, оның ішінде, қазақ тіліне тән классикалық тәртібі: бастауыштың баяндауыштан бұрын тұруы тұрлаусыз мүшелердің өздері қатысты сөздерден (мүшелерден) бұрын орналасуы құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компоненттің басыңқыдан бұрын келуі - өлең синтаксисінде жиі кездеседі»[3, 62]. Ғалымдар пікіріне қосылатынымызды білдіре отырып, ойымызды дәлелдеу үшін М.Жұмабаевтың поэзиясындағы тілдік фактіге жүгінейік:

1.Сұм көңілге разы емен мен,
Тез жанар да, тез сөнер
Бір тілегін істесең сен,
Оған басқа ой келер («Көңіл»).
2.Күн батып, қараңғылық қанат жайды,
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұңды, нұрлы толған Айды («Айға»).
3.Жерді көрді қанға батқан
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде аңдай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан («Гүлсімге»).
4.Тұрса да қара бұлттар көктен төніп,
Соқса да жел долданып, өршеленіп,
Мың шүкір, әлсіз қолды әлсіз шырақ

Жылтырап жанған боп тұр, қалмай сөніп («Қараңғы, дауылды түн»).

Бірінші мысалдағы I және II жақта қиыса байланысқан предикаттық қатынастағы сыңарлардың орын алмастырулары субъектіні актуальдандыру мақсатынан туындаған. Екінші мысалда меңгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы сыңарлардың орны ауысқан: мұңды, нұрлы толған айды көремін. Бұл жердегі орын тәртібіндегі өзгешелік әрі ұйқас, ырғаққа негізделсе, әрі субъектінің көңіл күйін беруде обьектіні нақтылау мақсатта қызметте тұр: Ай біресе қараңғылық торындағы субъектінің көңіл күйімен үндес-мұңды, біресе сол қараңғылыққа қарама-қарсы контраст түрінде алынған – нұрлы. Үшінші мысалда сөз тіркестері сыңарлары предикатпен бөлініп, алшақ тұрып орын алмасқан. Қара сөзде «қанға батқан жерді көрді», «зарлап жатқан елді көрді», болар еді. Ақын бағыныңқы сыңарлы басыңқы сыңардан алшақтата, тармақ соңына беріп, екпін түсіреді де, «жер қанға батты», «Ел зарлап жатты» сияқты қосымша ой информацияны алға шығарады. Төртінші мысалдағы қимыл-сын пысықтауыштық қатынаста тұрған сөздердің арасын субъект алшақтатқан. Бұл жердегі сөйлем мүшелерінің негізгі орын тәртібінің бұзылуы бірнеше қызметті бойына жинақтаған: біріншіден, ұйқас, ырғақ үшін орын алмасқан – төніп, - өршеленіп, әрі синтаксистік анафораның да ықпалы бар; екіншіден, дыбыстық үндестік өлең жолдарындағы бір тұлғадағы басыңқы сыңарлардың өз ара қатаң дауысыз (т-с) дыбыстардың үйлесуі, яғни аллитерация, үшіншіден, іс-әрекетті бейнелеудегі динамикалық күйді ерекше күшейту мақсатындағы стильдік жүк. Және қарсылық қатынастағы көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы, басыңқы компоненттерінің орны сақталғанымен, екі компоненттің арасын байланыстыратын тиянақсыз баяндауыш (да шылауы тіркескен шартты райлы етістік (орын тәртібінің өзгерісінің әсерінен өлең тармағының басына кетіп, құрмаластыру қызметінде әлсізденген.

Поэтикалық сөйлеуде оқшау сөздер, оның ішінде қаратпа сөздер де көбінесе ауызекі сөйлеудегі қызметінен гөрі басқа бір семантикалық жүк көтеруге бейім келеді. Өйткені лирикадағы сөйлеу диалогінде айналамыздағы қоршаған ортадағы кез келген жанды, жансыз затқа қаратып айту мүмкіндігі мол. М.Жұмабаев өлеңдерінің ең негізгі адресаты – сүйген жар:

Сол күнде, алтын сәулем, қолыңды бер,
Жасытпа, жолым бастап алдыма жүр.
Қара түн қорқынышты қаптағанда,
Жарқырап жұлдызым боп төккейсің нұр («Жарыма»).

Өлең тілінде авторлық ойдың субъектінің, яғни өзінің ішкі сезіміне бағытталуына қарай автокоммуникация туындайды.

Соғасың жиі-жиі, жүрек, неге?
Соққанмен жандана ма солған дене?
Сары су денені улайды тамырларда,
Тазартып енді оны қан ерем деме («Сарғайдым»).

Поэтикалық сөйлеуде қаратпа сөздің ең көп тараған түрі – ақын қиялынан туған нақтылы өмірде болмайтын образдар.

Зор тәңірі: күтісің, сен, сенеміз біз
Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.
Өз құлын өзі еңіретпес төре ие деп,
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз
Кеш, тәңірім, болса сезім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кең рақметтен құр тастайтын,
Баласы алты алаштың – біз не қылдық? («Тәңірі»).

Автордың ішкі сезімі қаратпа сөз арқылы осылай берілсе, енді бірде ақын үшінші жақтағы лирикалық кейіпкері арқылы тәңірге тілегін жеткізеді. Бұл талдаудан көретініміз – қаратпа сөздердің коммуникативтік жағдайдың құрылуында негізгі, басты элемент екендігі.

Поэзиялық шығармалардағы құрмалас сөйлемдердің де өзіндік ерекшеліктері мен көтеретін стильдік жүктерінің аз еместігі белгілі. Әйгілі Махамбет Өтемісовтің «Ереулі атқа ер салмай» өлеңіндегі айтайын деп тұрған ой-ақпараттың тек өлеңнің тұтас синтаксистік-композициялық құрылым негізінде ұғынылуына құрмалас сөйлем сыңарларының өзара ерекше байланысуы әсер еткен:

Егеулі найза қолға алмай, Ашаршылық шөл көрмей,
Еңку-еңку жер шалмай, Өзегі талып ет жемей,
Қоңыр салқын төске алмай, Ер төсектен безінбей,

Тебінгі терге шірімей, Ұлы түске ұрынбай,
Терлігі майдай ерімей, Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Алты малта ас болмай, Тебінгі теріс тағынбай,
Өзіңнен туған жас бала Темір қазық жастанбай,
Сақалы шығып жат болмай, Қу толағай бастанбай,
Ат үстінде күн көрмей, Ерлердің ісі бітер ме?

Бұл шарттық қатынастағы көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің мағынасы, көріп отырғанымыздай, синтаксистік-композициялық құрылымға бағынған.

Поэзия синтаксисінің осындай ерекшеліктері тілімізде жиі кездеседі. Белгілі ғалым Р.Сыздықованың тілімен айтсақ, ол ерекшелік, бір жағынан, ұйқас (рифма), буын саны (метрика), шумақтарға бөліну-бөлінбеу (строфа), синтаксистік тұтастық т.б. сияқты өлеңге тән шарттарға байланысты болса, екінші жағынан, әр ақынның өз стиліне тән өзгешеліктерінен құралады [4, 4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы, 1964. –Б.240.
2. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 1974. – Б.254.
3. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. –Алматы, 1980. –Б.175.
4. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1968. – Б.331.

ӘОК 81 367: 811.512.122

СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ Т.Р.ҚОРДАБАЕВ
(Профессор Т.Р.Қордабаевтың туғанына 100 жыл толуына орай)

Ахмет Р.Ғ.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы
Ибраимова Ж.Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Біз осы мақаламызда өткен жылы 100 жасқа толған абыз-ақсақал ғалымның синтаксис мәселелеріне, әсіресе құрмалас сөйлемге қатысты айтқан идеяларының әлі күнге дейін өзектілігімен ерекшеленетініне оқырманның тағы бір көзін жеткізуді мақсат тұттық. XX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап тоқсаныншы жылдары аралығында жемісті еңбек етіп, ғалымдық пен ұстаздықты қатар алып, білімімен сусындатқан бірегей азамат Т.Қордабаевтың үлкен мол мұрасы – кейінгі ұрпақтарға өнеге. Ғалымның мол мұрасы ішінде ерекше орын алатыны – құрмалас сөйлем синтаксисіне арнап жазған еңбектері. Олар:1) 1961 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты синтаксистік оқулық. Жоғары оқу орны студенттеріне арнап жазылған бұл оқулық «Жай сөйлем синтаксисі» мен «Құрмалас сөйлем синтаксисі» атты екі тараудан тұрады. Алғашқы тараудың авторы – М.Балақаев та, соңғы тараудың авторы – Т.Қордабаев. 2) 1967 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты академиялық грамматиканың «Құрмалас сөйлем синтаксисі» атты тарауының авторлары Т.Қордабаев пен Қ.Есенов. 3) Ғалымның жеке авторлығымен 1995 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі» атты оқулығы.

1961 жылы шыққан оқулықта ғалым өзіне дейін құрмалас сөйлем жөнінен айтылған тілші-ғалымдардың пікірлерін зерделеп өткізе отырып, құрмалас сөйлемді классификациялап, құрмалас сөйлем компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдерін айқындап берді.

Ғалымның тілімен айтсақ, салаластың, сабақтастың әр түрінің қалай жасалатыны, қандай тәсілдер арқылы құрмаласатындары нақты тілдік фактілер арқылы толықтырылды. Олардың бұрын зерттеуде ескерілмеген немесе әр түрлі түсіндіріліп келген түрлері қосылды, болмаса тіл фактілеріне сәйкес жаңаша баяндалды. Тұтас алынған құрмаластың болсын, оның жеке салаларының (салалас, сабақтас түрлерінің) болсын жіктеулеріндегі ала-құлалықтар да бір жүйеге келтірілді. Мысалы, Н.Сауранбаевтың құрмалас сөйлемге арналған ең соңғы елеулі еңбегі 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» атты кітапта жарияланды. Осы зерттеуінде

автор салалас құрмалас сөйлемді мезгілдес салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, талғамалы салалас деп төрт түрге бөлсе, 1961 жылғы оқулығында Т.Р.Қордабаев сегіз топқа бөлінген [1, 79-80]. Салаластың осы сегіз мағыналық түрлері кейінгі оқулықтарда да өзгеріссіз берілуде, ғалымның классификациясындағы мезгілдес салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, талғаулы салалас, түсіндірмелі салалас, кезектес салалас, салыстырмалы салалас, шартты салаластар жасалу жолдарына қарай жалғаулықты-жалғаулықсыз болып топталып берілді. Осы оқулықта сабақтас құрмалас сөйлемнің өзіндік белгілері нақтыланып, компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдері айқындалды. Ғалым сабақтас құрмаластың компоненттерін байланыстырудағы етістіктің көсемше, шартты рай, есімше тұлғаларына баса назар аударып, тілдік фактімен ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Құрмаластың салыстырмалы мен шартты мағыналық түрлерінің салаласқа да, сабақтасқа да бірдей қатыстылығы алғаш рет осы оқулықта айтылып, кейінгі еңбегінде дамытылды.

Оқулықтың үш рет қайта басылып шығуының өзі ойлы да орнықты зерттеу екендігінің көрінісі болса керек.

1967 жылы басылып шыққан «Қазақ тілінің грамматикасының» Т.Қордабаев, Қ.Есенов авторлығындағы «Құрмалас сөйлем синтаксисі» тарауы да алдыңғы оқулықтағы негізгі принциптері басшылыққа ала отырып жазылған.

Ал ғалымның 1995 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі» атты оқу құралы алдыңғы екі еңбектен елеулі жаңалықтарымен өзгешеленді. Біріншіден, ғалым құрмалас сөйлемнің зерттелу тарихын 1920 жылдардағы А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» оқулығынан бастайды. Осы жерде айта кететін бір жайт бар. Т.Р.Қордабаев 1987 жылы шыққан «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» атты еңбегінде де құрмаластың зерттелу тарихын кейбір еңбектерде айтылып жүргендей, XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап емес, 20 жылдарынан таратады. Репрессияға ұшырап, көп жылдар бойы А.Байтұрсынов атына тыйым салынған кезде, Т.Р.Қордабаев былай жазады: «Құрмалас сөйлемге қатысты қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбектер жиырмасыншы жылдар ішінде жарық көрді. Бұл еңбектерде қазақ тіліндегі сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады: бірі – ішкі мағына жақындығы болса, екіншісі – сыртқы тұлға жақындығы. Мұның алғашқысы іргелес сөйлемдерде болады. Ал осы екі жақындықтың екеуі бірде бірдей болса, ол құрмалас сөйлем болады делінген. Салалас пен сабақтастың бір-бірінен өзгешелігі салалас құрамындағы жай сөйлемдер өзара тең болады, ал сабақтаста ондай теңдік болмайды делінген. Бірақ тең болу мен кем болу неге байланысты деген сұрауға жауап берілмеді. Салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдер өз ішінен жеке түрлерге жіктеліп, сабақтастың бағыныңқы компоненттері сөйлем мүшелерімен аталады» [1, 76]. Т.Қордабаев ғалымның атын тікелей атамай «жиырмасыншы жылдар» деген сөздің аясына сиғызып, бүркемелей отырып берген пікірінің авторы А.Байтұрсынов екенін біз қазір жақсы білеміз. Ал қазақтың үш арысы «А.Байтұрсынов, М,Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби шығармашылық қызметтерін ақтау туралы» Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қаулысының 1988 жылдың желтоқсанында шыққанын және осы үш ұлы тұлғаның шығармаларының 1989 жылы ғана баспадан жарық көргенін ескерсек, Т.Р.Қордабаевтың 1987 жылы шыққан еңбегінде бүркемелеп болса да А.Байтұрсыновтың құрмалас сөйлем жөніндегі пікірінің берілуін тек үлкен жүректі ер азаматтың, нағыз ғалымның ғана қолынан келетін іс деп ойлаймыз.

Екіншіден, ғалым осы оқу құралында тілші ғалымдардың көзқарастарын жинақтай келе, құрмалас сөйлемнің ең негізгі басты критерийлерін санамалап, нақты атап көрсетті. Олар: 1. Құрмалас сөйлемнің әрбір компоненті мейлі ол тиянақты болсын, мейлі тиянақсыз болсын бәрібір сөйлемдік мағынаға ие болуы, бір ойды қамтуы керек. 2. Құрмалас сөйлем компоненттерінің білдіретін мағыналары бір-біріне жақын, қандайда болмасын, белгілі бір дәнекерлер арқылы ұштасып жататын желілес күрделі ой болады. 3. Құрмалас құрамына енетін әр компонент мейлі тиянақты болсын, мейлі тиянақсыз болсын бәрібір жалпы сөйлемге тән қасиеттерге ие болуы шарт , яғни сөйлемге тән негізгі қасиет: коммуникативтілік, модальдік сипат, предикаттық қатынастың болуы. 4.Құрмалас сөйлем компоненттерінің әрқайсысының өзіндік интонациялық кідіріс болуы керек. Осы айтылған белгілер бойынан табылатын құрылымдар ғана құрмалас сөйлем бола алады. [2, 17-21].

Қазір біз оқу-әдістемелік тәжірибемізде ғалымның осы айқындаған төрт белгісін басшылыққа ала отырып құрмалас сөйлемді талдап жүрміз.

Үшіншіден, құрмалас сөйлемді түрге жіктеуде нені басшылыққа алу керектігін айқын көрсетті. Ғалым құрмаласты байланысу тәсіліне қарай тек салалас,сабақтас деп тануды ұсынып,

мектеп грамматикасында үшінші түр деп көрсетіліп жүрген аралас құрмаластың осы екі түрінің араласуынан ғана туындайтын шартты көрінісі екенін дәлелдеді.

Төртіншіден, ғалым қазақ тілі синтаксис ілімінде алғаш рет «Күрделі синтаксистік бірлік» деген терминді енгізіп, оған кейінгі оқулығында анықтамасын беріп, негізгі белгілерін айқындады[3,95]. Ал бұл өз кезегінде синтаксистің соны зерттеу обьектісіне айналып, **мәтін синтаксисі** деген жаңа саласының туындауына әкелгенін байқап жүрміз.

Бұл мақала аясында біз ғалымның тек синтаксиске қатысты еңбектерін сөз қылдық, ал ол кісінің жалпы тіл біліміне, түркологияға, тарихи синтаксиске қатысты еңбектері қаншама!

Демек, ғалым Т.Р.Қордабаевтың артында қалдырған мол мұрасы өз зерттелуін күтіп тұрған аясы кең, үлкен ғылыми еңбектер ретінде тілші-ғалымдардың үлесінде болса керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987. – 124 бет.

2. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995. – 176 бет.

3. Ахмет Р. Қордабаев еңбектеріндегі құрмалас сөйлем мәселелері// Тілтанудағы тұлға. – Қарағанды, 2005. – Б.94-96.

ӘОК 81’366

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕР

Ахметова Н.Т.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық жағынан дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысандарының бірі – сөзжасамдық тәсілдер. Сөзжасамдық тәсілдер бірден қалыптаспаған, уақыт өте келе, бірте-бірте қалыптасқан. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар:

1) синтетикалық тәсіл,

2) аналитикалық тәсіл,

3) лексика-семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның синтетикалық тәсілі. Қосымшалы тілдерде синтетикалық сөзжасамдық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, сөзжасамның синтетикалық тәсілі тілімізде туынды сөз жасауда негізгі қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: 1) лексикалық мағыналы сөз, 2) сөзжасамдық жұрнақ [1].

Синтетикалық тәсіл арқылы сөзжасамға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының аткаратын өзіндік қызметі бар.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады. Сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады. Мысалы, табыскер, шырайлы, өнерпаз сөздеріне табыс, шырай, өнер сөздері негіз болып тұр, сондықтан олар негіз сөздер деп аталады. Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап – оның лексикалық мағынасы болуы.Ал оның тұлғасы мен құрамына ешқандай шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің негіз сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де,біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара береді. Мысалы, ем деген сөзден – ші қосымшасы арқылы емші деген жаңа сөз жасалған. Бұл жерде, ең алдымен –ші қосымшасы арқылы жаңа мағыналы (адам, яғни емдейтін адам) сөз туған. Бұл - -ші қосымшасы арқылы туған жаңа лексикалық мағынасы. Екіншіден жаңа мағыналы сөздің ұғымы адамға байланысты, адамның мамандығына, қабіллеттілігіне, икемділігіне т.б. қасиеттеріне байланысты болғандықтан, әрі ол лексикалық мағына жалпыланып заттық мәнге қатысты блғандықтан,

жаңа туынды сөз зат есім болып тұр.Синтетикалық тәсілдегі екінші тұлға, екінші тілдік бірлік – сөзжасамдық жұрнақ. Синтетикалық сөзжасамда жұрнақ негізгі мүше болып саналады, синтетикалық тәсіл арқылы туынды түбірді тек жұрнақ жасайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады. Туынды түбір негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы, арда+гер = ардагер, көрер+мен = көрермен, дәріс+хана = дәрісхана, ой+ла = ойла, айып+кер = айыпкер, сәулет+ші = сәулетші т.б.

Сонымен туынды түбірлер бір негізгі морфема мен бір көмекші морфемадан тұрады. Мысалы, өнерпаз>өнер (негізгі морфема)+паз (көмекші морфема). Осы сияқты барлық туынды түбірлер негізгі морфема мен көмекші морфемадан яғни лексикалық мағыналы сөз бен жұрнақтан тұрады.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы тілдік бірліктердің әрқайсысының орны бар, негіз сөз бірінші орында тұрады, жұрнақ екінші орында тұрады.

Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты. Бұл заңдылықтан ауытқу тек басқа тілден кірген кейбір сөздерде кездеседі. Мысалы, *бисаясат, бейкүнә т.б.* Мұндай жағдай біздің тіліміздің зандылығына жатпайды.

Туынды түбір жасаушы жұрнақтың да атқаратын өзіндік қызметі бар. Оның негізгі қызметі - туынды лексикалық мағына жасау. Сондықган көпшілік сөзжасамдық жұрнақтар лексикалық жаңа мағына жасайды. Мысалы, *ойыншық* туынды түбірін жасаған -шық жұрнағы *ойын* негіз сөзінен басқа лексикалық мағына яғни ойнайтын заттың атын жасаған. Сонда мұндағы *ойын* сөзінің лексикалық мағынасынан *ойыншық* туынды түбірінің лексикалық мағынасы басқа.

Сөзжасамдық жұрнақтардың көбі осылайша жаңа лексикалык мағына жасайды. Олар - тілдегі ең көп жұрнақтар. Осы жағдай сөзжасамдық жұрнақ жаңа лексикалық мағына жасайды деген ұғымды қалыптастырған.

Сөзжасамдық жұрнақтың ішінде сөздің лексикалық мағынасын мүлдем өзгертпей, негіз сөздің мағынасын түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, әкетай, жиеншар, басқаша, белес, әкежан, балақан, бірінші, біреу, ондаған т.б. осы сияқты туынды түбірлердің құрамындағы жұрнақтар негіз сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға түрлі мағына қосқан.

Мұндай тілдік құбылыс басқа тілдерде де бар. Мысалы, орыс тілінде мұндай туынды түбірлердің мағынасын «модифицирующие значения» деп атаған.

Сондықтан сөзжасамдық жұрнақтар екіге бөлінеді:

1) лексикалық мағына жасайтын жұрнақтар,

2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар [2]. Сөзжасамдық жұрнақтардың әрқайсысының жеке мағынасымен бірге, жалпы мағыналары да бар. Айталық, бір топ жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Мысалы, саудагер, көрме, емхана, оттық, сусын, белес, ауылдас т.б. осы сияқгы туынды түбірлерді жасайтын жұрнақтардың мағынасы заттық ұғыммен байланысты. Ал *сәнкой, көңілді, өнімді, тапқыш, әсемпаз, жинақы, сыншыл, сәнді, көйлекшең, ақылды, көреген, білгіш* сияқты туынды түбірлердегі жұрнақтар сындық белгі мағынасын жасаған.

Мына туынды түбірлердегі жүрнақтар қимыл мағынасын жасаған: басқар, байы, сына, ағар, бөліс, карай, көкте, ұзар, ақта, жина т.б.

Жұрнақтар мағынасымен байланысты сөз таптарына телулі болады. Әр сөз табының өз сөзжасамдық жұрнағы бар. Олар әр сөз табына қатысты туынды түбір сөз жасайды. Бұл жағдайға байланысты әр сөз табының өзіндік сөзжасамы қалыптасқан. Синтетикалық тәсіл барлық сөз табында сөзжасамдық қызмет атқарады.

Сөзжасамның аналитикалық, тәсілі. Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл - тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдердің сөзжасамынан орын алады. Ал кейбір тілдерде негізгі сөзжасамдық тәсіл болып саналады. Мысалы, ондай тілдерге жапон, қытай тілдері жатады.

Аналитикалық тәсіл деп екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Мысалы, Екібастұз, ойтолғау, Нүрдәулет, Қызылорда, баспасөз, он сегіз, келіп кет т.б. Бұл мысалдардың біріншісі үш сөзден, қалғандары екі сөзден құралған.

Қосымшалы тілдерде аналитикалық тәсіл басқа тәсілдер қатарынан орын

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздердің бәрі екі лексема арқылы жасалады, бірақ күрделі сөзде олардың әрқайсысы өзінің жеке тұрғандағы мәнін сақтамай, бір

тұтас мәнге көшеді. Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болумен бірге, оның іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту сияқты анлитикалық тәсілдің төрт түрі бар.

Бұлардың әрқайсысы да тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, олар арқылы жасалған туынды күрделі сөздер тілде ете мол. Аналитикалық тәсілдің бұл ішкі түрлері арқылы жасалған күрделі сөздер де бір-бірінен басқа-басқа болады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, кос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Сөзжасамның лексика-семантикалық, тәсілі. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы, зат есімге заттану арқылы көшкен сөздер өте көп: *бүлдірген, ағарған, қорған, қамал, айтыс, қоршау, ақ, асар, жетісі, екпін, тіл т.б.*

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы тілде ғылымның әр саласында терминдер көп жасалған: сөз, буын, мағына, есім, шылау, Үстеу (тіл білімі), құн, нарық (экономика), теңеу, суреттеу, өлең, әңгіме (әдебиет), қимыл, қозғалыс (физика), үш бұрыш, көбейту, қосу, алу (математика) т.б.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа сөздің жасалуы - өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар. Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар:

1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі,

2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей, өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі. Ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзге т.б. Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде баска мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Олар: 1) қорған, айтыс, жарыс-етістік, қимыл, бірге, біреу-сан есім, сандық ұғым, басқа-сын есім, өзгеше-есімдік.

Жоғарыда осы сөздердің: 1) қорған, айтыс, жарыс зат есімге көшкен мағынасы, 2) біреу - есімдікке көшкен мағынасы, 3) бірге, баска, өзге - сын есімге көшкен мағынасы келтірілді.

Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі түрлі жолмен іске асады. Оның ішінде ғылымда заттану (субстантивация)-тілдерге кең тараған түрі. Ал заттану - көбіне ықшамдау зандылығына байланысты болатын құбылыс. Мысалы, қазіргі тілде *бір жұма, бір жеті* деген тіркестер бір-бірімен мағыналас. Осындағы *жеті (апта)* сөзінің заттық мағынасы *алғаш жеті күн* мағынасында қолданылып, *күн* сөзінің қолданыста түсіп қалып, ықшамдалуынан оның заттық мағынасы *жеті* сөзіне көшкен, сонда *жеті* сөзінің заттануына *күн* сөзінің қолданыстан шығуы себеп болған.

Үші, жетісі, қырқы, жүзі, тоқсан (оқу мезгілі) сөздері де осы ретте заттанған. *Бір, біреу* сөздерінің есімдікке көшуі, *бірге, басқа, өзге, кетеген, қашаған* сөздерінің сын есімге көшуі, *бірден, етпетінен, босқа, текке, зорға, бекерге, әреңге, алға, артта, әзірге, күніге, кейде, артта, алда, баяғыда, қапыда, қапелімде, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, төтеден, шынымен, жайымен, түйдегімен т.б.* осы сияқты сөздер үстеуге көшуі көнеру арқылы жүзеге асады. Бұл сөздер тілде осы тұлғада, осы қосымшалармен қолданылып жүріп, бірте-бірте басқа мағынаға ие болып, жаңа мағынасына карай сөз табын өзгерткен, бұл үрдісте сөйлем (контекст) үлкен қызмет аткарған.

Сөзжасамдық тәсілдің осы 3 түрі «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында беріліп, ол ғылымда орныққан заңдылық ретінде танылған [7].

Сөзжасам мәселесінде сөзжасамдық тәсілдер мәселесі негізгі орын алатыны белгілі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оралбай Н. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
2. Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы, 2003.
3. Бейсембайқызы З. Сөзжасам пәнін модуль бойынша оқыту. - Алматы, 2000.
4. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
6. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. - Алматы, 1989.

ӘОК 81`367

ТІЛДЕГІ ИНВЕРСИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС

Әбдіқадыр М.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Тіл атқаратын қызметтердің ең бастысы– коммуникативтік функция. Бұл функция сөйлем арқылы іске асады, сөйлемнен басқа тілдік элементтердің ешқайсысы да ол қызметті атқара алмайды. Сөйлемнің басқа тілдік элементтерден, солардың ішінде сөздер тіркесінен ең негізгі өзгешелігі - оның коммуникативтік ең басты және бірден-бір тұлға екендігінде.

Адам өз ойын, көңіл күйін басқаларға сөйлем арқылы білдіре алады, сөйлем арқылы ғана басқалардың ойын біледі. Сөйлем- қисындық пайымдауды жарыққа шығаратын материалдық көрсеткіш. Бірақ бұдан сөйлем мен пайымдау тепе-теңдік бірлікте деген қорытынды шықпайды. Логикада сөйлем аяқталған ойды білдіреді деген анықтама бар, бірақ ойды аяқтау үшін кейде бір емес, толып жатқан сөйлемдер айту қажеттігі тәжірибеден белгілі.

Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойлар қисындық жағынан аяқталмауы да мүмкін. Сондықтан сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды оған тетелес басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға. Бұдан сөйлем әрдайым ойды білдіреді деген қорытынды шығаруға да болмайды.

Сөйлем адамның көңіл күйін, күйініш-сүйінішін, өзін қоршаған әлемге қатынасын т.б байқатуы да мүмкін.

Мысалы, *Тәйт! Әй-әй-әй! Мәссаған! Ойдайт дерсің! Е, бәсе!*

Бұл жағдай сөйлемді анықтауда оның тек оймен, блин, санамен қатынасын ғана басшылыққа алудың жеткіліксіз болатындығын байқатады.

Коммуникативтік категорияның ішкі синтаксистік мағынасы басқаларға бірдемелерді хабарлау, білдіру яғни қатынас жасау болса, ал оның сыртқы материалдық көрсеткіші-тиянақталған интонация. Сөйлем атаулының қандайы болса да, басқалармен қатынас жасау, оларға өзінің ойын, көңіл-күйін, ішкі толғаныстарын білдіруге, жарыққа шығаруға арналады. Осы себептен де сөйлемді коммуника- тивтік категория коммуникативтік негізгі тұлға дейді.

Модальдік категория сөз иесінің беріліп отырған хабарға өзіндік көзқарасын байқатады. Ол өзінің мағынасы арқылы сөйлемнің айтылу мақсатын, сазын білдіреді. Модальдік сипатына қарай сөйлемдер хабарлы, бұйрықты, сұраулы, лепті болып бөлінеді.

Модальдік категорияның сыртқы материалдық көрсеткіші-интонациямен әр түрлі морфологиялық және лексикалық элементтер. Модальдық мағынаның көрнісі, берілуі тілдерде біркелкі болмайды. Модальдік мағына материалдық жағынан грамматикалық та, лексикалық та болады. Граматикалық модаль негізінде етістік райлары арқылы жасалады. Бұл жағынан алғанда модальдік категория предикаттық категориямен үндеседі. Лексикалық модаль тілдегі модаль сөздер арқылы беріледі.

(*Ол оқиды- Ол, әрине, оқиды т.б.*)

Предикаттық категория- сөйлемнің сөйлем екенін танытатын негізгі белгілердің бірі. Ол бастауыш пен баяндауыштың бір-бірімен байланысынан туады.Сондықтан бұл екі мүшенің байланысы предикаттық қатынас деп аталады.

Предикаттық категория сөйлем мазмұнының айналадағы ақиқат өмірмен қандайлық ара қатынаста екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, хабардың жақтық, шақтық, әр түрлі модальдық мәндері предикаттық қатынастың мағналық түрлері болып есептеледі.

Предикаттық байланыс- сөйлемнің негізгі, қаңқасы. Бұл байланыс сөйлемдегі ой қазығы, баяндалатын әрекет, белгі иесі бастауышпен сол әрекетті белгіні білдіретін баяндауыш арасында болады.

Қисындық жақтан алғанда, бастауыш субъектіні, баяндауыш предикаттың материалдық көрсеткіштері. Сондықтан бұл екеуі арасында байланыс-предикаттық байланыс немесе предикация деп аталады. Бірақ бұл айтқандардан грамматикалық бастауыш пен логикалық субъект грамматикалық баяндауыш пен логикалық предикат тепе-теңдік бірлікте деген қорытынды шықпайды.Бұлар арасында көптеген айырмашылықтар бар.

Сөйлемнің бұл айтылған үш түрлі белгісі, категориясы-бір-біріне байланыссыз, бөлек-бөлек жатқан дүниелер емес, өзара бірлікте, бір сөйлем ішінде кейде қабаттасып та жүретін белгілер. Коммуникативтік пен модальдік категориялар сөйлем сайын кездеседі. Бұл екеуінсіз

сөйлем жоқ. Ал предикаттық категория жоғарыда келтірілген-*Тәйт әрі! Мәссаған! Әй-әй-әй!* дегендер тәріздес сөйлемдерде болмайды, яғни сөйлем сайын болуы шарт емес. Бұл айтылғандар-құрмалас сөйлемдерге де тән белгілер.

Сөз бен сөзді байланыстыратын синтаксистік тәсілдің бірі-сөздердің орын тәртібі.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі қазақ тілінде кейде еркін, кейде орнықты болады. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі орнықты, жартылай орнықты не еркін болу себебі сөйлем құрлысының ерекшелігімен байланысты.

Сөйлем құруға қатысатын сөз тіркестерінің біразы көбінесе,септік, жіктік, тәуелдік жалғаулар арқылы байланысатындықтан, олардың құрамындағы сөздердің орын тәртібі пәлендей қатал заңға бағынып, сіресіп қалмайды, жалпы алғанда, еркін болды.

Ал жалғаусыз байланысқан сөз тіркестерінде ол жоқ,олардың құрамындағы сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, негізінде орнықты болады.

Сөздердің белгілі тәртіппен орналасу арқылы олардың, біріншіден, синтаксистік байланысы белгіленеді, екіншіден, сөздердің синтаксистік қызметі яғни мүшелік қызметі, айқындалады. Етістіктің сөз тіркестері ішінде мезгіл үстеулері мен көсемшенің қатысымен жасалатын сөз тіркестерінің сөйлемдегі орын тәртібі еркін бола береді. Мысалы: *бүгін, міне, қарасам, бір көш кетіп барады… (Жамбыл)*

Осында бүтін сөйлемнің басында, өзі қатысты сөздерден (*кетіп барады*) қашықтап тұр. мұның себебі- мезгіл үстеулер мен көсемшенің етістікпен тіркесу қаблетінің күшті болуында.

Олар қай орында тұрса да, тек етістікпен тіркеседі. Осы айтқандардан да сөздердің белгілі тәртіппен орналаса тіркесуінің, сөз бен сөзді байланыстыру қызметінің ерекше екендігін байқауға болады. Сондықтан олардың орнын қалай болса солай өзгертіп айта бермейміз. Орын ауыстырып айтқанда, олардыр не байланысы үзіледі, не болмаса байланысы сақталып синтаксистік қатынасы өзгереді.

Мысалы: *кітап оқыды- оқыды кітап.*

Қалыпты сөз тәртібі тілдің ішкі даму заңдылықтарымен байқалады және сөйлем мүшелерінің белгілі орналасу нормасына байланысты. Әр түрлі сезімдерді, толғаныстарды, қуаныш-күйіністерді, яғни айтушының эмоциялық- экспрессивті және стильдік талаптарын көрсету үшін керісінше,орналасқан сөз тәртібі (инверсия) қолданылады. Қазақ тіл білімі ғылымында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы алғаш пікір айтушы – профессор Қ.Жұбанов [1]. Автор мұнда сөйлемдегі сөздердің қазіргі орналасу тәртібін “ең көне заманнан өзгеріссіз келе жатқан мұра” деп қарамайды. Сондықтан да Қ. Жұбанов: “Қазақ тілі бір кездерде сөйлем мүшелерінің орналасуының бүгінгіге қарама-қарсы, диаметрдің екі жағы тәрізді,тәртібін де білген”, -деп жазады [1].

Өз пікірін дәлелдеу үшін ғалым қазіргі тілімізде бар “*күн ұзақ, күн ұзын, жау жұмыр,сүт кенже, Ғаббас сыншы, Құртқожа инженер, Санжар профессор,Бекет жолдас, Асқар ақын, Әли агроном*” тәрізді текстерді мысалға келтіріп, бұларды анықтауыш сөздің (ұзақ, ұзын,жұмыр, блин, кенже, сыншы, инженер,профессор, жолдас, ақын,агроном) сөздері анықтайтын мүшелердің әдеттегідей бұрын емес, кейін келіп тұрғанын сөз етеді.

Сонымен бірге автор мұндай реттің бұрын бастауыш пен баяндауыш арасында да болғанын айтады. Ол “жазған-мын, жазған-сың, жақсы-мын, жақсы-сың”т.б осылар сияқты сөздердің жіктік жалғау қосымшаларын /мын, сың/ төркіні, “мен”, “сен” жіктеу есімдіктері.

Шынында бұл тұлғалардың алғашқы варианты “жазған-мен”, “жазған-сен”, “жақсы-мен”, “жақсы-сен” деген сөйлемдер, бұларда да бастауыш баяндауыштан бұрын емес соң тұр, - дейді.

Ғалым “Жанқұтты, Жоламан, Күлсары, Күнсұлу, Айсұлу, Күнжарық, Айжарық” сияқты біріккен түбірлі есімдер құрамында да “құтты, аман, сары, сұлу, жарық” анықтауыштары өздері анықтайтын зат есімдерден (жол, құл, күн, ай, жан) кейін тұрғанын мысалға келтіреді. Біздіңше бұл айтылғандар зерттеуді қалайтын деректер тәрізді.

Профессор М.Балақаев “қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі, негізінде екі түрлі болады: сөйлемдегі бірқатар сөйлем мүшелерінің орын тәртібі тұрақты болатындар-жалғаусыз қабыса байланысатын сөйлем мүшелері орын тәртібі, жылжымалы болатындар-жалғаулар арқылы қиыса, меңгеріле, матаса байланысатын сөйлем мүшелері” - дейді [2].

Мысалы: “жолдасымыз екеуміз күнде қалың ағаш көлеңкесінде жататынбыз” деген сөйлемдегі анықтауыш “қалыңды” сол орнынан қозғауға болмайды, ал “күнде ағаш көлеңкесінде” деген пысықтауыштың орнын ауыстырып айтуға, бастауыштан бұрын айтуға да болады.

Күнде жолдасымыз екеуміз …/қалың ағаш көлеңкесінде /күн-де/ жататынбыз. Жалғаусыз қабыса /сол тұрған орнына қарай/ байланысатын сөйлем мүшелерінің көпшілігі қалыпты орындарынан тапжылмайды.

Мысалы: сын есім, есімше, сан есім, атау күйіндегі зат есім анықтауыш болса, олар анықтайтын сөзінің дәл алдында тұрады. Кейбір жағдайда болмаса, басқа мүшелермен орын ауыстыруға көнбейді.

Орнын ауыстырып айтуға болған күнде бұл сөздің бұрынғы синтаксистік қызметі өзгеріп кетеді.

Мысалы: "*Даңғыл жолмен жүріп келеміз*" деген сөйлемдегі анықтауышты /даңғыл/ "жолмен" сөзінен кейін қоюға болмайды. Сондай-ақ, "*Колхоздың ұзын мүйізді қызыл сиырлары тау алқабында жайылып жүр*" деген сөйлемдегі "ұзын мүйіздіні" сол орнынан қозғауға болмайды.

Егер оны сөйлемнің басына шығарып айтсақ, ол "колхоз" сөзінің анықтауышы болып, сөйлемнің бұрынғы мағынасына мұқсан келтірген болар едік.

Екі зат есім не зат есім мен есімдік қатар тұрып, алдыңғысы бастауыш, соңғысы баяндауыш болатыны белгілі. Егер орындарын ауыстырып айтсақ, олардың синтаксистік қызметі де ауысады. /*Сапар– мұғалім. Мұғалім-Сапар. Мынау-парта. Парта-мынау. Осы кісі-айтқан кісі. Айтқан кісі-осы кісі./*

Сөздердің сөйлемдегі қалыпты орнын өзгерту қалай да сөйлем мағынасын түрлендіруге әсер етеді. Мысалы: "*Үйірмеге Досан кетті"* дегенмен "*Досан үйірмеге кетті*" деген бір емес: алдындағы сөйлемде үйірмеге кеткеннің кім екендігі баса айтылса, соңғысында Досанның қайда кеткендігі баса айтылған. "Болат та ертең концертке қатысады" деген сөйлемдегі- "та" шылауының орнын өзгертіп басқа сөздерден соң қойып мынадай сөйлемдер құрауға болады:

- *"Болат та ертең концертке қатысады"*
- *"Болат ертең де концертке қатысады"*
- *"Болат ертең концертке де қатысады"*

Сондай-ақ "Самал Жанардың сол жылы не себепті дайындыққа келмегенін түсінбеді",- деген сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің орнын былай өзгетіп айтуға болады:

- *Самал сол жылы Жанардың не себепті дайындыққа келмегенін түсінбеді.*
- *Сол жылы Самал Жанардың не себепті дайындыққа кемегенін түсінбеді.*
- *Самал не себепті Жанардың сол жылы дайындыққа келмегенін түсінбеді.*
- *Жанардың дайындыққа сол жылы не себепті келмегенін Самал түсінбеді.*
- *Жанардың сол жылы не себепті дайындыққа келмегенін Самал түсінбеді.*

Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орнын ауыстырып айтуды инверсия дейміз. Сөйлемдегі мүшелерді кез келген жерге жылжыта салсақ, ондай сөйлемде ешқашандай мағына қалмас еді, әрі ол сөйлемдік қасиеттен айрылып, жай сөздердің жиынтығы болар еді.

Сөйлемдегі сөздер қалай болса солай орналаспай, тіл-тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан синтаксистік ерекшеліктеріне сәкес белгілі тәртіппен, заңдылықпен орналасатындығы да сондықтан екені сөзсіз.

Мәселен, "*Менің құлыным да жиі-жиі хат жазып тұрады*" деген сөйлемдегі бастауыш пен анықтауыш не баяндауыш пен тура толықтауыш орындарын алмастырып қолдансақ, айтушының ойы көмескіленіп, сөйлеміміз де жай бір топтастырыла салған сөздер жиынтығына айналар еді: "*Тұран жиі-жиі менің жазып хат құланым"*.

Демек, бұдан айтушы не жазушы алдына белгілі бір мақсат қоймай, өз қалауынша сөздердің орындарын ауыстыра қолданудан инверсия пайда болмайтыны, кез келген сөйлем мүшесін ретсіз инверсиялау айтылғалы тұрған ойдың нәрлі де әсем шығуына кедергі келтіретіні не солғындандыра түсетіні көрінеді.

Енді бүгінгі газетімізде жиі қолданылып жүрген "Жаныңда жүр жақсы адам" деген тақырып- сөйлемге көңіл аударайықшы. Мұндағы сөз қолданыс мақсатты инверсиялы, яғни құрамындағы сөздер қалай болса солай жасалған емес, "Жақсы адам" тіркесіне екпін түсірілу арқылы әсерлі /экспрессивті/ қолданылған.

Сонымен бірге сөйлемде дыбыс үндестігі арқылы да беріліп тұрған экспрессивті рең бар. Оған себепті-үш сөздің басында келіп тұрған 5 рет қайталанған "а" әріптері.

Жалпы ереже бойынша, әдетте баяндауыш сөйлем аяғында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықталатын сөздің алдында, толықтауыш, пысықтауыш өздері қатысты сөздерінен бұрын тұруға тиіс екені мәлім.

Бірақ тағы да сол жоғарыда айтылғандардан аңғарылатындай, белгілі бір стильдік мақсатты өтеуде, сөйлем мағынасын түрлендіруде орын тәртібі құбылып отырады. Өйткені инверсия- сөз қолданудағы мәнерлеу /экспрессия/ тәсілі [3].

Инверсия арқылы айтайын деген ойды өткірлеп, ұштай түсуге, оны өзгеше бір дауыс ырғағымен мәнерлеп айтуға мүмкіндік туады. Инверсия барлық халықтардың поэтикасында кеңінен қолданылады.

Мысалы:

"*Келдік талай жерге енді,*

Кіруге-ақ қалдық көруге енді" /Абай/.

Көркем шығармаларда инверсия суреткер ойының мейлінше дәл берілуі ушін қолданылады.

Инверсия /лат-перестановка/- лингвисткада сөйлем құрушы сөздер мен сөз тіркестерінің дағдылы орын тәртібін өзгертіп қолдану. Бұл әдетте,сөйлемнің жалпы өзін ерекше мәнде жұмсақ қажет тұстарда пайдаланылады [4].

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты тарихи өлеңдер Елдің басынан кешкен тауқыметті тағдырын, талауға түскен тұрмысын айтып елдің туын көтеруді ұрандайды. Жас баланың санасына ашаршылық пен жаугершіліктің әкелген жоқшылығын мына өлең жолдарымен асерлі жеткізеді. Бұл жарлай арнау тәсілімен жырланған тарихи өлең мәтініне жатады.

Бұрынғыдай жәйің бар ма?
Мінетұғын тайың бар ма?
Жылағанда дайын тұрған,
Қарындағы майың бар ма?

Бұрынғыдай елің бар ма?
Үй артында желің бар ма?
Шұрқырасып, маңыраған,
Шулап жатқан төлің бар ма?

Өрелеген етің бар ма?
Көнектеген сүтың бар ма?
Ертелі кеш сауып ішер,
Ару анадай құтың бар ма? – деу арқылы жоғалған дүниелерін айтып, елді қайта бас көтеруге дабыл қағады. Сол шақта қазақ атынан немесе қанатынан айрылды. Төрт түлік мал саумал суатынан жұда болды. Солардың бәрін ойласаң орны толмас өкініш. Ештемені ойламай, алға тарт деп оғландарының жүрегіне нұр құяды.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты тарихи өлеңдердің бір парасы жеңісті бейнелейді. жаугершілік пен аштық қосылып қазақ басында қайталанбас қаралы күн «ақтабан шұбырынды,алқа кол сұлама» дәуірінде көрінді. бірақ қазақ хандығы бірден күйреп, құрып кетпей, қайта бас котерді. 1726-1730 жылдары қазақтың қарулы қахарман қосыны қалмақтарды қатты қырғынға ұшыратады. 1726 жылдан бастап жоңғарларға қарсы бүкіл ұш жүздің халық жасақтары бірлесіп, тізе қоса отырып күрес жасады. Сан мың қолды қара нөпір қазақтың өкілі Сауырық, Бөгенбай, Тайлақ сынды үш жүздің белгілі батырлары басқарды. Сол 1726 жылдың өзінде-ақ Торғай даласының Оңтүстік шығысында, Бұланты әрі Белеуті өзендерінің бойында, Қарасиыр мекенінде үлкен шайқас болып, Қазақ қолы «ақтабан шұбырынды» оқиғасынан соң алғаш рет ірі жеңіске жетті. Мұнан кейін 1729 жылдың көктеміндегі Балқаш көлінің Оңтүстік шығысындағы Итішпес көліне таяу төңіректе өткен аты шулы Аңырақай (құба қалмақтар аңыраған деген мағынада) айқасында қазақтар ұлы жеңіс тойын тойлады.

Қазақ тарихындағы жоңғар қалмақтарына қарсы нәубетті жылдар осы кезден бастап аяқтала бастайды. Жоңғар қалмақтарына кеткен өшті қазақ хандары Әбылқайыр және ер жүрек батырлар Сауырық, Бөгенбай, Тайлақ қатарлылар қайтаса, жеңімпаз соғысты Әбілмәнсүр жалғастырады. Әбілмәнсүр немесе Абылай 20 жасында өз атын өзі ұрандап жауға шауып батырлықпен көзге түсіп, қалмақтарды бірнеше мәрте жеңеді.

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда... – дейтін Үмбетай жыраудың жыры абылайдың ерлігін өте анық көрсетеді.

Қылады Махаржада байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері,
Жан болған 48 жыл Көкшетауда, – делінеді.

Әбілманбет хан Абылайдың батырлығына сүйініп 1733 жылы орта жүзге сұлтан сайлайды. «Ақтабан шұбырынды» дәуірі аяқтап, жеңістің тұғырына көтеріледі. Қазақта бір орталыққа шоғырланған хандық түзім бекемделеді. Еңсегей бойлы ерлер елін, жерін қорғайды. Ұлан ғайыр қазақ даласын білекпен емес, жүрекпен қорғап қалады.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты тарихи өлеңдер нақтылы келеді. Жаугершілік заманның ащы шындығы. Мұхаң «ел ескілігінің алуаны тарихи өлеңдер. Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық өткен тарихи оқиғадан алынады». Тарихи өлеңдерге тән қасиетпен үлкен оқиғаның бір сәттік көрінісін шыншылдықпен суреттейді. «Ақтабан шұбырынды» өлеңдері дәл қазақ басына төнген қауып пен одан айығудың жолдарын әсерлі жеткізеді. Оқырманға тарихи ес силайды. Бұл арқылы әрбір қазақ тарихын білуді борыш санайды. Қазақ хандарының алалығы, адалдығы шебер шендестіріледі. Қазақ батырларының тау бөктерлеп, бытырап соғыс жасаудан, ұлы қосын құрып, қахармандықпен шеп тартуын ұғындырады. Сол шақтағы тарихи өлеңдердің басы жоқтау болса, соңы мадақтау үлгісіне ұласады. «Ақтабан шұбырынды» өлеңдері ұсақ түрлерден дамып, көлемді эпикалық тарихи жырларға негіз қалайды.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты тарихи өлеңдер ұлт руханиатының бастау көздері. «Елім-ай» ән-өлеңі тарихтың бұла жыры. Қазақ баласына тағылым беретін ерліктің әліппесі. Тарихи өлең-санадағы сәулелі тарих. Оны білу өнегелі ұрпақтың өсуіне берілетін мұралдық көрсеткіш. Тарихи таным кілті. Қазақтың әр дәуірде туылған елеулі оқиғалары тарихи өлеңмен сабақтас келеді. Соны білу, біліуге жан тәнімен берілу күшті ұлттың еншісіне ғана тән. Өткенімізді ұмітпай, болашаққа болжаммен қарау ғұмырлық парыз. Оқырман осы түйінді сезіне білуге міндетті деп қарауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балтабекова Ж. Тарихи өлеңдердің поэтикасы. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2009. – Б.46.

2. Кәсейұлы Б. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. – Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 1996. – Б.483.

3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

4. Қазақ эпос және әдебиет тарихының маселелері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958.

5. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2002.

6. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1994.

7. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979.

УДК 81.374. [161+811.512.122]

ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ УСТНОЙ И ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ

Диканбаева С.А.
ЧУ «Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан

Речь является неотъемлемой частью социального бытия людей, без речи невозможно было бы выживание и существование человеческого общества. Помимо этого, речь выполняет функции по организации совместной трудовой деятельности, по оценке ее результатов. Когнитивная функция языка и речи проявляется как необходимое условие познавательной деятельности человека, усвоения, приобретения и передачи знаний. Речь формирует сознание, используется как средство воздействия, способствует выработке мировоззренческого поведения, норм морали. Благодаря речи, можно влиять на взгляды и убеждения людей, на их восприятие действительности, добиться определенных действий. Речь служит целям реализации желаний и потребностей человека в коммуникации. Как существо социальное, человек не предназначен жить вне общества подобных себе, вне общения с другими людьми, и главное значение в становлении личности имеет речь.

Речь имеет две формы, это устная речь и письменная. Их объединяют общие черты, но есть и различия между ними. Имея в качестве основы единый литературный язык, формы речи отличаются своими характерными особенностями и одинаковы значимы. Широко известно высказывание Б. Шоу: «есть пятьдесят способов сказать «да» и пятьдесят способов сказать «нет» и только один способ это написать».

Основные особенности форм речи обусловлены процессами порождения и восприятием устной и письменной речи, использованием или неиспользованием паралингвистических средств (ПС, это средства общения в виде интонации, жестикуляции, мимики, распределения ударения и пауз в высказывании, формирующие коммуникативно - прагматический аспект текста), ПС могут составлять до 75% всей смысловой информации, передаваемой в речи) (1), а также некоторых средств выражения.

Устное общение предполагает контактность со слушателями и непосредственность, не предусматривается доработка текста.

Для письменного общения характерны дистантность и опосредованность. Письменный текст позволяет использовать сложные языковые формы для воплощения более сложных форм мышления: обособленные обороты, ряды однородных членов, параллельные синтаксические конструкции, период и др.; письменная речь требует обдумывания, текст строится согласно строгим правилам отбора грамматических средств, фиксируется, есть возможность переработки автором.

В устной речи используются фонетические (звуковые) и просодические (греч. «просодиа» - учение о соотношении слогов в стихе – ударные и неударные, долгие и краткие) средства. Говорящий одновременно творит и форму и содержание речи, а визуальный контакт служит взаимопониманию. К устной речи мы прибегаем чаще, чем к письменной, она дает большие возможности для использования выразительных средств. Принцип экономии реализуется в устной речи в приеме пропуска говорящим слова или предложения, которые легко восстанавливаются слушающим из предшествующего или последующего контекста.

Самоперебивы, нарушение правил синтаксиса также характерны для устной речи, когда говорящий, не закончив предложение, начинает снова, пытаясь высказать мысль другими словами.

Иногда говорящий в процессе устной речи допускает неуместные паузы для обдумывания выбора слов, нередко такая пауза заменяется нечленораздельными звуками, прищелкиванием пальцев, восклицаниями: « Представляется, м-м-м», « Как нам кажется, гм-гм», «Другими словами …» и т.п.

Нередко каждому из нас приходится выступать публично, при этом рекомендуется придерживаться некоторых общих принципов.

1. Принцип краткости и одновременно достаточности: при сходном содержании краткая речь оценивается аудиторией как «деловая», однако выступление должно быть достаточно продолжительным, чтобы дать аудитории возможность усвоить информацию.

2. Принцип последовательности. Тема выступления выносится в заглавие, цель каждой микротемы - раскрывать основную тему.

3. Принцип усиления: речевое воздействие выступающего на слушателей должно нарастать с начала выступления к его концу, усиление эмоционального накала изложения достигается градацией аргументов по степени убедительности и с помощью интонационных средств,

4. Принцип результативности, так как каждое выступление должно содержать резюме, призыв к действию, рекомендации. Резюме обязательно формулируется словесно, а не подразумевается.

Текст должен быть структурирован, иметь четкую композицию, что облегчает возможность воспринимать и излагать информацию. Традиционно принята трехчастная композиция: вступление, основная часть, заключение.

Вступление неоднородно по своей структуре. Первое, что четко выделяется в этой части - обращение. Обращение выполняет две функции: это контактоустанавливающее средство и способ привлечения внимания. Часто официальность речи, процедура мероприятия предполагают строго фиксированное обращение. Например, при защите диплома предполагается обращение: «Уважаемый председатель, уважаемые члены комиссии!» После обращения следует собственно вступление, характер которого зависит от типа речи (аргументирующая, информирующая, агитирующая) и избранного жанра (доклад, лекция, тост, митинговая речь, дискуссия, выступление в прениях). Вариантов вступления несколько:

- апелляция ко времени, месту, где проходит выступление, или к знаменательному событию (Я думаю, все слушали выступление Президента о …);
- апелляция непосредственно к интересам аудитории;
- шутливое замечание, однако шутку лучше использовать примерно в середине выступления, когда чувствуете, что слушателям необходимо передохнуть);
- обращение к конфликту: столкновение противоположных целей, позиций, интересов, взглядов;
- передача приветствий;
- апелляция к личности оратора, т.е. к своим чувствам и переживаниям, а также рассказ о каких-то случаях, происшедших с вами;
- обращение к историческому эпизоду, цитирование источника, известной личности;
- краткое изложение целей и задач выступления (этот вид вступления практикуется, когда в аудитории ваши единомышленники и нет необходимости в других способах привлечения внимания, кроме рассмотрения самой проблемы;
- использование парадоксального цитирования, что позволяет создать определенный эмоциональный настрой у аудитории, пробуждает мыслительную активность, интерес, например: «Образование – это то, что остается, когда все выученное уже забыто»;
- риторический вопрос, с его помощью активизируется внимание слушателей, оказывается эмоциональное воздействие на нее, это и приём, позволяющий сформулировать основную проблему речи.

Вступление должно быть естественным, оно должно быть неразрывно связано с остальными частями речи по смыслу и с точки зрения стиля. Опытный оратор с помощью удачного начала привлекает внимание аудитории, стараясь удержать его на протяжении всего выступления.

Нельзя начинать речь с извинений, извинения могут создать у аудитории впечатление о неуверенности и недостаточно высоком статусе оратора, тем самым снизив результаты его общения со слушателями..

После вступления оратор переходит к **основной части**. Существуют несколько методов её изложения.

Метод индукции: изложение материала от фактов к обобщению.

Метод дедукции: от общего к частному, от общих положений и законов к конкретным подтверждающим их фактам и явлениям.

Метод аналогии: по сходству, тождеству, подобию. При обращении к методу аналогии в речи мы прибегаем к умозаключению (при наличии у двух сопоставляемых явлений сходных признаков высока вероятность сходства и других признаков).

При использовании аналогии в речи рекомендуется соблюдать такие правила: следует брать за основу анализа существенные свойства явлений, а не случайные; анализируемые

свойства должны быть характеристиками разных сторон явлений; необходимо выяснять также характеристики различия явлений.

Применяются также концентрический и ступенчатый способыизложения материала: концентрический (речь строится вокруг поставленной проблемы, оратор постоянно возвращается к ней, углубляя и развивая выдвинутый тезис); для ступенчатого метода характерно плавное раскрытие проблематики, последовательный переход от одного аспекта к другому.

В агитационной речи эффективным считается тактический способ, который считается одним из наиболее эффективных, содержание речи включает в себя характеристику обстановки и вывод о необходимости ее изменения; перечисление мер для борьбы и условий для реализации их; возможные последствия; призыв к аудитории изменить ситуацию.

Логическим завершением речи является заключение.

Известно, что первое впечатление запоминается. Благоприятное впечатление об ораторе складывается из умения держаться с достоинством и доброжелательно, внешнего вида, умения установить контакт с аудиторией, правильной позы, которая подсознательно настраивает на искреннее общение. Удерживать внимание помогает продуманное применение аудиовизуальных средств, умение использовать интонационные и голосовые средства (паузы, повышение/понижение голоса, изменение его громкости, темпа речи, логическое ударение), паралингвистические средства общения и др. приёмы.

Говорящий контролирует логико-композиционный, синтаксический и частично лексико-фразеологический уровни языка, т.е. следит за тем, чтобы его речь была логична и связна, мысли выражены адекватно. Фонетический и морфологический уровни языка воспроизводятся автоматически. Устной речи свойственны меньшая лексическая точность, небольшая длина предложений, отсутствие причастных и деепричастных оборотов, деление единого предложения на несколько коммуникативно самостоятельных.

Устная речь, как и письменная, **нормирована и регламентирована**, однако нормы устной речи совсем другие. Многие неправильности устной речи оправдываются условием успешности и эффективности устного способа коммуникации. Говорящий должен помнить, что слушающие не могут удержать в памяти все грамматические и семантические связи текста, тогда его речь будет понята и осмыслена. В отличие от письменной речи, которая строится в соответствии с логическим движением мысли, устная речь разворачивается посредством ассоциативных присоединений.

Устная форма речи закреплена за всеми функциональными стилями русского языка, однако больше применяется в разговорно-бытовом стиле. ре Выделяют следующие функциональные разновидности устной речи: устная научная речь, устная публицистическая речь, устная речь в сфере официально-делового общения, художественная речь и разговорная речь. При этом разговорная речь оказывает влияние на все разновидности устной речи. Это выражается в проявлении авторского "я", личностного начала в речи с целью усиления воздействия на слушающих. Поэтому в устной речи используются эмоционально и экспрессивно окрашенная лексика, образные сравнительные конструкции, фразеологизмы, пословицы, поговорки, даже просторечные элементы.

Известные российские лингвисты отмечают, что для современного периода характерна тенденция утраты письменной формы речи под влиянием снижения общего уровня культуры и образования населения, падения нравственных устоев, западных стандартов, развития инновационных средств связи, Интернета и мобильной связи и т.д. В нашей республике эта проблема также имеет место.

Письмо создано людьми как вспомогательная знаковая система, используемая для фиксации звукового языка и звуковой речи; это система коммуникации с самостоятельными функциями, главная из которых когнитивная: письменная речь дает б**о**льшие возможности познания и усвоения знаний, их накопления и передачи, расширяет сферу человеческого общения. Процесс познания через чтение книг, документов истории даёт нам возможность приобщиться к истории и культуре цивилизаций, созданных человечеством.

От первых зарубок на деревьях, наскальных рисунков до звукобуквенного типа - таков длительный путь становления и развития письма, которым сегодня пользуется большинство людей. П**исьменная речь вторична по отношению к устной**. Звуки изображаются с помощью букв, т.е. звуки – это материализованные звуки. Знаки препинания в письменной

речи используются для членения речи: точки, запятые, тире соответствуют интонационной паузе в устной речи.

Письменная речь выполняет функцию фиксации устной речи с целью сохранить ее в пространстве и времени. Письмо является средством коммуникации между людьми в пространственном и временном континууме. Изобретение телефона и телеграфа уменьшило роль письма в общении. Появление факса и Интернета помогают преодолевать пространство и вновь активизируют письменную форму речи, но уже в новых формах, более близких к устной разговорной речи (например, СМС сообщения: пжл- пожалуйста, компьютерный жаргон - афтар жжот).

Основным свойством письменной речи является способность длительного хранения информации.

Письменная речь создаётся в статическом пространстве, что дает возможность автору продумывать речь, возвращаться к написанному, перестраивать текст, заменять слова и т.д. В связи с этим письменная форма речи имеет свои особенности:

Письменная речь использует книжный язык , в котором употребление слов строго нормировано и регламентировано. Определён порядок слов в предложении, нетипична инверсия, а в некоторых стилях недопустима, например в официально-деловых текстах. Предложение, являющееся основной единицей письменной речи, выражает сложные логико-смысловые связи посредством синтаксиса. **Письменной речи свойственны сложные синтаксические конструкции**, причастные и деепричастные обороты, распространенные определения, вставные конструкции и т.п. При объединении предложений в абзацы каждое из них строго связано с предшествующим и последующим контекстом.

Письменная речь ориентирована на восприятие органами зрения, поэтому она обладает четкой структурной и формальной организацией: имеет систему нумерации страниц, деление на разделы, параграфы, систему ссылок, шрифтовые выделения и т. п.

Есть возможности неоднократного повторного обращения к письменному тексту, это помогает вдумываться в него, осмысливать написанное, дополнять и уточнять, что помогает совершенствовать написанное. Письменная речь отличается тем, что в самой форме речевой деятельности находят определенное отражение условия и цель общения, художественное произведение и описание научного эксперимента, заявление об отпуске или информационное сообщение в газете имеют свои правила, форму, логику построения, языковые средства. Следовательно, письменная речь обладает стилеобразующей функцией, что находит отражение в выборе языковых средств, которые используются для создания того или иного текста. Письменная форма является основной формой существования речи в функциональных стилях: научном, публицистическом, официально-деловом и художественном.

Список литературы:

1. Э.Г. Азимов, А.Н.Щукин. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). - М.: Изд. ИКАР, 2009. -448 с. ISBN: 978-5-7974-0207-7.Ок. 2500 словарных статей.

2. Введенская Л.А.,Павлова Л.Г. Риторика и культура речи. Изд-е 3-е, дополненное и переработанное/ Серия «Высшее образование». Ростов-на-Дону: Феникс, 2003.

3. Головин Б.Н.Основы культуры речи. - М., 1988.

4. Граудина Л.К., Ширяев Е.Н. Культура русской речи и эффективность общения. - М.: Наука, 1996.

5. Черемисина-Ениколопова Н.. Законы и правила русской интонации. – М., 1999.

ӘОК 821

М.МАҒАУИННІҢ «ШАҚАН ШЕРІ» РОМАНЫ: АДАМ – ТАБИҒАТ – САНА ҮШТАҒАНЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Елеусизова А.К.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталатын әдеби үдеріс тек кеңес әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетіне жанр көкжиегінің кеңеюі, стильдік даралық пен көркемдік – эстетикалық ізденістер жүйесінің ілкімді ұштасуы, эстетикалық идеал, авторлық ұстаным, жазушының өзіндік тұжырымдамасы т.б салаларда ғана емес, бәрінен бұрын Адам. Ол кім? Оның өмірінің мәні мен мазмұны неде? Ол не үшін өмір сүреді? деген сауалдарға барып жауап іздеді, екіншіден, өз дәуірінің ғана емес, өткен уақыттың қатпарына үңіле отырып, Адам – Қоғам – Сана – Уақыт төрттағанына зерделілікпен үңілуге күш салды. Ал бұл өз кезегінде Н. Добролюбовтың «... исторический роман рождается тогда, когда народное сознание обращается к воспоминанию прошедшей своей жизни» деген аталы тұжырымына сай келгендіктен, әлгі адам өмірінің біз жоғарыда айтқан мән – маңызына сай жігерлікке алғышарттар жасады [1, 469].

Бірден айтсақ, сол тұстағы әдеби үдерістің белсенді өкілі, танымал қаламгер М.Мағауиннің «Шақан шері» романы Уақыт пен Кеңістік тарихи – философиялық ұғымдары аясында алғанда, ұлттық әдеби үдерістің белді шығармасына жататынын баса айтуымыз керек. М.Әуезов шығармасына арқау болған Көксерек, Джек Лондондағы Ақезу, Ш.Айтматовтағы тарғыл төбет, Аққұртқа, Тасшайнар, О.Бөкейдегі Кербұға мен қасқа құлын тағы басқа сияқты типологиялық өрісі бағыттас болғанымен, бір ерекшелікке баса назар аударған абзал: ол – жоғарыдағылардың адам психологиясын ашуға қызмет еткенімен, идеялық түп қазығының Мұхтар Мағауин шығармашылығынан бөлек бағытта болғандығы. Ал «Шақан шері» түз тағысы арқылы бас қаһарманның адами болмысын ашуға ғана қызмет етіп қоймай, яғни кәдімгі адамның екі аяқты, жұмыр басты пенденің, о, тоба,... белгілі бір дәрежеде түз тағысына айналған кейпін көрсетуді мақсат тұтқан. Неге? Адам қалайша түз тағысына айналды? Бұны немен және қалай түсіндіреміз? Жер бетіндегі 18 мың ғалам деп есептелетін барша тіршілік иелерінің ішіндегі ең күштісі, ең күрделісі, ең ғаламат қуаттысы жаратылыстың өзге тіршілік иесіне бермей, тек ерекше жасампаздыққа ие болған Адамның мұндай мүсәпір де, пұшайман күйге түскенін қалай ұғамыз?!

Расында да, Адам – ең күшті жаратылыс. Себебі онда ақыл, ой, сана, түйсік, қабілет бар. Оған миллиондаған, миллиардтаған тіршілік иесіне жақсылық жасау соншалықты қиын емес, сонымен қатар, осыншама көп адамды өзі ойлап тапқан, тажал қарумен қырып тастау да түк емес, егер оның үш нәрсеге яғни, уақытты тоқтата алмайтынына, қашан өлетінін білмейтіндігіне, мәңгілік өлмей қоятын препарат ойлап таба алмай келе жатқандығына назар аудармасақ, одан өткен күшті, одан өткен қуатты тіршілік иесі жоқ. Ендеше ол неге өз деңгейінен айрылды, неге ол адамзат дамуындағы келесі бір биікке көтеріле алмай, кері дамуды бастан кешірді, неге ғана өзі өктемдігін қалаған уақытында жүргізе алатын түз тағысының кейпіне енді? Қаламгер романының идеялық өзегін дөп басу үшін осынау сауалдарды саралап, зерделеу қажет.

Шақан – бас қаһарман. Қарапайым ғана пенде. Жүйрік ат, алғыр тазыға, аңшылық қаруға құмар. Еті тірі, тіршілігі бар азамат. Ағайын арасындағы ұсақ әңгіме, көре алмаушылық, күндестік, өктемдік пен озбырлыққа шыдас бермей, бойын аулақ салып, елден жыраққа көшкен. Өзі, әйелі, баласы, үшеуі жапан далада жалғыз отбасы ғұмыр кешпек. Ештеңеге қарамай, қайрылмай тартып кеткенім дұрыс болды деп, Шақан өз өміріне дән риза. Өзі би, өзі қожа. Атам көрмеген қорлыққа мен неге көнем? Атам кимеген ноқтаға неге мен бас сұғам? Осылай жасағаным дұрыс болды. Қоқаңдаған, дікіңдеген ешкім жоқ, құлаққа да тыныш. Біреудің айдауымен жүріп, айтқанына бас шұлғымайтын өміріне «тәуба» деуші жан. Автор роман экспозициясындағы ерлі – зайыптылар арасындағы диалогқа елеусіздеу, эпизодтық рөл бұйыртқанымен, сезімтал оқырман болса, аз да болса, секем алар еді. Ол – Шақанның келіншегінің құла түзде жалғыз үйде отырғанына, араласып, әңгімелесетін, тірі жанның жоқтығына ренішін білдірмей, белгілі бір дәрежеде түйсігімен сезінген, әлде бәр тылсым күштен, көзге көрінбес бір алапаттан секем алып, қорқуы. Үйді түнімен біреу айналып,

сыртымыздан аңдып жүретін сияқты деген үрейін қосағына айтуы, жанын жегідей жеген бір қорқыныштың маза бермеуі – бәрі де

а) роман сюжетіне детективтік, үрей, қорқыныш, елегізу элементтерін енгізген;

ә) оқиға желісіне тылсымдық сипатын дарытып, оқырманды ынтықтырған;

б) бүкіл алапат оқиға, трагедия, беймәлімдеу тағдырға бастау болып, динамикалық серпін дарытқан.

Оқиға туды. Ширығып, серпінді сипатқа ие болды. Алапат буырқаныс, арнасынан асқан серпін, оқырманды «ah» дегізер ащы өкініш... Көздері от шашып, езуі ақсиған шұбар шері ашулы жолбарыс Шақанның сүйген жары Ажарды, жалғыз ұлы бес жасар Сәменді мерт қылды. Бойындағы бар үрейі сап тиылған, тек қана өлім тілеген Шақан сары тарғыл, пері жолбарысқа ақыра ұмтылды. Жолбарыстың алғашқы жемін тастамайтын әдеті ме, екі – ақ қарғып, жан даусы шыққан құртақандай сәбиді қапсыра тістеген күйі түйе бойламас қалың қамыс ішіне кіріп ғайып болды. Әкесінен көмек тілеген бауыр еті баласы мен әйелін құтқара алмағаны Шақанның көзінен жас емес, қан сорғалатып, ішкі жан дүниесі солып, зарлап қан қақсап қалды. Бірақ... даланың текті де құдіреті күшті тағысы неге Шақанның өзін жарып, паршалап өлтірмеді? Әлде өзінің қуаттылығын, бұның міскіндік халін түсініп, мүсіркегені ме? «Сенен гөрі мен мықтымын, айбаттымын, менің мәртебем биік» дегені ме? Әлде «О, сорлы да бейшара жандар, қашаннан бергі арманым еді сендердің мүсәпір күйлеріңді көрсем деп едім. Міне, арманыма жеттім. Сен – ақыл – ой дарыған ерекше айуансың, атың ғана адам, мен де айуанмын. Сен мәңгі – бақи табиғатқа, жаратылысқа қиянат жасап келесің, мен ұрпақ өрбітуді ғана мақсат тұттым, сен аң – құс, тірі айуанды ғана емес, өзіңді – өзің қырып жатырсың. Қашан сенің тілің кәлимаға келеді, ... қашан тояды? Жалпы болдым, тойдым дейтін күнің бар ма? Екі аяқты хайуан – ау, неге аузыңнан «қанағат», «тәуба», «шүкіршілік» шықпайды? дегенді айтпақшы болды ма. Бір - ақ күнде адамның тәубасын келтірді. Осыдан келіп, әлем – жұмбақ емес, адам жұмбақ философиялық сауалы көлденең дейді.

Алапат трагедияны естіп, ағайынының иесіз үйіне келген аңшы қарияның айтуынша, жолбарыс құдіретті аң, айлакер аң, ешкімге өзінен соқтықпайтын, қиянат көрсеткен жанды аямайтын аң. Ол – қорқау қасқыр немесе қабан, құзғын емес. Еш уақытта өлексені жемейді, қалған – құтқанды менсінбейді. Ешкімнің алдында төменшіктемейді, тізерлемейді, жығылмайды. Қысқасы, текті тағы. Ал текті болса, еш жазықсыз бейкүнә жас ана мен қаршадай бүлдіршінді неге шайнап өлтірді?

Автор романының идеялық мотиві де, локомотив іспеттес қуатты күші де осынау сауалдарға оқырман тарапынан жауап табуға итермелеуінде.

«Мен жоқпын. Яғни өлгенмін, ештеңеге дәрменсіз тек қана сүлдері ғана. Кезінде отбасы, ошақ қасындағы бақытты кезең көзден ғайып болып, сағымдай ұшқыны да қалмаған. Шақан әлдеқашан марқұм боп кеткен. Бүгін... жоқ, бүгін емес, әнеукүні әйелі мен баласы мәйіт болғанда өлген. Ал мына Шақан... Шақан емес, сол Шақанның сұлбасы ғана. Былайша айтқанда, тірі өлік, құр сүлдері ғана. Бұл – Шақанның толғанысы, күйзелісі. Тірі болса да, өлгені. Өзін өлілер қатарына қосуы. Сол «тірі өлік» жер бетінен бүкіл шерілерді құртуға бел байлайды. Соғыс ашады. Серт береді. Жолбарыстың өзі ме, шөнжігі ме, қаншығы ма, бәрібір, әйтеуір, өлтіре берсе болды. Шақан алапат қан майданға шықты. Кім жеңеді, кі жеңіледі? Бәрібір, есеп – қисаптың қажеті жоқ. Әйтеуір, жер бетіндегі тарғыл тажалды қырып бітсе , болды. Шақан өз жанынан өзі безді. Адами жылуды, адамша ғұмыр кешуді, жаңадан жар сүюді, ұрпақ өрбітуді тәрк етті. Алапат қантөгіс басталды. Қантөгіс емес, трагедия. Білтелі мылтық, заманауи от қаруға орын берді. Шақан тауды да, тасты да, қалың орманды да, ну тоғайды да кезді. Мақсаты – жолбарыс біткеннің барлығын құрту, ыстық қанынан ұрттау. Орны толмас өкініші үшін, жазықсыз өлген ұлы мен бейшара жары үшін. Ол біртін – біртін өзінің де тарғыл шерінің пиғылы мен айласын, қуаттылығы мен іс – әрекет психологиясын зерттеймін деп жүріп, сол жолбарысқа айналып бара жатқанын, жолбарысша ақырып, жолбарысша жымын білдірмей қозғалуды, иіс сезуді, оқыстан жауына шабар шалт қимылды әбден меңгерген – ді. Ол ол ма, Шақан – шері мінезін игерген – ді, әбден қанығып, көкейіне түйген – ді. Өзі де мерт бола жаздады, жарақат алды, бірақ райынан қайтпады. Тек қана қыру керек, өлтіру керек, тұқымын тұздай құрту керек, жою керек. Жер әлемінде бір шері қалмауы керек. Олар мұның өмірлік қосағын, он екіде бір гүлі ашылмаған сәбиін өлтірген. Қыс па, жаз ба, көктем бе, күз бе, Шақанға бәрібір еді. Кегі қайтса болды, дала шерісінің ыстық қанына тойса болғаны.

Мұхтар Мағауин біз толғап отырған жайттың бірде – біреуін не баяндау тәсілімен, не монолог, диалог, полифониялық тәсіл, психологиялық дәлелдеме тағы басқа тәсілдердің бірде –

біреуін беруді мақсат тұтпаған. Бәрі де автор – қаһарман – оқырман үштағанының аясына еніп кетіп, бір ғана басты кейіпкер Шақан іс – әрекетін кескіндеу барысында жоғарыдағы көркемдік – эстетикалық ізденістер жүйесінен бастау алған.

Романда эпизодтық сипатта ғана көрінген орыс ұлығы, тілмаш, мерген ағасы, екі жүзді сұрқия туысқаны болмаса, бір ғана кейіпкер Шақан іс – әрекеті, танымы, пиғылы бүкіл сюжеттік желінің тартымдылығы мен динамикалық дамуына алғышарттар жасаған.

Жанкешті айқас, адам мен адамның арасындағы емес, адам мен түз тағысының арасындағы қанды шайқас шеріге қаншалықты қырағылық, сақтық, өшпенділік сыйлағаны өз алдына, Шақанға жаңа бір сырлы әлемнің құпия есігін ашқызғаны дау туғызбайды.

Ол есік – сусыз далаға тап болып, сілесі құрыған бас қаһарманның ерте заманда қиратылып, орнында тек күлі ғана қалған көне шаһарға тап болуы, көмусіз қалған жандардың күн көзінде қаңсыған бас сүйектеріне көзі түсуі, қолымен ұстауы.

Ол есік – Шақанның жан дүниесіне алапат өзгеріс әкелуі, өзі сол уақытқа дейін түсіне қоймаған, қаперіне кірмеген жайттарды енді ғана сезініп, мәңгіріп қалуы, болмысында алапат бір күштің бас көтеруі, жойқын құбылыс, сұрапыл буырқаныстың пайда болуы.

Ол есік – сол сәтке дейінгі қанды жорығына басқаша көзбен қарауы, жанын жаралауға жетелеген сойқан танымен бетпе – бет келуі.

«Құдайым – ау, мен аяулы жарым мен бейкүнә ұлым үшін дала тағысынан кек алмақ боп, сұрапыл қан майданда жүрмін ғой, зұлымдықтың түп негізі жолбарыс деп жүріппін – ау. Бірақ мүде олай емес екен- ау, зұлымдық мына бізде екен ғой, яғни екі аяқты, жұмыр басты Адам атты айуанда екен. Бұл жыртқыш Адам деген атты жамылып, гүлдей жайнап тұрған қалаларды қиратыпты ғой, ер жүрек адамдар туған қаласын бермес үшін қажымай қан майданға түскенде, жеңе алмайтынын біліп, Іленің арнасын бұрып, жазықсыз жандарды, шал – кемпір, сәбилерді суға тұншықтырған ғой. Тіпті бірін – бірі жерлеуге де мұрсат бермепті ғой. Көмусіз қалған адамдардың обалы кімде? Неге адам бірін - бірі аяусыз қырған? Адамдарға не жетпейді? Байлық, атақ – даңқ, шен – шекпен бе? Ал сол мұратына жетсін – ақ. Одан бері талай ғасыр өтіпті, қайсысы о дүниеге сол байлығын, үстем мерейін ала кетіпті? Тәңірім – ай, бар зұлымдық та, қанқұмарлық та мына бізде, адамдарда екен ғой!» Автор дәл осы монолог сипатын идеал – тұғырнамаға айналдырып, тура біз сияқты қаһарманының аузына толғамды, сөз салмаса да негізгі тұжырымдамасын символдық сипатта бергені бірден байқалады.

Романның жетістігі де сонда яғни авторлық ұстаным оқырманды ойлантуға, толғануға, тебіренуге, үміт пен күдік жетегінде болуға толыққанды алғышарттар жасаған. Айтылған жайттарды қысқаша тұжырымдап айтсақ,

- «Шақан шері» романының ұлттық әдебиеттегі өзіндік маңызды орнына бүкіл идеялық қазығы, көркемдік – эстетикалық ізденістер жүйесімен бірге, кең тыныстытипологиялық өрісін шұрайлылыққа бастағанын аңғарамыз;
- «Шақан шері» романының Адам – Табиғат – Сана үштағанының өзара ұштаса, даму эволюциясын бастан кешіре келе, қоғам атты адамдар тобының бағыт бағдарын, кескін – келбетін, болмыс – бітімін жан – жақты танып, философиялық ой түюге мүмкіндік беріп тұрғанын пайымдаймыз;
- «Шақан шері» романының ұлттық болмыс иірімдерінен мейлінше мол нәр алып, қазақ қаламгерінің жалпы адамзаттық құндылықтарды барынша проблема етіп көтерген сипатын байқаймыз.

Шағын еңбекте Мұхтар Мағауиннің эпикалық құлашы кең, мол тыныстыы «Шақан шері» романын егжей – тегжейлі талдап, сараптау мүмкін емесі белгілі, біз тек шығарманың идеялық өзегіне арқау болған жайттарға ғана тоқталдық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Добролюбов Н. Полн. собр. соч. Т.І. – М., 1949.
2. Мағауин М. Шақан шері. Роман. – А., 1998.

ӘОК 82-1

МАҒЖАНТАНУ ІЛІМІ: АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СЫРШЫЛДЫҚ СИПАТТАРЫ

Ерақынова Ә.
«Болашақ» академиясының магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Хамзин М.М.
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мағжан поэзиясында түрікшілдік тұрақты сарын, тұтас сипатқа болды. Оның бұл тақырыпқа бағдар бұруын Ж.Аймауытов былай бағымдайды: «Мағжан бала кезінде ел ішінде, есейгсн соң шетке барып, Үпідегі татар медресесі «Ғалияда» оқыды. Міне, Мағжанныц екінші тәлім-тәрбие алған дүкені. Медресе «Ғалияның» оқытушылары Мысырдан, Стамбулдан оқып шыққан татар зиялылары болған. Өздері ислам бұлағынан су ішіп, мұсылманшылдық, түрікшілдікпен уланған татар оқытушылары шәкірттерін де сол рухпен тәрбиеледі. Ұлтшылдық, түрікшілдік, қала берсе, исламшылдық туын көтеріп, медресе «Ғалия» өз заманында қазақ, татар, башқұрт сиякты уақ ұлттардың жасына недәуір сезім киргізеді. Русия қол астындағы түрік баласын оятып, жауыз патшаның арамза саясатына карсы тұрғызбақ болды. Бұратана атанған уақ ұлттарга ондай сезім, ондай ояныс, әрине, тұрмыстық туғызған нәрсесі еді». Тарихи білім-білігі мен зердесі зор ақынның «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Тез барам», «Түркістан», «Тұранның, 6ір бауында», т.б. өлеңдері – ұлттык поэзиямыздагы түркі тақырыбына тыңнан түрен салған шұрайлы, шалқар дүниелер.

Мағжан өлеңдеріндегі «қазақ» пен «алаш» этнонимдерінің қолданылу реті мен реңкі әрқилы. Ақын «қазақ» атауын көбіне елдің сорлы, сиықсыз жағдайын суреттегенде жұмсаса, «алаш» арқылы рухтың жандану, жаңару ьңғайын бейнелеп береді. Алаш қозғалысы саясат сахнасынан тайдырылған тұста да Мағжан «алаш» атын аузынан тастаған жоқ. Кейін Сталиннің жеке пәрменімен жабылатын атақты «Ақ жол» газетінде 1923 жылы (10 мамыр, № 302) жарық керген «Сырдағы алашқа» өлеңі – соның айкын айғағы. Аталмыш туынды - жұртты жездей қақтап, тезге салуға үндейтін үгіт жыры емес, ишара-иірімге құрылған символистік арнау. Өлеңде ұшырасатын, қазаққа қашаннан танымал «отқа табыну», «отка май салу», «отпен аластау» тіркестері жаңаша контексте жаңғырады. Әуелі қазақтың «атасының отқа табынғандығы, өзінің бірге бағынғандығы» айтылады. Мұндағы от көкті, тәңіріні, Күнді, яғни халықтың ескі таным-түсінігіндегі киелі күштерді кейіптесе, бір дегені жерді соның қойыны – көрді, демек, рухтың құлап-құлдырауын, жерге жанышталуын рәміздейді («Бір дегенін - жер гой ол //Жер дегенің - көр ғой ол,// Көрді сүйген, өлген ол»), Сөйтіп, ұлтың трагедиясы «от-6ір» /«аспан-жер»/ карама-карсылығы арқылы символистік түрде сипатталады. «Жаны жасып кірлеген» жұртты тазартудың, түзетудің жолы - отпен аластау («Отпен аспанга өрлеген//

Жанынды, алаш, аласта...»). Өз жанын өзі отпен аластауға шақыру бұл өлеңнен жан жүйесінде «тегіңді, тарихынды таны; өткендегі өжеттігінді, өрлігіңді ұмытпа; рухынды қайта тіктеп, тірілт» деген талап-тілекпен қабысып жатыр.

«Батыс-Шығыс» қарым-қатынасын жырлағанда да Мағжан сол Мәңгі Қайта Оралу мен Тәңірі-Тұлға идеяларының желілерін бір-біріне жарасымды жұптастыра алған.

Өз халқының қасіретті ахуалына жан-жүрегімен күйзеліп, «жақын үшін жаннан безген» ақынның атамекен, алаш тағдырын толғаған шығармаларындағы торығу, түңілу, тіпті олім тілеу сарындарын да символистік поэзияның ұстанымдарымен ұштастыра карау лэзім.

Ұлы империяпыц азаматы Аидрей Белый: «Туда, где смертей и болез- ней//Лихая прошла колея //Исчезни н пространство, исчезни, //Россия, Россия моя», - немесе, - «Над страной моей родною//Ветапа Смерп.!»- дсп жатқанда, сол елге кіріптар жұрттың баласының:

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ак селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сауле емес, қан шашып тұр күні батқан, - деп жырламасқа шарасы қайсы?!

Мағжанға тән образ: Дала-Өлік. Ақын мейлі жалғыз аяқ сүрлеудің бойында шалажансар жатқан сорлы қазақты сөйлетіп-сипаттасын /«Жаралы жан»/, мейлі ақтүтек боранда адасқан аттылы адамды кескіндесін»/ «Қысқы жолда»/, мейлі шыжыған шілдеде айдаланы адақтаған жалғыз жаяуды суреттесін /«Жазғы жолда»/, - бұлардың бейнелерінің ар жағында трагедиялық фон ретінде - ажал елесі /жын, пері/ билеген жапан дүз, құба жон, сар дала жатады. Әлбетте,

енді біз Қайта Оралу заңына сәйкес, «өлген» дала мен «өлімші» қазақтың «тірілуін» күтуліміз. «Далаға өлік жан салып» жүретін /пайғамбар кейпіндегі/ ақын да осылай боларына сенетінін байқатып:

Табылар жолың, тарылма,
Жылама, жынға жалынба,
Таң атқанша Күн де жоқ, - дейді /«Адастым»/.

Мағжанның өлеңдерінде өлі дүниені, жансыз хәлді астарлайтындар: жыл мезгілінен - *қыс,* тәулік уақытынан - *қараңғы түн,* адамның тіршілік атрибуттарынан – *ұйқы мен түс,* табиғат апаттарынан - *топан,* қоғамдық құрылғылардан - *абақты, түрме.* Міне, бұл сөз-құбылыс-образдардың баршасы символистік поэзияда бүтіндей жаңару-жаңғыру, түлеу-тірілу алдындағы тыншу мен тазарудың тылсымын ишаралайды; тек солардың елегінен есен-сау өту - шарт. Дала-Өліктің де, оны мекендеген бодан халықтың да жаңаша жаратылып, келешекте көретін бақ-берекесі болмайды деп кім айтты?!. Мағжанның елдік тақырыптағы жырларының бір к үрмеуі осында.

Оның символистік поэзиясындағы «тәңірі - ғарыш - табиғат - қоғам адам» бірлігін тығыз тұтастықта танып-түйсінуі жэне Қайта Оралу идеясына беріктігі рухани шәкірті - Бернияз Күлеевтің туындыларынан да табылады; тек екіншісінде мұны түрікшілдік пен шығысшылдық сарындарымен кеңейте көмкеру жоқ есеп және жалпы әлеумет жайын жырлауда өмірлік нақтылықтан гөрі, жеке көңіл-күйдің түңғиық қабаттарымен астасулы әлдебір бұлдыр мистикалық бояуға малынған, көмескі, күңгірт бейнелер басымырақ байқалады.

«Арман көп дәрмені жоқ» жүйрік қиялдың иесі де өлім тақырыбын жеріне жеткізе толғайды:

От жүрегім күнде өртеніп,
Күл-көмір бом жанғанша,
Коңілім көзі тірілей көр боп,
Ыстық жасы тамғанша...
Өшсе үнім, өтсе өмірім,
Болмас едім арманда.

Мағжанның жазуында жұмақтың жібек желінен, мәңгі гүлінен, кәусар суынан, қыскасы, тәнірінін дәл өз нұрынан жаратылып, ғарышты мекен- деген алмас канат периште жер бетіне жіберіледі де, жауыз жалғанның нәубеттерінін нәтижесінде ежелгі еркінен, керемет көркінен, кіршіксіз күйінен айырылады /«Гүлсімге», «Әйел»/. Енді оны өзінің қиядағы төркініне кайтару - мұң /Мысалы: «Бере алмас саған баға өңшең өлік,// Көкке үш, асылыңа кайт, периште бол!»/. Задында, бұлай болуы мүмкін емес: көктің есігі жабық, Соған сәйкес, ақын поэзиясында бейнеленетін еркек пен әйел арасындағы тән мен жанның драмалық диалогынан өрілетін қарым-қатынас та /Адам Ата мен Хауа Ана хикаясын еске түсіріңіз/- күнәға белшесінен батқан тұйықтаулы жер жүзіндегі тұрлаусыз тіршіліктің. Ащы ақиқаттың бүкіл жағымды-жағымсыз бояуының көлеңке-көшірмесі іспетті кабылданады.

Ал М.Жұмабав «Жас сұлуға» елеңінде ақын образын сомдау үсгінде: «Шын жары оның сар дала», - дейді. Оның ең әуелі 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Жарыма» атты лирикалық-бағдарламалық туындысындағы:

Жан жарым, ұзақ, қиын түстім жолға,
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақ шөл: сусыз, отсыз қайнаған құм,
Ысқырған жылан, шаян оң мен сонда, - деген тармақтардан ақынның «жан жарым» деп отырғанының аясына басқа мәністерімен бірге,«сар дала» ұғымының да кірегіндігі көрінеді. Осы өлеңде нобайы белгіленген образдар ақынның берідегі шығармашылығында әрі қарай толықтырыла жүйеленіп, тұтастыққа жетті.

Қорыта айтсақ, осынау көрсетілгендер Мағжан шығармашылығының жаңашылдық сипаты қандай деңгейде екенін аңғартса керек.

ӘОК 82-311.4

ШЫҒАРМА ӨЗЕГІ – ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ

Есембаева Л.К.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

XX ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, ерекше әрі өзекті проблемаға айналған мәселе – экология еді. Адамзат баласының назары басқа өңірді айтпағанның өзінде, Қазақстан жеріндегі алапат экологиялық апаттарға ауған еді. Шалқар теңіз Арал суалды, жер дүниені құм бораны басты. Балқашқа қауіп төнді, өзен-көлдер тартылып, орман-тоғай құри бастады, жан-жануар, аң-құс т.б. тіршілік иелеріне қатер төнді. Сауал күн тәртібіне қойылды. Кім кінәлі? Не істеу керек? Бір адам немесе бір ел емес, барша адамзат қоғамы толғанды. Ақыры, сауалға жауап табылды. Ол:

- адам баласының обырлығы, ашкөздігі, материалдық игілік үшін нендей әрекетке болсын тайынбай баратын тойымсыздығы еді;
- қоғамның ауыр кеселге ұшырауынан еді;
- ол сана кембағалдығынан, тіршілік иесі Адамның рухани, адами, имандылық қасиеттерінен бойын аулақ салуынан еді.

Барша адамзат баласын толғантқан осынау алапат трагедияға, жаратылыстың үйлесімділік ұлы заңына, Жер-ананың төсін тырмалап, ғаламат ажал уын сепкенядролық апатполигондарына өз өмірінің ең алдыңғы қатарлы зиялылары ақын-жазушылар үн қатпай тұра алмады. Орыс әдебиетіндегі Л. Леоновтың, В. Распутиннің, қазақ әдебиетіндегі

Ә. Нұрпейісовтің, М. Мағауиннің, С. Балғабаевтің,Д. Досжановтің, Қ. Ысқақовтің шығармалары осынау көкейкесті проблемаға арналған еді.

Қ.Ысқақов осынау ащы да өткір тақырыпқа өзінің «Тұйық», «Қара орман», «Ақсу – жер жаннаты» шығармаларын арнаған еді.

«Ақсу – жер жаннаты» романы – эпикалық тынысы кең, құлашы ауқымды шығарма. Стилінде философиялық астарлы ой, шалқыған сезім, буырқаныс пен бұлқыныс сипаттары шебер ұштасқаны бірден байқалады. Қазақтың ғана емес, сол өлкеде ертелі-кеш мекендеп, ғұмыр кешкен талай жұрттың сонау көне тарихында мақтанышы, көркемдігі ғана емес, мейірімді анадай қамқорлығы, нәр беруші, асыраушысы болған киелі Алтайға бүгін не болды? Күні кеше ғана ит мұрыны батпас қалың нуы, мейіріңді қандырар балбұлақ суы қайда? Нәрі қайда, сәнң қайда, мәні қайда? Жазушы осы проблемаларды шығармасының негізгі идеялық өзегіне айналдырған. Сол арқылы жалпыадамзаттық проблемалар биігіне көтерілген. Себебі Алтай табиғатының бүгінгі сұрықсыз күйі тек қазаққа ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ. Жазушы пайымында, жаратылыс, табиғат – тұтас тәннің, біртұтас ағзаның маңызды бір бөлшегі. Адам бір ғана саусағын жаралап алса, ол бүкіл ағзаға әсер етеді. Демек, Алтайды аздыру – бүкіл табиғатты қорлау.

Роман тілі қазақтың бай шешендік тәлімінен, қуатты да үйлесімді жүйесінен нәр алған. Әр кейіпкердің монологы болсын, диалогы болсын, авторлық баяндау болсын, бәріне ортақ характерлі сипат бар екенін бірден пайымдауға болады.

«Бескемпір алшысынан жатқан күйі мая төбесінен ағып түсті. Аяқ тықыры тоқал тамның дүрс еткен есік дыбысымен үзілген. Керауыз да кетіп қалыпты. Сарыауыз балапанның ақ үрпек қауырсынындай ұлпа қырау жамылған сабалақ қарағай да түн ызғарынан қалтырап тұрғандай көрінді. Ай нұры сарғыш, сарғыш сілтімен торлап тастағандай аспан реңі де жалқақтанып, әлгі бір сәтте әр тұстан сықсиған сирек жұлдыздар көз жұмыпты. Ағаш басын суыра қара орманның әр былқылынан оқыс көтерілген құйын сарылы күн райының бұзылатынын аңғартқандай. Қапырық деп тоқал тамға сыймап еді, жалғыз қалған соң арқасын аяз қысқандай елегзіп, енді мая төбесінен де құты қаша бастады. «Парықсызға бақ неме керек, барақ итке бап неме керек» дей-тұғын Сиғат сөзі есіне түсті» [1, 96-97].

Роман кейіпкерлерінің бірі – осы Бескемпір. Өзге қаһарманның емес, осы Бескемпірге қатысты авторлық баяндауды әдейі келтірдік. Осы арқылы ғана бірнеше жайтқа көз жеткізуге болады:

1. Баяндау характерли сипатта берілген. Соның нәтижесінде

Бескемпірдің ғана емес, белгілі бір дәрежеде төңірегіне ойлылықпен немесе тоғышарлықпен қарайтын Сан Саныч, Леся, Асекең, Сиғат, Әбдіжапар т.б. қаһармандардың да төңірегінде болып жатқан жайттарға, уақыт сыны мен талабына, адамдардың саналы немесе санасыз іс-әрекеттеріне деген көзқарастарына осынау баяндау алғышарттар жасап тұрғандай әсер қалдырады;

2. Сиғаттың парықсыз бен барақ итке қатысты кекетінді сөзі әр кейіпкерді, тіпті әр адам баласын тәубасын ұмытпауға, шүкіршілік пен қанағатты аузынан тастамауға шақырып тұрғандай сипатта екенін пайымдауға болады;

3. Сиғаттың да, Бескемпірдің де, Әбдіжапардың да, Лесяның да, т.б. кейіпкерлердің де бір-бірінен имандылық, таным, өре-деңгей, мінез, пиғыл жағынан әжептәуір айырмашылықтары болса да, бірі енжар, селқос қарасын, бірі қалыпты жағдай қабылдасын, бірі тіпті сол қалыптасқан жағдай ұзағынан болса екен деген мысық тілеуде болсын, бірі жан әлемі құлазып, көкірегін у жайлағандай ащы өксікті бастан кешсін, бірі болмысына күрескерлік рухты шақырсын, қалай болғанда да, осынау шоғыр қаһармандардың жанынан орын алған бір жайт бар: ол – қасиетті Алтайдың бүгінгі хал-ахуалы. Оның уақыт өткен сайын мүсәпір, міскін, қауқарсыз күйге түскен келбеті. Барша кейіпкерлерді тоғыстырып тұрған да, бір-бірінен кетістіріп тұрған да, шатыстырып тұрған да, табыстырып тұрған да сол Алтай. Шерлі Алтай, зерлі Алтай, мұңлы Алтай, сулы Алтай, нулы Алтай, оның бүгінгі пұшайман күйі.

Міне, осынау орталық әрі негізгі идеялық Темірқазық іспеттес авторлық тұжырымдамадан романның бүкіл сюжеттік желісіне арқау болған, қаһармандар характерінің ашылуына мүмкіндік берген, көркемдік-эстетикалық ізденістер саласына импульс дарытқан, сірә, осынау сипаттарына айрықша назар аударғаны болар, академик З. Қабдолов пен сыншы Т.Тоқбергенов пікірлеріне толықтай қосылатынымызды айта кетудің артықтығы жоқ. З. Қабдолов Қ. Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повесін оқып шығып, әдебиетке дарынды жастың келгенін паш етсе [2, 226], Т.Тоқбергенов жазушы шығармашылығына тән биік пафос, аттылық, асқақ оптимизм, сыршылдық пен философиялық сипаттардың шебер қиюласқанына жоғары баға береді [3, 215].

Философияда дәстүр және жаңашылдық деген категориялар бар. Пайымдай білген жанның ұғатыны – дүниедегі ешнәрсенің мәңгілік атты ұғымға ие бола алмайтындығы. Көп реттерде біз Уақыттың немесе Кеңістіктің мәңгілік ұғымына ие екендігін үнемі айта береміз. Расында да солай ма? Бұл орайда философтар арасында да талай пікірлер бар. Оларды саралау немесе баға беру біздің міндетімізге жатпайды. Алайда ешқандай хал-ахуалдың, жағдай мен оқиғаның, құбылыстың бір қалыпта тұрмайтынын, өзгеріске, жаңаруға ұшырайтынына баса назар аудару нақты заңдылыққа жатады.

Романдағы Бекет – бас қаһарман. Бүгін айрықша көрініп, даралана қоймағанмен, оқырманның болашаққа деген сенімін арқалап тұрған осы кейіпкер. Бекет – автордың ишара-емеурінмен кескіндеген символдық сипаты басым кейіпкері. Ауқатты, зиялы деген атқа ие отбасынан шыққан. Білім қуғанда, жастықтың бал дәуренін басынан өткізгенде, серілігі мен перілігі қатарынан ұстағанда да еш қиындық, кедергіні немесе материалдық жоқшылықты сезбеген, білмеген жан. Ата-анасы бедел, абыройын айрықша пайдаланбай-ақ Алматыда мықты қызметке орналастыруға толық мүмкіндіктері бар еді, алайда олардың ұлдарымен дүрдараз болуы да, көңілдерінің қалуы да сол Бекеттің шешіміне байланысты болып, романның сюжеттік желісіне тартыс, драматизм элементтерінің молынан енуіне алғышарттар жасаған.

Оқырманның ғана емес, автордың да үлкен үміт артып отырғаны – осы Бекет. Бекет – жаңа уақыттың перзенті. Ойы, мақсаты, көзқарасы мен сана деңгейі және таным дәрежесі жағынан жаңа өсіп, қалыптасып келе жатқан буынның өкілі.

Бекет неге жайлы әке-шешесінің қасынан кетіп, тағы деп есептелетін Алтайдың мылқау орман-тоғайын таңдап алды? Оған жауапты автордың полифониялық тәсілге иек артқан мына баяндауынан-ақ анық байқаймыз.

«Құданың құдіреті, адам неден жерісе, ғұмыр-бақи соңынан өкшелеп, сол бір сезім қалмайды; бір дүркін шаштаразға кіріп шықса, күні бойы сабын шайнағандай, аузы-басы жылымшы татып жүретіні бар. Ал жылымшы тірліктен көңіл татыса ше?.. «Қалай, әкең әлі әтір мүңкіп жүр ме?» Сиғаттың осы бір сауалы құлағынан кетпей-ақ қойды. Онан да сұмдығы – Жанжігіт шалдың «тігерге тұяқ қалдырмай қырып салды!» дейтін өкініші мен қыжылы аралас кек қысқан барқы үні ...

Қиял қуған жоқ еді. Қиял деген әншейін қыр асып қайтуға қиналатын қырсыздың, санасымен ғана байитын ездің көңілінен шалқыған бопсасы деп ойлайтын ... Тек жалғыз ғана ерсілік – есе – теңдігі бірдей болса да осы жұрттың тірлігі, тілегі неге бірдей емес?» [1, 98].

Ұзақ-сонар баяндаудың, сылдыр сөзбен бейнелеуге ұмтылудан бойын аулақ салған автор ықшам ғана суреттеме арқылы монологты да, лирикалық шегініс элементтерін де, астарлы ишаратты да нақты түрде пайдалана отырып, Бекет характерін шебер аша білген.

Бекет үшін аса қажеттісі:

- өмірге деген таным, көзқарасын қалыптастыратын, ғұмырлық тұғырнамасын бекітетін орта. Ол орта – Алтай. Себебі онда алуан түрлі характері бар адамдар өріп жүр. Ұлысы да бар, ұрысы да бар. Жеңіл пайда тапқысы келетіндер де бар, Алтай тағдырын, оны аялау қажеттігін ойлайтындар бар, ешнәрсеге селт етпейтін, жағын кере есінеп алып, қарны аш болмаса, ештеңемен ісі жоқ тоғышар, тірі өлік те бар. Оларға бәрібір. Оларға мәңгүрттік қамытын кию жарасады. Ашкөз, қылмыскерден де гөрі, қоғам үшін нағыз қауіптілер осылар;

- өзіне тән мінез болса да, сол мінез ақиқаттың ақ жолын діттеуді көздесе де, талай қарсылықтың боларын сезсе де, талай шайқаста, текетіресте жеңіп шығу, ұзақ ұрыстан мәртебелі боп шығу;

- төңірегіне өзі тектес тілектес жандар жинау, солармен бірлесіп, тегеурінді күшке айналу, сөйтіп, жаралы Алтайдың кеселіне ем болу;

- қаһарман ретінде әлем –жұмбақты тану және одан да гөрі адам-жұмбақты барынша зерттеу.

Міне, осынау атан түйеге жүк боларлық салмақты міндеттер романда Бекеттей кейіпкердің характерінің жан-жақты ашылуына мүмкіндік беріп қана қоймай, сол міндеттің авторлық идеал, ұстаным, басты тұжырымдамаға шебер ұласқанын да байқаймыз. Осыдан келіп, автор – кейіпкер – оқырман үштағаны бірінші кезекке шыққан.

Өткен ғасырдың алпысыншы-сексенінші жылдарындағы ұлттық романның стилі мен типологиясын зерттеген еңбекте Қ. Ысқақовтың «Ақсу – жер жаннаты» романы сол тұста әлем қаламгерлері алдына қойылған «Адам. Ол кім? Оның өмірінің мәні мен маңызы, мазмұны неде?» деген сауалдарға бірден-бір лайықты жауап беруге талпынған шығарма боп бағаланғаны белгілі [4, 61].

Бір ғана ел емес, жер бетіндегі көптеген елдер экологиялық зардапты бастан кешуде. Мәңгілік мұз құрсанған солтүстік құрлықтағы жаппай жылыну элементтері, зымыран тасығыш әуе-ғарыштық кемелердің жиі ұшырылуы, жаппай қырып-жоятын тажал қаруды сынауды жиілету – бәрі де әу бастағы Адам – Табиғат қостағанындағы жаратылыстың негізгі заңының, үйлесімділіктің ұлы сипаттарының бұзылуына алып келгенін қазір барша әлем мойындап отыр. Кінәлі кім? Кінәлі – Адам. Екі аяқты, жұмыр басты пенде. Дәл осынау обырлық пиғылдағы іс-әрекет алдағы уақытта да жалғаса берсе, бүгінгі адам ертеңгі ұрпағына нені мұра етіп қалдыратыны мәлім емес қой. Осынау салмақты да күрделі проблемаға тек эколог – ғалымдар, саясаткер, әлеуметтанушылар ғана емес, ең алдымен үн қосқан кешегі және бүгінгі уақыт аясындағы ақын-жазушылар болды. Бұл жайт қоғам – қаламгер – уақыт үштағанындағы орныққан арқау екенін баса айтқан абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов Қ. Ақсу – жер жаннаты. Роман. – А., 1989.
2. Қабдолов З. Жебе. Сын-зерттеулер. – А., 1977.
3. Тоқбергенов Т. Аймүйіз Сын мақалалар. – А., 1990.
4. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. – Қарағанды, 2003.

ӘОК 811.512.122

ҚЫСТЫРЫНДЫ СӨЙЛЕМДЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНУ

Жакупбекова А.О.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қыстырынды сөйлемдер дегеніміз – қыстырма сөйлемдердің ерекше бір түрі. Қыстырынды құрылымдар сөйлемдегі айтылған ойды, сондай – ақ белгілі бір мүшесін толықтырып, әр түрлі қосымша хабарлар беріп тұрады. Олар негізгі сөйлемге жай қыстырыла айтылмайды, автор тарапынан белгілі бір мақсатпен қолданылады. Қыстырынды құрылымдар қосымша мәлімет бере отырып, тілдік құрылымның мазмұнын кеңейтеді. Олар мынадай функционалды – семантикалық топтарға бөлінеді: а) түсіндірмелі; ә) нақтылаушы; б) сілтемелік; в) толықтырушы.

Түсіндірме қыстырынды құрылымды негізгі айтылатын ойға қосымша түсініктеме беріп тұрады. Мысалы: *... әдеби тілге көптеген лексикалық жаңалықтар еніп жатыр. 80-90 жылдарда жаңа қолданыстардың бумы (қауырт көбеюі, тасқындауы) басталды. (Р. Сыздық).*

Нақтылаушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемді нақтылай түседі. Мысалы: *оның негізгі нормалары шешендік сөз өнерінде, фольклор мен ауыз әдебиеті, публицистикалық сөз, іскағаз тілі мен ғылыми әдебиет (оқулық, энциклопедия, монография, ғылыми – көпшілік басылымдар), әсіресе, аса биік профессионалдық деңгейге көтерілген көркем әдебиет үлгілері арқылы қалыптасады. (Р. Сыздық.).*

Қыстырынды құрылымдардың сілтемелік түріне еңбектің авторын, оның атын, шыққан жылын, т.б. көрсететін құрылымдар жатады. Мысалы: *күн деген сөздің негізгі лексикалық (оны ғылым тілінде денотатив мағынасы деп атайды) «әлемге жарық, қызу беруші планета» («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 5- том, 311-бет.).*

Толықтырушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемге қосымша хабарлама береді. Мысалы: *Ол кезде Хакима ауылды жалшы атасына көмектесіп (әке – шешеден қаршадайынан айырылған), байдың қозысын бағатын. (М. М.).*

Қыстырынды сөйлемдер де тіліміздің грамматикалық құрылысынан орын алып, күрделенген сөйлемнің бір түрі болып танылады [4, 97]. Осындай сөйлемдер бұрын өз алдына жеке арнайы зерттелмегендіктен де, олардың грамматикалық жаратылысы мен құрылымдық сипаттары саралана ашылмаған – ды. Соның салдарынан сөйлемнің осы түрі бірде жай сөйлем, бірде құрмалас сөйлем синтаксисінде қарастырылып келіпті. Қыстырынды сөйлемдер негізгі мазмұнды сөйлемге жай әншейін қыстырыла айтылмайды, баяндау хабардың желісіне байланысты автор тарапынан арнайы мақсатпен, белгілі бір ыңғай құбылысымен қолданылады.

Қыстырынды конструкциялардың сөйлем ішінде қолданылуы стильдік құбылыспен тығыз байланысты. Ал бұл жайдың өзі белгілі бір оқиға мазмұнына байланысты қосымша түрде ескерту жасай кету жолымен астарласып жатыр. Бір сөйлемнің бір сөйлемге ескертпе жасау ыңғайында жұмсалуы – қыстырынды конструкциялардың құрылысы мен мағыналық мазмұныны тән құбылыс. Қыстырынды сөйлемдердің бойында болатын ескертпелік қасиетті саралай қарағанымыз жөн. Өйткені мұның өзі әр түрлі дәрежеде, осыған орай өзгеше құрылыстарда келіп отырады. Бір қыстырынды сөйлемдерде (ұласа, жымдаса айтылған түрі) ескертпелік мән негізгі ой хабарланбастан бұрын алдын – ала айтылса, енді біреулерінде (алшақ келген түрі) – негізгі баяндау желісінен соң, сондағы бір оқиға көріністеріне қосымша түсінік бере кету ыңғайында қолданылады [1, 121]. Міне, қыстырынды сөйлемдердің мәндік ерекшеліктері мен құрылысын осындай жағдайлармен тығыз байланыстыра қараймыз. Осы реттен де қыстырынды сөйлемдер жалпы екі үлкен топқа жіктеледі.

Алдын ала ескертпелі қыстырынды сөйлемдер. Жоғарыда ескерткеніміздей, бұл түрге қыстырынды сөйлемдердің негізгі оймен ұласа, тығыз қабыса айтылған түрі жатады. Қыстырынды конструкция негізгі сөйлемнен бұрын айтылады. Демек, ескертпелі мән хабарланатын ойдан бұрын алдын – ала жұмсалып, негізгі сөйлемнің мазмұнын аша кету ыңғайында келеді. Мұндайда қыстырынды сөйлемдегі ескертпелік мәннің өзі әр түрлі реңкте жұмсалады, осыған орай олардың құрылысы да алуан түрлі болып отырады. Осы жайларды өзара саралай келгенде, алдын ала екертпелі қыстырынды сөйлемдердің мәндік ерекшеліктері төмендегідей болады.

1. Бір қыстырынды сөйлемдер негізгі айтылатын ойдағы мазмұнды қанағаттандырып, жеткілікті қылып тұрады. Ондайдағы ескертпелік «өзгені айтпағанның өзінде» тәріздес мәнде келеді де, осыған лайық қыстырынды сөйлемнің аяқталуы *былай қойғанда* жолымен беріледі. Мысалы: *Оларды былай қойғанда,* Европа континентінің батысына талақтай жабысқан жерінің тілген таспадай ғана көлемі бар Португалиядай ше?... (С. М.). *Әшірбек айтқан «жоспарлы дайындықты» былай қойғанда,* осылардың өзі еңбекті шідерлеп, берекені кетіріп тұр. (Ғ. М.).

2. Енді бір қыстырынды конструкциялар негізгі сөйлемдегі оқиға желісіне жаңа бір ой бастауға мүмкіндік туғызады. Осы ретке қарай олар бұрынғы хабарланған ойдың аяқталуына енді ескерту жасай отырып, *бара тұрсын, бара берсін* құрылысында жұмсалады. Мысалы: *Олар солай бара берсін,* біз оқырман көпшілікке Сатыбалды шоқындының кім екенін баяндай тұрайық; *Шыңғыс сол қалпымен бара тұрсын,* біз оқырмандарға Есенейді қысқаша таныстыра кетейік. (С. М.).

3. Қыстырынды сөйлемдегі ерекшелік мән негізгі сөйлемдегі оқиға желісіне қайшы мәндес түрде айтылады. Мұндай сөйлемдер кейбір сыртқы құрылыстары, мағыналық қарым – қатынастары жағынан сабақтас құрмаластың заңдылықтарымен де астарласып жатады. Оларды өзара саралай жіктесек, мынадай құрылыста жұмсалған жолдарын байқаймыз.

А) Қыстырынды сөйлем *қарамастан* көмекші сөзімен аяқталады. Ол барыс септігіндгі есім неболмаса қимыл есімді сөздерді меңгере жұмсалады. Мысалы: *Ол, мінезінің салмақтығына қарамай,* ағып тұрған ертегіші. (С. М.). *Осындай жаңғалақтығына қарамастан,* Бектай өте зерек бала еді. Міне, сондықтан да, *инспектордың шешіліп пікір айтпауына қарамастан,* Жақыпбек оның жаңағыдай қасиеттерінен сүйсініп пәтеріне бұл адам туралы жақсы ниетпен, қадір тұтқан сезіммен қайтты. (Мұқаң Иманжанов).

Ә) Қыстырынды сөйлемдегі негізгі тірек сөз көмекші етістік мәніндегі *болмаса* сөзімен аяқталып, ол есімше, сондай – ақ есім сөздерімен тіркесе қолданылады. Мұндайда негізгі сөйлемде хабарланған оқиға, әрекеттің мазмұн желісі теріске шығарылып тұрады. Мысалы: *Таң алдында бірғана са,ат мызғыған болмаса,* Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. (М. Ә.). *Баламыздан хат алдық дегендері болмаса,* оның не жазатынын әке – шешесі де оқи алған емес. (Ғ. М.). *Іске байланысты қажетті бір сөздер болмаса,* екеуі өзара тіл қатыспайды. (С. М.).

Б) шылау мәніндегі *түгіл* сөзі мақсатты келер шақ формасындағы сөзбен не болмаса есіммен тіркесе жұмсалады. Сөйлемнің осындай құрылысында ерте кездің өзінде – ақ назар аударылған болатын. Проф. С. А. Аманжолов сөйлемнің осы түрін қарсылықты бағыныңқы деп қараған. Қарсылықты бағыныңқыларды талдау барысында біз мұндай сөйлемдердің сабақтас құрмалас болып, танылмай, жай сөйлем болатындығын айтқан едік. Өзара қайшы мәндес құрылған осы сөйлем түрінде сонымен қатар үстемелі күшейтпелік мән де орын алып тұрады. Сөйлемнің соңғы мәнінің келіп шығуына ондағы күшейтпелі *түгіл* демеулігінің белгілі сөздермен тіркесе жұмсалуы себеп болады. Мысалы: *Сені еркелетпек түгіл, өз басын көтере алмай жатыр. (Б. М.). Жарқын сияқтылар келеке етпек түгіл, мұның алдында жымдай болып жүрер еді. (М. Иманжанов.). Үйдің маңайына келген кісі түгіл, қияда көрінген жат кісіге үріп тұрады. (С. М.).*

В) Сөйлем құрамында *былай тұрсын* сөздері қолданылғанда да синтаксистік бөлшектердің аралығында қарама – қайшылық мән туады. Қыстырынды конструкцияны да осы *былай тұрсын* сөздері қайырып тұрады. Мысалы: *мешітке барып күнде бес уақыт намаз оқу былай тұрсын, олар жұмасында бір болатын күндізгі жұма намазына да бармайтын. (М. Ә.). Жоқтығы былай тұрсын, сол үәдені бере – бермесі де мәлімсіз...(С. М.).Бұл інішек жеңгесіне біреуді жақын жуытпақ былай тұрсын, көз қырын да салдырмайды. (Ш. А.).*

4. Енді бір қыстырынды конструкциялар негізгі сөйлемде айтылатын ойға үстемелік үдетпелі мән береді. Мұндайда синтаксистік бөлшектер арасында, жоғарыдағы сөйлемдердей, қарама – қайшылық мән болмай, болымдылық, хабарланған оқиға, әрекеттің жүзеге асатындығы не болмаса асқандығы білініп тұрады. Негізгі сөйлемдегі оқиға желісі қыстырынды конструкциядағы ескертіле айтылған оймен күшейтіле түседі. Мұндайда қыстырынды сөйлем шылау мәніндегі *қатар* сөзімен аяқталып, хабарланатын ойдың үдетпелік мәнде болуына мүмкіндік алады. Мысалы: Бірақ советник*, ұлықтардың беделді сенімін міндетіне алумен қатар,* өз құлқының да ұмыта алмады. *(М. Ә.).; Атағына қанықтығымен қатар,* Шоқанның оны бала шағында...бетпе – бет көргені де бар...Шоқан, *өзге білім жүйелерімен қатар,* шешендік тарихын да біраз қарастырған еді. (С. М.).

Сөйтіп, жоғарыда талданған сөйлем құрылысынан қыстырынды конструкциялардың бұрын сөйлем басында қолданылып тұрғанын байқаймыз. Бұдан, әрине, ескертпелік мәннің негізгі ой хабарланбастан бұрын алдын ала болатындығы айқындалады. Осыған орай да сөйлемнің бұл жолын өз мазмұнына лайық «алдын ала қыстырынды сөйлемдер» деп атадық.

Соңын ала ескертпелі қыстырынды сөйлемдер. Сөйлемнің бұл түріне, жоғарыда ескерткеніміздей, қыстырынды конструкциялардың негізгі сөйлемнен алшақ келген жолы жатады. Сөйлемнің атынан да байқалатындай, мұнда ең алдымен негізгі сөйлемнің (ойдың) өзі хабарланады да, содан кейін сондағы бір түйінге байланысты ескерту жасау ретінде қосымша түсінік беріле кетеді. Мұндай қосымша мәлімет өз алдына жеке сөйлем болып келеді де, негізгі сөйлемнің соңын ала орналасады, оқшаулық қасиетіне сай жақшаға алынып дараланады. Қыстырынды сөйлемдердің осы түрі сонымен қатар сөйлем ортасында да қолданылады. Негізгі сөйлемнен кейін осындай қосымша түсінік ретінде жұмсалуына байланысты қыстырындының осы түрін «соның ала ескертпелі қыстырынды сөйлемдер» деп атадық. Бұл жайдымына тәріздес сөйлемдердің ішкі мағыналық мазмұнынан анық байқаймыз [2, 387].

1. Бір қыстырынды сөйлемдер жаңада хабарланған негізгі оқиға барысына қосымша ретінде *жол – жөнекей ескерту* жасай кетеді. Мұндай ескерту сөйлем мазмұнының кейбір детальдарын айқындау, бір жайға байланысты анықтама бере кету қасиетіне негізделеді. Мысалы: *Бұған дейін олардың еркін аралап көрген ең үлкен қаласы – Омбы. (Азаға келген жолы Петербургты арлай алмағаны есімізде).; ... он төрт жастағы Шыңғыстың үйлендіре салар еді (сол жаста үйленетіндер қазақ ауылдарында толып жатыр), әттең – келінінің жастығы. (С. М.). Ұлық алдына барған сайын өзі арқашан ойындағы сөзін айта алмай (тілмаш арқылы сөйлескенде де бір түрлі айызы қанбай, шала құмар боп), булығып шығатын-ды. (Ә. Н.).*

2. Қыстырынды сөйлемдердің енді бір түрі негізгі сөйлемде хабарланған оқиға, әрекеттің мазмұнына не болмаса ондағы жеке сөздерге байланысты келеді. Мысалы: *Губернияға Хакім телеграмм беріп, Айжанды орнынан босатуға санкция алған ба қалай (бұны маған ашып айтпады), әйтеуір қазір Ақбасов тергеуші емес. (Х. Есенжанов).*

3. Енді бір қыстырынды конструкциялар негізгі сөйлемде баяндалған оқиға желісіне қосымша мәлімет үстемелеп тұрады. Мұндай сөйлемдердің құрылысы екі түрде келеді.

А) бірі, жоғарыда талдаған сөйлемдеріміздей, жақшаға алынып жеке сөйлем ретінде беріледі. Мысалы: *Жас патшаның бұл қылығын әлденеше саққа жүгірткен жұрт (солардың ішінде Шоқан да бар) көп талқылаудың аяғын бір пікірге ғана әкеп тіреді... ; Сонша жылдың бойында қазақ балалары үшін осы сияқты бір де бір мектеп салмапты ғой, марқұм патшалар? (Нағашым –«рас» деп айтар деген оймен кескініне қарасам, басын төмен тұқыртқан қалпынан көтермеді, үндемеді). (С. М.). Атына міністерге шабады шабады (үйде бала – шағасы шулап қалған), «мекеніміз жайрап жатыр, оңдырмапты, түзетпесеңдер болатын емес» дейді. (Д. Досжанов).*

4. Қыстырынды сөйлемдердің енді қайсыбір түрі негізгі сөйлемдегі жеке бір сөздердің мән – жайын айқындап тұрады. Бұл жай сөйлем мазмұнын толықтыра түсуге септігін тигізеді [3, 213]. Мысалы: Батыс жағын қоршай қарағайлы қалың орман өскен **Бурабай көлінің** арнасы биік, аумағы үлкен, суы жылтыр және тұщы еді *(Онда қазір Қостанай облысының Меңдіқара ауданының орталығы – Боровое селосы, орман арасында Бурабай курорты бар).(С. М.).* Олар құлаған үйінің алдында тұрған Жиенәлі шалға келді. **Шал** *(өлімге даярланған болуы керек)* қабат – қабат киініп, беліне күміс белбеу буының алған. (С. Ерубаев).

Қыстырынды сөйлемдердің осы бір түрінде мына бір жайды аңғарта кетеміз. Осындай сөйлемдердің құрылысы мен мәндік белгілері кейде оңашаланған айқындауышты конструкциялармен жақындасып жатады. Сондықтан да ондайда оларды бір – бірінен саралай білгеніміз жөн. Оңашаланған айқындауышты сөйлемдердің байланыстырғыш сөздері негізгі сөйлемдегі белгілі бір мүшемен тұлғалас не болмаса өзара үйлесе жұмсалып келсе, қыстырынды конструкцияларда мұндай байланыс сақталмай, негізгі комппонеттегі бір сөздің мән – жайына байланысты айқындық енгізе кету негізінде жол – жөнекей ескерту жасалады. Мұндай ескертпе негізгі сөйлеммен белгілі бір грамматикалық байланыста болмаса да, мағыналық жағынан өзара тығыз үйлесе жұмсалады. Демек, қыстырынды сөйлемнің негізгі ой желісімен ара қатынасы әр түрлі мағыналық реңкте өрбіп отырады. Мұның өзі осы синтаксистік конструкцияның да белгілі бір байланыс түріне негізделетінін айқындай түссе керек. Ондай байланыстың мән – жайы жоғарыда талданған қыстырынды сөйлемдердің құрылысынан айқын байқалғандай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – А.: Мектеп, 1983. – 166 б.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2006. – 784 б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 319 б.
4. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: «Ғылым», 1974. – 197 б.

ӘОК 82.09:821.512.122

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН ШЕЖІРЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҮЙІНДЕР

Жақан Ә.Қ., Қасымова Н.Б.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Абай – қазақ ұлттық руханиятының мөлдір мұхиты болса, Шәкәрім – телегей теңізі іспетті. Осы қос алыптың маржанды мұраларынан қанып ішпеген қазақты ұлтымызға жаны ашитын ұрпақ деудің өзі ұят.

Екі ойшылдың қазақ тарихына, ел шежіресіне қатысты туындылары – біздің туған топырағымыз бен ата тегімізді түгелдейтін ұлттық құжатқа қосылар үлкен үлес екендігі даусыз.

Тарих пен шежіре ежелден егіз дүние. Туған жердің тарихы мен сол елдің шежіресі бір-бірімен тығыз байланыста. Біз жер мен елдің тарихын шежірелерден іздейміз. Тарих – шежіре, шежіре – тарих! Жер бетін мекендеген әрбір ұлт өзінің жүріп өткен жолынан тарих жасайды. Ал тарих жасаудың ең тиімді жолы – шежірелік дүниелерге сүйену. Жалпы шығыс халықтарында сонау орта ғасырлардан бері қарай әр түрлі деңгейде шежірелер мен жылнамалар хатқа түсіріліп, елдің игілігіне жаратылған. Солардың алғашқысы – адамзат мәдениетінің құнды мұраларының қатарына жататын «Моңғолдың құпия шежіресі». Онан кейінгі З.М.Бабырдың әйгілі «Бабырнамасы» және Қ.Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» т.б.. Осы жәдігер туындылардың ішінде қазақ халқына қатысты мағлұматтардың бар екендігін алғаш айтқан адамдар – біздің ұлтымызда Шоқан мен Абай десе де болады.

Бұл жайында зерттеуші Ж.Шекен өз еңбегінде: «Қазақ ғалымдарының «Моңғолдың құпия шежіресін» зерттеуі Ш. Уәлихановтан басталады. Ол Қадырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» туралы: «Қазақ тарихына қатысты деректердің молдығы жағынан «Жылнамалар жинағына» иықтасар ештеменің жоқтығы күмәнсіз» деген құнды пікір айтқан болатын.

Өз кезегінде «Жылнамалар жинағының» кейбір тармақтары «Моңғолдың құпия шежіресінде» көрініс тапқан. Ендеше, Шоқанның пікірі жанама түрде болса да аталмыш «шежіреде» көрініс тапқан. Яғни, сол «шежіреге» қатысты деп ойлаймыз. Демек, орта ғасырдағы қазақ тарихымен байланысы бар «Құпия шежіре» бөлімдерінің Шоқан тарапынан жоғары бағалануы – тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан назар аударылғандық деп білеміз. Сондай-ақ, ұлы Абайдың «Қазақтың қайдан шыққандығы жөнінде» дейтін тарихи-этимологиялық мақаласында Шыңғыс есіміне қатысты оқиғаларды ел-жер тарихымен сабақтастыра әңгімелей келіп, аталмыш тұлғаның ұлт тарихына, әдебиетіне қатыстылығын ерекше атап өткендігі де, Шыңғыс хан есіміне байланысты ел есіндегі өткендегі әңгімелерді жаңғырту деп түсінген жөн» [1], - деп өз тұжырымын жасайды. Бұған біз де қосыламыз. Олай дейтініміз: ұлттық жазба әдебиеттің жаңа кезеңі дәл осы Шоқан мен Абайдан басталғаны анық. Бұрыңғы әр-әр жерде шыққан жазба-сызба дүниелердің барлығына әсіресе Абай сын көзбен қарап, ұлттық руханиятқа көптеген өзгерістер енгізді, жаңалықтар қосты. Ұлы ойшылдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін еңбегінде қазақ халқының түп тамырына тереңдеп бойламаса да, болашақ зерттеушілерге жол көрсетіп, бағыт-бағдар беріп, қазақ шежіресін қалыптастырудың алғышарттарын жасауға тырысқаны көрінеді.

Мәселен: «Әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынданып келгендігі: бірі – Үндістан тарапынан, ол жақтан келген жұрттардың көбі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер; екінші – маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан (бұл сөз моңғолдың қол астында болған деген ұғымнан туындаса керек. – Ә.Ж.) халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы – бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз – ұят» [2, 349]. Абайдың бұлай айтуына екі негіз бар. Бірі – әлімсақтан бері түркі- моңғол тайпаларының өзара туыстығы, көші-қоны араласқан көшпенділер екендігі болса, екіншісі – Алаш елінің бірлігін сақтап, мемлекетін құрысқан игі жақсылардың бәрі Шыңғысханнан тарағандығына жатса керек. Бұл жерде «Моңғолмен туыстығымыз, олардың қол астында ұзақ уақыт болғанымыз бізге кедергі келтірмейді, бірақ өзгелерден қалып қойған қараңғы, бейшара қалпымыздан ұялу

қажет» дейтін ағартушылық бағыттағы ойын ашық айтады. Әрі қарай, «арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты. «Хибаи» дегені – «кигіз шатырмен жүруші» деген екен. «Хұзағи» дегені – өз жұртында және хұзағи деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақыттың бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп: «Міне, мыналар шынымен қаз-ақ екен», – депті, «Әдейі қайтқан қазға ұқсайды-ақ екен», – деп. Сонымен, бұлар өзін де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін «ұлыс»дейді екен де, жүре береді екен» [2, 351], – деуінде аңызбен астасқан бір әңгіменің шетін қозғап, ұлтымыздың «қазақ» деп қалай аталғандығы жөнінде білмекке ұмтылады.

Осы еңбегінде жалпы шығыстық мейрам «Наурыз» және қазақтың «Алаш» атануы туралы да пікірлерін келтіріп өтеді.

Шағын шығарманың иіріміне бойласақ, қазақ хандығының бастау бұлағы, қайнар көзі Шыңғыс ханға барып тіреледі.

Шыңғыс хан қанша жерден қатыгез, жауыз болғанымен әлемдік құбылыс екендігін Абай да мойындаған. Ендеше ол жайындағы аз ғана эпизодтық көрініске құлақ түрелік: «Қашан маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар құтты болсынға барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі, маңғұлдың өз заңы бойынша, «Хан» деген үлкен биіктің басында ақ кигізге Шыңғысты отырғызып, хан көтерген дейді. Тауының Шыңғыс аталып, биігі Хан аталмақ себебі де сол болса керек. Сол он екі кісінің бірі – қазақтың Майқы би деген кісісі екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген мақал болған.

Қазақтың соғысқа жararлық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылыпты, бұларды Шыңғыс Жошы деген үлкен баласына билетіпті» [2, 352], – дей келіп, біздің соңғы ханымыз да, төрелеріміз де бәрі осы Жошы нәсілінен тарағанын тілге тиек етеді.

Ал, шындығында, Шыңғыс хан тарихы жайында жазылған тұңғыш еңбек «Моңғолдың құпия шежіресінен» бастап, онан кейінгі «Жылнамалар жинағы», «Алтын шежіре» басқа да түрлі шежірелік кітаптарда, бертініректегі зерттеулердің барлығында да тарихи Темучин – Моңғолия жерінде Онон өзенінің бойындағы ұлы құрылтайда (жиын) салтанатты түрде күллі моңғолдың жоғарғы әміршісі болып жарияланады. Сонымен бірге құрылтай Темүжінге Шыңғыс хан атағын бекітті. «Құрылтайда оны таққа отырғызып, Шыңғыс хан деген ұлы атақ берілді. Сол жерде «Шыңғыс хан» атын иемденген қырықтан асқан өжет еркек ант беріп, көк аспанға тағзым етіп, қара жерге бас иіп, тоғыз тұғырлы ақ туды асқақтата көтерді», – деп жазады аталмыш еңбектерде. Бұған қарағанда, Абайдың айтып отырғаны ел ішіндегі ескі сөздер мен аңыздардан туындаса керек. «Туындаса керек» демекші, Абай да өз еңбегінде осы сөздерді жиі қолданады. «Болса керек», «қылса керек», «екен» дегендерді көбірек келтіре отырып, нақты деректердің керек екендігін баса айтқан сияқты. Қазақ тарихынан сөзді бастаған ұлы ойшылдың тағы бір ерекшелігі – сөз мәйегі мақалдарға көп көңіл бөлгендігі. Жалпы, мақал дегеніміздің өзі – әрбір халықтың жылдар бойғы, ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар үлесіндегі рухани әлемінің кесек көрінісі ғой. Әр дәуірдегі, әр уақыттағы адамзаттың күнкөрісі, істелген ісі, қимыл-әрекеттің бәрі – мақал мен мәтелдерде тұнып жатыр. Ендеше осынау Ұлы уақыт ішінде атқарылған әрбір істің түйіні, қорытындысы, халық тәжірибесінің негізгі көзі, тұжырымы саналатын мақал мен мәтелдерден қазақ тарихы мен шежіреге қатысты сыр іздеуі – Абай болмысындағы ойшылдық,көргендіктің бір көрінісі.

Ұлт болашағын ойлап, күні-түні көз ілмеген ұлы Абай Қазақтың тарихы мен шежіресін келер ұрпаққа қалай жеткізу жөнінде де қатты толғанған. Осы мақсатта немере інісі, рухани шәкірті Шәкәрімге қайтыс болар алдында үлкен тапсырма берген. Ол – елдің тарихы мен шежіресін жиыстырып,тасқа бастырсын, сөйтіп келер буынның керегіне жарайтын бір із қалсын деген ниеті еді.

Ұлы ұстаз, ақылшы ағаның аманатын орындап, ұзақ жылғы ізденістердің нәтижесінде Шәкәрім қажы өзінің «Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі» деп аталатын еңбегін жазды. Бұл кітап алғаш рет 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шықты. Шежірелік туынды – халқымыздың сан ғасырлар бойы ауызша тараған аңыз-әңгімелері мен әлем ойшылдарының, тарихшыларының еңбектеріне сүйенген. Әуелі Адам Ата, Хауа Анадан бастап, бүкіл түркі елдерінің ата тегін айта отырып, қазақ халқының шежіресіне тереңдей үңілді.

«Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым.

Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жаздым. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды

ауызша болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тілінен шежіре жазылған жоқ» [3, 3], - дейді автор өзінің кіріспе сөзінде.

«Қазақтың қайдан шыққаны» деген тараушасында: біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфас атты баласының нәсілінен. Әрі қарай түркі болып таралады дей келіп, қазақтың тарихы мен шежіресін Шыңғыс хан және оның ұрпақтарымен байланыстырады.

Қазақ жерінің шығысындағы Шыңғыс таудың сол Шыңғыс ханға қатысты қойылғаны дәл Абай айтқандай, Шәкәрім де қайталайды. Бірақ «қазақтың ескі сөзінше» деп ескертеді.

Қазақ тарихы мен шежіресін сонау түп тамырлардан бері таратқан Шәкәрім еңбегінде жер-су атауларына, халқымызды құрайтын әрбір руға жекелей анықтама берілгендігі де өзінен кейінгі шежірешілерге үлкен мектеп болды. Мұнда қазақ мемлекетінің қалыптасып дамуына орасан ықпал еткен Шыңғыс хан мен Абылай хан арасындағы «хандар галереясы да», хронологиялық сипатпен орынды сөз етілген.

Сол хандардың ел билеу саясаты, ұлтымыздың алғашқы заңдар жиынтығы, көршілес елдермен қарым-қатынас, арғы-бергі дәуірлердегі қазаққа қатысты бүкіл тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайлардың өзі кейінгі тарихшыларға да тамаша әсер етті. Осы туынды туралы Мұхтар Мағауин:

«Шәкәрім шежіресі - көшпенді халықтар мәдениетіндегі көне салтты -бағзыдағы Рәшид-әд-Дин, кейінректегі Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы-бахадұр-хан дәстүрін жаңа заманда жаңаша жалғастырған құнды еңбек.

...Аңыз бен шындықтың шегін ажырата бермейтін бітіс-болмысы Шәкәрім шығармасының тарихи зерттеу емес, шежіре екендігін айғақтайды. Бірақ бұл - жаңа шежіре, бұрынғылардан басқаша кейіптегі шежіре» [4, 124], – деп бағалаған.

Шәкәрім шежіресінің бір құндылығы - қазақ сияқты ғажап елдің үш бұтағы саналатын үш жүзден тараған рулардың барлығын шығу тарихымен һәм көршілес елдердің,тайпалардың түп тамырымен сабақтастыра алып, тұңғыш рет жүйелі түрде беруінде болса керек.

«Қай дәуір туралы қалам сілтемесін, жазушы - қашанда тарихшы. Әдебиеттің басты парызы - адамзат естелігінің үзік-үзік болмауына күш салу, шежіре арқауы жалғанбаған жерде, адамзат санасынан ғасырлар ғайып болып, тіпті мың жылдық жеңістердің даңқы мен жеңілістер трагедиясы да ұмыт қалады. Ал жазушы – адамзат зердесінің бірден бір жоқтаушысы болғандықтан да, тарихтың әлгіндей жыртықтарын романмен, поэмамен жамайды» [5], - деп айтқан Олжас Сүлейменовтің пікірі де бұл ойымызға дәлел.

Түйіндеп айтқанда, Абай мен Шәкәрім мұралары - қазақ халқының рухани әлемінің қарлығаштары.Ұлтымыздың тарихы мен шежіресінің бастау бұлағы, қайнар көзі екендігіне ешкімнің де дауы жоқ шығар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шекен Ж. «Моңғолдың құпия шежіресінің» фольклорлық, әдеби негіздері. Автореферат. – Алматы, 2003. –24 бет.

2. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. – Алматы, Жалын, 1995. – 384 б.

3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. – Алматы, «Ол – жас баспасы» ЖШС, 2004. – 80 б.

4. Бес арыс (Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған: Д.Әшімханов). – Алматы, Жалын, 1992. –544 б.

5. Сүлейменов О. Сөзстан. –Алматы: Жазушы, 1987. –134 б.

ӘОК 821.512.122

КӨРКЕМ ПОРТРЕТТЕГІ Ә.КЕКІЛБАЕВ ҚОЛТАҢБАСЫ

Жақанова Ж.Р.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Көркем бейне әдеби шығармашылықтың негізі болып табылады әрі бұл мәселеге ғылымның арғы-бергі тарихында барынша назар аударылып келеді. Ал енді қандай әдіс-тәсілмен қыр-сырын ашып, жан бітіріп, толыққанды бейне сомдауға болады? Осыдан келіп, портреттің көркем тәсілдер жүйесіндегі орнын анықтау қажеттігі туындайды. Портрет әдеби

қаһарманның сыртқы келбетін: бет бейнесі, түр-түсі, дене бітімі, дене қалпы, ым-ишарат, жүріс-тұрысы, киім-кешегі, жас ерекшелігін көрсетіп, көркемдік тәсілдер жүйесінде оның ішкі әлемін танытуда елеулі қызмет атқарады. Кейіпкер табиғатын танытуда жылт етіп көзге түскен әр портреттік белгі құнды. Портрет жасау ұстанымының, құрылымының семантикалық қанықтығы, сипаттаудың толықтығы нақты бір кейіпкердің шығармадағы орнына, автордың жекелеген стиліне, жанрлық ерекшелігіне тәуелді.

Портрет қызметі сан алуан, көп қырлы. Алдымен, шығарманың аса маңызды композициялық элементі ретінде ерекшеленеді. Шығарманың сюжеттік, жанрлық жүйесіне, қаламгер стилінің айшықталуына ықпал етіп, көркемдік-эстетикалық мақсат-міндеттерді шешуде шешуші рөл атқарады. Ең бастысы, адамтану ілімінде атқаратын қызметі салмақты.

Қазақ қаламгерлерінің бейне жасау бағытындағы жетістіктері әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық толысуы жолында айрықша маңызға ие болды. Уақыт пен кеңістік мәселесін көркемдікпен игеріп, ойы ұшқыр, тілі құнарлы қаламгер Ә.Кекілбаев осы мәселеге ұлттық құндылықтар тұрғысынан келеді. Ұлттық құндылықтардың қайнар көзі халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінде, әдеп-ғұрпында жатқанын атап өткен жөн. Әдебиетте қалыптасқан «Кекілбаев феномені» ұғымының бір ұштығы ол сомдаған көркем бейне табиғатында екені талас тудырмайды. Портрет жасау үдерісінде Ә.Кекілбаев қолтаңбасы айқын бедерлілігімен оқырманын өзіне баурайды. Сыртқы белгі киім-кешектер – портреттің вестиалды түрінің қызметіне жазушы аса ден қояды. Төмендегі «Елең-алаң» романынан қатар берілген екі мысалда осы мәселенің қалай шешімін тапқаны көрінеді: «*Бірде тапа тал түсте бұл отырған бөлмеге қайдағы бір сусар, бұлғын, сілеусін, қарсақ, барыс – әйтеуір бұның көргені бар, көрмегені бар – неше қилы түз тағылары қаптай жөнелгені. Сөйтсе есіктен екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей біреу қорбаңдап кіріп келеді. Әлгі бір аяқ астынан шұбыра жөнелген жер қайысқан көп аң да сонау қауқиған тонына жапатармағай жабысып алыпты*» [1, 24]. «*Шатырға кіріп келгенде қапелімде тілінен айырылып қала жаздады. Самаладай кең баспанада өңшең бір дағарадай қызыл түлкі тымақтан көз тұнады. Шеттерінен тойға келгендей сәнденіп киініпті. Өңшең бір қасқыр ішік. Өңшең бір күмістелген кісе белбеу. Өңшең бір құдасының төрінде отырғандай манаурай жайғасқан маңғаз немелер*» [1, 197].

Автордың портрет бөлшегі ретінде киім-кешекке мән бергенін жаңалық еді деуден аулақпыз. Өйткені тарихи роман жанрының табиғаты қаламгерден сөз етіп отырған дәуірінің тұтастай әлеуметтік-мәдени, рухани суретін бейнелі тілмен кестелеп беруді талап етеді. Мәселе басқада. Біз келтірген мысал қазақ даласына келген Орынбор экспедициясының бастығы, статс-советник Кириловтің далалықтардың киімін көргендегі алғашқы әсері түрінде берілген. Портреттердің бәрі оның сүзгісінен өтеді. Бір қарағанда, терең философиялық һәм психологиялық шығармаларында ойшылдығымен көзге түскен қаламгер юморға, күлкіге күш түсірмейтін тәрізді көрінеді. Ә.Кекілбаев стиліндегі юморлық реңктің әдемі, жатық көрініс табуына ықпал етуші бірден-бір құрал – портреттер болып отыр. Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдардың орны ерекше. Көркемдік қуат пен эмоционалды байлық, жарасымды юмор метонимия арқылы өрілген. *Сусар, бұлғын, сілеусін, қарсақ, барыс, неше қилы түз тағылары* – метонимиялық қолданыс. Кейіпкердің тоны қымбат бағалы осындай аң терілерінен тігілген. Түз тағыларының *қаптай жөнелуі,* есіктен екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей біреу *қорбаңдап кіріп келуі*, аңдардың соның қауқиған тонына *жапатармағай жабысып алуы* – нағыз жанды сурет. Ұғымның, сөздің эмоцияға әсерін тұздықтауға келгенде жазушы алдына жан салмайды, бар салмақты қимылдың сапалық өзгерісіне салады. Ең бастысы, оған барар жолды біледі. Ал екінші мысалда кейіпкерді мүсіндеу үшін автор портретті заттық белгіні *(түлкі тымақ, қасқыр ішік, кісе белбеу)* атап өту арқылы беріп, жансыз заттан жанды адам бейнесін жасайды. Жай атап қана кетпейді, негізгі нысанның эстетикалық қуатының кереметтігі бақылаушы кейіпкердің соншалық әдемі суретті көріп, эмоциялық тұрғыдан тұшына қабылдауы *тілінен айрылып қала жаздап, көзі тұнғанын* ескерту арқылы жеткізіледі. Сөз сиқырын меңгерген жазушы экспрессивтік әлеуеті күшті сөздерді сәтті таңдай біледі. Жоғарыда көрсетілген киім-кешек түрлерін *өңшеңмен* тіркестіріп барып, сыртқы әсердің сапалық жағына көңіл бөледі. Тағы бір шағын портреттік этюдте жылқының қайсысы жорға, қайсысы тұлпар шығарын топшыласқан ақсақалдардың кейпін «*Сақалдар тынымсыз шошаңдап, мұрттар мігірсіз ширатылады. Шарт-шұрт қол алысып, бәс тігіседі»* деп нақты атын атап, түсін түстемей, қимыл-әрекетті (жест) атап қана топтық портрет үлгісін ұсынады. *Сақалдың шошаңдауы* – сөйлеу, әңгімелесудің, *мұрт ширату* ишарат

ретінде – ойланып-толғанудың, әлденеге алаңдаудың; *шарт-шұрт қол алысу* – келісімнің белгісі. Қаламгер қимыл-әрекеттің символдық мәнін асықтай шиырып оңтайлы пайдаланады.

Жазушы стиліндегі юморлық бояудың қанықтығы мына мысалдардан да анық сезіледі: *Сырықтай ұзын сыриған шалдың тұла бойында доғалданып, жұмырланып жаратылған ештеңе жоқ. Қалақтай жағына қылыш жаныгандай. Суалған екі ұртқа тақала беріп, қайта тікірейіп кететін қияқ мұрты, қашан көрсең де, тышқан тықырын аңдып қалған аш мысықтың құлағындай едірейеді де тұрады. Сүйір иегіне сумие біткен сұңгі сақалы да төбелесқұмар әтештің құйрық жүніндей селтие қалған. Ешқашан кісіге тіке қарамайтын екі шегір көздің ортасында орақтай итиіп оратыла біткен құс тұмсық едірең мұрттың астындағы қаймыжық еріннен әрі асып түсуге әлденеден қаймыққандай, шаншыла үңіліп, шапши тоқтапты* [1, 56]. Пішіні жағынан Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» *домалағына* қарама-қарсы бейне әрі әсерлі. *Тікірейген* мұрт, оның *едірейіп* тұруы, *селтиген* сақал, *итиген* тұмсықтың ерінге *шаншыла* үңілуі және *шапши* тоқтауы күлкі тудырады. Сөз таптарының ішінде еліктеуіштердің эмоцияны жеткізудегі қызметінің шексіздігімен, стильдік мақсатта құбылта қолдануға аса икемділігімен жоғарыдағы бейне сондай қызық шыққан. Тағы бір мысалға үңілейік: «*Үшеуі – бірінен бірі айырып алғысыз сыптығыр қара, әлдебір мүсінші түсіп тап басып айтып бере алмастай әлдеқандай қоңырқай балшықпен жылтырата сылап тастағандай жып-жылмағай бет-ауыздарынан тышқанның көзіндей жылт-жылт сығырайған жымысқы жанарлары мен жарқыраған тістерінен басқа ештеңе көзіне түспейді. Бәрінің де сақал-мұрты ауыздарының айналасында қалыпты. Маңдайлары қандай жылмағай болса, жақтары да сондай жылмағай. Қылтанақ әу бастан бітпеген*» [1, 230]. Көз бен тістен басқа ештеңе жоқ бетперде! Автордың алдыңғы планда ұстаған портреттік белгілері – осылар. Жып-жылмағай әлемде көз бен тістің ғана көрінуі астарында автордың кейіпкер характерін танытпақ ниеті байқалады. Үшеуі де қу, айлакер адамдар болуға тиіс. Жазушы кейіпкерін мүсіндегенде ұлтымыздың тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, содан кейін прозада өзіне дейін қалыптасқан бай дәстүрді ескереді. Өз қаһармандарының портретін оның ішкі жан дүниесімен, тағдырымен, өмірімен тығыз байланыста қарастырады. Портретке қатысты оның қаламы шиырлаған белгілер: дене тұрқы, бет пішініндегі өзгерістер, киім-кешегі, қимыл-әрекеті, ым-ишара түрлері кейіпкердің мінез-құлқын тануға әсер етеді. Жоғарыда берілген портреттен Ғ.Мүсірепов қолтаңбасы («Оянған өлкедегі» Жұман портреті) аңғарылады. Автор ұзақ сонар портреттерге бармай, арасында детальмен көрсетуге мән береді. Кейіпкердің *дене және бет пішіні, бойы, түр-түсі, киімі* деталь ретінде жиі сөз болып, оны даралауға қызмет етеді: *иреңдеген мосқал еркек, тау тайлақтай өңкиген біреу, түйедей қаңқиған-саңқиған еркектер, көсе башқұрт, нарт күрең кісі, орақ мұрын, ақсары жігіт, серең аяқ, сызы мол ала көзді, мосқал еркек, түбіт иек бозбала жігіт, имек қара, сыптима шалбары бар мейман, гүжбан қара, жалбыр шаш жігіт, сыптығыр қара, жайнақ көз бойжеткен, тыртық езу шал, жылмаң төс* т.б. [1].

Кейіпкер психологиясын, жүрек лүпілін жеткізуде де жазушы айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Мәселен, Әбілқайыр ханды *«сүйектен мүсінделгендей ақ сұр хан»* деп даралап алып, романның өн бойында ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді (ренжу, өкіну, шамырқану, алаңдау, мазасыздану т.б.) оның *сұп-сұр* күйге енуі арқылы *символмен* түсіндіреді. М.Әуезовте белсенді түс *қызыл* болса, Ә.Кекілбаевта *сұр* түс. Автор түстердің философиясын жете түсініп, кейіпкер психологиясын жеткізудегі қызметін ұтымды пайдаланады. Түстер символдық мәнге ие. Әрқайсысы белгілі бір көңіл-күйді білдіреді. Суреткердің биік талғамымен қатаң сүзгіден өткен түстердің портрет құрамында кейіпкерге қатысты эмоцияналды-экспрессивтік әрі психологиялық қызметін ұтымды пайдалану – біз талдап отырған шығарманың ірі жетістігі.

Жазушы портрет жасайтын құралдың экспрессивтілігіне аса ден қояды және осыдан оның сатиралық-юморлық қолтаңбасы сезіледі. Сондай-ақ бұл үрдіс оның замандастары О.Бөкей, А.Нұрманов, Қ.Ысқақов, Д.Исабеков, Ә.Таразилерге де тән. Сайып келгенде, көркем бейне жасау, портрет сомдау тәжірибесі қазақ прозасында жылдар бойы қалыптасып, бұл бағытта бай дәстүрдің арқауы үзілмегені аңғарылады.

Әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мәселесі туралы академик З.Ахметов: «Әдебиет алдымен ұлттық негізде пайда болып, дәстүрлі түрде одан ары жалғасады», - десе [2, 53], Қ.Әбдезұлы: «Көркем әдебиет мазмұндық-идеялық сапаларының дамуымен қатар, пішіндік жағынан да жетілу процесін бастан өткерді. Әдебиеттегі ішкі-сыртқы, мазмұндық және формалық құбылыстардың даму, өркендеу жолына тарихи тұрғыдан көңіл бөлген жағдайда олардың әр кезеңде түрлі жаңашыл сипатты иеленіп отыратындығын аңғаруға болады. Басқаша айта

болсақ, әр кезең әдебиеті бұрынғы бір кезеңнің көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырып отыратын болып шығады. Сол дәстүрді жалғастыру, одан үйрену, соған сүйену арқылы ғана жаңа көркемдік құбылыс, жетістіктерге қол артуға болатындығы айқындалады», - деп қорытады [3, 17].

Тұжырып айтқанда, біз қарастырып өткен қаламгер статикалық және динамикалық портрет түрлерінің, кішігірім детальдар мен ым-ишараттың, түр-түстің характер табиғатын таныту, психологиялық иірімдерге бойлау мүмкіндігін барынша пайдаланады. Портреттің лингвистикалық жағына көңіл қойып, көркемдегіш элементтердің экспрессия тудырушылық қасиетін шығарманың көркем-эстетикалық міндетін шешуге мақсатты түрде жұмылдырады.

Әдебиеттер тізімі:
1. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. – Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1973. – 212 б.
3. Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.

ӘОК 82.0

ҚАБЫСПАЛЫ ОРАЛЫМДЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Жақсылық Н.А.
№17 ЖББОМ, Теміртау қ., Қарағанды обл., Қазақстан Республикасы

Қабыспалы оралымды екі топқа жіктейміз: есім қабыспалы оралым; есімше қабыспалы оралым.

а) Есім қабыспалы оралым

Әдеби тілімізде қабыспалы оралымды жасауға көбінесе есімше тұлғалы сөздер қатынасып отырса, сонымен қатар осындай функцияға есім сөздер де ие бола алады. Мұндай сөздер оралымды жинақтап, өздерін меңгере жұмсалған белгілі бір мүшеге қапсарласа айтылады. Меңгеруші сөз әр тұлғада келе береді, соған лайық сол сөйлемнің әр түрлі мүшесінің де қызметін атқарады. Есімше қабыспалы оралымдағыдай, мұнда да меңгеруші сөз көбінесе атау түрінде жұмсалады.

Жидебай мен сай-саласы ағашқа толы Орда тауы мұндайлық зор апатқа ұзақ жылдардан бері ұшырап көрген жоқ болатын (К.Оразалин).

Оралымды меңгеруші сөз басқа да септік жалғауларында қолданылады. «Ақшаның алмайтыны жоқ» деген сенімдегі Малтабардың ол құрғырға бірінші рет өкпелеуі осы ғана (С.Мұқанов).

Қабыспалы оралымдарды жасауда бар, жоқ сөздері де қатынасып отырады. Кейде бір қабыспалы оралым әрі есімше, әрі есім сөздерінің қатарласа жұмсалуымен де жасала береді.

Үнсіз түксиген // қабағы бар // салқын жүзді Сағит сол жастықтарға сүйене отырып, жеңге мен шешеге жүзін бермей, қырындай қарап шайды соңырқай тартып отыр.

Міне, бұл келтірілген сөйлемдердегі арнайы белгіленген сөздер (негізгі бөлшектегі бастауыштар) өзінен бұрынғы шоғырлана айтылған топтарды тікелей өзіне жымдастыра, қабыстыра, меңгеріп тұр. Осы орайда профессор С.Аманжоловтың үйірлі мүшелердің жасалу табиғаты меңгерілу мен меңгеру принципіне негізделеді деп айтқан пікірін біз де қуаттаймыз.

Қабыспалы оралым құрмалас сөйлемнің бір қанатында, сондай-ақ екі қанатында да қолданыла береді. Мына сөйлемде оның алғашқы қанатта (бағыныңқы) жұмсалып тұрғанын байқаймыз.

Сол жас жігітті көруге ынтық Сұлтанмахмұт төсегінен тез киініп, ауызғы үйге шыға келсе, қоңқақ мұрын, сом денелі жас жігіт шайын ішіп болып, үстіне сырма тужурка киіп, белін қайыс белбеумен шиыршық арттыра тартып буынып, енді шығып кеткелі тұр екен (Д.Әбілев).

Ал мына сөйлем қабыспалы оралым құрмаластың екі қанатынан да (бағыныңқы, басыңқы) орын алған.

Оны іздеуге я тосуға уақыты жоқ Есқара қаруларын қолына ұстай кейін жүгіріп, аңдыған терезенің түбіне таяна бергенде, сыбысын сезіп қалған Дуська шәуілдей жөнелді (С.Мұқанов).

Қабыспалы оралым негізінен алғанда, белгілі бір сөзді айқындау мақсатында жұмсалады. Осыған орай да сөйлем ішінде оның жұмсалуы айқындалатын обьектінің болуымен тығыз

байланысты келеді. Демек, қабыспалы оралым негізгі сөйлемде хабарланған ой желісінің мазмұнын толықтырып отырады. Оны (оралымды) айтпасақ та сөйлем мазмұны бұзылмайды. Қабыспалы оралымның басқа синтаксистік категориялардан басты бір айырмашылығының өзі де осы болмаққа керек. Осы тұрғыдан келгенде кейбір күрделі мүшелерді қабыспалы оралым деп тануға болмайды.

Енді қабыспалы оралымдардың сол жиі қолданылатын есімшелі жолын талдалық.

ә) Есімшелі қабыспалы оралым

Қабыспалы оралым жасауда есімшенің барлық тұлғаларының қызметі бірдей емес. Бұл ретте оның әсіресе -ған тұлғалы түрі айрықша қызмет атқарады. Өзге қалған түрлері (баратын, бара тәрізділері) оралым құрамында белгілі мөлшерде ғана ұшырасады. Өйткені бұл біріншіден, тілімізде жалпы -ған форматты есімшенің жиі қолданысымен байланысты болса, екіншіден, осындай есімшенің синтаксистік оралымдарды қайырып тұрудағы бейімділігінің молдығынан ба деп ойлаймыз. Мұндай бейімділік -ған форматты есімшенің есім сөздерге жақын, туыстық қасиетімен де байланысып жатады. Бұл айтылған жай қабыспалы оралымдар жайында әңгіме болғанда, негізінен алғанда, осы -ған тұлғалы түрін түсінетінімізді бекіте түседі.

-ған форматты есімшелі оралым да, сөйлемнің әр алуан типтерінің құрамында қолданыла береді. Алайда оның қолданылу өрісінің кеңдігі әсіресе жай сөйлем шеңберінде көп болады. Қабыспалы оралымның жай сөйлемге қабаттаса тіркесуі оның мазмұндық желісін де ұлғайтады, құрылымдық негізін күрделендіреді.

Қабыспалы оралымдарға байланысты тіліміздің заңдылығы бойынша әдетте негізгі бастауыш (сөйлемнің түп қазығы) өзінен бұрынғы үйірленген мүшелерден кейін қолданылады, яғни ол сөйлемнің екінші бөлшегінен орын алып тұрады.

Қабыспалы оралымды жинақтаушы есімше сөзі кейде барыс, табыс, шығыс жалғауларында да кездесіп қалады. Мұндай да оралым толықтауыш қызметінде жұмсалады. Осындай оралымды сөйлемдер де қазақ тіл білімінде әр жақты түсіндіріліп жүр. Әсіресе барыс септікті жолы біреулермен жай сөйлем қатарына жатқызылса, екіншілерімен ол құрмалас сөйлем деп танылады. Біз қабыспалы оралымның осындай конструкциядағы түрін де күрделенген жай сөйлемнің аясында танитын боламыз.

- Барыс септікті қабыспалы оралым: Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенде соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім...(«Қазақ ертегілері»).

- Табыс септікті қабыспалы оралым: Құлақ естігенді көз көреді. Білек сүріндіре алмағанды білім сүріндіреді (Мақал).

- Шығыс септікті қабыспалы оралым: Мені жақсы көргеннен өзіңше маған да шен бермек болғаның ба? (М.Әуезов).

Атау түріндегі қабыспалы оралымдар мен септік жалғауларын (ілік, барыс, табыс, шығыс) қабылдаған есімшелі оралымдардың айтылу заңдылығында айырмашылық бар. Алғашқысында, қабыспалы оралымның жеке өзі дауыс жігімен бөлінбейді, өзі меңгеріп тұрған сөзімен ғана оқшаулана айтылады, демек, интонациялық жікте де ұйымдастырып тұратын сол атау түріндегі есімшелі сөз болады: Баласы жақсы оқыған Асан бүгін көңілденіп отыр.

Қабыспалы оралымдағы интонациялық құбылысты екі жақты түсінуіміз керек: бірі – меңгерілген сөзімен жікке бөлінуі де, екіншісі – өзінің-ақ даралана айтылуы.

Жанаспалы оралымдар деп отырғанымыз – құрылысы жағынан сабақтас құрмалас сөйлемдермен тығыз астарласып жататын синтаксистік категорияларды қамтиды. Мұндай сөйлемдердің тәуелді бөлшегінің баяндауышы (жасалу жолдары, формалық құбылыстар) сабақтас құрмаласпен бірдей түсіп жатады. Айтылу барысында жанаспалы оралымдар жеке интонациялық құбылысқа ие болып, өз алдына дараланып тұрады. Ал жазуда олар үтірмен ажыратылады (қабыспалы оралымдармен салыстырыңыз, бұларда бұл заңдылық сақталмайтынын жоғарыда ғана айтқанбыз).

Жанаспалы оралым қабыспалы оралымдарға қарағанда, әдеби тілімізде жиі қолданылады.

а) Көсемшелі оралым.

Жалпы оралымды сөйлемдерді жасауда көсемше тұлғалары активті қызмет атқарады. Мұның өзі біріншіден, көсемшенің баяндауыштық қызметімен байланысты болса, екіншіден, оның сөйлем ішіндегі сипаттағыш, амалдық қасиетімен де астарласып жатады.

Көсемше оралымды сөйлемдерді жеке қарастырудың өзіндік мәні бар, өйткені осындай конструкциялар қазақ тілі былай тұрсын, кейбір түркі тілдерінде күні бүгінге дейін сабақтас құрмалас деп танылуда.

Көсемшелі оралым басқа да кейбір синтаксистік категориялар тәріздес, күрделенген сөйлемдерді жасаудағы ең өнімді грамматикалық көрсеткіш. Осындай оралымдардың табиғатын жеке ашып алу – құрылысы осы тәріздес амал, себеп т.б. бағыныңқылардан оларды ажыратып отыруға мүмкіндік туғызады.

«Оралымдардың бағыныңқы сөйлемдермен алғашқы компоненттер бойынша құрылысы тең түсіп жатқанымен, предикаттық қатынастары жағынан ара салмақтары әр түрлі болады. Көсемшелі оралым да, өзге оралымдардай, бір предикаттық қатынастың негізінде құралады. Олай болса, көсемше тұлғасымен қайрылған конструкциялы сөйлемдерді бір дәрежеде, бір шеңбердің бойында қарастыруға болмайды. Әрқайсысы синтаксистік байланыстың берілуіне, предикаттық қатынастың көрінуіне байланысты әр түрлі грамматикалық категориялардың қатарынан танылады» [1, 98].

Синтаксистік оралымдарды жасауда көсемше сөздері қандай қызмет атқарса, есімшелі сөз де сондай функцияға ие болады.

ә) Есімшелі оралым.

Есімше сөздер жай сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарғаннан кейін, құрмалас сөйлем компоненттерінің де баяндауышы болады.

Есімше оралым негізгі сөйлеммен байланысу тәсіліне қарай, негізінен алғанда, екі түрлі амалмен жасалады: септік жалғаулары және көмекші (шылау) сөздерімен тіркесе жұмсалуы арқылы.

- Септік жалғаулы есімше оралымдар. Осындай сөйлемнің жасалуында есімше сөздері кеңістік қатынаста жұмсалады.

- Мезгіл. Оралымды қайырушы сөз -ған тұлғасымен аяқталып, сол оралым тұтасымен тұрып негізгі сөйлемде хабарланған негізгі ойдың мезгілін білдіре жұмсалады. Сөйлем бойында мезгілдік мәннің орын алуында, басқа да оралымдардағыдай, оралым мен негізгі сөйлем баяндауыштарының өзара үйлесе қолданулары әсер етіп тұрады.

- Шарт. Алғашқы оралымды (тәуелді) конструкция кейде негізгі сөйлем мазмұнына шарт мәнінде құрылып тұрады. Мұндайда оралымдағы есімше сөзі көбінесе болымсыз тұлғада келеді. Сөйлемдегі шарттылық мән кейде мезгілдік ұғыммен астарласа қабаттасып жұмсалады. Септік жалғаулы есімшелі оборот сонымен қатар шығыс септік формасында да жұмсалады. Негізгі сөйлем баяндауышы көбінесе етістіктің өткен шақ формаларында келеді.

- Көмекші сөзді есімше оралымдар. Егерде атау түріндегі есімшелер жанаспалы оралымды жасауға қатынаса алмаса, шылау не шылау мәніндегі сөздер сол есімшелерді меңгеру арқылы оларды осы қызметке түсіре алады. Демек шылау сөздерімен тіркесе жұмсалған есімшелер жанаспалы оралымның құрылысына ұйытқы болып тұрады. Мұндай көмекші сөздер есімшенің атау түрімен, сондай-ақ септік жалғаулы (шығыс септік) түрімен де қабаттаса жұмсалады. Есімше оралымның осы жолындағы әсіресе соң, кезде, кейін, бері, көмекші сөздері айрықша қызмет атқарады. Бұлардың алғашқылары (соң, кезде) атау тұлғалы есімшелермен бірге жұмсалса, кейінгілері – шығыс септік түрімен тіркесе қолданылады. Сонымен, есімше сөздері де жай және құрмалас сөйлемдерде баяндауыш қызметіне жұмсалуымен қатар жанаспа оралымды жасауға да қатынаса алады.

б) Шартты рай тұлғалы оралым.

Тіліміздегі синтаксистік конструкцияларды ажырата білуде көбінесе шартты рай тұлғалы сөзі бар сөйлемдер қиындық туғызады.

Сөйлем ішіндегі шартты рай тұлғалы баяндауыштың басқа баяндауыштардан (есімше, көсемшелі сөздерден) елеулі айырмашылығы бар. Ол айырмашылық ең алдымен шартты рай тұлғасында келген баяндауыштардың жақ жалғауын көрсетіп тұруларымен айқындалады. Жақ жалғауын көрсетеді деу – қимыл иесін көрсетеді деген сөз. Демек, осындай тұлғалы сөйлемдерде грамматикалық бастауыш арнайы айтыла бермесе де, оның қай жақты бастауыш екендігі шартты рай баяндауыштан белгілі болып тұрады.

Шартты рай сабақтастан да жалпы сабақтас құрмалас сөйлемге тән заңдылықты талап етеміз. Ол – сабақтас құрмаластың әрбір синтаксистік компонентінде грамматикалық бастауыштың болуы. Егер шартты рай сөйлем бұл талапқа жауап бермей, ортақ бір ғана бастауыштың төңірегінде құрылса, оның сабақтас құрмалас бола алмағандығы. Мәселен, үлгерсем, келемін тәріздес бір-ақ жаққа байланысты айтылған сөйлемдер кейбір еңбектерде сабақтас құрмалас деп танылады.

Шартты рай оралымдағы негізгі сөйлеммен әр түрлі мағыналық белгіде жұмсалып, жалпы сөйлем мазмұнына әр түрлі айқындық енгізіп тұрады. Шартты рай тұлғалы сөздер

көбінесе шарт мәніндегі оралымды сөйлемдерді жасауға қатынасса, сонымен қатар қарсылықты, мезгіл және салыстырма мәніндегі оралымды сөйлемдерді де жасауға қатынасады. Мұның өзі шартты рай тұлғалы сөздердің сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметінің әр жақты да алуан түрлі болып келетіндігін байқатады.

в) Қимыл есімді оралым.

Оралымды сөйлемдерді жасауға етістік тұлғалары қатынаса алады. Мұндайда қимыл есімдері жеке өзі тұрып не болмаса көмекші сөздермен қосыла айтылып оралымды бөлшекті қайырып тұрады.

Қимыл есімді оралымды сөйлемдер -ысымен жұрнағы және тұйық райлы етістіктің көмекші сөздерімен тіркесе қолданылуы негізінде мезгілдік мәнге ие болады. Алайда әрқайсысында мезгілдік мәннің көрінісі әр түрлі болып келеді. Мәселен, -ысымен тұлғасы арқылы жасалған оралымды сөйлемде хабарланған оқиға, әрекеттердің орындалу мезгіл мөлшері бірінен соң бірі келіп отырады, яғни оралымдағы белгілі бір оқиға орындалғаннан кейін барып негізгі сөйлемдегі ой желісі орындалатын болады.

Қимыл есімді оралымды сөйлемдер тұйық райлы етістіктің үшін шылауымен тіркесе берілгенде, мақсат мәнінде жұмсалады. Осыған орай негізгі сөйлемнің баяндауышы да үйлесіп жұмсалып, ол да кейде, керек модаль сөзімен қосыла айтылған тұйық райлы етістікпен беріледі [2, 57].

Сонымен, синтаксистік оралымдардың аталған тармақтары күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінде, сондай-ақ кейбір түркі тілдерінде де сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңары ретінде танылып келеді. Бұған ең басты себеп – қабыспалы оралымда сөйлемдік қасиет – бастауыш пен баяндауыш бар делінсе, жанаспалы оралымның құрылысы бағыныңқы баяндауышының жасалу жолдары мен ұқсас түсіп жатады деліну.

Оралымның жеке өз бойында субъект-предикаттық қатынас болмайды, мұндай қатынас тек бүтіндей сөйлем бойынан ғана көріне алады. Бағыныңқы сөйлемдер мен оралымдардың бір-бірінен ажыратылатын шегі де осы жерде жатыр деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 360 б.

2. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 418 б.

ӘОК 81(091)

ЕСКІ ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕЗГІЛ ҮСТЕУІНІҢ ДАМУЫ

Жалдыбаева А.Ж.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Ескі қыпшақ тілінің үстеулерін сұрыптағанда, оларды арыда Алтай тілдері, беріде көне түркі тілі және жаңа түркі тілімен, сондай-ақ бүгінгі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазіргі қазақ тілінің үстеу сөз табына сүйене отырып қарастырдық.

Мезгіл үстеулеріне тоқталғанда, Э.Н. Наджиптің «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараий и его язык» атты шығармасындағы үстеулер туралы: «В нашем же памятнике такие наречия образуются от слов, означающих не только времена года, но время вообще, а также определительных словосочетаний с временным же значением и от некоторых прилагательных и существительных не имеющих отношение ко времени» деген пікірі еске түседі [1]. Ол бұл пікіріне дәлелді мысалдар келтіреді:

Axşamin karvan bir jerga jetti

«mağrib vägtin bir ağac tübüna jetip jattım»

Бұл мысалдардағы *“axşamin, mağrib”* сөздері мезгіл үстеулері болып табылады.

Осы кезеңде «-ın//un» қосымшасы арқылы да мезгіл үстеулер жасалған:

«Ol biliksiz *küzdüzün* kim šäm’ï kafüri jägar»

Осы «in/un» қосымшасы арқылы «жалғыз» деген сын есімнің «үстеуге» (сын-қимыл) айналғанын және оның сөйлемдегі орнын көрсетіп берген.

Э.Наджип: “От слов نوک kün и نوت tün при помощи этого аффикса образуется парное наречие نوذوت ن وذوک *künün tünün* “днем и ночью”, однако каждый компонент этого парного наречия самостоятельно не употребляется. От *kündüz* “днем” образовано kündüzün с тем же значением”

اترا ерта- ärtä “утро”, а в сочетаний с аффиксом принадлежности 3 лица یسد si образует производное наречия یسد اترا со значением “утром следующего дня”

Ertasin äräb ni kordi lär (на следующий день утром увидели араба)

Tang “заря” в местном падеже в сочетаний с аффиксом принадлежности 3-го лица образует *tangdasi* (на следующее утро)”, -деп жазады [1].

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің ішіндегі ең көнесі және ең маңызды орын алатын гот жазуымен жеткен *“Кодекс Кумманикус”* шығармасында 97 үстеу сөз қолданылған [2], олардың ішінде мынадай мезгіл үстеулері бар: авалы - әуелі, hаркіз-әрқашан, ақшам – ақшам, hергіз - ешуақытта, анүз - қазір, бурун - бұрын, бүгүн - бүгін, енді - е нді, ерте - ерте артынча - артынша , йай(ы)н - жазда, күзүн – күзде.

Араб жазуымен жазылған қыпшақ тіліндегі көркем шығарма болып табылатын “Хұсрау - Шырын” шығармасындағы мезгіл үстеулер [3]:

Йылда –жылда

Тамашасыз кечүрмäз *йылда* бір дäм

Тамашасыз өткізбес жылда бір дәм

Сабыр ет, ісің бітер ақыры

Жүсіп Баласағұнның **“**Құтты Білік” шығармасында кездесетін мезгіл үстеулер:

Aşnu – бұрын

Bu tüş ilmi bilgü kerek *aşnu* ked Түс ілімін аса жақсы білген жөн,

yöre bilse ötrü idi saknu ked Сонсоң бәрін жорып, сезіп жүрген жөн [2].

Махмұд Қашқаридің **“**Түркі сөздігі**”** атты шығармасында кездесетін мезгіл үстеулер санаулы ғана **:** *ахшам, ашам (ақшам), erte (ерте), өң (бұрын, алдымен), ілк (әуелі, алдымен), күz (күз), емді (енді)* үстеулері кездеседі [4].

Өң –бұрын, алдында

Ol menden *өңдүn* bardы: Ол менден *өңдүн* барды - Ол менен бұрын барды.

Ілк - әуелі, алдымен *Ilk* sen barғыl: *ілк* сен барғыл - Әуелі сен барғын.

“Көне түркі сөздігінен” [4]:

ürdin beri – издавна, ür keč – давно

jïllar ajlar ertgäli ür keč boltï – давно прошли годы и месяцы

Bu kün – сегодня

Bu kün barγïl – иди сегодня

Burun – раньше

Burun ïdγum erdi qamuχ edgülüg – прежде я должен был отсранить всякое блогополучие

Ахмет Йүгнекидің **“**Ақиқат сыйы **”** еңбегінде де мезгіл үстеулер көп дей алмаймыз. Мәселен, бүгүн (бүгін), йарын (ертең), ерта (таңертең), кеча (кешке), оза, бурун (бұрын), емди (енді) деген сияқты мезгіл үстеулердің бар екенін Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықовтың еңбегінен көре аламыз [46, 149-150].

یکذ اذ ایذو د و ب ق و ی ن یر ایر ا ب ن وک وب

Бұл дүние *бүгін б*ар , ертең жоқ.

Енді осы үстеулер көне түркі тілінде қандай тұрпатта қолданылды екен?

“Күлтегі*н” ескерткішінде:*

Күнтүз –күндүз, емті – енді, йіче- тағы, екін-екін, кісре-содан кейін. Мысалы: “Ол сабығ есіділ, түн удысықым келмеді, күнтүз олурықым – Ол сөзді (хабарды) естіп, түн ұйқым келмеді, күндіз *отырғым келмеді ”; “Иуғзы – сығытчы: өңре күн тоғсықда Бөклі чөлліг іл табғач, түпүт, апар, турум, қырық аз, үч құрықан, отуз татар, қытан, татабы бурча будун келіпен, сағтамыс, йығламыс.*

Мезгіл үстеулерінің ішіндегі “күндә” (күнде), “ертәдән”(ертемен) үстеулерінің жасалуынан морфологиялық өзгерістердің әсерін көруге болады. Яғни үстеу сөздердің морфемалық құрамының өзгермей (күн-де, ерте-мен), мағыналық тұрғыдан өзгеріп тұрғанын көреміз. Мұндай процесті декорреляция процесі дейді. Декорреляция сөздің морфемалық құрамын өзгертпейді, сөз морфемаларға алғашында қалай мүшеленсе, қазірде де солай мүшеленеді. Осы процесс арқылы үстеулер құрамында жүретін аффикстер жайлы К.Ахановтың пікірін келтіре кеткен орынды: “… босқа, текке, бекерге, бірге, кешке деген сөздердің

құрамындағы барыс жалғауы (-қа, -ке, -ға, -ге) сөз түрлендіруші (сөздерді байланыстырушы) қызметінен айрылып, аталған үстеулердің құрамындағы сөз түрлендіруші аффикске айналған [6].

Түйіндей келе, ескі қыпшақ тіліндегі мезгіл үстеуінің дамуы мен қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің арасындағы байланыстың ортақтығы байқалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIY века “Гулистан” Сейфа Сарайи и его язык. – Алматы, 1971.

2. Құрышжанов Ә. Ескі түрік жазба ескерткіштері. – Алматы, 2000.

3. Ибатов А. Құтыбтың “Хұсрау уа Шырын” поэмасының сөздігі. – А., 1976.

4. Махмуд Қашқари. Түркі сөздігі. (Құраст. А.Егеубаев). – Алматы,1997.

5. Құрышжанов Ә., Сағындықов Б. Ахмет Йүгнеки “Ақиқат сыйы”. – Алматы, 1985.

6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003.

ӘОК 81”373; 001,4

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АНАФОРА МЕН ЭПИФОРАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

Жикеева А.С.
№13 ЖББОМ мұғалімі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Сөз қолданудың оңтайлы тәсілі ретінде ақын-жазушыларымыз поэзиялық шығармаларында қайталауларды көптеп қолданып келеді. Соның ішінде мағыналы бір сөздің толығымен қайталанып қолдануы көптеп кездеседі, ойымызды дәлелдеу үшін лексикалық анафора, эпифораларға талдау жасап көрейік.

Ортақ өсу - өткелім,
Ортақ аңыз – ертегім,
Ортақ күңгірт өткенім,
Ортақ жарқын ертеңім,
Ортақ дұрыс – терісім... (Қ.Мырзағалиев).

Осы өлең жолдарында «ортақ» сөзі әр жолдың басында қайталанып келіп отыр. Автор мұнда сөз таба алмағандықтан «ортақ» сөзін әр жол сайын қайталап беріп отырған жоқ. Керісінше, осы «ортақ» сөзіне жұрттың, көпшіліктің назарын аудару үшін қайталанған. Яғни автордың айтайын деп отырғаны біздің қоғамымызда жер бетіндегі барлық байлық, барлық зат адам баласына ортақ екендігі, сондықтан автор «ортақ» сөзіне ерекше акцент беріп, әр жол сайын қайталанғаны байқалады.

Келесі шығармаға тоқталар болсақ, *Ә.Мариям адамшылықтан шығатын әйел емес. Мариямда жасырын сыр болуға тиісті емес. Мариям шынын айтады. Мариямнан анығын естісе ғана Раушан басты улатқан жұмбақты шешіп көңілін жұбатпақшы* (Б.Майлин).

Ал мына үзіндіде «Мариям» сөзі әр жолдың басырда қайталанып отыр. Автордың мақсаты – Мариямның жақсы қасиеттерін көрсету. Мариямның ешнәрсе жасырмайтынын, өтірік айтпайтынын, айтқаны анық болатыны сияқты адамгершілік қасиеттерін ерекше атап көрсету. Сондықтан «Мариям» сөзін әр жол сайын қайталайды. Сол сөздердің (Мариям) бірнеше сөйлем қатар келгенде, солардың әрқайсысында айтылмай, біреуінде ғана жіберуі әбден мүмкін. Сондықтан автор әр жол сайын қайталайды.

Қызғандым оны дауылдан,
Қызғандым оны ағыннан,
Қызғандым, жастан, кәріден,
Қызғандым жұрттың бәрінен.
Өзіңнен шыққан сол сырды
Келемін сақтап әлі мен (С.Мәуленов).

Жаңа шумақта қайталанып келіп отырған сөз – «қызғандым». Бұл үзіндіден де алдыңғы жайды аңғаруға болады. Демек, «қызғандым» сөзін бір ғана жолда қолданса, автордың мақсаты айқын орындалмаған болар еді. Автор «қызғандым» сөзін әр жол сайын қайталау арқылы, сол

сөзге ерекше леп, акцент беріп, жұрттың назарын сол сөзге аударып отыр. Ақын сыр сақтай білу керек екендігін айтады.

Көркем шығармадағы лексикалық эпифораға тоқталатын болсақ:

Өледі кімдер, туады кімдер,
Батады күндер, шығады күндер.
Семеді гүлдер, өседі гүлдер,
Келеді күндер, көшеді күндер.
Өмірде қымбат асылдар – күндер
Өмірде қилы ғасырлар – күндер... (М.Мақатаев)

Мұнда «күндер» сөзі әр жолдың аяғында қайталанған, сондықтан бұл лексикалық эпифораға жатады. Автор «күндер» сөзін уақытпен байланыстырып, сол сөзге ерекше леп беріп, өлеңнің оқырманға әсерін күшейту мағынасында қолданылған.

Бізге елдің еңбекші табы қымбат,
Бостандыққа бет алған жағы қымбат,
Екіталай жерлерде көзге ұшырап,
Жол тапқан ер сынбатты жаны қымбат (С.Мәуленов).

Осы көрсетілген шумақта қайталанып келіп отырған сөз «қымбат». «Қымбат» деген сөздің өзі адамға жағымды, ұғымды естіледі. Автордың айтып отырғаны – біздің елдің еңбекші табы. Сол еңбекші таптың арқасында біздің бостандыққа қолымыз жетіп, қиын-қыстау сәттерде жол тауып отырғанымызды айтады. Сол себепті автор «қымбат» сөзін әр жолдың аяғында қайталап отыр. «Қымбат» сөзіне жұрттың назарын ерекше аудару үшін шеберлікпен ұйқастырылған.

Синтаксистік анафорада сөз тіркесі немесе сөйлем қайталанып келетіні көркем шығармада жиі ұшырасады.

Сөйлем немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар неше рет қайталанып келсе де, белгілі дәрежеде стильдік қызмет атқарады. Осындай қайталаудағы сөздердің әрқайсысының өзіндік қолданылу ерекшелігі танылып отырады. Мұндай жай сол қайталауларды контекс ішінде тұтастай алып, стилистикалық, грамматикалық талдау жасағанда анық байқалады.

Өмір жайлы сұрай берме сен менен
Өмір жайлы әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген,
Жесір келін бір нәреste көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген,
Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Өміріне кегі кеткен өлмеген.
Жалған айтып тағылғанда көлденең,
Ақиқаттың аппақ туын бермеген (М.Мақатаев).

Мұнда қайталанып тұрған сөз тіркесі – «өмір жайлы». Бұл тіркес әр жолдың басында қайталанып тұр. Автор Ұлы Отан соғысы біткеннен кейінгі елдегі қалған жесір келін мен жетім шалдың басынан өткізіп жатқан ауыртпалықты, «өмір жайлы» деген өлең тіркесінен бізге жеткізіп тұр. Сол себепті автор осы сөз тіркесін әр жолдың басында қайталап, оқырманның назарын сол сөзге аударып тұр.

Суық күн,
Ақша қармен жерді жапқан,
Суық күн,
Жұрт жүрегін қалтыратқан.
Суық күн,
Ұлы Отанның жүрегіне
Жау жендет жасырынып бір оқ атқан.
Суық күн,
Сұмырайды көргенге жек:
Қатты ашу, мұзға айналды, қайнаған кек (І.Жансүгіров).

Автор әр жолдың басында «суық күн» сөз тіркесін қайталап отыр. Осы тіркес жұрттың назарын өзіне аударып тұр. «Суық күн» дегеннің өзі бір түрлі суық естіледі, жүрегіңді қалтыратады, мұздатады. Ұлы Отанымызға жаудың оқ атқан күнінде автор «суық күнге» теңеп отыр. Жалпы, «суық күн» дегеннің өзі жаныңды түршіктіретін күн.

Бұл жерде күңіреніп ел тұрыпты,
Бұл жерде көз жасынан сел тұрыпты,
Бұл жерде Разиннің басын шауып,
Бұл жерде Пугачевті өлтіріпті (С.Мәуленов).

Мұнда қайталанып тұрған сөз тіркесі «бұл жерде». Осы тіркеске автор жұрттың назарын аударып тұр. Сол жерде болған оқиғаны, тарихи жағдайды, елдің күңіренгенін, төккен көз жасын айтып отыр. Сондай жерді жұрттың есіне салып, барлық назарды сол жерге аударып отыр.

Синтаксистік эпифораны ақын-жазушыларымыз тек жолдың басында ғана қайталап қоймай, сондай-ақ жолдың аяғында да тамаша қайталап қолдана білген.

Кімде-кім ақыретте де, дүниеден де қор болмаймын десе, білмек керек; еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық, құмарлық бірдей болмайды, екі қуаныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды (А.Құнанбаев). Бұл Абайдың «Отыз төртінші қара сөзінде» айтылған. Автор дүниеде қор болмаған адам ақыретте де қор болмайды дейді, ол үшін білмек керек. Мұнда қайталанып тұрған тіркес «бірдей болмайды». Бұл тіркестің «бірдей болмайды» бірнеше адам қатар келгенде солардың әрқайсысында айтылмай біреуінде ғана ұшырасуы ойды түсініксіз, күңгірт етіп жіберуі әбден мүмкін. Сондықтан әр автор әр сөйлемнің соңында қайталап отыр.

Барып қайтқан жері – осы тұрған Қазалы. Біріне-бірі есептерімен аңырайысып, соқырайысып қарайтын үйме-жүйме белуарлап сыз тартып тұратын сұр балшық Қазалы. Түйелі керуендей шұбалып өретін түтіндері тоғысып жататын Қазалы (Ғ.Мүсірепов).

Бір сөздің әр сөйлемнен кейін қайталанып отыруы бір ғана қаланың жай күйін санамалап отырғанын көрсетеді. Мұның сол қаланың оқырманның есінде ұзақ дәл осы мағынада келіп, тек қалаға ғана қатысты емес, адамның жай-күйін, табиғат құбылысын, өмірде болып жататын жағымды-жағымсыз көріністерді нақтылай жеткізу мақсатында да жұмсалып отырғанын көреміз.

Ілезде оның жүзі қайта өзгеріп жүре берді: қанын ішіне тартқан жолбарыстың мейірімсіз жүзі, аяу білмес жауыздық жүзі, озбырдың жүзі. Кейде капиталист үйінің тап осындай жүздері көрініп қалады: жауыздық, озбырдың жүзі, мейірімсіздің жүзі (Ғ.Мүсірепов).

Мына мысалдан жазушының үлкен сатирик екенін көрсететін сөздерді байқап отырмыз: бір ғана «жүз» (бет, кейіп мағынасында) сөзін алты рет қайталап отырып, оқырманның сол кейіпкерді барынша жек көрмесіне қоймайды. Осы қайталаудың арқасында жағымсыз пландағы қаһарманның бар ниеті айқын ашылады.

Ағызатын жүлделеп,
Шөл далаға су керек.
Шөл далаға гүл керек,
Шөл дадаға нұр керек (С.Мәуленов).

Мына шумақтың екінші, үшінші, төртінші жолдары қайталанып келіп отыр. Сондай-ақ мұнша сөйлем толығымен қайталанып тұр. Автордың бұл сөйлемді үш рет қайталауы қисынды. Олай болғанда, шөл далаға бір ғана нәрсе керек болар еді де екіншісі туралы ешбір ұғымға ие болмас едік. Сондықтан автор жұрттың назарын аудару үшін бұл сөйлемді әдейі қайталап тұр.

Түйіндей келе, стилистикалық фигуралардың үлкен бір түрі болып табылатын қайталаулар, оның ішіндегі ең басты екі түрі (анафора, эпифора) көркем шығарманың барлық түрінде де молынан кездесетіндігі аңғарылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сергалиев М.С. Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі қайталаулардың стильдік қызметі /Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: ҚазМУ, 1976. – 136-бет.
2. Аманжолов Қ.Р. Шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 1977.
3. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 1960.
4. Құнанбаев А. Шығармалар толық жинағы. I, II том. – Алматы, 1954.
5. Мәуленов С. Жұлдыз жүрек. – Алматы, 1985.
6. Мүсірепов Ғ.М. Ұлпан. – Алматы, 1982.

ӘОК 821.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ТҮРЛЕРІ

Жмогулова Р.С.
№81 ЖББОМ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мектеп жеке тұлғаның тіл-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Оқушының тұлғалық сапасын, құзыреттілігін қалыптастыру алғашқы сатыдан басталады.

Әлемдік практикада оқушы құзырлылығының бірнеше жіктемесі қалыптасқан. Соның бірі оқушы білімділігімен сипатталады, ал,ол, негізінен, мектеп білімінің жалпы деңгейімен анықталады. Бұл ұсынылған жобада біліктіліктің келесі деңгейі анықталып, мектеп білімінде қол жеткізуге болатыны: қарапайым сауаттылық, функционалды сауаттылық, жалпы мәдени сауаттылық.

1. Қарапайым сауаттылық – бұл оқушының жалпы білімділігін, біліктілігін қолдана отырып, оқыту мәселелерін шешуге негізделген.

2. Функционалды сауаттылық – бұл оқушының мәселені шеше білу қабілеттілігі.

- оқыту мәселелері
- өмірдегі қалыпты мәселелерді шешу
- құнды жүйесіндегі бағыттарды шешу мәселелері
- кәсіби білімділікке дайындық мәселелері

3.Жалпы мәдени сауаттылық:

- танып-білу мәселелері
- кәсіби білімділікке дайындық мәселесі өзіндік қағидаларды анықтай отырып, нақты жағдайларды шешу және мәліметтерді іріктей білу.
- Қалыптасқан өмірлік мәселелерді шешу

Оқушы неғұрлым күрделі мәселелерді шеше алатын болса, соғұрлым оның біліктілігі және құзырлылығы артады.Оқушы құзырлылығын арттыруда, бойындағы бар білімін өмірде адами құндылықтарымен байланыстыруда әдебиет пәнінен мәтінді табиғатына сай сауатты талдау жұмыстарының берері көп. Осыған орай айналысып жүрген проблемалық тақырыбымның негізгі мақсаты және міндеттері айқындалады.

Мақсаты:

– көркем мәтінді мазмұнына сай сауатты талдау түрлерін жетілдіре отырып, жеке тұлғаның рухани құндылықтары мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау. Міндеттері: мектеп сабақ жүйесі арқылы оқу және тіл дамытуды сатылап жүзеге асыру;

– осы таңдалған тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысымен жиі айналысу;

– оқушыларды зерттеу, жоба қорғау жұмыстарына баулу;

– сабақта оқушы дербестігін ескеру;

– тұлғаның даму деңгейіне мониторинг жүргізу;

– көркем мәтінді ерекшелігіне сай талдауға негізделген тапсырма түрлерін ұсына отырып, шығармашылық іскерлігін жетілдіру;

– түрлі өмірлік жағдаяттарда өз бетімен шешім қабылдау және әрекет жасау, айналасындағыларымен өзара ынтымақтастық қарым-қатынаста болуына жағдай туғызу.

Әрбір ұлттың ұрпағы ана тілін терең оқып, еркін меңгеріп адамзаттық құндылықтарды әдебиетіміздің рухани байлықтары арқылы бойына сіңіреді. Ал әдебиеттен білім алу,негізінен,көркем мәтінді сауатты талдау жұмыстарымен ерекшеленеді.

Әдіскер-ғалымдардың пікірінше, мәтін арқылы оқыту оқушының өзінің субьект ретінде әр қырының тануына мүмкіндік береді, құзырлығы артады, сөйлеуді ұлттық мәдениеттің компаненті ретінде меңгереді. Осыған орай,төменде келтірілген бірнеше мысалға назар аударайық.

1. «Оқу мәтіндері тіл мен әдебиетті кіріктіре оқытуға мол мүмкіндік береді» (Т.М. Паханова). Бұл тұста мәтін оқушының жазба және сөйлеу тілін, ой ұшқырлығын дамытады дегенге саяды.

2. « Мәтін арқылы оқушының сөйлеуді ұлттық мәдениеттің компоненті ретінде меңгеруінің маңызды факторы – тілдік ортаны қалыптастырады» (Н.П.Шульгина). Кез келген

орта баланың жан-жақты дамуының бірден бір факторы болып табылады. Яғни оқушының өз ортасы арқылы дамуына мүмкіндік жасау. Мәтін талдау барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, ой бөліседі.

3. « Мәтін арқылы сөйлеу әрекеті компоненттерін толық әрі бір-бірімен тығыз сабақтастықта жүргізуге жол ашады» (Ф.Оразбаева). Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім секілді бөліктері қатар жүргізілетін жұмыстар оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениеттерін жетілдірудің қайнар көзі болып саналады.

4. « Мәтінмен жұмыс оқушының субьект ретінде өзін әрі қырынан танытуына мүмкіндік тудырады» (Г.А.Бакулина). Мәтін мазмұнына сәйкес түрлі тілдік жағдаяттар тудыруға, оқушының логикалық ойлауын мақсатты түрде дамытуға, олардың сөйлеу белсенділігін арттыруға қатысты тапсырмаларды түрлендіруге болады. Сұрақ-тапсырмалардың мазмұндық жағынан тереңдеуге жол ашады. Бұл да оқыту сапасын күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдіруде шешуші рөл атқарады [1, 79].

Мәтінмен жұмыста ескеретін басты жұмыс түрлері:

Мәтіннің тақырыбына назар аударту. « Тақырып-әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады.Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы «жаз» болады... Әңгімедегі пікіп не туралы екенін күні ілгері білдіру үшін шығарманың тақырыбы басына қойылады. Әңгіме басында тұрған «Жаз» деген сөзді көріп, не туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз» (А.Байтұрсынов). Яғни тақырып әрі мәтіннің арқауы, әрі мәтіннің ішкі мазмұнының сыртқы көрінісі. Бұл біз қарастырып отырған мітіннің тақырыптық-мазмұндық бірлігін көрсетеді.

Мәтінді сауатты, саналы, мәнерлі оқу сапасына назар аудару

Оқушылар мәтінді саналы түсініп оқымайынша онымен әрі қарай мәтінді талдау жұмыстарын жүзеге алмайтындығымыз белгілі.Тұрақты сөз тіркестерімен, көркем сөз тіркестерімен жүйелі сөздік жұмысын жасау қажет. Жұмыстың бұл түрі іске қосылмай оқушының мәтінді саналы, түсініп оқуы қиынырақ болады.

Көркем мәтінді сауатты талдау жұмыстары

Көркем мәтінді сауатты талдау жұмыстарының төмендегі түрлері ұсынылады.

Қазіргі заманда білім берудің жаңа технологияларын күнделікті сабақ беру барысында жиі қолдану үрдісі қалыптасып келе жатыр. Мәтінмен жұмыс қазіргі кездегі деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы бойынша тапсырмаларды жеңілдең күрделіге қарай негізгі жүйені сақтап, деңгейлеп оқытуды қажет етеді.

Көркем шығарманы талдаудың негізгі түрлерін топтастыратын болсақ:

5.Негізгі мазмұны бойынша талдау. Мазмұгдық-тақырыптық талдау (шығарманы тұтастай ала отырып талдау);

6. Сюжеттік-композиялық құрылымы бойынша талдау (шығарманың тілдік ерекшелігін, суреттемелік шеберлігін, стильдік айырмашылығын талдау);

7. Кейіпкерлік-бейнелік талдау. Шығармадағы кейіпкерлердің бірлік сабақтастығын, олардың шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындауға ықпалын ажырату, салыстыру;

8. Шығарманың танымдық, тәрбиелік маңыздылығы бойынша талдау.

Шығарманың танымдық, тәрбиелік рөлін, қоғамдық ортаға ықпалын анықтау.

Мектепте білім берудің бұл берілген талдау түрлері біртұтас жүйеде және әр түрлі жүйеде қолданылуы мүмкін. Олар бірін-бірі толықтырып, кірігіп отырады. Осы арада мұғалім оқушылардың мәтінді талдау жұмыстарына белсене қатысып, қызығушылығын арттыру үшін қойылатын сұрақтар, тапсырмаларды қызғылықты дайындап, өмірмен байланысын арттырса, оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы арта түседі. Әрине, сұрақ-тапсырмалар мәтін ерекшелігіне және балалардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылады.

Көркем мәтінді талдай оқытудың ерекшеліктері:

– білім алушыны тақырып бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды ұсыну;

– жағдаятты әр түрлі позициядан қарастыруды ұсыну;

– нақты сұрақтар қою;

– нақты тапсырмалар ұсыну қарастырылды.

Күтілетін нәтиже:

- өз-өзіне іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарау;

- қайшылықтарды жеңе білу;

- рефлексияға қабілеттілік;
- өзінің жеке тұлғалық кәсіби қабілеттерін танып-білу;
- іс-әрекеттің біріккен түрін қолдана білу;
- ұлттық әдебиетіміздің базалық құндылықтарын игереді;
- тұлғаның жеке құзыреттілігі артады;
- шығармашылық зерттеу мәселелерін шешуге қабілетті;
- әр түрлі жағдайға жауапты шешім қабылдап, өз шешімін дәлелдей алады.

Қай заман болмасын әр халық өзінің ұрпағын жан-жақты жетілген, адамгершілік құндылықтары, рухани әлемі бай, мінез-өнегелері қалыптасқан тұлға ретінде танығысы келеді. «Тұлға – біртұтас жүйе. Тұлға – сана иесі. Ол өзін, айналасын, қоғамды жаңартып отырады» [2, 15].

Осы тұлға иесін тәрбиелеудің баспалдағы мектептен басталады, тіл сабақтарының дұрыс ұйымдастырылуы үлкен әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мирсеитова С. Сөз мұғалімге беріледі. Материалдар жинағы. – Алматы, 2001.
2. Давыдов В.А. Педагогика. – М., 2005.

ӘОК 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Жумагельдина Д.М.
«Болашақ» академиясы» ЖММ,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті елдер қатарына енуге ұмтылуы қоғамның барлық саласында қызмет ететін мамандардың кәсіби біліктілігі мен рухани мәдениетінің деңгейін көтеруді талап ететіні аян. Сол себепті әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруда мемлекеттік тілде сөйлеп, жаза алатын кәсіби сауатты мамандар қажет. Әр саланың қызметкерлерінен қызмет барысында ресми іскағаздарын мемлекеттік тілде жүргізіп, кеңесте, ресми отырыстарда, қызметтік кездесулерде, қызметтік мәселелерді шешуде кәсіби қазақ тілінде сөйлеп, еркін тілдік қарым-қатынаста болуы талап етілуде. Бұл талаптарды орындау, әсіресе, құқық қорғау қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктеп отыр. Қазақ тілін оқыту курстарында тіл үйреніп жүрген мемлекеттік қызметшілердің қатарын негізінен құқық қорғау қызметкерлері құрайды. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қазақ тілін жеделдете үйретуде кәсіби қатысымды меңгерту міндеті тұр. Жеделдете оқытудың қатысымдық бағдары кәсіби сөйлеу тілін қатынас құралы ретінде пайдалануға қабілетті, өз қызметінде түрлі жағдаяттарда тілдік қатынасқа түсуге әлеуетті, білімді, білікті, құзыретті тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді. Ал кәсіби сөйлеу тілі дамыған, қазақ тілін кәсіби сала бойынша еркін қолдана білетін тілдік тұлғаны қалыптастыру – қазақ тілін оқытудың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Кәсіпке бағыттап оқыту арқылы білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды дамыта отырып, әлеуметтік тұрғыдан икемделуге қабілетті және кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туады [3]. Кәсіби бағыт бойынша оқуға қамтылған маман ауызекі тілде сөйлеп, тұрмыстық деңгейдегі тілді түсінетін, тілдік қарым-қатынасқа араласа алатын және грамматикасы сауатты маман болуы керек.

Осыдан келіп, «Қазақ тілін кәсіби бағытта үйреніп жүрген тіл үйренушінің моделі қандай?» деген сұрақ туады.

Ол:

- өзінің мамандығы, қызметі туралы баяндай алатын;
- саласына байланысты негізгі ұғым, түсініктерді сұхбат барысында қолдана алатын;
- кәсібі бойынша жалпы тақырыптарға әңгімелесе алатын;
- мамандығы бойынша таныс тақырыптағы мәтіндердегі негізгі ойды түсінетін;
- өз мамандығы, кәсібі бойынша пікірталасқа қатыса алатын;
- жағдаят сұрақтарына жауап бере алатын;

- өзін қызықтыратын тақырыптарға ойын еркін жазатын;
- БАҚ-тан берілетін өзіне қажетті ақпараттарды толық түсінетін;
- тіл иесімен дайындықсыз сұхбаттаса алатын тіл үйренуші [2].

Міне, осындай білім-білік дағдылары қалыптасқан тіл үйренушінің тілдік тұлға дәрежесіне жете алатыны сөзсіз.

Ал қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту барысында тілдік тұлғаны қалыптастыру алдына мынадай мақсаттар қояды:

- тіл үйренушілерді күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз кәсібі бойынша сұхбаттар жүргізе алуға үйрету;
- қызметіне қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдануға үйрету;
- қызметтік хаттар, тақырыптық әңгімелер, пікірлер, эсселер жазуға үйрету;
- радио, теледидардан берілген ақпараттарды тыңдап, түсінуге машықтандыру;
- күнделікті тұрмыстық және кәсіби сөйлеу жағдаяттарында сұхбат түрлеріне еркін араласып, сөйлесу дағдыларын қалыптастыру;
- әртүрлі стильде жазылған қызметіне сәйкес мәтіндерді оқып, негізгі ақпараттарды түсіне білуін қалыптастыру;
- өзі туралы ақпаратты, құттықтау хаттарын жаза білуге дағдыландыру.
- қазақ тіліндегі кәсіби бағдарлы жарнамаларды, ісқағаздарды, нұсқауларды оқып, түсіну;
- аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;
- қазақша дұрыс, мәнерлеп сөйлеу машығын қалыптастыру.

Сонымен, кәсіби қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренуші кәсіби қазақ тілін қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерліктер мен дағдыларды игереді.

Қазақ тілінде кәсіби қарым-қатынаста сауатты сөйлей білу – әрбір құқық қорғау қызметкерінің алдына қойылар басты талап. Ал құқық қорғау саласының қызметкері тек кәсіби қазақ тілінде сауатты сөйлеп қана қоймай, төмендегідей дағдыларға да ие болуы қажет:

- Қазақстан Республикасының Заңдары мен заң актілерін, Президент Жарлықтары мен Үкімет қаулыларын қазақ тілінде дұрыс түсіне білу;
- қызметтік құжаттарды мемлекеттік тілде сапалы толтыра білу мен жаза білу икемдағдыларына ие болу;
- кәсіби қарым-қатынас жасау дағдыларының болуы және мемлекеттік тілде құқықтық бағытта әңгімелесе білу.

Тіл үйренушінің кәсіби тілін дамыта отырып мемлекеттік тілді үйрету – тілдік тұлғаның дамуын жүзеге асыру. Тілдік тұлғаның дамуын жүзеге асыру дегеніміз – тілдік тұлғаның өз кәсібінің қыр-сырын тануына, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруына ықпал ету. Осыдан келіп қазақ тілін оқыту үдерісінде тіл үйретушілер үшін жаңа міндеттер туындайтыны белгілі. Ол міндеттер сан алуан болғанмен, кәсіби қазақ тілінде сөйлеп, жаза алатын, сөздік қорында кәсіби лексика қамтылған, өз саласына қатысты сөйлеу әрекеттерін меңгерген тыңдаушы дайындау күн тәртібінде тұр [4].

Қазақ тілін кәсіби бағытта меңгерген тілдік тұлғаны қалыптастыруда тіл мамандарына жүктелер міндет те зор. Негізгі міндеттер – оқу топтарының тілді білу деңгейіне, әрбір сабақ мазмұнына қарай түрлі әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды жан-жақты, әрі үйлесімді қолдану арқылы мемлекеттік тіліміздің дамуына, әрбір маманның келешекте еркін сөйлеп, кәсіби терминдерді толықтай меңгеріп, ісқағаздарын кәсіби тілде сауатты жаза алуын қамтамасыз ету. Тұғырлы білімдері мен кәсіби біліктерін оңтайлы сабақтастыра отырып, кәсіби міндеттерін шығармашылықпен шеше білетін жаңа тұрпатты мамандардың кәсіби қазақ тілін дамыту үдерісін тіл үйренушілердің дербес іс-әрекетінсіз елестету және оны жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан кәсіби қазақ тілін оқыту мәселесін жаңаша сипатта қарастырып, тіл үйренушілердің шығармашылық дербестігін дамыту негізінде меңгерген білімдері мен білік дағдыларын өзгермелі өмір жағдайында, кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана білуге үйрету – маңызды міндет. Ал құқық қорғау саласының мамандарын кәсіби бағытта оқытуда көрсетілген міндеттерді шешудің басты тұғыры ретінде тіл үйренушілерді құзыреттілікке икемдеудің маңызы зор. Егер қызметкердің құзыреттілігінің қалыптасуын қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту жүйесінің аумағында қарастырсақ, қызметте маманның қазақ тілінде сөйлеуге қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп

қызметкердің жеке басы мен оның теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Кәсіби қазақ тілін меңгертуде сала терминологиясының алатын орны ерекше. Ал құқық қорғау саласының терминологиясын жақсы білу – сол салада қызмет ететін қызметкердің негізгі міндеттерінің бірі. Осыған орай, құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби лексикасын дамытуда тіл үйренушінің білімін кәсіби лексикамен толықтырып, дамытып, жетілдіріп отыру қажет. Ал басты мақсат – кәсіби қазақ тілінде дұрыс сөйлей білетін, іскағаздарын сапалы толтыра білетін мамандарды даярлау, олардың сөздік қорларын кәсібіне қатысты терминдермен байыту. Сөздік қоржында жеткілікті лексикалық қор жинақталмайынша, тіл үйренуші тілді тұтынушы деңгейіне көтеріле алмайды. Сөздік қорды байыту үшін жасалатын жұмыстар тіл үйренушінің қоғамда болып жатқан түрлі жаңалықтардан бейтарап қалмай, қызмет бабында әріптестерімен қазақша кәсіби қарым-қатынасқа түсіп, белсенді сөйлеуші деңгейіне көтерілуі үшін қажет. Осындай икем-дағдыларды қалыптастыруда құқық қорғау қызметкерінің сөздік қорын кәсіби терминдермен байыту ісі оң нәтижесін берері анық. Құқық қорғау органдары қызметінде қолданылатын терминдердің қысқаша орысша-қазақша терминологиялық сөздігін қоспағанда, курс барысында осы салада қолданылатын басқару құжаттарында жиі қолданылатын терминдер, бұйрық тілінде жиі кездесетін етістіктер, нормативтік-құқықтық актілер мен ресми іскағаздарының тілінде жиі кездесетін терминдер мен тұрақты қолданыстар, заң тілінде жиі кездесетін терминдер, ресми-іскери тілде қолданылатын терминдер және қызметте жиі кездесетін зат есімдер мен етістіктерді жинаудың қажеттігі зор [1].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіби бағытта оқыту барысында сала қызметкерлерінің сөздік қорларын кәсіптеріне қатысты жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байыту арқылы кәсіби тілде еркін қарым-қатынасқа түсе алатын тілдік тұлғаны қалыптастыру қажет [2]. Тіл үйренушінің кәсіби лексиканы меңгеруі – тілдік тұлғаның ең жоғары деңгейі болып табылады.

Осы мақсаттарға жету жолында төмендегідей міндеттер туындады:

- тіл үйренушілерге әр сабақта кем дегенде салалық бағыттағы 10 термин меңгерту;
- берілген терминдермен кәсібіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдер, сұхбаттар мен мәтіндер құрастыруға үйрету;
- күнделікті қызмет барысында әріптестерімен сұхбаттасуға үйрету;
- сабақта алған білімін қызметте, кәсіби-іскери, кәсіби-ресми бағытта қолдануға икемдеу;
- іскағаздарын қазақша жүргізуді сапалы меңгерту.

Ойымызды түйіндеп келгенде, қазақ тілін кәсіби бағытта оқып-үйрену әрекетінде кәсіби құзыретті тілдік тұлға қалыптасары сөзсіз. Қоғамымыздың қозғаушы күші – әлеуметтік тұлға – құқық қорғау қызметкерлерін «тілдік тұлға» деңгейіне жеткізудің мүмкіндігі зор. Сондықтан қазақ тілін оқытудың кәсіпке бағытталуы дағды мен іс-әрекет негізінде өздігінен әрекет ете алатын бәсекеге қабілетті кәсіби жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді деп сенемін.

Қазақ тілін меңгерген құқық қорғау қызметкерінің тілдік тұлғасы – өз кәсібінің терминологиясын терең меңгеріп, саласы бойынша заң тілін жетік меңгерген тұлға, үйреніп жүрген кәсіби қазақ тілін қарым-қатынаста қолдану құзыреттілігіне ие, ол арқылы өзінің кәсібіндегі қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, саналы, белсенді, өзін-өзі дамытушы таным субъектісі [2]. Кәсіби тілдік тұлға кәсіби құзыретті, мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық бағдары орныққан болуымен де ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.

2. Тіл үйрету әдістемесіндегі «тілдік тұлға» мәселесі // Ұлағат. – №2. – 2008. – Б.3-8.

3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: филол. ғыл. ...автореферат. – Алматы, 2001. – 25 б.

4. Аяпбергенова К. Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: филол. ғыл. ...автореферат. – Алматы, 2009. – Б.5.

УДК 81.366.512.141

ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ В БАШКИРСКОМ ЯЗЫКЕ: СЕМАСИОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Зубаирова И.Г., Абдуллина Г.Р.
Стерлитамакский филиал Башкирского государственного университета,
г. Стерлитамак, Республика Башкортостан, Российская Федерация

Термин – это слово или словесный комплекс…, который отличается высокой информативностью, однозначностью, точностью и экспрессивной нейтральностью [1]. Термин должен стремиться к однозначности, наличие у термина семасиологических явлений – это проблемы неоднозначности терминологической системы. Терминология – это часть общеупотребительного языка, и термины, в свою очередь, не могут быть однозначными, но должны стремиться к этому.

Как и в любой терминологической системе, в башкирской литературоведческой терминологии присутствуют вышеперечисленные проблемы неоднозначности. Чтобы выявить данные проблемы, рассмотрим виды семантических отношений среди литературоведческих терминов башкирского языка.

Полисемия в литературоведческой терминологии башкирского языка. Полисемия – наличие у слова нескольких значений. Полисемию среди литературоведческих терминов в башкирском языке, в первую очередь, образуют отвлечённые отглагольные имена существительные. Это такие имена существительные, основным значением которых выступает процесс. В качестве литературоведческих терминов они в основном обозначают жанры народного творчества. Например, *арбау* – колдовское слово, стихотворение, используемое с целью избавления от болезни или чего-либо страшного, *бағышлау* – посвящение, *ҡабатлау* – повторение, *һыҡтау* – плач, *юрау* – слова пожелания, толкования, *өзлəү* – горловое пение, *хушлашыу* – слово, которое произносится при прощании. Такие слова-термины с аффиксами -ау/-əү/-ыу более всего предрасположены к полисемии. Полисемантичными можно назвать такие термины, как *трагедия, комедия, трагик хəл 'трагический случай', фажиғə 'трагедия', фантазия* и др. Названия жанров художественных произведений также перешли к общеупотребительной лексике: трагедия в жизни человека, комический случай, фантазия ребёнка и др.

Омонимия в литературоведческой терминологии башкирского языка. Омонимия в терминологии – это когда «один и тот же термин может входить в разные терминологии данного языка, что представляет собой межнаучную терминологическую омонимию» [2].

Литературоведение взаимодействует с рядом наук: математикой, лингвистикой, семиотикой, музыкой, теорией музыки и др. Исходя из этого, в литературоведческой терминологии башкирского языка можно наблюдать межнаучную (междисциплинарную, межотраслевую) омонимию.

Общий для литературоведения и музыкальной теории термин – *лейтмотив*. Лейтмотив в литературоведении означает основное настроение, основную тему, главный идейный и эмоциональный тон литературно-художественного произведения [3]. В области музыковедения термин *лейтмотив* – в оперной музыке сквозной мотив, гармоническая секвенция или ритмический рисунок, которые в восприятии слушателя ассоциируются с данным персонажем, отвлечённого идеей [4].

Термин *септима* в литературоведении – разновидность строфы, состоящей из семи строк [3]. В музыкальной теории данный термин означает музыкальный интервал шириной в семь ступеней [5].

Термин *октава* в литературоведении – восьмистрочное стихотворение, в котором рифмуются первая строка с третьей и пятой, вторая строка – с четвёртой и шестой, седьмая строка – с восьмой: а-б-а-б-а-а-б-в-в [3]. В музыке термин *октава* означает музыкальный интервал из восьми ступеней диатонического звукоряда [5].

Термин *портрет* относится как к области литературоведения, так и к художественной терминологии. В литературоведении термин *портрет, әҙәби портрет 'литературный портрет'* означает описание внешнего вида, характера, отличительных черт, поведения,

одежды человека в художественном произведении [3]. В художественной терминологии *портрет* – это изображение человека или группы людей художественными средствами [6].

Термин *период/теҙем* ‘период’ в литературоведческой терминологии означает описание в произведении какого-либо явления перечнем предложений или словосочетаний [3]. Данный термин функционирует также в математике (период функции, период дроби), физике (период колебаний), лингвистике (вид предложения), астрономии (период полураспада), химии (период периодической системы).

Термин *парабола* в литературоведении означает иносказательный, короткий рассказ [3]. В математике – геометрическое место точек [6].

Синонимия в литературоведческой терминологии башкирского языка. Синонимия терминов представляет собой тип семантических отношений, основанный на способности разных терминологических единиц обозначать одно специальное понятие, выражая различные дополнительные признаки понятия, эмоциональную окраску, употребляемость и сочетаемость с другими терминологическими единицами [7].

В башкирской литературоведческой терминологии существует большое количество синонимичных терминов. Причиной функционирования синонимичных дублетов надо назвать то, что до XX века у башкир преобладала арабская письменность, соответственно, в этот период в башкирском языке преобладали термины арабского происхождения. В XX веке начинается активное заимствование терминов из русского и из заподноевропейских языков, чем можно объяснить существование двух, иногда даже трёх терминов с близкими значениями. Например: *теҙем – период, шаршау – акт, көләмәс – анекдот – латифа, йылъяҙма – анналдар – тәуарих, архитектоника – композиция, бүлек – глава, басня – мәҫәл, биш юллыҡтар – мөхәммәс, версификация – шиғыр төҙөлөшө, дифирамб – мәдхиә, ете юллыҡтар – септима, ситләтеп әйтеү – аллегория, ғаруз – метрика, фажиғә – трагедия, шағир – поэт – аҡын* и др.

Другой тип синонимов, встречающийся в литературоведческой терминологии башкирского языка – это слова-синонимы своего языка: *сиселеш – тамамланыш ‘развязка’, уйҙырма – уйланма ‘вымысел’, һүрәтләү – тасуирлау ‘изображать, описывать (в художественном образе)’* и др.

Паронимия в литературоведческой терминологии башкирского языка. Паронимы – слова, сходные по морфематическому составу и по произношению, но различные по лексическому значению [8]. В качестве примера можно привести следущие омонимичные литературоведческие термины башкирского языка: *китап ‘книга’ – хитап ‘проповедь, стихотворное обращение’*; эти существительные, заимствованные из арабского языка, образованы из разных корней; *ли́рик (лир + -ик, сущ.) ‘поэт, творчеству которого характерен лиризм; чувственный человек’ – лири́к (лир + -ик, прил. ‘лирический’) ‘относящийся к лирике’*; слова, заимствованные из греческого языка через русский язык, являются омографами, различаются местом ударения; *мәҡәл ‘пословица’ – мәҡәлә ‘статья’*; существительные, заимствованные из арабского языка, общий корень мәҡәл-; *теҙем (теҙ + -ем) ‘период’ – теҙмә (теҙ + -мә) ‘стихотворная строка’*; исконно башкирские существительные общетюркского происхождения, общий корень теҙ-; *шиғыр ‘стихотворение’ – шиғар ‘лозунг, приглашение; основная мысль’*; корневые существительные, заимствованные из арабского языка, различаются друг от друга чередованием гласных фонем [а-ы]; *эстетизм (эстет + -изм, сущ.) – эстетлыҡ (эстет + -лыҡ, сущ.) ‘движение в литературе, в разных видах искусства, которое подчёркивает преобладание эстетических ценностей, совершенства формы над этикой, внутренним содержанием’ – эстетика (эстет + -ик (а), сущ.) ‘философское учение о формах прекрасного в художественном творчестве, в жизни, в природе’*; слова, заимствованные из греческого через русский язык, различаются аффиксами.

Вариативность в литературоведческой терминологии башкирского языка. Исследованию вариативности терминов посвящено множество трудов отечественных языковедов, таких как В.П. Даниленко, Э.А. Воробьёва, Г.А. Иванова, Ю.В. Сложеникина и др. Анализируя исследования данных лингвистов, можно прийти к выводу о том, что вариативность в терминологии – это отрицательное явление, так как все терминологи единогласно призывают к однозначности и упорядоченности терминологии. Но в то же время «вариативность – естественное состояние в любой период развития языка в целом и языка науки в частности» [2].

Вариативностью терминов в лингвистике называют явление, когда значения терминов совпадают полностью, но по тем или иным причинам появляются разные формы в написании: *алғыш – алҡыш, ауаҙа – ауҙа, баян – боян, гекзаметр – гексаметр, ҡасидә – ҡасыда, антанокласис – антаноклазис, мөрәббәғ – мөрабба, оксюморон – оксиморон, перифраз – перифраза, псалом – псальм, хокку – хайку, шикәйәт – шикәйәтнамә, тамаланыу – тамамланыш* и др.

Таким образом, литературоведческая терминологическая система башкирского языка – такой пласт лексики, для которого характерны все признаки лексики литературного языка. Наличие семасиологических явлений указывает на то, что литературоведческая терминология башкирского языка находится на стадии формирования и становления.

Список литературы:

1. Квитко, И.С. Термин в научном документе / И.С. Квитко. – Львов: Изд-во при Львовском ун-те, 1976 – 128 с.

2. Даниленко, В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания / В.П. Даниленко. – Л., 1977. – 180 с.

3. Хөсәйенов, Ғ.Б. Әҙәбиәт ғилеме һүҙлеге / Ғ.Б. Хөсәйенов. – Өфө: Китап, 2006. – 248 б.

4. Синяя, А.В. К вопросу о гетерогенной терминологии в литературоведении. Опыт сопоставительного анализа / А.В. Синяя // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2008. – № 51. – С. 91-94.

5. Абдулбанеев, Б.О. Словарь музыкальных терминов. На русском и башкирском языках / Б.О. Абдулбанеев. – Уфа: Китап, 1997. – 256 с.

6. Ожегов, С. И. Словарь русского языка: Ок. 57000 слов / Под ред. чл.-корр. АНСССР Н.Ю.Шведовой. – М.: Рус. яз., 1989. – 750 с.

7. Смирнова, Е.В. Синонимия в современной медицинской терминологии и её лексикографирование (на примере англо-русских словарей) / Е.В. Смирнова // Вестник Костромского гос. ун-та им. Н.А. Некрасова. – 2011. – Том 17, №2. – С. 1 90-194.

8. Ишбаев, К.Ғ., Ишкилдина, З.К. Хәҙерге башҡорт теленең паронимдар һүҙлеге / К.Ғ. Ишбаев, З.К. Ишкилдина. – Өфө: БР Өфө полиграфкомбинаты ДУП, 2013. – 312 б.

УДК 821.512.141.09

СИНТЕЗ РЕАЛИСТИЧЕСКОГО И РОМАНТИЧЕСКОГО В БАШКИРСКОЙ ПОВЕСТИ

Илишева Р.Х.
Стерлитамакский филиал Башкирского государственного университета,
г. Стерлитамак, Республика Башкортостан, Российская Федерация

Фольклорно-поэтическое повествование является одним из широко распространенных приемов философского освоения мира, присущих восточным народам. Они отчетливо видны в повести "Помилование" М.Карима: "Если бы в подоженном немцами в селе Подлипки, находившемся отсюда в семнадцати километрах, не уцелела бы чудом одна единственная яблоня, если бы с нее ровно семнадцать дней назад не упало бы красное яблоко, если бы не подобрала это красное яблоко черноглазая, черноволосая... семнадцатилетняя девушка, подобная легкой лани, если бы не бросила она его механику-водителю, если бы это красное яблоко не упало в грудь ему, то может и не случиться бы этому тяжкому событию..."

Фольклорные мотивы, выраженные в условности, в магическом влиянии чисел, вообще в обаянии, кроющемся в обычных для народных сказаний описаниях, строго исходят из реалистических позиций изображаемого. Они легко узнаваемы в общей концепции личности. Реализм, нахлынувший на литературу башкирского народа мощным потоком революционных идей и обращенностью к актуальным проблемам дня, сильно изменил ее эстетическую направленность. Личность, освобождаясь от узлов религиозных и иных ее толкований, стала свободной и, самое главное, активной. Но своеобразный философский взгляд на человека, утвердившийся в народе многие века, находит выход в отдельные периоды жизни, когда требуется анализ знаменательных событий в его биографии, где преломляется история, время, ход общественной мысли. Если автор "Помилования", например, волен придать какому-либо эпизоду из жизни форму поэтической легенды, создавая почти фольклорный сюжет, он не

свободен менять эстетическую сущность своих героев, которая утвердилась за годы реализма в нашей литературе. Таким образом, условность, притчевость у него является особым подходом реалистического объяснения мира. Синтез этих явлений, помимо всего, может стать мощным стимулом дальнейшего развития одного из направлений в литературе.

По своему решает эту проблему А.Хакимов в повести "Свадьба". Критика увидела в первую очередь социальную направленность повести, отметив, что "в центре - трудная судьба молодой женщины Малики и ее подруг, беззаветно отдающих все свои силы для победы над врагом".

Но не зря же героиню повести односельчане назвали поэтическим именем Алтынсес - золотые волосы. Она словно из далекой легенды о трагической судьбе женщины-башкирки. И живет Алтынсес по высоким правилам морали - любовь и натруженные руки - вот все, чем были наполнены четыре года без Хайбуллы, повествуемые в повести. Раз изменив своему слову, она не может прощать себя. Трагический финал женщины - это ни что иное, как неприятие несправедливостей жизни, традиционно толковаемые у нас как восстание личности против общественных порядков. В данном случае гибель Алтынсес звучит обвиняющим аккордом против преступности самой возможности войны как явления в человеческом обществе. Далеко идут социальные последствия войны и цельные, чистые натуры, как Алтынсес, никогда не могут приспосабливаться, чтобы спасти свои души под видом безысходности человека перед судьбой. Судьба Малики - Алтынсес подобна дошедшим до нас древним преданиям о женских судьбах, где смерть, ровно как жизнь, играет роль мерила нравственно-философской ценности человеческого бытия. Такая трактовка характера и рождает жанр на грани конкретно-реалистического стилей повествования.

Таким образом, повесть об Алтынсес родилась как результат поисков жанра общих контуров личности по мере эволюционного развития взглядов на нее в протяжении всех послереволюционных десятилетий.

В повести М.Буракаевой "Святая рыба" перед нами уже сложившийся характер. Для его изображения сотворены колоритные, самобытные краски. Гайсар Муталов - профессиональный защитник природы, т.е. работает инспектором рыбнадзора. Выбор героя из этой специфической профессиональной группы также говорит об особенностях развития жанра. От кого мы охраняем природу? Этот вопрос не раз задавал себе и Гайсар Муталов. И приходит к выводу, что "все зависит от индивидуальных качеств лиц руководящего состава. От личного примера". Надо сказать, что эволюции во взглядах Гайсара Муталова на страницах повести не происходит. Это приводит к ограничению конфликта до пределов одного района. Писатель игнорирует духовное обновление простого человека, переживания которого, возможно, хватило бы на целую социальную драму. Но прямолинейность позиции автора объяснима. На практике немало преступлений против природы происходит из-за халатности руководящих лиц. Принцип "ты - мне, я - тебе" действовал безотказно. Но все же, главное - преступное равнодушие рядовых тружеников к своему родному очагу, реке, озеру, куда зачастую они, как исполнители приказов, с помощью мощной техники вываливали мусор, выливали в стоки ферм. Таким образом, личный пример Гимрановых не более чем иллюзии, очередной миф о способностях самосовершенствованию административно-командной системы.

Гайсар Муталов делит людей на две категории: на браконьеров и не браконьеров. Разные лица входят в ту или иную группу. В основном это деление по нравственно-этическим качествам, и не только по отношению к природе. Можно сказать, оно включает и биологическую, и социальную сущность человеческой натуры. В психологическом портрете каждого их персонажей можно найти реалистические черты. Например, Муталов - особый тип в сложившейся действительности, которая дает ему обостренное сознание морального долга человека перед сохранностью лесных и водных богатств края. Бабушка Янгузель, человек с открытым и добрым сердцем, представляет образ женщины-башкирки, занимающей особое положение среди людей из-за своих знаний народных средств лечения телесных и духовных недугов, мудрости, опыта, каких было немало в наших селениях. Писательница сделала попытку поставить ее в центр философских размышлений о природе и о человеке, и, кажется, это ей удалось. Во всяком случае, грань социального и философского в данной повести начинается именно с образа бабушки Янгузель.

В заключение можно констатировать, что в современной башкирской повести пути решения экологических проблем связываются с проблемами нравственного порядка и поиски писателей направлены на раскрытие сложных взаимоотношений человека с природой.

ӘОК 821.512.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Кадауова А.С.
№59 ЖББОМ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Этнопедагогика – педагогиканың құрамдас бөлігі, онда ғылыми теориялар, заңдар, заңдылықтар, принциптердің тікелей генетикалық байланысы белгіленеді. Этнопедагогика – халықтың рухани мәдениетінің тұрақты бөлігі.

Қазақтың этникалық тәрбиесі өмір бойы жүзеге асырылатын біртұтас процесс. Этникалық тәрбие барысында адам өз халқының салты мен дәстүрінде көзделген этникалық нормаларды, этникалық құндылықты меңгереді. Оның нәтижесінде өз ұлтына деген мақтаныш сезімін, өзінің тіліне, тарихына, мәдениетіне жақсы көзқарасын, сонымен қатар басқа этнос өкілдеріне сыйластық пен түсіністікпеншілік сезімін қалыптастырады. Басқа ұлт өкілдеріне ана тілімізді үйрету барысында қазақ халқының озық дәстүрінің мәнін ашу, ата-бабаларымыздың тәрбиесінің мағынасын таныту, Отаншылдыққа, тілге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті.

Адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінде қазақ ойшылдарының, жыршы –жырауларының, философтарының, жазушыларының, ақындарының, қазақ халқының педагогикалық мәдени мұраларының ойындары мен ән-өлеңдерінің атқаратын қызметі зор. Оларды сабақта ұтымды пайдалана білу, оқушыларға халқымыздың бай мұрасын жеткізе білу – тілді жүргізуші ұстаздардың міндеті.

Қазақстанда спорттың барлық түрі дамыған, көптеген ұлттық спорт ойындары бар. Олар балдырған балаларды, жастарды тез ойлауға, ұшқырлыққа, өжеттікке, шыныққа, ерлікке тәрбиелейді. «Бәйге», «Көкпар», «Қазақша күрес», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындардың техникасын түсіндіру, ойын түрінің терең мазмұндылығын айтып жеткізу, оны өмірде пайдалануға үйретудің жағымды жақтары табыс әкелері сөзсіз, өйткені күштілікке, табандылыққа, жылдамдыққа үйретететін бұл ойындардың маңызы ерекше. Сол сияқты қазақтың ұлттық ойындарының бірі – тоғызқұмалақ. Тоғызқұмалақ – жылдам есептеуді, тез шешім қабылдауды қажет ететін күрделі ойын, олай болса, бұл ойынды түсіндіруде тілдің математика пәнімен сабақтастығы қарастырылады, пәнаралық байланыс түрі көрсетіледі.

Ұлы ақын Абай тоғызқұмалақ ойынының шебері болған, тоғызқұмалаққа үлкен мән берген. Ол атақты ойыншыларды шақырып, жиырма – отыз күн бойына өткізіп отырған. Бұл туралы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабында жақсы жазылған.

Біздің мақсатымыз – халқымыздың ғасырлардан қалыптасып келе жатқан ұлттық рухани құндылықтарын насихаттау. Әл-Фараби, Ахмет Иассауи (Яссауи), Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп т.б. мұраларына сүйене отырып, жастарды имандылыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Халық педагогикасының нәрімен суарылып, өзінің тәрбиелік нәрін күні бүгінге дейін жоғалтпай келе жатқан бірден-бір киелі мұра – фольклор. Соңғы кезеңде фольклор термині « халық ауыз әдебиеті» деген өзінің бір кездегі қысаң ұғым шеңберін кеңейтіп, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары сияқты салаларын толық қамтитын кең мәнге ие болды. Оның тәрбиелік ролін де осы кең мағынасында қарастырған жөн.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени игіліктерінің қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, сымбат-көркі айрықша бағаланады.Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызды серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер-тәрбиенің бастау бұлағы.

Халық мұрасының танымдық – тәрбиелік мәні, әрине, ұлан-ғайыр дүние. Және ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани – эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түседі.

Сондықтан да балалар фольклоры – этнографиялық, педагогикалық, фольклорлық, музыкалық көп қыртысты құрылым құрайды. Абай айтқандай, қазақ баласының « дүние есігін» шілдеханада тиегі ағытылатын ақ тілек, ән-жыр, ойын-сауықпен ашатыны баршаға аян. Яғни, шыр етіп өмірге келген сәттен ақ бөбектің рухани жан дүниесінің іргетасы да қалана бастайды. Ол бала құлағына алғаш ана әлдиі арқылы сіңеді. Яғни, бесік жыры – бала жүрегіне емшек сүтпен бірге даритын « рухани уыз». Бесік жырының басты функциясы – баланы

тыныштандыру, ұйқыға ұйыту ғана емес, сәби құлағына ана тілінің дыбыс сығырын, халық музыкасының нәрін де дарыту. Балалар фольклорының бастау бұлағы да осы бесік жырынан басталады. Аналар жыры, сөз жоқ, бесік жырымен түгесілмейді. Оның баланы бағып қағудағы бүкіл іс-әрекеті әнмен, поэзия тілімен сүймелденіп отырады. Сәбиді суға шомылдыру, аяқ-қолын созып, майлау, сылау, қолға алып әлпештеу, т.б. істердің барлығы да құрғақ атқарылмаған.

Халықтың тілек бата сөздерінде, ең алдымен, ұрпағының жетелі, зерделі кісілікті болуын, жерін, елін қорғауға дайын тастүлек болып ер жетуін қалайды.

Таратып айтсақ, нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, үйлендіргенде, қыз ұзатқанда, аңға шыққанда, сапарға аттанғанда, ас қайырғанда, мал сойғанда, бие байлағанда, ұлыстың ұлы күнінде, үлкендерге құрмет көрсеткенде ақ бата беріледі.

Қазақ халқы қыздар мен ұлдар тәрбиесінің ерекшеліктері, қазақтың ұлттық этикеті, туыстық қарым-қатынас нормасы, этикалық тәрбие құралы ретіндегі салт, дәстүрлер жүйесі, қазақ этнопедагогикасындағы «ата», «әже» рөлдерінің ерекшеліктеріне көп көңіл бөледі және бұл өмір бойы жүзеге асырылатын біртұтас процесс.

Кішіпейілділік, сыпайлық, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау халықтың тәрбиеден ерекше орын алған. Баланы бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеу ежелден ел дәстүріне айналған. Ата-бабамыздың: «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», - деуінде үлкен тәрбиелік мән-мағына бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Тіл туралы заңы, 1997.
2. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995.
3. Тәжібаев Т.Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. – Алматы, 1997.
4. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, 1997.

УДК 811.512.141`36

ӘХИӘР ХӘКИМОВ ӘҫӘРҘӘРЕНДӘ ҠУЛЛАНЫЛҒАН АНЫҚЛАУСЫЛАРҘЫҢ МӘҒӘНӘ ҮҘЕНСӘЛЕКТӘРЕ

Ҡарабаева Н.Ғ., Әғзәмова С.Х.
Башҡорт дәүләт университетының Стәрлетамаҡ филиалы, Стәрлетамаҡ ҡ.,
Башҡортостан Республикаһы , Рәсәй Иллеге

Башҡортостандың халыҡ яҙыусыһы Әхиәр Хәкимов әҙәбиәткә егерменсе быуаттың етмешенсе йылдарында килеп, тиҫтәнән ашыу китап яҙа. Әҙип халыҡтың йәнле һөйләү телен дә, башҡорт әҙәби телен дә яҡшы белә. Ул үҙенең әҫәрҙәрендә аныҡлаусыларҙы киң ҡуллана. Билдәле прозаиктың стиленең ҡайһы бер үҙенсәлектәрен Ғ.Ғ. Сәйетбатталов ентекле тикшереп үтә һәм юғары баһа бирә [1, 167].

Яҙыусы әҫәрҙәрендә аныҡлаусыларға бик күп миҫалдар табырға мөмкин:

1. Ябай аныҡлаусылар: *Был аяуһыҙ, әммә ғәҙел хөкөмдө ғәмәлгә ашырыу әлегә мөмкин түгел ине* («Аҡһаҡ бүре»). *Бомбежкаһыҙ, танк – минометһыҙ һуғыш буламы ни?* («Күпер»). *Аптырап йыллаған үгеҙҙе килтереп һаттым* («Бәйге»).

2. Ҡушма аныҡлаусылар: *Аҙналар буйы эйәрҙән төшмәй сабырға, тәүлегенә ике-өс сәғәт кенә серем итеп, ашау-эсеүҙе арты ҡ талымлама ҫҡа күнегеп бөткән Туҡтамыш йомша ҡ түшәктә аунап ятыуҙы, тәмле-татлы ризы ҡтар менән һыйланыуҙы уйына ла алманы* («Думбыра сыңы»). *Сәйфелмөлөктөң ниәте турғай тубығына еткән һай күләүекте түгел, ҡолас ташлап йөҙәр киң даръяны айҡау ине* («Һауыр ҡумта»). *Алпамыша Таймаҫтың ҡеүәтле тәне, үс ялҡыны солғаған, мыҫҡыл ителгән йәне, үлемгә тиҙ бирешергә теләмәне* («Думбыра сыңы»).

3. Урын аныҡлаусылары: *Һаҡмар менән Йыҡ араһындағы киң дала талғын ғына рәхәт сигеп ята* («Думбыра сыңы»). *Әйтерһең, ул күҙ етмәҫ киңлектәргә йәйелгән даръя һеүәненә эләккән дә, ағым ихтыярына бирелгән* («Думбыра сыңы»).

4. Тиң аныҡлаусылар: *Бары тик башҡа телдәрҙә йөҙөбөҙҙө ҡыҙартмаҫтай, мәртәбәбеҙҙе күтәрерҙәй әҫәрҙәрҙең генә сығыуын хәстәрләйһе ине* («Яңы кисеүҙәр алдынан»). *Ҡыҫҡа, ләкин татлы таң йоҡоһонан тәненә сихәт, йәненә тыныслыҡ табып, Аҡһаҡ Тимер яҡты сырай менән уянды* («Думбыра сыңы»).

Яҙыусының әҫәрҙәрендә аныҡлаусыларҙың төрлө һүҙ төркөмдәренән килеүенә лә миҫалдар бик күп. Мәҫәлән: а) сифаттарҙан килгән аныҡлаусылар: *Бүре ике балаһын эйәртеп, оло юл аша сыҡты ла, ҳарыҡ көтөүен ел аҫтынан урап, кәбән төбөнә баҫты* («Аҡһаҡ бүре»). *Артынан ҙурайған көсөгө эйәргәйне* («Аҡһаҡ бүре»). *Мәкерле Шадман тырнағынан ҡотолғас, Ғарифйән ҡайҙа юлланырға ҡушһа ла, Алсынбайға барыбер ине* («Каруан»). *Ә бит шул мәлдәге тынғыһыҙ уйланыуҙар, бәрелеп-оролоп хәҡиҡәт эҙләүҙәр булмаһа, яҙыусы ла сыҡмаҫ ине* («Өйөрмә»). *Емеш ағастары мамыҡтай ап-аҡ сәскәгә төрөнгән* («Каруан»); б) һандарҙан килгән аныҡлаусылар: *Йөҙләгән, юҡ, меңләгән китап. Һаҙағында ике бөртөк кенә уҡ мәргәндең* («Өйөрмә»). *Дүрт юлаусының иң йәше, түңәрәк йөҙлө, мыҡты кәүҙәле башҡорт егете Ирғәлин Рамаҙан, татлы иҫнәп, шинелен ҡаушара биреп, пилоткаһын баҫып кейҙе* («Аҡһаҡ бүре»). *Ус һәм мөхәббәт: янып, көл-күмергә әйләнгән ауылдан өс-дүрт йәшлек кенә ҡыҙ бала килтергәйнеләр Варвара Ивановнаға* («Аҡһаҡ бүре»); в) аныҡлаусылар ролендә сифат ҡылымдарҙың төрлө заман формалары килә ала. Сифат ҡылымдарҙан килгән аныҡлаусылар предметтың йәки заттың хәрәкәттәге билдәһен белдерә: *Ат етәклән алдан барған Суминов, баяғы ҡылығынан оялған һымаҡ, башын баҫып алдан атлай* («Аҡһаҡ бүре»). *Үлемесле атыш яңғыраған ергә тиҙерәк барып етеп, пакетты тапшырҙы ла, фашистар ҡоршауын емереүсе батырҙарға ярҙамға ташланды* («Аҡһаҡ бүре»); г) аныҡлаусылар исемдәр менән дә белдереләләр: *Суминов запас дискылар һалынған брезент ҡумтаны арҡаһына аҫып ҡуйҙы* («Аҡһаҡ бүре»). *Ебәк шәлде, йылан ҡабығы кеүек ҡыштырҙатып, иңенә һалғас, ауыҙы йырылыр әле* («Аҡһаҡ бүре»); д) исем + кеүек, шикелле, төҫлө, һымаҡ бәйләүестәре менән килгән аныҡлаусылар сағыштырыу, оҡшатыу мөнәсәбәтен белдерәләр: *Ул арала ҡырмыҫҡа иләүе һымаҡ мыжғыған халыҡ өҫтөнә бер-бер артлы бомбалар төшөп шартлай башланы, пулеметтар ҡоторонып ут асты* («Аҡһаҡ бүре»). *Эшен бөтөрөп тышҡа сыҡһа, уйһыуыраҡ ерҙәр һөт төҫлө ап-аҡ томан ҡосағында ята* («Күпер»); е) аныҡлаусыларҙың алмаштарҙан килеүенә лә миҫалдар осрай: *Үҙебеҙҙең баштан уҙған хәл* («Туй»); *Федотовты ошо изге һүҙҙәр туҡтатҡайны* («Аҡһаҡ бүре»). *Эйе, бер Мәликәнең башына төшкән ҡайғы түгел был һуғыш* («Туй»).

Шулай итеп, Ә. Хәкимов әҫәрҙәрендәге аныҡлаусылар төрлө һүҙ төркөмдәре менән белдерелә, төрлө килештәге исемде асыҡлап, уның мәғәнәһен конкретлаштырып йөрөйҙәр.

Ҡулланылған әҙәбиәт:

1. Сәйетбатталов Ғ.Ғ. Башҡорт теле. 4 том. Стилистика. – Өфө: Китап, 2008.

ӘОК 81.366.512.141

КҮК ЙӨҘӨНӘ ҠАРАҒАН ЕСЕМДӘРҘЕҢ МӘҒӘНӘ ҮҘЕНСӘЛЕКТӘРЕ

Ҡаранаева С.Р., Абдуллина Г.Р.
Башҡорт дәүләт университетының Стәрлетамаҡ филиалы,
Стәрлетамаҡ ҡ., Башҡортостан Республикаһы , Рәсәй Иллеге

Күк йөҙө есемдәренә төрлө атамалар бирегҙ – электән килгән күренеш. Йондоҙ, йондоҙлоҡ, планета, астероид һ.б. атамалары халыҡтың аңында, донъяға ҡарашында, донъяны танып белеүҙә әйтеп бөткөһөҙ ҙур роль уйнаған һәм уйнай. Барлыҡ йыһан объекттарының исемдәре ерҙән бирелгән һәм ерҙе сағылдыра [1].

Төрлө халыҡтар йондоҙҙарҙы үҙенсә күргән, теге йәки был йыһан объектына үҙҙәре күргәнсә исем биргәндәр. Мәҫәлән, башҡорттарҙа – Буҙат, урыҫтарҙа – Конь, йәки Большая

Медведица, татарҙарҙа – Сүмес, римлеләрҙә – Повозка. Был атамалар әлеге көнгә тиклем һаҡланған.

Борон-борондан ата-бабаларыбыҙ күктәге есемдәрҙе күҙәткән, уларҙы нимәгәлер оҡшатҡан. Халыҡтың астронимдарға һәм космонимдарға ҡараштары телдә лә сағылыш таба. Мәҫәлән, "Зөһрә йондоҙ" легендаһында айҙың ергә төшөүе, ер ҡыҙының күккә күтәрелеп, унда йондоҙ булып ҡалыуы тураһында мәғлүмәттәр бар.

Күк йөҙө атамаларының килеп сығышын иң тәү сиратта *күк* һәм *күк йөҙө* тигән һүҙҙәрҙең килеп сығыуынан башларға кәрәктер. «Яҙма ҡомартҡыларҙа һәм хәҙерге ҡәрҙәш телдәрҙә *күк* һүҙенең ике мәғәнәһе билдәле: күк, күк йөҙө һәм Алла», – тип яҙа Р.Шәкүр [2].

Хәҙерге телдәрҙә *тәңре* һүҙе башлыса *алла, хоҙай* мәғәнәһендә ҡулланыла, *күк, күк йөҙө* мәғәнәһендә ҡулланыу хәҙерге телдәрҙә бик сикләнгән.

Тәңре һүҙен *алла* мәғәнәһендә ҡулланыу бик боронғо замандарҙан килә. Әйтелгәнде боронғо уйғырҙарҙа ҡулланылған *ай тәңке, йашын тәңри, йел тәңре, күн тәңре, ҡунчуй тәңре, ҡот тәңре* кеүек һүҙҙәр дәлилләй.

Теңир һүҙе боронғо *тең* «күтәрел, осоп күтәрел» мәғәнәләрен белдергән һүҙгә сифат ҡылым яһаусы *-ер* ҡушылып, "эшмәкәр" мәғәнәле исем яһалған: *юғарыға, үргә күтәрелгән*. Шулай итеп, тартынҡы өнгә бөткән *теңир* формаһы иң боронғо һүҙ тип иҫәпләнә.

Туңғыс-манжур телдәрендә *таңара* «алла», «икона» тигән мәғәнәләрҙе сағылдыра. Белгестәр *таңара* һүҙен эвенк теленә яҡут теленән үҙләштерелгән тип фаразлайҙар.

Теңир рәүешле төркиһүҙҙе боронғо шумер теле лә үҙләштергән, тиҙәр. Унда ул *диңгер* «алла» мәғәнәһендә осраған. Шумер теле – бынан 28-29 быуат элек хәҙерге Ираҡ дәүләте ерҙәрендә йәшәгән халыҡ теле.

Тимер ҡазыҡ – был һүҙ төркителдәрендә иң боронғоларҙан һанала. Ҡайһы бер телдәрҙә иренләшкән өн менән яһалған һүҙ формалары бар: ҡараханид уйғырҙарында *темүр ҡазук,* төрөктәрҙә *Демир казук, Демир – ҡазыҡ,* төркмәндә *Демир ғазыҡ,* татарҙарҙа Казык йолдыз (беренсе элементы булған *темир* төшөп ҡалған). Ерҙән күҙәткән кеше өсөн ул йондоҙ хәрәкәтһеҙ тойола, шуға ла *ҡазыҡ* һүҙе менән аталған.

Сулпан йондоҙо – Венера, ергә иң яҡын торған яҡты йондоҙ. Башҡорт телендә йәнә – Таң йондоҙо, Таңсулпан, ғәрәп телендә Зөһрә, боронғо Рим халыҡтарында – мөхәббәт аллаһы, күпселек төркихалыҡтарында был йондоҙ Сулпан тип йөрөтөлә (ҡаҙаҡтарҙа – Шолпан, ҡырғыҙҙарҙа – Чолпон, татарҙарҙа – Чулпан). *Сулпан* һүҙенең этимологияһы «юл күрһәтеүсе яҡты йондоҙ» тигәнгә барып тоташа.

Меркурий планетаһы – иҫке төркителендә (X-XI быуаттарҙағы төркиязмаларында) был планетаның атамаһы – Һыулы йондоҙ. Башҡорт телендә ул Балапан тип йөрөтөлгән. Урта Азия халыҡтарында Кесе Сулпан тип атала.

Етегән йондоҙ – Оло Етегән, Кесе Етегән. Төньяҡ, төньяҡ-көнсығыш, ҡайһы бер башҡа төбәктәрҙә Етегән урынына, сүмескә оҡшатып, Сүмес, Һүмес, Сирпәк, Сүмесбаш йондоҙ тип йөрөтәләр. Уның фонетик вариантары ла бар: Житегән, Еҙәгән, Еҙегән. Тажиктарҙа Оло (Ҙур) айыу, Кесе (Бәләкәй) айыу тип әйтелә.

Өлкәр йондоҙ (Плеяды) – Буға йондоҙлоғондағы өйөлөшөп торған яҡты йондоҙҙар төркөмө. Сыуашса – Үлкер. Ҡайһы бер башҡорт һөйләштәрендә һәм татар телендә ул Иләк йондоҙ (Иләк йолдыз) тип атала. Борон уйғырҙарҙа Алты йондоҙ тип тә исемләнгән.

Арҡысаҡ йондоҙ (Орион). Арҡыс-торҡос өсәр йондоҙҙан торған йондоҙлоҡ, «арҡыс-торҡос» һүҙенән алынған. «Ҡуңыр буға» эпосының бер вариантында йондоҙлоҡ тураһында ошондай һүҙҙәр бар:

Арҡысаҡ-торҡосаҡ,
Йыйып алһаң – бер ҡосаҡ.

Ҡойроҡло йондоҙ (комета) – ҡояш тирәһендә эллипс буйынса әйләнеп, шул юлының ҡояшҡа яҡын еренә килгәндә ҡойроҡлана торған ваҡ күк есеме.

Күк йөҙө атамаларының төрлөлөгө Ер шарының йондоҙҙарға ҡарата ни тиклем яҡын йәки алыҫ урынлашыуы менән дә бәйле булһа кәрәк. Бер йондоҙсоҡто Ер шарының төрлө сиктәрендә төрлөсә күҙәтергә һәм атарға мөмкин.

Шулай итеп, астронимдарҙы һәм космонимдарҙы өйрәнеүсе өлкәнең бик ҡыҙыҡлы һәм үҙенсәлекле икәнлеге хаҡында һығымта яһарға була. Башҡорт телендә йондоҙ, йондоҙлоҡ,

планета, комета, астероид һ.б. күк есемдәре атамаларын өйрәнеү әлегә хәл ителәһе мәсьәләләрҙең береһе булып ҡала килә.

Әдебиеттер тізімі:

1. Каранаева С.Р., Абдуллина Г.Р. Отражение наименований небесных тел в башкирских личных именах // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2015. № 8. Ч. 1. – С. 87-89.

2. Шәкүр Р.З., Баязитова А. Башҡорттарҙа һәм бүтән төркі халыҡтарында космонимия // Ватандаш. – 2003. – №1. – 79-сы бит.

ӘОК 82.0

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ – ҚЫРҒЫЗ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУШІ

Карыбаева С.Ж., Шекен Ж.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасының ең үлкен бір бөлігі Қырғызстанды зерттеген аса құнды және көлемді еңбектерінен тұрады. Ол Қырғызстан жерінің рельефін, өзен-суын, яғни толық көлемде географиясын зерттеген алғашқы ғалымның бірі.

Сол кездегі Ыстықкөл деңгейін анықтау, яғни тау көлінің теңіз бетінен көп жоғары деңгейде жатқанын дәл анықтауы осы күнге дейін ғалымдарды таң қалдырды. Сондай-ақ қырғыз халқының тарихын, әдебиетін, этнографиясын, тілін дәл, алғаш рет зерттеп шығыстану әлеміне жаңалық әкелгені туралы академик А.Н.Кононов: «Первым исследователем киргизов в историко-филологическом плане был известный казахский ученый Ч.Ч.Валиханов» [1, 193] деп жазған болатын.

Ш.Ш.Уәлиханов өз халқының ауыз әдебиетіне қандай көңіл бөлсе, жас кезінен бастап-ақ, тіпті Омбы кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ қырғыз фольклорына да сонша көңіл бөлген.

1856 жылғы «Ыстықкөл» экспедициясы кезінде Ш.Ш.Уәлиханов қырғыз елін түбегейлі зерттеуге қызу кіріскен. Оның зерттеулерінің өзі бірнеше бөліктен тұрады. Кейбір еңбектері өзінің тірі кезінде жарық көрген. Мысалы, «Қырғыз елі туралы жазбалары» өте көлемді зерттеу», ал «Жоңғар очерктері» атты көлемді еңбегінің бір бөлігі қырғыз елі туралы зерттеуден тұрады. Ол алғаш рет 1861 жылы Петербургтегі Орыс Географиялық Қоғамы шығаратын журналдың бірінші және екінші томында жарық көрді. Тағы да бір еңбегі «Дикокаменная Орда» деген атпен Петербургтегі «Северная пчеланың» 1861-жылғы №192 санында жарық көрді. Осылай жалғаса береді, алайда қырғыздар туралы толық зерттеуі 1958-1961 жылдары Алматыда толық жарық көреді. Оның «Қырғыздар туралы жазбалар» деп аталатын көлемді еңбегі Петербургтегі Академия архивінің 23-фондында сақталуы. Көлемі 73 бет. 1-24-беттер кейінірек Потаниннің қолымен көшіріліп жазылған. Ол, негізінен, тарихтан, қырғыз халқының бастан кешкен оқиғаларынан тұрады. Қырғыз елінің экономикасы, тұрмысы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен тілі және тағы басқа рухани байлықтарын қамтиды. Ең соңында қырғыз елінің шежірелері жазылған. Бұл еңбек түп нұсқасында сиямен жазылған. Кейбірі Шоқанның өз қолымен кіргізілген, қосымшалар, түзетулер және басқалары қаламмен түзетілген.

Бұл еңбек толық көлемде 1961 жылғы Ш.Ш.Уәлихановтың 1-томына енді [2, 301-380].

Алатау аңғарында қоныстанған қырғыз халқының сол кездегі мәдени қалпына шолу жасай келіп, Шоқан ауыз әдебиет мәселелеріне арнайы тоқталады. Ол қырғыз поэзиясы бірнеше түрге бөлінетінін айтады. Біріншісі: ертектер мен тарихи немесе аңыз әңгімелер. Бұларда қиял-ғажайып сарындардың мол кездесетінін байқаған.

Қырғыз фольклорының екінші үлкен тобына тайпалар соғысы мен батырлардың ерлік істері туралы эпикалық аңыздарды жатқызады. Ғалым бірінен бұрын қырғыз жырының өлең құру тәсілінің өзі тек теңеулерінің ұйқасты болуына, яғни өлең шумағының алғашқы екі жолындағы бастапқы сөздердің ұйқас болуына назар аударған.

Бұл жағдай ежелгі түркі поэзиясына тән ерекшелік екенін бұрын соңды оқымыстылар кең дәлелдегені белгілі [1, 13].

Шоқан бұл ойын «Манас» жырынан мынандай үзінді келтіре отырып айтады:

Алтын әрден қашы икан
Ата юртың башы икан -

немесе:

Көк дөненұн башы бар
Көкетай ханның ашы бар.

Осыдан кейін «Манас» жырына классикалық сипаттама береді.

«Манас» бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялар мен аңыздардың, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы. «Манас – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі – дала Илиадасы десе де болғандай. «Бұл дастанға қосымшалар енгізіліп, көркемдей түскені өте айқын көрінеді, бәлкім, қара сөзбен айтылатын жомақтардан (ертегілер) поэзиялық жырға айналдырудың өзі мұны кейіннен шыққан шығарма екенін аңғартады» [2, 248], - дейді. Шоқан бұл жерде сөз болып отырған жырға түрлі заманның, әр дәуір оқиғаларының бірте-бірте қосылып үлкен бір эпопеяға айналуын айтады. «Манасты» аяғына дейін тыңдау үшін үш күн жетпейді, ал енді оның баласы «Манас II-ге» (Семетей) сондай уақыт керек» дейді. Бұл жерде ғалым «Манастың» жалғасы Семетейдің де үлкен жыр екендігін ескертеді.

Қырғыз халық творчествосының үшінші түріне Ш.Ш.Уәлиханов қысқа мазмұнды өлеңдер мен тұрмыс-салт өлеңдерін жатқызады. Мұндай өлеңдер өте аз және олардың мағынасы көбіне екі ұшты болып келеді.

Салтанатты мерекелерге лайықты мақтау өлеңдерін суырып салып, айта беретін қазақтар сияқты Сахара ақындары қырғыздарда жоқ» [2, 252], - дейді. Ғалымның қырғыз халқында қазақтарға қарағанда қысқа өлеңдер аздау деген тұжырымын байқаймыз. «Мұндай қорытындының белгілі дәрежеде, шартты екенін көрмеуге болмайды» [3, 80], - дейді белгілі зерттеуші ғалым Р.Бердібаев. Ғалымның қысқа өмірінде, қысқа мерзімді саяхатында қырғыз елін толық аралап, өлеңдерді көбірек жинауға мүмкіндігінің аз болғандығын айтады. Шоқан қырғыз халқында эпикалық аңыз басым екенін байқаған. Ол тұрмыс салт өлеңдерін фольклордың жеке саласы ретінде қарай отырып, олардың тақырыбына, мазмұнына ерекше назар аударады. Олардың ішінде жоқтау үлгісінс үлкен мән береді.

Қырғыздар Абылайға қарсы жорыққа (1770) түгелдей қатысып, жеңіліске ұшырайды. Сол оқиға кезінде Жайыл батыр өзінің Үсен, Теке деген балаларымен бірге шайқас майданында қаза болады. Бұл ұрысты Жайылдың қырғыны [2, 252] деп, ал шайқас болған жерді Түйіскен [2, 252] деп атап кетеді. «Бұл оқиға жөнінде Жайын қызы Бикемжанның шығарған өлеңі бар» [2, 252] - дейді Шоқан. «Жайылдың қызы, Атекенің әйелі Бикемжанның жоқтауын қырғыздар осы күнге дейін жырлайды және Жайыл қырғын деп аталып кеткен бұл соғысты әлі ұмытқан жоқ» [2, 252] дей келе Ш.Ш.Уәлиханов тарихи оқиғаға байланысты шыққан жоқтаудың үлкен мәнін көрсетеді.

Шоқан көп жерде айтқан ойларында қазақ пен қырғыз халықтарының әдеби мұраларына ерекше мән берген. Оларды жинап, зерттеуді өзіне міндет тұтқан. «Әрбір халықтың дейді Шоқан әдеби мұраларын, халық аузындағы нақыл сөздерін зерттеудің этнография үшін үлкен маңызы бар екенін ғалымдар әлде қашан-ақ аңғарған болатын. Өйткені халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы ондай сөздерден айқынырақ көрікеді. Ескілікті сүю, ескі нақыл сөздерге бай болатындығы Солтүстік Азия мен Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше бір қасиеті болып табылады. Ондай нақыл сөздер: не ру естеліктері ретінде қариялар аузында қасисттеліп сақталып отырады, не халық жыры түрінде ұрпақтан екінші ұрпаққа белгілі жыршылар арқылы жеткізіліп отырады. Қазіргі уақытта қолданылмайтын, айтылмайтын толып жатқан сөздер құрылыстары мен сөз жүйелері өздерінің өте ерте уақытта шыққандығын көрсетеді» [2, 252].

«Азия көлемінде дейді - Шоқан, - бір жерден бір жерге ауысып жүретін аңыздар, ертегілер, жырлар өте көп, соның «Одиссея жырында кездесетін жалғыз көзді дәу, яғни циклоп Полифем. Бұл аңызды қазақ даласы да біледі, жалғыз-ақ мұнда циклоп адам жейтін түрінде сипатталса, Одиссейдің ролін Батырхан атқарады» [2, 31].

Ол грек «Одиссея» эпосындағы сияқты кейіпкерлер (жалғыз көзді дәу, т.б.) қазақ ертегілерінде кездесетінін айтып, Шоқан түрлі халықтырдың әдебиет мұрасын салыстыра зерттеу жөнінде игі дәстүр ашты.

Ш.Ш.Уәлихановтың әлем әдебиеті тарихын жақсы білуі, өз туған әдебиетінің және туысқан көршілес халықтар әдебиетінің мол жырларын салыстыра зерттеуге, ұқсастықтар мен ерекшеліктерін анықтай түсуіне де көмектесті.

Ш.Ш.Уәлиханов – қырғыз фольклорының алғашқы әрі ірі зерттеушісі. Бұл тұжырым «Манас» жырына да қатысты. Қазақ ғалымы сол 21 жасында «Манас» жырын аса жоғары бағалауының бірнеше себептері болған еді.

Ш.Ш.Уәлихановтың 21 жасқа дейінгі, яғни 1856-жылға дейінгі ғылыми-әдеби және саяси көзқарасы мен білімі туралы көз алдымызға елестетсек, алдымыздан көптеген күрделі мәселелер шығады. Ұлы ғалымдардың көптеген естеліктерін сараптасақ және оларды Ш.Ш.Уәлихановтың өзінің еңбектерімен салыстырсақ, шын мәнінде қазақ ғалымының бай эрудициясын байқауға болады. Біз қазір ең болмаса бір ғалымның естелігінен үзінді берейік. Мысалы. С.Я.Капустин: «...У него было много обіңечеловеческого, таким он мне казался и таким явился по выходе из Омского кадетского корпуса. Я в это время кончил курс в Казанском университете и приехал в Сибирь. Несмотря на разность их программ этих двух учебных заведении, мы, познакомившись, не находили предмета, о котором бы разно думали. Не понятия обыкновенного воспиттанника среднего заведения я встретил в Чокане, а нашел весьма разносторонне образованного человека. В особенности он обладал болыними историческими знаниями, вообще отличался начитанностью как в области научной, так и литературной.

Приятнейшим собеседником Валиханова делал дар слова, умение метко и образно выражаться: к этому присоединялась его всегдашняя наклонность облекать свой рассказ в ироническую форму, ловко подделываться под тон и способ выражения мыслей действуюших лиц рассказа и дополнять все это изумительной мимикой...» - деп тебіреніп жазып қазақ ғалымының бар болғаны кадет корпусын бітірсе де, университет бітірген азалматтардың әдебиеттану ғылымын әлдеқайда жоғары дәрежеде білетінін мақтанышпен суреттеп, оның толық мінездемесін берген еді.

Сол кездері Ш.Ш.Уәлиханов көптеген ғалымдар мен әдебиет, тарих, өнер мәселесінде көп айтысқан болатын. Ресей отаршыларының көзқарасы бойынша қазақ елі отарланған бұратана ел, сондықтан бұл елдің әдебиетіне, тарихына, өнеріне, мәдениетіне, отаршыл елдің агенттері және басқа зерттеушілері немқұрайлы қарайтыны рас. Ресей XVII ғасырдан бастап барлық мәдениетті, үлгіні тек Батыс Еуропадан күткен. Жалпы, әдебиет поэзиядан басталатын болса, поэзияның шыңы ертедегі грек жырлары деп есептеген. Мысалы үшін айтсақ, Гомер жырлары Илиада, Одиссей т.б. Ш.Ш.Уәлиханов Еуропа әдебиетінің білгірі ретінде өз кезегінде түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының өте ертеден келе жатқан жырларының көптігін айтады. Әрине, олар көлемі жағынан «Илиада», «Одиссеяға» тең келмесе де қырғыздың «Манас» жыры көлемі жағынан әлгі айтылған грек жырынан асып түсетіні анық еді...

Туған халқының мәдениетін, өнерін, қызғыштай қорғаған Ш.Ш.Уәлиханов отаршыл аппараттың алдында түркі халықтарынң әдебиеті мен мәдениеті орыс халқымен салыстырғанда әлдеқайда ертеде дамығанын және ете бай екенін дәлелдей білді. Оның бұл айтқандарына ешқандай зерттеуші қарсы болған жоқ. Ал Ш.Ш.Уәлиханов өскелең Еуропа әдебиеті мен мәдениетін жақсы білетіндіктен түркі халықтарының поэзияларында өзінің Илиадасы мен Одиссеясы бар екенін асыға көрсетуге және дәлелдеуге тырысты.

Еуропа әдебиетінің білгірі «Современник» журналының жалынды оқырманы, қазақ ғалым Ш.Ш.Уәлихановқа өз арманын орындау қиын болған жоқ. Ұлы сыншы В.Г.Белинскийдің барлық еңбегімен таныс болған. Ш.Ш.Уәлихановқа оның Еуропа әдебиетінің қайнар бұлағы грек поэзиясының шыңы «Илиада» мен «Одиссея» туралы жазған сындары ерекше әсер еткен еді. Мысал үшін, В.Г.Белинский «Илиада» туралы: «Выразила в себе все элементы религиозной, политической, государетвенной, гражданской и частной жизни эллинов...» - деп жазған болса. Ш.Ш.Уәлиханов «Манас» жыры туралы:

«...У дикокаменных киргиз к ногайской эпохе принадлежит единственный эпос – «Манас». «Манас» есть энциклопедическое собрание всех киргизских мифов, сказок, преданий, приведенное к одному времени и сгруппированное около одного лица – богатыря Манаса. Это нечто вроде степной Илиады. Образ жизни, обычаи, нравы, география, религиозные и медицинские познания киргизов и международные отношения их нашли себе выражение в этой огромной эпопее...» [2, 420] - деп «Манас» жырын грек поэзиясының шыны Илиадамен теңестіреді. Ол «Манас» қырғыз елінің «Илиадасы»деп алғаш рет эпостың халық өмірінен

алатын орнын дәлелдеп береді. Әрине, 21 жастағы жас ғалым осындай бағаны асығыс айтса да, дәл де айтқан еді. Бұл оның әдебиеттанудағы аса білгірлігі мен көрегендігін білдіреді.

Ш.Ш.Уәлихановтың «Манас» жырына берген бағаларының ішінде бізге ең қажеттісі оның «ноғайлы жыры» екендігі. Бұл жөнінде де жоғарыда айтқанбыз. Алайда жоғарыда біз астын сызған Ш.Ш.Уәлихановтың «...У дикокаменных киргиз к ногайской эпохе принадлежит единственный эпос «Манас» - деп жазғанын қырғыз ғалымы И.Б.Молдобаев дұрыс түсінбеген.

«...Однако (возможно, в силу своей молодости - ведь 1856-году ему было лишь 20 лет) он не осознал многожанровости киргизского фольклора...» [4, 5] - деп Ш.Ш.Уәлихановты, яғни қырғыз елінің ірі, әрі алғашқы зерттеушісін орынсыз айтпаған. Бұл жерде Ш.Ш.Уәлиханов тек ноғайлы жырына жататын жалғыз «Манас» - деп көрсеткен еді.

Қорыта айтқанда, Ш.Ш.Уәлиханов туысқан қырғыз халқының әдебиеті жайында көптеген құнды пікірлер, байсалды топшылаулар айтты. Ол қырғыз халқының ауыз әдебиетін үш жікке бөліп қарады.

1. Ертегілер.

2. Эпостық жырлар.

3. Өлеңдер. Бұл топта айтыстарда айтылатын өлеңдер мен тұрмыс-салт жырларын жатқызады.

Қырғыз халқының атақты эпосы «Манас» туралы да пікір айтқан да Шоқан. Ғалым «Манасты» тұтас бір халықтың энциклопедиясы деп талдай келіп, оны сахара «Илиадасы» ретінде бағалайды.

Шоқан «Манас» эпосына жалпы сипаттама берумен ғана шектелмей, оның басты кейіпкерлерінің образдарына талдау да жасанды. «Манас» эпосы туралы ғылымының қалыптасып, дамуына М.Әуезов. В.М.Жирмунский, Ә.Х.Марғұлан т.б. ғалымдардың еңбегі зор. Олардың жырдың шығу тегі, дәуірі эпоста өмір шындығының бейнеленуі, кейіпкерлері, көркемдік кестесі, манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі т.б. жөнінде күрделі пікірлер айтты.

Ш.Ш.Уәлиханов қазақ қырғызға ортақ аңыздарға тоқталып, оларды салыстыра отырып, тарихпен ара қатынасын да зерттейді. Жалпы алған да, қырғыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларын жинап зерттеуі, олар жайында ой-пікірлер айтуы – Шоқанның ғалым ретінде ізденістерін ғана аңдатып қоймайды, сонымен бірге оның туысқан қырғыз халқына деген ықыласын, шын пейілін де танытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алпысбаева Қ.Б. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 124 б.

2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 549 б.

3. Бердібаев Р. Ш.Уәлиханов // Қазақ (фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б.220-258.

4. Молдобаев И.Б. Эпос «Манас» как источиик изучения духовной культуры киргизского народа. – Фрунзе, 1989. –С.4-5.

ӘОК 81’’28; 81’’286

ДИАЛЕКТІЛІК ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР – РУХАНИ МӘДЕНИЕТ КӨРСЕТКІШІ

Касетова Н.К.
Орталық Қазақстан академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Жергілікті тіл ерекшеліктері, яғни диалектизмдер, тілдің сөздік құрамында елеулі орын алатын тілдік жүйе бірліктері екені белгілі. Сондықтан ұлттық тілдің құрамына енетін диалектизмдер туралы «екіұшты қолданылатын ондай сөздер қажетсіз, олардан құтылу керек» деп, кесіп айтатын пікірден аулақ болған дұрыс. Ол үшін жергілікті тіл ерекшеліктерінің тілдік жүйедегі қызметі мен ауызекі сөйлеу актілеріндегі қазақтың ұлттық бітім-болмысына тән көріну өзгешеліктерін ескере, көркем мәтіндегі қолданылу сипатын тереңінен қарастыра отырып, жұмсалымдық аясын, стильдік қызметін нақты дәйектеп көрсету қажет.

Демек, көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған

жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына енуге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың сөз қолданысы арқылы әдеби тілдің сөздік құрамы ұлғаяды. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдерді қайта дүниеге әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі.

Жазушы сөзбен сурет салу барысында образ іздейді, ол үшін оқырманға әсер етіп, кейіпкерді «өз тілінде» сөйлетуге тырысады. Міне, осы жағдайда диалектілер керекке жарайды. Бұл мәселеге қатысты М. Әуезов «Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек», – деген екен, сондықтан әдеби тіл дамуының әр кезеңінде жергілікті ерекшеліктер, диалектизмдер олардың көркем әдебиетте қолданылуы мәселесі көтеріліп отыруы заңды.

Диалектілік тұрақты тіркестер пайда болып жасалуы жағынан алғанда тілдің тарихымен өзектес сондықтан диалектілік фразеологизмдерді жинау, зерттеу сипаттау диалектілік лексиканың құрамы мен көлемі мәселесін ғана шешпейді. Біріншіден, диалектілік тұрақты тіркестер тіл тарихына қатысты шешімі табылмай жүрген сұрақтардың жауабын табуға септігін тигізе алатын сенімді дереккөз. Олардың бойында дыбыстық-грамматикалық құрылыстың кейбір көне элементтері тұнып қалған. Екіншіден, диалектілік фразеологизмдер бойынан диалектіге тән сөзжасам және түрлену жүйесі айқын көрінеді. Үшіншіден, диалектілік тұрақты тіркестер әдеби тілдің фразеологиялық құрамын байытуға азды-көпті үлес қосады. Төртіншіден, фразеологиялық тіркестер семантикасы ауқымды, терең. Олардың мазмұнында этностың рухани мәдениетінің айшықты мағлұматтары жинақталған. Диалектілік тұрақты тіркестер жеке зерттеу нысаны болып Қ.Қалыбаеваның еңбегінде көрініс тапқан. Қытай қазақтары тілінің жергілікті ерекшеліктеріндегі тұрақты тіркестер жайлы С.Мұстафаұлының зерттеулері диалектілік тұрақты тіркестердің арнайы зерттеу нысаны бола алатын көлемде және мазмұнда екенін дәлелдеді. Ғ.Қалиев диалектілік тұрақты тіркестерді біртұтас лексикалық мағынаның көрсеткіші болып табылатындықтан сөйленістердің лексикасындағы негізгі типтердің бірі ретінде қаралуы тиіс деп айымдайды. Лексикалық типтердің басқа түрлері сияқты оның қалыптасып жетілуі де сөзжасам процесімен тікелей байланысты. Тұрақты сөз тіркестері тарихи жай тіркестерден туатындықтан аналитикалық тәсілмен сөзжасамның сөйленістердегі объектісі болып табылады.

Фразеологиялық тіркестердің күрделі табиғаты оларды тектес бірліктермен сөз, еркін тіркестермен салыстырғанда байқалады. Мұндай салыстырулар сөз, еркін сөз тіркесі фразеологиялық тіркестердің әрқайсысын жеке зерделегенде жүріп отырады. Себебі бұлардың бәрінің негізгі тірек компоненті сөз. Фразеологиялық тіркестер сөйлеуде жеке сөз орнынан қолданылады. Егер күрделі сөз болса, құрылымы жағынан сөз тіркестерімен сөйлемдерге сәйкес келеді. Диалектілік тұрақты тіркес белгілі аймақтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүр, географиялық жағдайына рухани дүниесіне байланысты пайда болған. Құрамы жағынан тұрақты бейнелі образды түрде жұмсалатын дайын тілдік бірлік диалектілік тұрақты тіркестердің әдеби тілдегі тұрақты тіркестерге қарағанда оларды құрайтын сыңарлардың шығу тегіне қарай ерекшеліктері бар.

«Көркем шығармалардағы эмоционалды-экспрессивті лексика» деп аталатын тараушада жазушылардың қолданысындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің бағалауыштық мәні туралы сөз болады. Коннотация табиғаты, нақты айтқанда, экспрессивтік-эмоционалдық және бағалауыштық микрокомпоненттер негізінде сипатталады. Белгілі бір сөздің денотаттық мағынасын денотаттық семалар танытса, коннотаттық компонент мағынасы коннотаттық семалар негізінде жүзеге асады. Денотаттық семалар объективтік шындық дүниесіндегі заттар мен құбылыстардың бейнесін ассоциациялайтын, тілдік тұрғыдан көрініс тапқан денотаттардың бейнесін танытатын семалар болып танылса, коннотаттық семалар лексемасы өзара ортақ болып келетін денотаттық семалардан туындай келе, белгіленген затқа деген жаңа көзқарасты өзге қатынасты білдіретін сема ретінде көрініс табады.

Ал лексика-семантика тұрғысынан алғанда белгілі бір көркем мәтін ішіндегі коннотаттық компонент мағынасына тең келетін сөздер мен сөз тіркестерінің ұтымды қолданылуы да астарлы ойдың өрбіп, ұласуына себепші бола алатынын аңғартады. Әрбір коннотаттық мағынада қолданылған сөздің денотаттық негізі болуы заңды. Мысалы Қ.Әбдікадыров шығармасындағы Әйел оның одағай айтылған сөзіне күлді деген сөйлеміндегі одағай айтылған сөз тіркесіндегі одағай коннотаттық мағына реңкінде беріліп тұр. Сондай-ақ мына сөйлем

бойында да бейнелеуіштік, экспрессивті-эмоционалды таныту мақсатында қолдану негізі арқылы коннотаттық мағына туындағаны байқалады. Мысалы: Жұрт көлік шаршады деп қосын доғарып жатқанда, қарнын кебеже теңдегендей қылып өгіздің егіс қорғанға кіргенін көреді. Мұндағы қарнын кебеже теңдегендей деген диалектілік коннотацияның әсірелеп бейнелеу мәнін беріп тұрғаны мәтін бойынан байқалып тұр.

Диалектизмдер – ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік құбылыстар. Ауызекі сөйлеу, яғни коммуникативті акті арқылы жеке тұлғаның санасында жатталып, жұмсалымдық, қолданымдық деңгейі жиі болғандықтан жеке тұлғаның индивидуальді сөздік қорына сіңген диалектілер сол жердің тұрғындары үшін ғана ортақ, жалпылық сипатқа ие болады. Басқа аймақ жүрсе де жеке тұлға белгілі бір затты не құбылысты өз санасында жатталған, өз сөздік қорындағы атауларымен танытады. Ауызекі сөйлеу әрекетінде солай атауға әбден машықтанған әрбір адам әдеби тілдегі негізгі атауымен атаудан гөрі, өз тіліндегі вариантымен атауды әрқашан тиімді, лайықты деп санайды. Бұл заңды құбылыс. Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамзатта, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептуалдық әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Сол себепті диалектілер арасында да көпмағыналылық, омонимдік, синонимдік ерекшеліктер жиі кездеседі. Диалектілік омонимдер әдеби тілдегі омонимдер секілді лексикалық құрамы жағынан әр түрлі болады. Кейбір диалектілік омонимдердің баспақты мағынасы, қолданылу қызметіне қарай әдеби тілдегі мағынасына жақын келеді. Мысалы, ашар диалектісі батыс говорында кілт мағынасында қолданылады. Есіктің ашарын жоғалтып алып, үйге кіре алмай отырмыз. Бұндағы ашар сөзі кілттің қызметінен туындаған, яғни ашу әрекетінің сол өңір адамдарының танымында бірінші болып ұғынылып, оның кілт номинациясын гөрі, заттың қызметіне қарай атағанды ыңғайлы санауы деп түсініледі. Ал қарақалпақ говорында ашар сөзі винт бұрайтын құрал ретінде қолданылады. Бұл іске пышақ жарамайды, мәшинеңің ашарын пайдалану керек. Бұл жерде де әдеби тілдегі кілт сөзінің екінші вариантағы омонимі сәйкес келеді. Соған қатысты кілттің ашудан гөрі, бұрау қызметіне қарай, яғни әрекеттік, қолданымдық қызметіне қарай танып, қалай танылса, солай атау сол өңір халқына тиімді болып тұр. Келтірілген диалектілік омонимдер мысалдары заттың (ақиқат дүниенің) қызметі мен әрекетіне қарай аталуы басым көрініс тапқаны, сол тұрғыдан омонимдес сөздер болып тұрғаны байқалады.

Осы секілді аша сөзінің де кең қолданысқа ие болып, диалектілік омонимдер мен көпмағыналы диалектілердің қатарын толықтыратынына талдау жасап көрелік.

Аша сөзі Қазақстанның шығыс өңіріндегі Семей, Талдықорған говорында айыр (құрал) мағынасында қолданылады. Шығыс Қазақстан говорында аяқ мағынасында қолданылады. Қарақалпақ говорында аша сөзі арықтың екіге бөлінетін, айырығы мағынасында қолданылады, сол сияқты осы өңірдің Шет говорында баған деген сөзді білдіреді. Қазақстанның солтүстік өңірінде тіреу мағынасында қолданылады. Ал Қызылорда говорында арық түрі ретінде қолданылады. Батыс Қазақстанда Аша сөзі екі таудың жігі, арасы ұғымын білдіреді.

Бұл жерде аша сөзінің көпмағыналы қолданысы да, омонимдік қолданысы да бар. Мәселен, аша сөзінің айыр құрал ретінде қолданылуы мен баған ретінде қолданылуы және арық ретінде қолданылуы, сонымен қатар аяқ ретінде қолданылуы бір біріне диалектілік омоним сөздер болып келеді. Дегенмен де олардың бастапқы санадағы танымдық көрінісі бір тұтас заттың екіге айырылуы бейнесінен туындайды. Осы бейне бірнеше ақиқат дүниенің номинативті атауына пайдаланылып, қолданыс тапқан. Бұндай диалектілік омоним құбылыстарын жартылай омонимдер атауға болатын секілді. Себебі бастапқы ұғымы күңгірт болса да анықтау болатын, мағынасы алысқа кетпеген құбылыстар байқалады. Ал аша диалектісінің арықтың екі айырылуы мен таудың екі арасын танытатын мағынада қолданылуы диалектілік көпмағыналылықты білдіреді. Себебі айыру, айырықты білдіру, яғни екі затты ажырату мағынасынан алыс кетпегенін байқатады.

Диалектілік синонимдердің қатарын дублет сөздер мен сөздердің вариантты қолданысы толықтырып отырады. Дегенмен дублет сөздер мен сөздердің вариантты қолданысы әдеби тілді айқындауда біраз кері ықпалын тигізетін жағдайлар кездеседі. Мәселен, түгелдеу/түгендеу, жалғыз/жаңғыз сияқты сөздердің қатар қолданылуы жиі кездеседі. Бұл ерекшелік ауызша тілге аса қатты кедергісін тигізе қоймас, бірақ жазба тілде белгілі бір нормаға бағынатын сөзді таңдап жазу заңдылығы бар.

Жалпы диалектілік синоминдер төл тіліміздің сөздік қорын кеңейтуге едәуір үлесін қосатыны анық. Тіпті кейде заттың атауы болуға сұранып тұратын диалектизмдердің әдеби тіл қатарына еніп бара жатқанын да байқауға болады. Әдеби тілімізде кесе деп аталып жүрген тұрмыстық бұйымның аяқ, пияла, сапалша деген диалектілік синонимдері кездеседі. Кесені аяқ деп Жезқазған өңірі атайды, пияла деп Қазақстанның оңтүстік өңірлері (Жамбыл, Сайрам, Шымкент, Шу, Мойынты, Жуалы) атайды, ал сапалша сөзі Түлкібас өңірінде кездесетін кесе атауының говоры болып саналады.

Диалектологтардың зерттеулерінде синонимдер екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы, бес, алты, жеті, сегіз сыңарлы синонимдік қатарлардан құралатыны айтылады. Мәселен, екі сыңарлы синонимдік қатарға қолқап – биялай, таға – нағашы сөздерін келтіреді. Үш сыңарлы синонимдер қатарына серне – деңгене – жора диалектілерін жатқызады. Төрт сыңарлы синонимдер қатарына бәкі – бекі – мұштар – шаппа сөздерін келтіреді. Бес сыңарлы синонимдік қатарға ырғақ – шотеке – сүңгуір – шотаяқ – жұтпа (маядан шөп суырып алатын басы имек құрал). Алты сыңардан құралған синонимдер иінағаш – суағаш – мойынағаш - әпкіш – күйенте – құрамыс. Жеті сыңарлы синонимдер қатары сіріңке – кәуірт – кеуірт – оттық – спешке – шпешке – шырпы. Сегіз және одан көп сыңарлы қатарлар: күнбағар – күләйлән – пісет – айбағар – шемішке – шекілдеуік – шемекі – күнбағыс.

Диалектілік синонимдер қатары осылайша сегіз қатардан шектеліп қалуы мүмкін емес, оның қатары бұдан да кеңейіп, молаюы әбден мүмкін. Себебі тіл – өзгермелі құбылыс, қоғам дамыған сайын, тілдің қолданымдық аясы да кеңейіп, сөздік құрам жаңа сөздермен, жаңа қолданыстағы тілдермен толысып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, диалектілік лексикологияны тереңінен зерттеу қажет. Құрылымдық тіл білімі тұрғысынан ғана емес, тілге адамның тікелей қатысы тұрғысынан, яғни антропоцентристік бағыт тұрғысынан қарастыру әдісі бүгінгі күнде диалектілердің ішкі сырын, атаулық мән-мағынасын кеңінен ашып көрсететін тиімді қолданыс болатыны дау тудырмайды.

Диалектілік лексикологияда диалектілік мағына, диалектілік омонимдер, диалектілік синонимдер, диалектілік полисемиялар, диалектілік кірме сөздер қарастырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: Білім, 2006. – 228 б.

2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1987. – 256 б.

3. Коготкова Т.С. Русская диалектная лексикология. – М.: Наука, 1979. – 333 с.

4. Атабаева М.С. Диалектілік сөз мағынасы. – Алматы: РБК, 1996. – 116 б.

УДК 821.512.141.09

ХӘҘЕРГЕ БАШҠОРТ ШИҒРИӘТЕНДӘ ГРАФИК ОБРАЗЛЫЛЫҠ САРАЛАРЫ

Кирәева Л.Р.
Башҡорт дәүләт университетының Стәрлетамаҡ филиалы,
Стәрлетамаҡ ҡ., Башҡортостан Республикаһы , Рәсәй Иллеге

Текстарҙы визуаль яҡтан биҙәү бөгөн генә барлыҡҡа килгән күренеш түгел. Әүәл яҙма әҙәбиәтте күсереүселәр ҡулъяҙма китаптарҙы матурлауға ныҡ иғтибар иткән: төрлө һүрәт-заставкалар, фигуралы яҙыуҙар киң таралған. Бөгөнгө ҡеүәтле технологиялар заманында тексты тышҡы яҡтан биҙәү өсөн мөмкинлектәр бик күп...

Ә хәҙерге башҡорт әҙәбиәте ғилемендә шиғриәттәге график формалар проблемаһы әлегә тиклем тейешле кимәлдә өйрәнелмәгән, был тема буйынса монографик хеҙмәттәр ҙә, махсус әҙәбиәт тә бик аҙ. Шуға ла ошо мәсьәләләрҙе өйрәнеү, асыҡланмаған үҙенсәлектәрҙе күрһәтеү һәм тикшереү бөгөнгө көндә актуаль мәсьәлә булып тора.

Ҡайһы бер шиғырҙарҙы ҡабул итеүҙә уларҙың строфаларға бүленеше генә түгел, ә яҙылыу рәүеше, йәғни график формалары ла ҙур әһәмиәткә эйә. Бындай фигуралы шиғырҙарҙы визуаль («һүрәтләү») поэзия жанры тип тә билдәләйҙәр. Уларҙа шиғри тема һүрәт һәм графика

менән нығытыла. Ғалим Ғ.Хөсәйенов был терминға шундай билдәләмә бирә: «ярым шаярып, ҡыландырып ниндәйҙер фигураға – мәҫәлән, йөрәк, ваза, өскил, тирмә һыны рәүешенә текстары оҡшатып төҙөлгән шиғыр юлдары».

Икенсе төрлө бындай шиғырҙарҙы эксперименталь шиғырҙар тип тә атайҙар. Эксперименталь шиғырҙар (экзотик шиғырҙар) – оригиналь шиғырҙар. Традицион булмаған рифмаларға, строфаларға, рифмаларҙың аралашыуына ҡорола. Мәҫәлән, омонимик рифмаға ҡоролған шиғырҙарҙы шундай типҡа индереп булыр ине. Теүәл рифманың үҙенсәлекле бер төрө – омонимик рифма – бер төрлө яңғыраған, әммә мәғәнәләре яғынан төрлө булған рифма ҡабатлауҙары. Бына рус әҙәбиәтенән А.Блоктың шиғыр юлдары:

Я, отрок, зажигаю свечи,
Огонь кадильный берегу,
Она без мысли и без речи
На том смеётся берегу.

Башҡорт әҙәбиәтендә уңышлы миҫалдарҙың береһе – Рәшит Назаровтың «Йәшен» шиғыры:

*Мөхәббәт ул – әйтерһең дә, утлы **йәшен**,*
*Һанап, һорап тормай һис бер кемдең **йәшен**,*
*Һүнмәҫ ялҡын менән ялмай ҡартын-**йәшен**,*
*«Көйҙөрөр», – тип ҡурҡһаң әгәр, ҡас һин – **йәшен**,*
*Тик аҙаҡтан ҡоя күрмә күҙең **йәшен!***
*Мөхәббәт ул – әйтерһең дә, утлы **йәшен**…*

Шиғри әҫәрҙәрҙә был сараларҙы ҡулланыу уҡыусыларҙа ҡыҙыҡһыныу тойғоһон уятыуға булышлыҡ итә.

График формалар бигерәк тә шиғриәттә үҙ урынын таба. Мәҫәлән, шиғыр юлдарын бағаналап строфаларға бүлеү, баҫҡыслап яҙыу алымы, акрошиғыр (акростих) һ.б.

Һуңғы йылдарҙа акрошиғырҙарҙың төрлө төрҙәрен айыра башланылар: мезостих (хәрефтәр юлдың башында ғына түгел, төрлөсә килергә мөмкин), шиғыр-лабиринт (хәрефтәр менән йондоҙҙар, өсмөйөштәр һ.б. эшләү), телестих (юлдарҙағы иң аҙаҡҡы хәрефтәр ниндәйҙер һүҙҙе, һүҙбәйләнеште барлыҡҡа килтерергә мөмкин), тавтограмма (шиғырҙағы бар һүҙҙәрҙең дә бер төрлө хәрефтән башланыуы).

Фигуралы шиғырҙар, ғәҙәттә, тар ҡалыптарҙан сығырға ынтылыу, яңылыҡ индерергә тырышыу менән бәйле. Хәҙерге башҡорт шиғриәтендә форма өлкәһендә бигерәк тә шағир Әхмәр Үтәбай эҙләнә. Бына уның «Урланған Урал» шиғырының беренсе строфаһы:

Уралып ятҡан Уралым,
алып ятҡан Уралым,
лып ятҡан Уралым,
ятҡан Уралым,
ҡан Уралым,
Уралым,
ым,
м.

Бындай шиғырҙы икенсе төрлө логогриф тип тә йөрөтәләр. Автор үҙе уларға «ҡыҫҡара барыусы шиғырҙар» тип атай. Логогрифтарҙың нигеҙендә һүҙҙең ҡыҫҡарыуын тәьмин иткән метаграмма ята.

Дөйөмләштереп әйткәндә, фигуралы шиғырҙар – улар бик ҡыҙыҡлы шиғырҙар. Уларҙы һүрәт итеп тә ҡарап була, шиғыр итеп тә уҡып була. Шиғриәт һәм һынлы сәнғәттең ҡушылмаһы тип әйтеп була бындай үҙенсәлекле әйберҙәрҙе. Уларҙы ижад итеүсе бер ни тиклем рәссам да булырға тейеш. Шул уҡ ваҡытта мәғәнәһеҙ һүҙ теҙмәләре кеүек булырға ла тейеш түгел тигән маҡсатты үҙенең алдына ҡуйырға тейеш шағирҙар.

ӘОК 82.1

МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ТҮР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қордашева А.А.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

Ақын өлеңдерінің идеялық-көркемдік мазмұны – отаршылдық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген. Психологиялық-көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан көркемдік жаңалық.

Ақын шығармашылығының өзіндік эстетикалық әлемін айқындаған қазыналар ретінде бірден көзге түсетіні – өзіндік образдар. Оның лирикалық кейіпкері бұған дейінгі қазақ өлеңінде ешкімге ұқсамайды. Бұған дейінгі қазақ жырындағы кейіпкер субъективті өмірі жайында әсіресе жан дүниесіндегі құпияларды жайып салуға, бар шындығын ағыл-тегіл ақтарып салуға соншалықты пәрменді құштарлық білдіре қоймаса, енді лирикалық кейіпкер өзінің осалдығын да, қуатын да жасырмайды, күлбілтелеп, күмілжімейді. Бойын кернеген саналуан сезім-толғаныстарын, толғамдарын іркіп, өзін өзі сақтандырып немесе тежеп, тиып ұстаудан мүлдем аулақ. Әсіресе ынтық сезімдерді жасырмай, ақтарып айтуға құлықты. Жан сырын жарық дүниеден қымтамай, тұмшаламай, көз жасындай мөлтілдетіп, таң шығындай мөлдіретіп жеткізеді, не айтса да ағынан жарылып, адалын айтады. Лирикалық кейіпкер субъективті толғаныстарын былай қойғанда, әмбеге ортақ, драмалық сезім арпалыстары арасында да өз түйсігімен, өз түсінік-тұрпатымен дараланады. Мағжан Жұмабаевқа дейінгі қазақ поэзиясында дәл осыншалық ағыл-тегіл, дәл осыншалық үздіксіз, жүйелі төгіле бермейтін.

Ақынның қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтарының, жаңа үлестерінің бірі – троп, фигураның – айшықтау мен құбылтудың саналуан тәсілдерін табиғи, еркін және молынан пайдалануы, сол арқылы қыруар тың образдар әкелуі, образдылық әлемін байытуы. Кербез келісіммен кестеленген, кезектескен, бірін бірі толықтырып кемелденген образды ойлар мен орамдар ұжымдасып, тек Мағжанға тән образды көркемдік әлемді көркейтеді.

Мағжанның шығармаларындағы айқындауыш бейнелі сөздерге көз жүгіртсек суреткердің идеясынан туып, сөз арқылы берілген не бір ойдың көрінісін аңғарасыз. Сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап үйлесімге келтіруінің өзі бірнеше түрлі тәсілдер арқылы берілгендігінің куәгері боласыз. Әсіресе көркем шығармада қолданылатын көркемдегіш құралдың бірі, заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын бейнелі сөз–эпитетті пайдаланудағы шеберлігі оқырман көңілін еріксіз баурап әкетеді. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау мүмкін емес екендігін төмендегі жолдар арқылы мойындатады.

Сібірдегі қаратүнек кезінде жазылған «Бостандық» атты өлеңі арқылы осынау дәуірдегі қатыгез ақиқат сырын ашына суреттеген ақын:

...Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар жібек сөзі бар,

Әдемі, алмас ақ қанат [1, 75], - деп көрсетіп, алайда «Жұмақтан қуылған адамзат» шамалы рахат, қызықтың өзін артық санайтындығын аңғартса. Халықтың асыға күткен таңын, бостандығын: «Ғарыш нұрлы жүзді», «Кәусар жібек сөзді», «Әдемі, алмас ақ қанат» бостандық деп бірнеше тізбектелген эпитеттер арқылы ойын нақтылай түскендігін байқатады.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби тілге үстеме мағына беріп, шығармашылық мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеуді өз шығармасында талғампаздықпен пайдалана білген ақын «Еділде» атты өлеңінде:

Бүктеліп жатқан бел,
Сүтке тойған марқадай
Бұйра қою қарағай,
Белге біткен шалқалай.

Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай,
Арнада өзен қылықты

Қылмыңдаған қалқатай [2, 101], – деп келтіріп, халық тілінде қалыптасқан, кейде балаларға қаратылып, кейде «тойған қозыдай томпиып отырсың ғой» деп үлкен адамдарға да қаратып айтылатын «Сүтке тойған қозыдай» деген теңеуді қолданудағы шеберлігін танытса, қазақтың ұлттық тағамының бірі құрт болса, сол құрттың езілмейтін малта түрі су ағысымен екшелген жұмырланған тасқа баланатындығын аңғартады. Табиғаттың манаурап жатқан бейнесін суреттеу үшін қолданған «маркадай» теңеуі өзінің тапқырлығының жемісі екендігін көрсетеді. Ал өзеннің арнасынан асып, бұлықсып ағуын, жігіт алдында әртүрлі ерке қылықтар көрсеткен қыздың мінезіне балап, оқырманына өзеннің ағысын қыздың «қылмыңдаған» әрекетімен ойша салыстыру мүмкіншілігін береді.

Егемен еліміздің ертеңгі қызметін атқарар лайықты тұлғаның жастар екенін ескеріп, «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің қалыптасуына жастардан үлкен үміт күтіп, аманат сенім артатындығын ағартады.

Арыстандай айбатты ,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға

Мен жастарға сенемін,[1, 35], – деген Мағжан жастардың ерік-жігерін, күш-қайратын «аң патшасы арыстанға», «қайратты жолбарысқа», «ақиық қыран құсқа» балайды. Өзінің шығармасында қолданыс тапқан теңеулердің сан түрлі болып келетіндегін «Алатау» өлеңіндегі:

Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның қыранындай қайсар елдің
Басынан күңгірт көшті ме екен?
Шыңдары арысымен араласқан,
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай

Қап-қара қорғасындай бұлты басқан [1, 209], – деген жолдарда кездесетін дай-жұрнағы арқылы жасалған «желдей», «қияның қыранындай», «қап-қара қорғасындай», «қара нардай» эпитетті теңеулер арқылы көрсетеді. Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі теңеуді ақын өз шығармаларында шеберлікпен қолданып заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей ақ, басқа заттармен, құбылыстармен салыстыра бейнелегендігін байқатады.

Қазақ поэзиясына Мағжан тыңнан қосқан өлшем, өрнектердің басты-бастыларына тоқталып өтелік:

Қайғылы қайың!
Аяныш жайың.
Сыбырлайсың,
Дірілдейсің,
Еңкейесің,
Күбірлейсің,
Ызғарлы жел
Соққан сайын.
Үскірік аяз
Болғандай аз,
Қар да басқан
Кебінге ұсап.
Сүйекке өтер
Суық құшақ...
Қашан, қайың,
Жетеді жаз?
Суға қанып,
Жапырақ жарып,
Күн болар ма
Шайқалатын?
Жылы желмен
Жайқалатын?
Құс даусына
Құлақ салып...
Қайғылы қайың!
Қалың уайым
Басқан сені,
Жазды ойлап.
Тұр үскірік
Боран ойнап...
Жасыңды исін
Бір құдайың! [2, 31].

Ұзын тармақтар түгелдей төрт буынды болып, кейде бес буынды қос бунақтан құралса, қысқа тармақтар да үнемі төрт буынды болып келген.

Бұдан біз осы өлең түрінің қазақ өлең құрылысының өзгешелік қалпын берік сақтап, поэзияда орныққан өрнектер негізінде өріліп шыққанын көреміз.

Мағжан өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі - бір жол болатын өлең жолдарын, екіге бөлуінде. Мұндай өлеңдері өзінше әсерлі, айтылымы мәнерлі болып келеді. Мысалы ақынның « Ой» деген өлеңінде:

Ой деген у –
Ауызға алсаң, қандырар.
Ой деген у –
Жанды есінен тандырар.
Ой деген у –
Ішсең мас боласың.
Ой деген у –
Ішесің де соласың [3, 150].

М.Жұмабаев поэзиясының құрылымдық тұрғыдан негізгі арқа тұтары көне түркі дәуірінен беріде кең тараған он бір буынды қара өлең ұйқасы. Ол ұйқас 7-8 буынды жыр үлгісімен де көрініс табады.

«Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан» [4, 56], – деп түрлі формадағы теңеу, метафора күшімен жинақтау, рәміз (символ) мәніндегі жолдармен басталатын «Жаралы жан»өлеңінің 5-19 шумақтары кейіпкер монологы кейпінде 7 буынды өлшеммен жалғасып, соңғы үш шумақта үшінші жақтан баяндау реті бойынша қайтадан он бір буынды жүйемен тұйықталады. «Сауытты оң жақ қолыңа ал, Сауытты жұмақ ауа бар!» іспетті тармақтарда буын саны сегізге ауысып барып, бұрынғы ырғаққа кері оралады. Кейіпкер сөзінде осы екі буынның алмасып отыруы байқалмай жымдасып кетеді [5, 45].

Мағжан поэзиясының да осы ұйқас түрлеріне қосқан үлесі өзінше мол. Мағжанның өлең ұйқасын өрнектеудегі ақындық шеберлігін аңдататын бір өзгешелігі – он бір буынды өлшем қолданғанда а-а-б-а түрінде келетін қара өлең ұйқасын , бір ғана шумақ көлемімен шектемей, ондаған шумақтарда біркелкі үндесетін сөздерді тізбектеп, өлеңнің үнділігін күшейте түседі.

«...Ға» [4, 64] өлеңінде алғашқы он бір буында шумақ он тармаққа созылса, кейінгі шумақтар дәстүрлі төрт жол, қара өлең ұйқасымен дамытылады. кейінгі жұп тармақтар қара өлеңнің соңғы екі жолындағы үндесу заңына сәйкес түрде келе отырып, әлі біте қоймаған сөйлем үрдісін үдемелі ырғақпен бейнелейді. «Мешіт һәм абақты» өлеңінде бұл өлшем тұтас сипат алмаған, ара-тұра ұшырасады. Дәл осы ырғақ, буын, ұйқас уәзіні әйгілі «Батыр Баян» поэмасында толық сақталады:

«Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,
Ерлері ертегінің ер еді ғой.
Айрылып от екпінді ерлерінен
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.
Сонау дерт түгелімен ауып маған,
Дариға, жүрегімді, өртеді ғой!
Ер көрмей, көрден басқа, сұр өмірде
Шерлі жан шерлі кеңес шертеді ғой,
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой» [4, 245].

Тоғыз, он буынды өлшем – М.Жұмабаевтың төл поэзиясында жоққа тән құбылыс.

«Төгілген шашы,
Қиылған қасы,
Керілген маңдай да.
Тістері меруерт,
Бейне қар – мамық ет,
Кез келсең мұндайға.
Жалындап күйіп,
Бір ғана сүйіп,

Өлсең де болмай ма?» [4, 94].

Міне, бұл өлеңдегі әдепкі екі тармақ қосылса, он буын құрар еді. Бірақ әрбір пішіндемелік телімге арнайы мән беру, әр қимыл – істі атап, даралап тұю мақсаты жоғарыдағы айшықты дұрыс санатқан. Үшінші, төртінші жолдар алты буынның табалдырығын аттағанмен, негізгі ырғақ түзіліміне нұқсан келтірмейді.

М.Жұмабаев шығармашылығы арқылы қазақ бұрын-соңды болмаған әдеби-көркемдік биіктерге жетті. Кемеңгер Абай реалистік, романтикалық лириканың классикалық үлгілерін тудырса, Мағжанның романтикалық бейнелеу тәсілі қазақ өлеңінің көкжиегін кеңейте түсті. Романтикалық саяси-әлеуметтік, махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикалары қазақ әдебиетінде Мағжан шеберлігі арқасында қазақ қоғамының күрделі дәуірінің көркем шежіресі, әрі адамның ішкі жан дүниесінің көркем айнасы болды. Ұлы ақын төл сөз өнерімізге орнықтырған осындай ірі жаңалықтарының бірі – аталған ағымдар болатын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Батыр Баян. – Астана: Елорда, 1998.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992.
3. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым,1992.
5. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

ӘОК 821.512.122

ҚАЗАҚ БАТЫРЛЫҚ ЭПОСЫ СЮЖЕТТЕРІНІҢ ГЕНЕЗИС МӘСЕЛЕСІ

Мамыт А.А.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты,
Шымкент қ. Қазақстан Республикасы

Батырлық эпос – аса құнды рухани мұра. Ұлттық сөз өнерінің бастау көзі осы жанрдың ауызша-поэтикалық үлгілерінен келіп туындайды десек асылық емес. Фольклор – сөз өнерінің бесігі. Батыс еуропа елдерінде әлдебір эпикалық ескерткіштің генезисін айқындау әлем әдебиетінің «алғашқы адымын» аңдау үшін ерекше мәнге ие болып келсе [1], батырлық эпос сюжеттерінің шығу тегі мен ерте формаларын зерттеу – ұлтымыздың тарихи танымы мен рухани болмысының терең қатпарларын танып білуде айрықша маңызды.

Қазақ батырлық эпосы генезисінің негізгі заңдылықтарын анықтау үшін, түркі ұлыстарының фольклорлық сюжеттерін жете салыстыру қажет. Мәселен, осы тұрғыда Сібір және Орталық Азияны мекен ететін туыстас халықтардың батырлық эпостарын салғастыру едәуір жетістіктерге жеткізеді деп пайымдауға болады.

Мәселен, қырғыз халқының рухани өмірінен ерекше орын алатын «Манас» жырының ғасырлар бойы ауызша айтылып келе жатқаны белгілі. Ұлттың өткен тарихынан хабар беретін мұра ретінде әлі күнге өзінің құндылығын жойған жоқ. Ежелгі гректерде айрықша аталатын Гомердің поэмалары, сондай-ақ тарихи даму жағдайлары ұқсас болып келетін оңтүстік славяндық немесе карел-финдік «Калевала» иеленеді.

Қырғыз суырып-салма жыршылары – орындаушы ғана емес, олар сонымен қатар сюжеті мен образдарының жалпы дәстүрі аясында «Манас» жырының өзіндік нұсқасын сомдаушылар да болып келеді. Кезінде Радлов атап өткендей [2], қырғыз эпопеясының мәтіні ерекше «сырғымалы» болып саналады. Бір ғана жыршының аузынан қайта жазып алынған жырда едәуір маңызды айырмашылықтар көптеп табылады. Әр жырлаушының шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне орай бірдей немесе ұқсас мазмұндар орын ауысып отырады. Сөз өнеріне үйрену кезінде жыршылар тілге оралымды мәтінді емес, сценарийді, сюжет арқауын, эпизодтар мен оқиғалардың бірізділігін, сондай-ақ дәстүрлі «ортақ сарындарды», эпостық қалыптарды (батырлардың шабысы, шайқастың суреттелуі, қаруы мен астындағы арғымағын мадақтауы және т.б.) есте сақтап қалады, ал қалған тұстарын ол жырлау барысында, тыңдаушының көңіл-күйіне қарай өз жанынан эпизодтарды да қосып жібереді.

Әрине, жыршының дайын поэтикалық тіл ретінде пайдаланатын суырып-салмалық қасиетке ие тың шығармашылығы сюжет құруда, сарындар (мотивтер) мен образдарда, тұрақты

стилистикалық формулаларда, эпитеттерде, теңеулердегі, фразеологиялық оралымдарда берік орнығып қалыптасқан белгілі бір дәстүрлердің аясында ғана мүмкіндік алады. Эпос орындаушылар үшін батырлық жыр халық өмірінің жанды құбылысы болып келетін барлық тұста суырып-салмалық пен тың шығармашылыққа кең жол ашылады. Мұны біздер, мәселен, өзбектердің «бахшиларынан» байқаймыз, халық оларды шығармашылық қабілеттері үшін «шайыр» деп атап кеткен. Өзбектің үздік жыршысы Фазил Юлдашевтің орындауынан жазып алынған «Алпамыс» жырының мәтінінен де дәл осындай «сырғымалық» пен шығармашылық жаңа нұсқалардың бар екендігі байқалады. Міне, осындай суырып-салмалық пен тың шығармашылық қабілеті қазақтың ұлы ақыны Жамбыл сияқты халық жыршыларына батырлық пен кеңес дәуіріндегі тақырыптарда жаңа халықтық эпостарды жаратуына мүмкіндік берді [3].

Өзімізге белгілі болғандай, алғашқы қауымдық қоғамда халық поэзиясы көбіне соғыс пен аңшылықта немесе ұжымдық еңбек барысында табысқа қол жеткізу үшін орындалатын магиялық дәстүрмен байланысты болып келді. Осыдан келіп, жырдың магиялық, сиқырлы күшіне деген сенім туындайды, тіпті ол халық әпсаналары мен ертегілерінің бойында да сақталып қалды. Осыдан келіп, поэзияның тұрмыс-салт жырларынан бөлінер алдында, қоғамдық дамудың ерте сатыларында жыршы мен сиқыршы-бақсы кәсібі қатар меңгерілді. Мәселен, карел-финдік «Калевала» эпосының кейіпкері сиқырлы жыршы-арбаушы болып келеді. Вейнемейнен немесе орта ғасырлық түркі-оғыз эпосындағы Қорқыт ата – эпикалық жыршы, аңыз кейіпкері әрі тайпаның данагөй ақсақалы, өз халқының көсемі, сиқыршы-бақсысы. Орта Азия халықтарында «бахши» (бақсы) сөзінің екі түрлі мағына беретіндігі осы байырғы байланысты растай түседі. Өзбектерде «бахши» сөзі эпос жыршысы мен емші-бақсы дегенді танытады, өйткені бағзы заманда осы екі кәсіп кейде қатар атқарылған; түрікмендерде «бахши» тек қана халық жыршысы болып келсе, қазақтарда емші-бақсы дегенді білдіреді [4]. Қырғыз манасшылары да бұрынғы дәуірде емшілік атқарған: адамдар мен мал ауырғанда, жүкті әйелдердің босануы жеңіл болуы үшін «Манас» жырын айтқызатын болған. XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген атақты манасшы Келдібек жайлы аңыздарда жырдың магиялық күші туралы ежелгі түсінік орын алады: «Келдібек жырлаған кезде, өзі отырған киіз үй діріл қағады екен; өз жырының күшіменен ол дауыл тұрғызады екен, ауылға дүлей боран соғып, оның арасында белгісіз бір салт аттылар ары-бері (Манас пен оның жасағы) шауып жүреді, олардың аттарының дүбірінен жер қарс айрылады» [5, 154].

Жоғарыдан берілген керемет пайғамбарлық қасиеті бар адам ретінде жыршыны шабыттандыратын түсініктерге негізделген аңыз да осы танымға байланысты екендігі мәлім. Бұл аңыз сайып келгенде, жыршыны бақсыға балаудың міндетті шарты болып саналады, көбіне-көп Сібір және Орта Азия халықтарының, әсіресе, түркі тілдес халықтардың бақсылық салттары мен наным-сенімдері туралы этнографиялық ғылыми еңбектерінде зерттелген «бақсының қызметі» туралы түсініктермен сай келеді [6, 82].

Ата-ананың ғажайып түс көруі батырдың дүниеге келуінен хабар береді. Көптеген халықтардың фольклорында кездесетін парсы патшасы Кирдің, Шыңғыс ханның туылуы туралы сюжетті атауға болады. Түсінде Манас анасының алма жеуі құрсаққа бала біту туралы кең таралған сарындардың өзгертілген түрі екендігі айқын. Көбіне алма бала тумаған ананың бойына сәби бітіреді, кей жырларда күн сәулесінен, киелі бұлақ суынан бір жұтым су ішу, гүлдің иісінен жүкті болу оқиғалары орын алады. Мұндай сюжеттердің пайда болуының түп негізінде ежелгі батырлар жырларында аналық тек дәуірінен туындайтын «партеногенезис» туралы (қыз күйінде жүкті болу) алғашқы қауымдық қоғамдағы түсініктермен байланысты болып келеді. Кейінгі дәуірде осы фольклорлық сарындар кейіпкер өмірбаянындағы «ғажайып дүниеге келудің» дәстүрлі элементі ретінде эпос пен ертегі сюжеттерінде тұрақталды.

Басқа да жорамал-нышандарды осындай ежелгі түсініктер қатарына жатқызуға болады. Мәселен, Манастың анасы жолбарыстың жүрегін жейді, мұның өзі Манасқа жолбарыстың айбарлы күші мен ержүректігін береді. Осыған ұқсас ретте қазақ эпосында Шора батырдың анасы жүкті кезінде арыстанның етіне жерік болады, ол етті оған малшы бала тауып береді [7, 39]. Осы жырлардың негізінде магиялық күштерге деген сенім орын алып отыр. Этнограф Фрэзэр осы мәселеге байланысты мынадай мысал келтіреді: «Ассам түземдері еркектердің ас болып саналатын жолбарыс етін өте жақсы көреді, ол жауынгерлерге күш береді»; «Скандинавияның батырлар жырында король Аунундтың ұлы Ингиальд туралы әңгімеленеді, ол жас кезінде өте нәзік болады, алайда жолбарыстың жүрегін жеп, ержүрек әрі батыл болып өседі» [8, 97].

Табиғи қалыптан тыс, ерекше жағдайда сәби босану дүниеге батыр келе жатқанынан хабар береді. Бойының алыптығы мен айрықша күш иесі екендігі сәбидің бесікте жатқан кезінде-ақ белгілі болады. Болашақ батыр өзін жөргектеуіне шама бермейді, бірнеше әйелдің емшек сүті оны тойдыра алмайды. Ерте бала шағындағы тентек әрекеттері оның батыр болатындығын дәлелдейді. «Манас» жырының Қаралаев Саяқбай нұсқасында батыр өзімен құрдас балалардың арасында бас болып, мазарды қиратады, дәруіштер («дубана») мен қожаларды ұрып-соғады. Манастың эпикалық өмірбаянындағы мұндай «ортақ сарындар» әлемдік фольклорда, әсіресе, түркі халықтарында кеңінен тараған. Олар осы өмірбаянның құрамына, ел санасындағы тарихи тұлғаның халық батыры ретіндегі эпикалық мінсіз бейнесін жасаудың міндетті элементі ретінде, оның қалыптасуының ең кейінгі кезеңінде енсе керек.

Түркі халықтарының ескі түсінігі бойынша, сәбиге ат қою ата-ана, дүйім жұрт үшін маңызды міндет болып саналады. Көне дәстүр бойынша есім адамның кейінгі тағдырына магиялық әсер етеді деген сенім қалыптасқан. Ертедегі түркі-оғыз аңыздарында батырға немесе ханның ұлына «бақытты есімді» тайпаның данагөй ақсақалы, көріпкел жырау әрі бақсы Қорқыттың өзі қоятын болған. Орта Азиядағы түркі халықтары арасында сәбиге жасы үлкен кісі – ақсақалдың ат қоюы әлі күнге дейін сақталып келеді [9, 56]. Пұтқа табынушы бақсының орнын Орта Азия эпосында жиһанкез мұсылман дәруіш, диуана, қырғызша – «дубана» (ұсқынсыз), кейде баласыз ата-аналарға бата беріп, батыр баланың дүниеге келетініне сәуегейлік ететін әулие-жебеуші иеленді. Өзбек эпосы «Алпамыста» батырдың дүниеге келгенін тойлау кезінде, бұл міндетті диуананың кейпіне енген әулие халиф Әли атқарады.

Көшпенді өмірдің патриархалды жағдайында қалыптасқан түркі халықтарының эпосы батырдың жұбайы оның сенімді серігі, тең құқылы, ақылды әрі ержүрек көмекшісі ретінде бейнеленеді. Мәселен, «Алпамыстағы" Баршын, «Қобыландыдағы» Құртқа және «Манастағы» Қанықей. Қанықей Құртқа сияқты батырдың Бейжіңге баратын қиын да қауіпті сапарынан хабар береді, жары мен бүкіл қырғыз қолына төніп келе жатқан қатер туралы аян түстер көреді, сақтандырып отырады. Содан ол көсемнің бес қаруын сайлап, алыс жорыққа дайындайды. Батырдың елінде жоқ, жорықта жүрген кезінде, тұтқынға түскен шағында, жеңімпаз дұшпанның және оның туыстарының зорлық-зомбылық жасаған сәттерінде әйелі асқан төзімділік көрсетіп, зор адамгершілігін паш етіп отырады. Түркі эпосы көшпенділердің жауынгерлік тұрмыс салты жағдайында батырдың сүйген жарын осындай сынақтарға ұшыратып, ал оларды осы сыннан сыр бермей әрі сүрінбей өткізу арқылы үлгі боларлық типтік бейне сомдайды.

Сондай-ақ Орталық Азиядағы түркі халықтарының эпосында батырдың ержүректілігі, ерлігі мен күш-қуаты халық санасында аса жоғары жауынгерлік қасиеттерге ие жыртқыш аңдармен де салыстырылып отырады. Бағзы заманда, поэтикалық тіл жасалынып жатқан шақта, осындай теңеулердің туындауына белгілі бір тайпаның әлдебір жыртқышпен туыстығы туралы тотемдік түсініктер әсер еткен болуы да мүмкін. Мәселен, жыршылар Манасты арыстан, жолбарыс, қабылан және сырттанға теңейді. Теңеуге орай батырдың аты біртіндеп өзінің шын атын ығыстырып шығаратын лақап атқа өзгереді.

Мұның барлығы, біздің көзқарасымыз бойынша, түркі эпостарында тәуелсіздік жолында саяси тұрғыдан өрлеген негізгі кезеңдерге назар аударады. Халық жауынгерлік рухта осы эпостардан ұрпақтан-ұрпаққа таратып, тәрбие беріп отырады, ал бұл жағдайда халық жыршыларының шығармашылығы ерекше маңыз алады.

Эпос – тарихи деректердің шынайы шежіресі емес. Бұл фольклор жанры өмірде өткен ерекше оқиғалардың эмоциялық көрінісі болғандықтан, мұнда батырлар халықтың тәуелсіздікке деген арман-тілегін өз бойына жинақтап отырады. Қазақ және қырғыз халықтарының эпостарында қалмақ-жоңғар шапқыншылығы ерекше орын алады, тіпті қалмақтар осы халықтардың ата жауы ретінде меңзелетін тұстары да аз емес [10, 102].

Батырлық эпос сюжеттерінің туып, қалыптасу дәуірлеріне келсек, зерттеушілер жекелеген эпикалық туынды версияларын негізге ала отырып, оның генезисі мәселесінде VI-VIII ғғ. бастап, XVI-XVII ғғ. дейінгі түрлі кезеңдерді ұсынып жүр. Осы сауалға эпостың пайда болу уақытының тарихи тұрғыдан тым алыс болуына байланысты сенімді жауап беру қиын. Халық шығармашылығына өзек болған тарихи деректерге сүйене отырып, сюжетті еншілеу немесе негіздеу кезеңін шамалап айтуға болады. Батырлық эпостың арғы сюжетін (прасюжетін) айқындау көрсеткендей, ол патриархалды-рулық құрылыс дәуірінен бастау алып, ру-тайпалық жүйенің қалыптасқан кезеңінде пайда болды. Сонымен қатар барлық ұлттық версияларда ерте феодализм мен орта ғасырға тән көріністер орын алады. Баяндау құрылымында орта ғасырлық

көріністердің болуын жыршылардың ежелгі сюжетті қайта өңдеу нәтижесі деп қарастырған жөн. Яғни, бағзы замандардың оқиғалары уақыт өткелдері арқылы халық жадынан біздің күндерге келіп жетіп, нәтижесінде эпостағы көптеген сюжеттік желілер, қалмақ дәуіріне дейінгі сарындар жоғалып, кейде өңделіп, кейде қайта ой екшеуінен өткізілген.

Сонымен, түркі халықтарының эпостарындағы сюжеттерді негізге ала отырып, біз олардың генезисі ежелгі және орта ғасырлар тарихымен тікелей байланысты болып келеді деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мелетинский Е. Происхождение героического эпоса. 2-е изд., испр. -М.: Вост. лит., 2004. – 462 с. (Исследования по фольклору и мифологии Востока : Осн. в 1969 г. / Редкол.: Е.М. Мелетинский (пред.) и др.).

2. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч.I-X. СПб., 1866-1907.

3.Жирмунский В.М. Среднеазиатские народные сказители. Изв. Всесоюзного географического общества, 1947. т.79, вып.4.

4. Самоилович А.М. Очерки по истории туркменской литературы. - В книге «Туркмения». – Л., 1929.

5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-том. – Алматы: Жазушы, 1985.

6. Штернберг Л.Я. Избранничество в религии. – Этнография, 1927. – №1.

7. Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М., 1945.

8. Фрезерь Дж. Золотая ветвь. Ч.IV. Перевод под ред. П.Ф.Преоюраженского. – Л.,1928.

9. Самоилович А.Н. К ворпосу о наречении имени у тюркских народов. – Живая старина, 1911. вып.II.

10.Чыныбаев Б.С. Вопросы генезиса и эпохи сложения эпоса «Манас». – Бишкек, 1995.

ӘОК 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ТІРЕК СЫЗБАЛАРДЫҢ РОЛІ

Матенова Г.Д.
№15 ЖББОМ, Карабас к., Абай ауд., Қарағанды обл.,
Қазақстан Республикасы

Бүгінгі таңда педагогика саласында жиі қолданылып жүрген оқытудың жаңа технологиясы ескіні жаңғыртып, жаңаша толықтырылған, озық деп танылған, нәтижелі тәжірибелерге сүйене білім беру мен жеке тәрбие мақсаттарын жүзеге асырудағы әдістемелер жүйесінің жиынтығы.

Модульдік оқыту технологиясы, оқыту мен жазуды сые тұрғысынан ойлау стратегиялары, ұжымдық оқыту тәсілі – тіл мен әдебиет сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулуда қолайлы әдістер.

Әдіскер – Ұстаз Қ.Бітібаеваның тірек кестелерге негізделген әдістемесі. Әдебиет сабағында көлемді шығармаларды оқығанда тірек кестеге салса ұжымдырақ болады.

Бұл құрылымды В.Ф.Шаталов былай түсіндіреді. « Тірек сызбалар – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі және ұзақ уақыт есте қалуы».

Тірек сызбаларды оқу процесінде ұтымды енгізсе, оқушы шығармашылыққа баулуда маңызды роль атқарады.Күнделікті сабаққа дайындық қазіргі талаптар тұрғысынан қарағанда мұғалімге көбірек ізденуді, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын қарастыруды қажет етеді. Осыған орай, ұтымды ойластырылған қазақ тілі сабағында тірек сызбаларын пайдаланудың маңызы ерекше. Оқушылардың ережені түсінбей жаттауы, жаттандылықтан сақтауға, өздік жұмысты орындауға мүмкіндік береді. Оқушылардың логикалық ойлауын жақсартады, сөз байлығын дамытады.Сбақты жүйелі айтуға дағдыланады. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне көп көмек тигізеді, бұл әдістің артықшылығы бірнеше сағатқа мөлшерленген

материалды аз уақыт ішінде теориялық жағынан меңгертіп, қалған сабақтарда бекіту, жаттығу, жинақтау мақсатында дәстүрлі емес сабақ түрлерін ұтымды пайдалана алады.

Оқушылар логикалық байланыс негізінде өтілген материалды есте сақтайтындай және кез-келген уақытта бір белгіге не сөзге назар аудару арқылы жедел еске түсіреді. Мұндағы мақсат – оқушылардың өздігінен білім алун, белсенділігін арттыру, еңбектенуі, шығармашылығын дамытуын ұйымдастырады.

Тақырып мазмұны жекелей де, ірілендіріп те беруге болады. Бұларды жаңа білім беру, пысықтау, қорытындылау, білім сынау сабақтарында пайдаланады.Себебі бірнеше қайталанған, санада жаңғырықтырылып отырылған дүние есте берік сақталады.


Мәтіннен немесе өтіліп отырған тақырып ішінен негізгі мәселелерді, басты грамматикалық ұғымдарды іріктей білуге, сөзді дұрыс қолдануға, сөйлем құру, жүйелі сөйлеуге қалыптастырады.

Сабақ үстінде жаңа материалды түсіндіру барысында оқулықпен жұмыс істей отырып негізгі ұғымдарды өздері анықтауға дағдыланады, есте сақтап, қажет кезде жылдам еске түсіреді.

Белгілі бір тарауды түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сызбамен көрсетуге болады.

Тірек сызбалар мектептегі көрнекілікке ұқсас болғанымен, айырмашылығы ондағы мағыналық-логикалық белгілер теориялық материалды нақты, қысқа түсіндіреді. Оқушылардың сабаққа қатысын тездетіп, жеңілдетеді. Қызығушылығы оянып, тұжырымдап, топшалау дағдылары қалыптасады.

Теориялық тақырыптар бойынша оқулықпен жұмыс істегенде, тіл дамыту сабақтарында оқушылардың өздеріне тапсырма беріледі. Олар тірек сызбаның мынадай үлгілерін құрастырады. Тақтадағы көрнекіліктерді дыбыстандыру, шартты белгілерді сөйлету, өз бетінше мысал келтіру, дәптерге түсіру.




Тірек сызбалар негізінде барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланылатын тәсілдердің бірі.

Тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Негізінде орташа оқитын оқушыларға өте тиімді: себебі олар схема бойынша сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып жеткізуге үйренеді, сабаққа қызығады, еңбектенуге талпынады.

Тірек сызба бере отырып, сұхбат құрғызу орыс тілді балаларға қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыра үйретуге мүмкіндік береді.

Сөйлем мүшелері, жай сөйлем түрлері, оқшау сөздер, құрмалас сөйлем бойынша тірек сызбалар сызылады.



Әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1993.
2. Балақаев М.Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1994.
3. Әбіқаев А.Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1995.

ӘОК 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰРҒЫСЫНАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Махамбетова Р.А.
№4 ЖББОМ, Вольный к., Абай ауд., Қарағанды обл.,
Қазақстан Республикасы

Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Оқушы біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады.Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды.

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау,пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған оқушы әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды.

Сөз өнерінің негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды. Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Жалпы оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Оқушы бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», « Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. « Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге « ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады. Мұндағы

мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу.Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: оқушының білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады.

Әдебиет сабағында оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жиі қолданылып жүрген « Оқырман семинары» тәсілі бойынша сызба түрінде талдау жасадым. Сабақта меңгерілетін көркем шығарма мынадай топтардың көмегімен жүзеге асады:

1. Сұрақ қоюшылар.Б.Блумның сұрақ қою өлшемі бойынша қарапайым сұрақтан шығармашылық сұрақтарға дейін қамтылады. Сұрақтар қою арқылы оқушы өз бетімен шығармашылық қабілетін дамытады.

2. Сөз тапқыштар. Қойылған сұрақтарға нақты, дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденеді, дағыдыланады.

3. Аудармашылар. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасайды, тұрақты тіркестерді анықтап жазады.

4. Жазушылар. Поэзиялық шығарма болған жағдайда прозаға айналдырып жазады, мәтін бойынша жоспар құрады.

5. Суретшілер. Мәтін кейіпкерлерінен, белгілі бір эпизодтарынан сурет салады.

6. Кейіпкерлерді сөзбен суреттеушілер. Кейіпкердің, оқиғаның, мәселенің суретін сөзбен салады.

Қазақ әдебиеті сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды 4 бағытқа бөліп дайындаймын:

- **Ақпараттық құзыреттілік**
- **Қатысымдық құзыреттілік**
- **Мәдени-танымдық құзыреттілік**
- **Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі**

Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңыз;

- Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз.

- Шығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз;

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

- «Менің атым Қожа» шығармасын немесе басқа да көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

- Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, « Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

- Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

3. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;
- Берілген шығарма бойынша жоспар (жай, күрделі) құрыңыз;
- Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.
- Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;
- Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

4. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Шығармадан қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;

- Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;

- Шығармада кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;

- Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз.Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз;

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады.Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процессі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.

2. Диханбаева Ж. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқыту // Дауыс және көрініс. – №3. – 2006.

3. Жұмалиев Қ.Әдебиет теориясы. – Алматы, 1967.

УДК 811.512.141

ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ДАНИСА ТИКЕЕВА

Махмутова З.Ш., Арсланова М.С.
Стерлитамакский филиал БашГУ, г. Стерлитамак,
Республика Башкортостан, Российская Федерация

Для того, чтобы создать яркие, оригинальные произведения, писатель в своем творчестве использует различные средства языковой выразительности. Фразеологические обороты и другие стилистические приемы помогают автору создать полноценный образ своего героя. Ярким примером этому служит творчество Даниса Тикеева.

По результатам анализа его произведений, можно увидеть, что он умело использует в своих рассказах синонимы и антонимы, поэтому произведения получаются интересными и наиболее полными. Например: *Ә беҙ Мансур менән, ни булғанын да аңламай, был һүҙҙәрҙең мәғәнәһенә төшөнмәй, аптырап, Сәлимә апайҙы йәлләп, уға ҡарап торҙоҡ* (“Сәскәләрем инде ҡойолдо”). *Шул уңай менән Һеҙҙе ысын күңелдән, бөтә йөрәктән ихлас тәбрикләргә рөхсәт итегеҙ* (“Изге заттарға мәдхиә”).

Удачно использованные антонимы придают рассказам глубокий смысл, отчего предложения становятся значимее и поучительнее: *Тормош юлын үтеү һәр ваҡыт еңеүҙәрҙән генә, табыштарҙан ғына тормай, унда еңелеүҙәр ҙә бик күп осрай* итегеҙ (“Изге заттарға мәдхиә”).

Антонимдарҙы кәрәкле урынында ҡулланыу һөйләмде тағы ла фәһемлерәк, әһәмиәтлерәк яһай.

Многие писатель в своем творчестве также умело используют народные пословицы и поговорки. Это можно увидеть и в произведениях Даниса Тикеева: *Сәлимә менән Ғаяндың юлдары шулай мәңгелеккә айырылды: халҡыбыҙ әйткәнсә, теленгән икмәк берекмәне* (“Сәскәләрем инде ҡойолдо”). *Хеҙмәте юҡтың хөрмәте лә юҡ* (“Аҡҡоштар илаймы икән?”).

Пословицы и поговорки дают понять читателям, насколько богат и мудр наш башкирский язык.

Также в его произведениях мы можем встретить слова –обращения: *...Саф намыҫ менән эш итәйек, ватандаштар!”* (“Айыҡ аҡыл, саф намыҫ менән...”). *Хәйерле көн, туғандар!* (“Яҙғы иртәлә”). Главной функцией слов-обращений является привлечение внимания слушателей, читателей.

В стилистическом плане, для того, чтобы показать языковые особенности главных героев, писатель использует архаизмы. Например: *Бер көндө совхоздың партком секретаре булмаһенә...иң төпкөлдәге бүлексәнең управляющие килеп керә: Ғәлим Хәсәнович, кисә беҙ бер коммунистан ҡотолдоҡ, – ти* (“Бер коммунистан ҡотолдоҡ”).

Данис Тикеев в своем творчестве использует различные, но в то же время простые языковые средства. К этому ряду можно отнести подражательные слова: *Яҙғы иртәлә: Кәк-күк, кәк- күк, - үҙенең парын эҙләп, кәкүк моңая. Сут-сут,сут-сут!- һандуғас, ғишыҡ йырын донъяға сәсеп, күңелдәрҙе елкендерә.*

Таким образом, в творчестве Даниса Тикеева можно наблюдать огромное количество различных языковых средств. Он в совершенстве владеет своим родным языком и умело использует средства языковой выразительности в своих произведениях. Его уникальный талант можно увидеть в его книгах, как “Күңелем күҙҙәре аша” (Сквозь призму души), “Һүҙҙәрем бар але әйтәһе” (Есть еще слова невысказанные). Фразеологические обороты, приемы просторечной речи и другие языковые средства, использованные в его творчестве, делают рассказы интересными, поучительными, так же помогают создать полноценный образ главных героев, представить события наглядно.

Лишь с помощью одного предложения, даже одного верного слова, писатель простые детали превращает в самые интересные, значимые и поучительные. Таким образом, Данис Тикеев, своими прекрасными произведениями восполнил наше духовное богатство, обогатил нашу литературу.

ӘОК 81”367

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРМЫС-САЛТҚА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Мұстафин С.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Тұрмыс-салтқа байланысты сөз және сөз тіркестері көркем шығармаларда қолданылғанда өткен өмір шындығын реалистік тұрғыдан суреттеу және одан белгілі бір мағлұмат беру мақсатында қолданылады. Тіліміздің сөздік қорынан кейбір сөздердің көнеріп шығып қалуы, ал кейбір жаңа сөздердің туып отыруы-халқымыздың өмір тіршілігімен, өндірісімен, шаруашылығымен тікелей байланысты. Сондықтан тіліміздегі сан алуан сөздерді халқымыздың басынан кешірген өмірі мен мәдениетті шаруашылығының айғағы деуге болады. Халқымыздың негізгі тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, оның ішінде мал шаруашылығы болған. Оны М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы мына мысалдардан көреміз:

- *Жексен қорасының үстіне қаптаған сиыр, түйе, жартастан жоғарылай қонған көп үйлі ақ ауыл түтіні будақтап, қой, қозысы шұбартып, бықып жатыр* (11 т., 72 б.).
- *Сол арада қазыққа бұйдалап шегеріп қойған бір үлкен, биік қора атап жатыр* (I т., 12 б.). *Анау көрініп турған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл* (III т., 12 б.).

Сонымен бірге романда халқымыздың сол кезеңдегі өмірінен, тұрмыс-салтынан, күнделікті тіршілігінен хабар беретін бірқатар сөздер мен сөз тіркестерін мысалға келтіруге болады. Осыған байланысты «Абай жолында» қолданылған *қоныс, пәйек кузеу, қыстау, түндік қалың нөпір* деген сөздерді алатын болсақ, бұлар ертеде қазақ халқының көшпелі ел болғандығынан хабар береді. Яғни, бұрын қазақтар бір ғана жерде тұрақтап тұрмай, ылғи да көшумен, жер, қоныс аударумен болған. Мына бір мысалдарға назар аударсақ :

- *Кештер уздік-создық болмай, топтанып, иіріліп алып, қалың нөпір болып қозғалды* (I т., 68 б.).
- *Айтқандай ертеңіне күңкенің үйі алдымен түндігін сыпырды* (1 т., 68 б.)
- *Қазірде қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты* (I т., 65 б.).

Осы мысалдарда кездесетін *түндік қыстау, қалың нөпір* атаулары халқымыздың тұрмыс-жағдайынан хабар береді. Түндік-киіз үйдің шаңырағының үстіне жабылатын төрт бұрышында байланған жіп бар киізден болмаса басқа нәрседен жасалған зат дегенді білдірсе, қыстау - қыстап шығуға арналған мекен-жай, тұрғын үй, кора-қопсы. Жылдың ең суық мезгілін өткізіп,

қыстап шығатын жер деген мағынаны береді. Ал *қалың нөпір* топталып бірігіп шашырамай, иіріліп көшуді айтамыз. *Түндік қыстау* деген сөздер қазіргі сөздік қорымыздан шыққан жоқ әлі де ауыл шаруашылығы кәсібінде қолданылады.

Енді үй шаруашылығындағы тұрмыс-жағдайыды білдіретін кейбір сөздер мен сөз тіркестеріне тоқталсақ, шығарма тілінде *ұранкай - там* деген атаулар кездеседі. Ертеде халқымыз көшіп-қонуға лайықты, ықшам киіз үй пайдаланумен бірге, қыста қыстап шығуға арналған, кірпіштен салынған турғын үйлері де болған. Осы кірпіштен салынған үйді олар тап деп атаған. Ар *ұранқай* қазақтын қонақ үйінің бір түрі болып табылады. Мысалы:

- *Кекбай, Ербол, Мұқа, Баймағанбет, Ұранқай деген қонақ үйде жатып ертмең әңгіме етіскен-ді* (II т., 27 б.).
- *Түйеөркеш деген жерді қыстаған Сүйіндік аулы қазір тамда мес, киіз үйде екен* (I т., 148 б.).

Киіз үйге, үй тұрмысына қажетті пайдаланылатын бүйымдарды атасақ, «дәдеге – киіз үйдің сыртынан әшекей, сән үшін айналдыра жүргізілетін оюлы шүберек аққиіз дегенді білдіреді» .

- *Дәдегелерге қалың қызыл жиек бастырылған* (1 т., 573 б.).

Сол сияқты *кілемнің тақтасы, бөстек сеңсең бөстек тайтері* және т.б. атаулар баршылық. *Кілемнің тақтасы* «Абай жолына»кілемнің өрнегі, өрнекті жиегі деген мағынада қолданылады. «*Бөстек*» - аң терісінен, не жабағыдан істелген төсеніш. Ал *тайтері* - тай терісі, бөстек ретінде төсеніш орнына пайдаланылады:

- Өңдесең, анық шешеңді мен осыдан көрдім. Шын –ақ сөздері *кілемнің тақтасындай* деген осы-ақ тағы.
- Сырмақ үстіне салынған арқар. Терісі, жүні ұзын сең - сеңбестектер жатыр.
- Бір шынтақтап, бір ытқып қалып, астындағы тайтерісінің жылдық шығып кетеді.

Шығармада адамның елу, қазақ болу жағдайына байланысты деп *сеп жию, септің жасауы, септі тарату, септі бұзу* сияқты сөз тіркестері кездеседі. Этнографиялық *сеп* атауы «Абай жолында» өлген адамга жиылған, буылған жасау мағынасында қолданылады. *Сеп* - жасау. Яғни, қаралы жасау, қаралы тең мағнасында. Ал, сірә, ерте заманда өзі жеке тұрып, өлген адамның артын күтуге байланысты да, сондай–ақ ұзатылған қыздың жасауы мығанасында да жұмсаса керек. Ал *сеп* басқа бір сөзбен тіркесе айтылғанда, еліктің артын күтуге байланысты ғана қолданылады. Эпопеяда сеп деп жасау атауы аралас алынған. Өліктің артын күтуге байланысты біраз мысалдар келтіруге болады:

- *Қара тіккен ақ үйге бұдан былай мол жасау, қаралы сәнді жасау жиюдың жайы да байланды* (1 т., 197 б.).
- *Ертең өлік шыққан соң ілетін боп барлық септің жасауларын да әкелісіп қойысты* (1 т., 186 б.).

Сөйтіп, ертеде сеп - жасау қаралы жасау, буылған жасау, тең мағынасын білдірген екен. Адам өлгеннен кейін оған қаралы сәнді, мал жасау жиған қымбат бұйым атаулыдан жиған.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан *жатақ* деген де сөз кездестіреміз. *Жатақ* сөзі Қазақ халқының әрідегі тұрмыс жағдайынан хабар бергенде, бұл еуелде әбден кедейленіп, көшер көлігі болмай қырда қыстаудан көшпей қалатын шаруаларды *жатақ* деп атаған. Сол дағдымен қалада отыратын қазақ үйлерін, көп квартал бөлімдерін де *жатақ* деп атай берген. М.Әуезов бұл сөзді бас жатақ, орта жасақ, аяқ жатақ, жатақта деп әр түрлі тұлғада жұмсайды. Мысалы:

- 1. *Бір жақта бас жатақ, ортақ жатақ, аяқ жатақ немесе Тінібай жатағы деп қазақтар бөлетін қала бөлігінің ортажатағы. Жұмыс үйінің тусынан басталады, жатақтардың жасағы осылай молая береді. Жатақтың жазғы күнін бейқам ету* (1 т., 522 б.). Яғни әбден келігі болмай., Қыстаудан кешпей Қалатын шаруалардың жатақ болуы және бірнеше жатақ болып, бөлінуін көреміз.
- Ертеде қазақ халқы аңшылықпен көп айналыскан, оны кәсіп еткен. Құс салып, тазы ертіп, тау-тасты кезген, осыған байланысты «Абай жолында» аңшылықты сөз ететін атаулар көптеп кедеседі. *Салбурын* деген сөзді алатын болсақ, бұл «суық кездегі аңшылық» дегенді білдіреді.
- Бұл өңірдің аңшылары күздің осы шағында, сондай аңшылық жолына «*салбурынға*» аттанушы еді (I т., б74б.).
- Оның үстіне аңшылықпен бұдан бұрын да екі қыс *салбурында* болған, жол көрген ысылған сияқты (I т., б35 б.).

Яғни салбурын, салбурын ұру деп ауылдан алысырақ жерде бірнеше күн қона жатып, аң аулауды айтады. Салбурынға, әдетте бірнеше адам боп бірігіп шыққан.

Түйіндей келе, келтірілген мысалдан қазақ халқының ауызекі сөйлеу тіліндегі тұрмыстық лексиканың нұсқаларын көреміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. – Алматы, 1975.
2.Әуезов М. «Абай жолы» романы. – 1942, 1947, 1952, 1956.
3. Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, 1978.
4. Махмудов А. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы көнерген сөздер «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» жинағы. – Алматы: Ғылым, 1962.
5. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі //Лексика. – Алматы: Мектеп, 1974.

ӘОК 82-31

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Ораз А.А.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Жиырмасыншы ғасырдың 60-70 жылдарында қазақ әдебиеті атты көшелі де келісті көшке бір топ ақын-жазушылармен бірге қарымды қаламгер Сайын Мұратбеков те келіп қосылды. Оның прозасы ұлтымыздың ұстыны болған ауыл өмірін замана биігінен шынайы суреттеуге арналған еді.Қазақ әдебиетінде ауыл тақырыбы арқылы халқымыздың бойындағы іңкәр сезімдерді, қуаныштары мен мұндарын, реніші мен риясыз қабілет-қарымдарын шынайы әрі көркем суреттеген, сөйтіп, ойлы да ойнақы, сергек те сезімтал кейіпкерлер психологиясының иірімдеріне терең барлау жасаған көрнекті қаламгерлердің бірі әрі бірегейі. Жазушының «Басында Үшқараның» повесінде дәл осындай көркем де келісті оқиға-өмір суреттелген. Повесте тоғыз жыл бойы туған ауылына ат ізін салмаған басты кейіпкер – Әсеттің ендігіде өз еліне, әпкесінің тұңғыш қызының ұзатылу тойына келеді. Қызмет деп, жұмыс деп туған аулы мен әпкесін соншама жылдар бойы көрмеуі де ұлттық болмыстан бірте-бірте ажырауымыздың сыры деп ұғынамыз. Осы жылдар ішінде Әсет үйленген. Ғылым жолын қуған. Кандидаттық диссертациясын қорғап шыққан. Балалы да.

Әйтсе де Әсеттің осынау повесте адами қасиеттерден кеңде еместігі анық байқалады. Поезда келе жатқанда жолсерік қыздың қазақ қызына тән барша әсемдікті бір бойына жинап алған тұла бойына өзінің ынтық көңілі арта түседі. Күтпеген кездесудің өзі Әсеттің жанына көрген түстей әсер қалдырады. Өзімен бірге ауылда өскен, бір сыныпта бірге оқыған Зағипа да Әсеттің өміріне тап сондай ықпал жасаған. Бала махаббатының куәсіндей сырға бөленген. Зағипамен сегізінші класта емтихан тапсыру күндерінде алғаш рет Әсет сүйіспеншілік сезімін бастан кешкен. Сегізінші сыныпты бітірген Зағипаның мінезі әскер қатарынан ауылға бір жігіт келген соң күрт өзгереді. Кейін малшы жігітке тұрмысқа шығып кетеді.

Адам қайғысы-заман қайғысы болғанын көрген Сайын саналы өмірін «ауылым – алтын аймағым» деп, құрдастарын адам сезімінің айнасы сезімтал жүрегімен сүйгендіктен сол ауыл жұртының мешеу болып артта қалғандығын, өмір озып, ажар солып, тозғанын айтып, асық ойнаған ауыл балаларының ыстығына күйіп, суығына тоңа білді. Сайынның сахара бойында жазылған мөлдір туындылары кішкентай ойын баласы түгілі, сақа буынды да елең еткізбей қоймады. Уылжып піскен алмадай тәп-тәтті тіркестер терең ойға шомдырмай тыныштық таптырған емес.Ауылдағы қара табан балалардан бастап, қаланың тыныс-тіршілігіне бой үйреткен оқырман қауымы «Жабайы алма», «Жусан исі», «Қылау» т.б. осы сынды хикаят, әңгімелерді жата-жастана оқымады десек, өтірік болар. Бала шақтан Болашаққа қадам басатын әр бала тағдыры осы әңгімелермен сабақтасып жатады. «Балалар, тоқтаңдаршы. Мен сендерге кешегіден де қызықты ертегі айтып беремін» деп аяғын сылти басып, балалардың соңынан еріп жүретін Аянның аянышты тағдыры бүгінгі оқырманға таңсық болмас. «Жусан иісі» әңгімесін оқыған сайын, әуелі есімізге жусанның иісі оралады. Жусанның иісі ауылда өскен, ауылда дүниеге келген, ауылдың қара топырағын иіскеп өскен әр баланың есіне оралатыны анық.

Бастықпаған шу асаудай арынды да қарымды кесек туындылар тәніңді шымырлатпай қоймайды. Соғыс жылдарындағы ауыртпалықтар мен қиындықтарды Сайын, өз көзімен көріп, сол тірлікке қоян-қолтық араласқан қаламгер. Жазушыны қоғамдық орта, ел-жұрт тәрбиелейтіні аян.

Жазушының алғашқы кітабы «Ауыл оты» – оқырманды елең еткізіп жақсылық нұрын, жандүниені жаңғыртатын жылылық шуағын ала келді. Бұдан кейін жазушы «Жабайы алма», «Жусан иісі», «Кәмен-тоғай», «Дос іздеп жүрмін», «Қалың қар» деген кітаптарын, тамаша хикаяттарын қалың оқырманға ұсынды. Сайынның туындылары – оқиға желісінің шыншылдығымен, тілінің көркем де өрнектілігімен, кейіпкерлерінің биік адамгершілік қасиеттері-мен бір сөзбен айтқанда, табиғи нанымдылығымен ерекшеленіп, оқырманын баурап отырады. Қазақ ауылының қиын кезеңін шынайы бейнелеп, ешкімде жоқ ғажап шығармалар жазған бақытты жазушыға «Жабайы алма» атты кітабы үшін мемлекеттік сыйлық берілгендігін айтпай кеткеніміз айып болар. «Сайын Мұратбековтің шығармалары мен үшін өзгеше әлем, өзгеше құбылыс. Мен ол кісіні әуелде «Менің қарындасым» арқылы таныдым. «Райгүлімен» таныстым, «Алғашқы қарына» сүйсіндім. Тіршілік дейтін әлемнің тылсым құдіретіне Мұратбеков шығармалары арқылы бас қойып, қуаныш пен мұңның бір-бірімен астарласып жатқанын ұқтым. Жазушының кез келген әңгімелері еріксіз сені өзіне ұйытып әкетеді. Еріксіз сені оқуға жетелейді. Өйткені онда көгілдір де мөлдір әлем бар. Өйткені онда табиғи тазалық пен қарапайым тірлік бар», – деп Гүлзина Бектасова жылы лебізін білдіреді. Айтса, айтқандай-ақ үлкен суреткер артына тамаша туындыларын қалдырды. Ол бүгінде де қазақ оқырмандарының ең көп оқитын, қызығып оқитын жазушыларының біріне айналды. Жазылған «Жабайы алмасы», «Қылауы», «Қалың қары» оқырманды бір сәтте жалықтырмайды. Қазақ прозашыларының қазіргі таңдаулы саңлақтары Сайын Мұратбековті өздеріне ұстаз санайды және оның шеберлігінен үздіксіз үйренеді.

Сайынның балалық шағын естіп- білгенім, көріп, түйсінгенім арқылы баяндауды жөн көріп отырмын. Сайын аға да бала болды. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына дөп келді. 1936 жылы Талдықорған облысындағы Қапал ауылында дүниеге келген жазушы неміс фашизміне қарсы соғыс басталғанда небәрі бес жаста ғана еді. Бес жасар бала демесеңіз, қиын-қыстау уақыт балалардың бәрінің балалық шағын ұрлағаны белгілі. Қанды қырғын кішкентай баланы да ерте есейтті. Өмірдің қиындығы мен ауырлығын қаламгерге ертерек көрсетуге тырысты. Повестегі Әсет, Зағипа, Шынар, Сәулетай, вагондағы жолсерік қыз, бәрі де өзіндік бейнелер. Олардың іс-әрекеттері, мінез-қылықтары әртүрлі, саналуан. Сол ерекшеліктерімен повестің мазмұны мен мәнін, көркемдік-психологиялық иірімдерін толықтыра түскен.

Әсет сұлулықты, әсемдікті сүйеді. Әйел балаларына деген оның көзқарасын түсінуге боларды. Өйткені ғашықтық сезім адам баласына тән. Бірақ ғашықтықты көрсеқызарлықпен салыстыруға болмайды. Мәселен, повестің бастапқы бетінде-ақ Әсет жолсерік қыздың сүйкімділігіне, қазақ қызына тән ибалығы мен адам баласын үйіріп әкетер тәтті де өзіне тартар бойжеткен қылығына қызығады. Сонымен бірге, ауылға түсіп қалмай-ақ кетіп қалуға пейілді де еді. Бірақ оқиға олай дамымайды. Әсет өз аулында қалады. Себебі, қалай дегенмен де, Әсет жігітшіліктің аулымен қоштасқан шақ еді ол кез. Уақыт бәрібір өз дегенін істейді емес пе.

Ал Зағипамен арадағы сүйіспеншілік – адам өміріндегі балалық шақта болған балаң махаббат. Оның өмірі келте, яки баянды болатындығы да басқа мәселе. Алайда Әсет пен Зағипа ортасындағы балалықтан айырылмаған махаббаттың ғұмыры ұзаққа бармайды. Бірақ осынау сәт екеуінің де жүрегіне өшпестей із қалдырғаны көркем шығармада еске түсіру, өлең жолдары арқылы оқырманның жадын жаңғыртады. Бозболалық шақтағы Сәулетайға ғашық болу да – Әсеттің махаббат қамалын алудағы сәтсіз амалдарының бірі. Бұл ретте Сәулетайдың жүрегі басқа адамды қалайды.

Ал отбасылық болған шақта бойжеткен Шынармен арадағы жылы қарым-қатынас, әрине, мүлдем өзгеше. Әсет үйленген. Алайда оның жүрегінің отына Шынар әдемі де ұтымды, тапқыр да қылықты мінезімен, сөзімен алау жағады. Адам табиғаты да қызық. Әсет Шынармен одан әрі де кездескісі келеді. Жүрегі соны қалайды. Бірақ жалт етіп, жарқылдаған мінезімен көрінген Шынардың бейнесі де ерекше. Ол ендігіде өзімен қатар құрбылас жігіттің көңіл иірімдерінің құшағында болады. Өмір шіркіннің небір қатпарлары кездесетіні секілді адам болмысының, оның ішкі және сыртқы әлемі де саналуан құпиялар мен сырға тола болатынына осынау көркем дүние дәлел.

Мұндағы кейіпкерлердің дүниетанымы, түсінігі, нанымы, іс-әрекеттері әрқилы. Кінәлағың, айыптағың келмейді. Әрине, оқырман ретінде олай емес, былай болғанда дегіңіз

келері хақ. Бірақ шығарма-өмір дегеніңізге көнер ме екен?!. Авторлық стиль, қаламгердің уақыт және жазушылық жады повесть тағдырын өзгеше өрнектеген. Сонысымен де көркем туынды тағылымды.

Жазушының «Жусан иісі» атты повесі тұтастай алғанда, халқымыздың құнарлы да кестелі сөздеріне өте бай. Алыста қалған балалық шаққа оралу қазақ қаламгерінің көпшілігіне тән. Жусан иісі мен балалық шақтағы оқиғалардың көз алдымызда тізбектеле өтуі қаламгердің сөз өнеріне деген адалдығын айқын аңғартады. Күні кешегі десек те, араға жетпіс жылдай уақыт тастаған қанды соғыс кезеңіндегі қазақ аулының, оның адамдарының қиын да, күрделі тіршілігі жазушы туындысы арқылы көркем сөз құдіреті нәтіжесінде ой әлеміне, қиял дүниесіне жан дарытады.

Соғыс жылының ойын балалары. Олар да үлкендерше екі топқа бөлініп алып, атысады. Жан берісіп, жан алысады. Бірақ бір-біріне мейірімді. Әрине, олардың да Садық секілді атаманы, көбінесе үндемей жүретін Қосым сияқты тырнауық атанғандары, Есікбай есімді төбелесқор, сотқорлары бар-тын. Сырттан көшіп келген Аянды осы балалар құрметтеп қарсы алады. Онымен дос болуға ұмтылады. Өздерін жақсы көрсетуге әрекеттенеді. Өйткені жақсы атану, жақсы жақтан көріну – сол жылдардағы ойын балаларының басты қасиеті болатын. Бұл балалар да өзге балалар секілді суға шомылады. Ойын рахатына батады. Тіпті, төбелесіп те қалады. Бәрі де ойын балаларына тән жағдаяттар көрінісіндей әсерде қалдырады.

Алғашқы танысу сәтінен бастап Аян өзінің бойындағы кейбір мінез- қылықтарымен өзінің өзгеше екендігін аңғартады. Ол басқалар секілді төбелеспейді де. «Менің көкем де жоқ, апам да жоқ, сондықтан төбелессем әжем ұрысады ғой» дейді ол. Сөз қуып, айтыспайды да. Ондай кикілжің сәттерде ол жаңа достарынан сырт айналатын. Бірақ жаңа ортаға келген Аянды тұқырта түсуді, өзіне тәуелді ете түсуді ойлап, төбелескіш Есікбай оны мазақ ете бастайды. Аян бастапқыда бұған мән бермегенімен, онымен жекпе-жекке шығып, төбелесуге бел буады. Сөйтіп, сайға барып төбелеседі. Ауыл адамдары көрмесін дейді. Есікбай бұл жолы Аяннан оңбай таяқ жейді.

Күзде оқу басталып, балалардың бәрін бір сыныпқа жинап, Иманжанов атты ағай балаларды сауаттылыққа оқыта бастайды. Аян әрі сергек, әрі зерек болады. Соғыстағы ағасына хат жазуды да бәрінен бұрын үйренеді. Өзгелердің хат жазуына көмегін тигізеді. Күндердің күнінде Аян өзінің қасқа бұзауын үйретемін деп, оның үстіне мінеді. Семіз бұзаудан құлаған Аянның тобығы тайып кетеді. Содан ол оңалмайды. Тобығы шығып ойнап қалады. Сөйтіп, ол балаларды сырттай қызықтап отырумен ғана шектеледі.

Әкесі соғысқа аттанған, туған анасы содан соң екі айдан кейін бақилық болған бала Аянның тағдыры соғыс ауыртпалығының белгісіндей оқырман көңіліне түйіледі. Ол төркінін сағалап келген, тіршілік ету үшін қалбақтап күн кешкен әжесінің шынайы қолғанаты еді. Сол ауылдағы бір топ балалардың қайсыбіріне кінә артарсыз. Бала ғой бәрі де. Ойларында, көңілдерінде мысқалдай кір жоқ. Бәрінің қимылы, қылығы табиғи. Балалық шаққа сай жарасымды. Тіпті, Аянның әжесі өліп қалғанда бір-бірінен сүйінші сұрағандай сол қаралы хабарды лезде жеткізгендерін айтсаңызшы. Дауыс шығарып, көңіл айтуға келе жатқандарға жалтақтай қараған Аян ендігіде не істер екен деп, балалардың оны қызықтағанына да не дерсіз. Әжесі өліп жатқанда, Аян неге жыламайды деп те, оған естірте тіл қатқандарына қараңызшы.

Қаралы сәтте Аян өз тұрғыластарына ертегі айтып береді. Ертегіні күлкілі сипатта баяндайды. Бәрі сықылықтап мәз болады. Оның және де айтуын өтінеді. Түннің бір уағына дейін ертеде өткен бір жетім баланың хикаясын айтумен сол күні кезекті ертегісін доғарады.

Ең соңғы тіршіліктегі тірегі – әжесін қара жердің қойнауына бергенде де Аянның көзінен мөлтілдеп жас тамбайды. «Жетім қозы – тасбауыр» демекші, ендігіде қорған болар, қалқан болар әжесінің тумаласы Бапай шалдың үйіне күнелту, күн көру үшін кете барады. Ерте есейіп, ерте жетілген Аянның балалығынан гөрі естілігі повесте айқын аңғарылады. Әжесінен естігендіктен болар, ол ауа райының күні ертең ашық болатынын көктегі жұлдыздардың жарқырай көрінген хал-ахуалына қарап пайымдайды. Бапай шалдың үйіне көшкен сәтте, жалғыз сиырының жетекке көнбей, ыңырана мөңірегеніне қарап: «Жануар бәрін біледі», – дейді үлкендерше үн қатып. Қоңыр сиыр кейуананың дүниеден қайтқанын сезеді-ау дегендей ой санаға түйіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұратбеков С. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазығұрт.
2. Мұратбеков С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке. – 320 б.

3. Мұратбеков С. Шығармалар жинағы. Т.2, 2006. – 240 б.
4. Мұратбеков С. Басында Үшқараның... – Алматы: Қазақстан, 2010. – 480 б.
5. Мұратбеков С. Жабайы алма. Повесть. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 400 б.

ӘОК 82.0

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ІРІ МАНАСТАНУШЫ

Ордабаева З.З., Шекен Ж.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Аса көрнекті жазушы М.Әуезовтің көп қырлы шығармашылық мұрасы тарау-тарау әңгімеге тақырып боларлық. Соның бір қызықты да, ғибратты саласы ауыз әдебиетіне қатысты. М.Әуезовтің халқымыздың бай ауыз әдебиетін ерекше ықыласпен зерттегені, бұдан өзінің суреткерлік тәжірибесіне зор пайда келтіргенін атап айтуға тұрарлық.

Халықтың тарихына, мәдениетіне, тағдырына зерек көңіл бөлу, өзінің қаламгерлік борышын биік сезіну, М.О.Әуезовті өмір бойы сан алуан ғылыми ізденістерге ұмтылдырған.

М.Әуезовтің ауыз әдебиеті жайлы зерттеу еңбектері тек қазақ фольклорымен шектелмейді. Ол қырғыз әдебиеті мұрасының ең зоры және бағалысы «Манасты» ғылыми жағынан зерттеп, оны жер жүзіне танытуда үлкен еңбек сіңірген ғалым.

Зерттеу – М.Әуезовтің жасынан сүйіп айналысқан өнер дүниесі. Бала кезінің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің мол үлгілерін ұйып тыңдап, тынбай жинайды. Жинаған дүниелерін арнайы мақалалар, ғылыми зерттеулерге айналдырады.

Ш.Уәлиханов жазбаларына алғаш көңіл аударып, «Манас» эпосының ұлы мұраға тән асылын ажыратқан М.О.Әуезов 1920-жылдардың басында қазақ фольклорын зерттеуге белсене араласқан кезінде, тарихи байланыстары әріден танылатын ауқымы кең түркі текті халықтардың қазақ фольклорына жанасатын ежелгі ескерткіш, тарихи мұралармен салыстыра қарастырған екен. Қырғыздың «Манас» эпосы да жазушы назарына сонда іліккен көрінеді. Сол жылдардан бастап М.Әуезов “Манас” эпосына да қатысты дерек жинап, халық шежіресін көп білетін дана көкірек кәрі құлақты қариялардан сұрастырып, хатқа түсіріп, қойын кітапшасына жазып ала беріпті.

1922-1923 жылдары Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің шығыс факультетінің еркін тыңдаушысы ретінде, оқи бастаған алғашқы күндерінен-ақ Орталық Азия халықтарының өмірімен, әдебиетімен, мәдениетімен жете таныса жүріп, туысқан халықтардың тірлік тыныстарына, дәстүрі мен әдет-ғұрпына ой көзін қадай түседі. Мәселен, ол 1927-жылдың жаз кезінде Жетісуға барып, одан Бішкек қаласына поезбен барады да, Қордай асуынан көлікпен асып, туысқан қырғыз елін аралайды, ауыз әдебиет үлгілерін жинайды. Міне, сонда «Манас» жайлы жырлар естіп, көршілес жатқан қырғыз халқының ауыз әдебиеті үлгілерінен сусындай түседі. Мұхтар Әуезов қырғыз елін аралап жүріп, Сағымбайдың айтуынан жырды тыңдап, соңынан «Манасты» жалықпас зерттеу объектісіне айналдырған. Соның нәтижесінде 1935 ж. «Қазақ, қырғыз фольклорының бағалы ескерткіштері» деген атпен «Қазақтың ұлттық мәдениеті ғылыми зерттеу институты еңбектерінің» I томында зерттеуінің алғашқы редакциясы басылады [1, 313-314].

Жазушылық пен ғылымның қос тізгінің тең ұстап, екеуінде де ұлы туынды қалдырған ұлы Мұхтар бұдан былайғы саналы өмірінде «Манас» эпосынан қол үзіп, көз жазып көрген емес. Жазушылығы мен ғылыми еңбегі қатар жүріп отырды.

«Манас» эпосын зерттеумен ол 1930 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінде оқып жүргенде де шұғылданды. Осы уақыттан бастап «Манас» жайында орыс тілінде көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін жазды.

Бұл зерттеулерге автор ұлан ғайыр эпостың ел арасында таралуы «Манасты» сан жылдар жырлап, атағы аңызға айналған Келдібек, Балық, Тыныбек, Сағымбай, Саяқбай сияқты дарынды жомоқшыларды, олардың жеке шығармаларының шеберлігі, поэманың тақырыбы, шығарылған уақыты, негізгі кейіпкерлері, поэтикалық тіл тәсілдері жөнінде ғылыми талдау жасады [2, 180-181].

1935 ж. желтоқсанда Фрунзеде «Манас» туралы бірінші конференция болып, «Манасты» орысша, қазақша басып шығару және оның ғылыми-зерттеу мәселесін қарағанда, мәжіліс

Әуезов еңбегін – «Манасты» ғылыми тұрғыдан зерттеудің бірінші тәжірибесі деп таныған болатын [1, 315].

Мұхтар Әуезов ғылыми еңбек, көркем шығарма жазса да, әуелі сол жазар дүниесін жан-жақты зерттеп, қапысыз танып алмай қалам тартапаған. Оған дәлел – «Манас» эпосын таныстыруға арналған алғашқы мақаласын, ілгері-кейінді жинаған материалдарын сұрыптап, ой елегінен өткізіп барып, сегіз жылдан соң оқырманға ұсынған. 1936 жылы жарияланған «Қырғыз дастаны – «Манас» атты мақаласында:

«Манастың» өлең жолының саны 260 мың және соншалық ұзақ жыр бойына әңгіме бірде-бір жерде қара сөзге ауысып, өлең желісін үзбейді. «Ұдайы іркілмей, таусылмай, сарқырап ағып отыратын ағынды теңіз сияқты алып бейнелі бір шығарма», - деп жазған еді.

Атақты манасшылардың шабытты толғауы көбінде тыңдаушы көптің ықыласымен көтермелеген қошемет құрметіне байланысты екенің Мұқаң Мұраталы Күрінкөй сияқты сөзге жүйрік, білері көп қариялардан сұрап, әр манасшының айту мәнері мен артистке тән ерекшелігін, тал бойынан тамылжып көрінетін ақындық қасиеттерін түгел қамтып жазып алуға тырысқан. Сағымбайдың балалық шағынан бері қарай алға тартқан өмір жолын, жүрген жерін, өскен ортасын, кімдерді ұстаз тұтып, кімдерге көбірек еліктегенін, өз айтуындағы алып жырдың – Манас батырдың түсіне кіруі арқылы дарып, атақты манасшыға айналған кездерін, бәрін тәптіштеп сұрап жазып алады. Әуезовке кеп маглұматты көп жылдар қасында бірге болып сырлас досына айналған «Манас» эпосының біз атаған айтулы жанкүйері, Әбдірахмановтың айтуынша, Сағымбай зор шабытпен жырлаған. Жаздың алғашқы айларында ол бірінші циклді тұтас айтып шығады және өте шебер айтады. Сол жазда екінші циклді де жырлайды. Екеуінің көлемі мың бетке тарта болады. Сөйтіп жыршы «Екінші жорыққа» (үшінші цикл) дейін айтады. Сағымбай Әбдірахмановпен бірге көшіп жүріп жайлауда атқарады».

Бұл маглұматты зерттеуші қолжазбасынан алып қысқартып берген. Мұқаңның Ыбырайым арқылы хатқа түсірген тағы бір маглұматында: жаза бастағанынан екі жылдан кейін Сағымбайға ұмытшақтық пайда бола бастағаны айтылады. «Ол алты томды бітіріп, жетіге ауысқанда басталды... Шоң ғазатты 25 жылы бітіріп едім. Кейінгі 10 томы 20 күннің ішінде 26 жылы өз үйінде жатып жаздым» дейді. Ыбырайымға саған Манасты түпкілікті жазғызам деп кейінгі жаздырғандарына айрықша мән бергені сөз болады. Бұл жерде Сағымбай өзі жаздырған ұлы эпостың болашақ ұрпаққа жетеріне, қырғыз халқының мақтанышына айналарына шүбәсіз сенген.

1936 жылы күзде Мұхтар Әуезов эпосық манасшы Сағымбай Оразбақовтың айтуы бойынша жазған толық мәтінін алды. «Манас» эпосы жайлы әрқашан материалдар жинап, оның терең сырларын аса білгірлікпен ұғына түскен М.Әуезов, оны 1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 30 қаңтардағы санында «Қырғыз дастаны «Манас» деген атпен жариялап, ол жайлы түйген ойлары мен өз топшылауларын ортаға салады, дәл сол жылы өзінің «Қырғыз халқының батырлық эпосы» атты мақаласын «Казахстанская правда» газетінің 28 сәуірдегі санында жариялайды. Онда ғалым эпостың өзіне тән ерекшеліктері мен халықтың сипатын терең аша түсіп, аса күрделі де, шым-шытырық оқиғаларды емірене жырлаған жомоқшы-жыршылардың талантына таң қалды. Эпостың нағыз халық жүрегінің нәрлі тынысы екенін айта келіп: «Манасты”» тұтас күйінде бір кісі ғана шығармаған. Ол сан ғасырлар бойына, сан буын жомоқшылардың қатысуымен ұлғайып, дамып отырған», - деген түйіндер жасайды.

Бұл жерде Мұқаң «Тарыдан тау, тамшыдан көл құралар» деген халық даналығының ұлылығын меңзеп отыр. Бұлақтан құралып теңізге айналған сол «Манас» атты алып жырдың шыққанына 1100 жыл болған деген болжам айтады.

Бұл жерде тағы да бір айта кетер жай Мұхтар Әуезов, өзінің «Манас» эпосын зерттеу кезіндегі тап болған өзгеше жайларға оқырман назарын аударған: «...отызыншы жылдардың бас кезі мен орта шенінде «Манастың» Сағымбай нұсқасынан басқа нұсқа болған емес. Қаралаев нұсқасы 1936 жылы жазылып алына бастады. Мен сол жазылып бітпеген нұсқаны оқыдым. Ал Молдабасанды тындап көрдім, бірақ оқыған емеспін». «Манас» эпосының зерттеуіне ұйтқы, әрі негіз болған Сағымбай нұсқасын толық игерген М.Әуезов кейінірек Қаралаев нұсқасымен де жете танысып, екеуін салыстыра қарастырады. Сол арқылы «Манас» эпосының көркеюі ежелгі жыршылық дәстүрі негізінде тәлім алып қалыптасқан манасшылар мектебіне көңіл аударады. «Біз бірінен – бірі өзгеше екі мектеп – Нарын және Қаракөл (Пржевальск) мектептері бар екенін байқаймыз. Алғашқы мектептің өкілі – Сағымбай, соңғысінікі – Қаралаев», - деп пікір түйген. М.Әуезов «Манас» эпосын зерттеу жолында кездескен кедергілер мен қиындықтар аз болған

жоқ. Соның бәрін серпіп тастап, қайткен де ұлы туындыны халықтық асыл мұра қатарына қосуға тәуекел еткен. Жай жазу ғана емес ғылыми тұрғыдан дәлелдеп танытқаны көпке аян. Сондықтан да қырғыз елі Мұхтар Әуезовті өзегін жарған өз перзентіміз деп санайды. Оны, біз, қырғыздардың өз аузынан ғана емес, ынтымағы жарасқан туысқан өзге халық оқымыстыларының аузынан да естиміз.

1952 жылы 8 шілдеде «Манас» жырын зерттеу жайында Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында екінші ғылыми конференция өтті.

Қырғыз халқының ұлы рухани мұрасы «Манас» эпосын зерттеуші М.Әуезовті өзінің ұстазы санайтын Ш.Айтматов бұл жайында былай деген болатын: «Мұхтар Әуезовті қырғыздар аса зор құрметпен өзіміздің туған перзентіміз деп таниды. Біз Әуезовтің көзі тірісінде солай дейтінбіз, қазір де солай дейміз. Халқымыздың мұншалық қалтқысыз құрметі Мұхтар Әуезов – «Манас» эпосының асқан білгірі және зерттеушісі немесе қырғыз әдебиетшілерінің досы және ұстазы болғандықтан ғана емес. Қазақ пен қырғыздың домбыраның қос ішегі секілді өз ара жақын және үндес, …біз көшкен тағдырлар, біз өткен жолдар, біз кешкен тұрмыс-тіршілік әрқашан біртұтас: өткенде де бірдей еді, қазір де бірдей» [1, 220].

«Манас» эпосы жайында дау-дамай өршіп тұрған шақ. Оның ұлы эпос екенің, исі қырғыздың бар тарихи, ерлігі, елдігі, ұлттық бояуы осы ұлан ғайыр жырда жатқанын жұрт тегіс мойындайды. Сөйте тұра, реализмнің ыңғайына, талабына сәйкес келе ме, жоқ па дегенге тірелгенде, көбі тайсақтап қалады. Ол кездегі идеологияға байларды жамандаған, кедейдің нашар тұрмысын көрсеткен, тіпті үстем тап өкілдеріне қарсы көтеріліске шыққанын сипаттайтын туындылар қажет еді. Эпостың басты кейіпкері Манас болса – Жақып байдың жалғыз ұлы, әрі хан деген аты бар. Кейбір зерттеушілерді хан деген сөздің өзі бүйі шаққандай шошытты.

«Манас» эпосы бай-феодалдық дәуірді, хандық билікті көксеген, қарапайым халыққа жат, кертартпа туынды деген ойға саятын жаңа бір қозғалыс етек алды. Газет, журнал беттерінде эпосқа қарсы жазылған пікірлер ашық бой көрсете бастады. Бұл ұлы эпостың басына қара бұлт үйіріліп келе жатқанының хабары еді. Сол тұста “Манасты” қолдаған бірлі -екілі мақала да болды. Бірақ оларға құлақ асқан ешкім жоқ. Елдің бәрі осындай екі ұдай сезімде жүрген еді.

Сол жылы Бішкекте өткен «Манас» жырын зерттеу жайындағы конференция туралы Ш.Айтматов былай деп еске алады: «Елдің бәрі осындай екі ұдай сезімде жүргенде, КСРО Ғылым Академиясының Қырғыз филиалы ғимаратында «Манас» жайлы конференция болатын көрінеді, эпостың тағдыры осы жиында шешіледі екен дегенді естіп, лекциядан шыға сала, шұбырып жеттік. Бұл ұмытпасам, 1952-жыл еді. Келсек, ғимараттың ішіне ену мүмкін емес, жұрттың көбі иін тіресіп, көшеде тұр. Демдерін ішінен алып, апыр-ай, «Манастан» айырылып қалмасық жарады» дегендей, алабұртып жүргендер қаншама!

Бір иықпен жылжы-жылжи, ақыры конференция өтіп жатқан залдың есігінен сығаладым. Мойнымды созып қарасам, төрдегі төр алқада он-он бес кісі жайғасыпты. Қақ орталарында Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Исхақ Раззақов, оның сол жағында ай маңдайы жарқырап, Мұхтар Әуезов отыр. Мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп, эпосты жерден алып, жерге салып жатқандардың сөзіне үнсіз құлақ түріп, қағазына әлденелерді түртумен болды.

– «Манас» – партияның қазіргі саясатына жат туынды… Арамызда жүрген пантүркизмнің ескі көзі, – деп, негізгі баяндамашының бірі А.Боровков эпостан іліп алар тарау таппай, жағалай қаралауға көшкенде, зал қозғалысқа енді. Наразылықтарын ашық айтуға дәрмен жоқ. Есіктің сыртынан кіжінген дауыстар естіліп қалып жатты.

«Манастан» басы бүтін айырылдық-ау, деп түңілген тұста, мінбеге маң-маң басып, қасиетіңнен айналайын, Әуезов көтерілген.

– «Маната» бай, манапты мақтайтын тұстары бар шығар. Бірақ бұл – бүткіл бір халықтың елдігі мен ерлігінің, рухани байлығы мен ұлы мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа саф поэзия тілінде жатқа айтылып, жалғанып келе жатқан көркем кестеленген тарихы ғой. Ендеше, қырғыз халқының өмірінен Манасты аластау бұл бүкіл бір ұлттың тілін кесумен бірдей емес пе? Шаш ал десе, бас алуға тұра ұмтылатын адыраңбай мінез біздің қоғамнан қашан қарасын жояр екен? – деп, сәл-пәл үзіліс жасап, Боровковқа бұрылып еді, әлгі мойнын ішіне тыққан күркетауықтай төменшіктеп қалды.

М.Әуезовтің дүниетанымының кеңдігі, әлемдік арғы-бергі әдебиет тарихын жетік білгендігі, тармақ-тармақ ойларын жүйе-жүйесімен үлкен философияға, нақты дәлелдерге бекініп, шешен сөйлейтіндігі, қырғыз ұлты тудырған рухани байлықтарға деген ғажайып

құрметі мен сенімі залда мүлде жаңа ахуал тудырды. Егер бүкпесіз әділін айтсақ, «Манастың» қара тізімге ілінбей, аман қалуы Әуезовтің нақ осы жолғы тарихи сөзіне байланысты болды» [1, 54-55].

Сол конференцияда М.Әуезов мамандар мен жалпы зиялы жұртшылық алдына: 1. Кеңестік қырғыз халқына «Манас» керек пе, жоқ па? 2. Эпостың құрама, екшелген нұсқасын жасауға бола ма? 3. Ондай нұсқаны қандай жолмен қалыпқа түсіруге болар еді деген сауалдар қойып, оның дәйекті жауабын да өзі ұсынған болатын. Терең білімділікке және ғылыми объективтік ақиқатқа негізделген М.Әуезов сөздерінің әсері арада көп жылдар өтсе де бәсең тартқан жоқ.

Алғашқы сұрағына тоқтала келіп, М.Әуезов «Манас» жырын тек ғалымдар, жазушылар ғана емес, бүкіл қырғыз халқы қалтқысыз қабылдап отырғанын айтты. Қырғыз халқы өзінің сүйікті «Манасынан» бір сәт ажырап көрмегенін, жырдың мектеп оқулықтарында, жазба әдебиетте, көркем өнерде, баспасөзде ұдайы насихатталып келгенін, қысқасы, эпостың ел өміріне етене сіңісіп, кеткенін тұжырымдай отырып, ғалым осының бәрі ұлы мұраға берілген ең әділ әрі түпкілікті баға екенін мәлімдеді.

Бұдан кейін М.Әуезов «Манастың» қырғыз халқының рухани өміріндегі бірегей орнын салалап ұғындырып өтеді. Оның көрсетуінше, бұл жыр тұтас бір халықтың ғасырлар бойында жасаған ақындық сөз өнерінің, әдеби тілінің көрсеткіші болып табылады, халық тілінің синтаксистік, лексикалық, поэтикалық байлығын танығысы келген бірде-бір адам эпосқа соқпай өте алмайды, сан замандарда қалыптасқан ақындық мәдениет өрнегі де осында.

«Манастың» тұтас нұсқасын жасау мүмкіндігі мен оның жолдарын М.Әуезов бір -біріне байланыстыра қарайды, ол үшін жырдың әуел бастан айтылып келе жатқан тұрақты сарындарын танып, екшеп алуды ұсынады. Мұндай сарындарды ұлы жыршылардың бәрінің де нұсқаларынан табуға болатынын көрсетеді, халық арасында эпостың қалыптасқан, жүйелі желісі бар екендігін сипаттайды. Әсіресе жырдың нұсқаларында берілген соғыс суреттері, батырлардың жекпе-жегі, кейіпкерлердің портреттік мінездемелері, қаһармандардың ерлік қасиеті сипатталған тұстардың орайластығы айқын. Табиғатт көріністері, халықтар мен елдерді таныстыру, мерекелердің, ойындардың, салттардың, ырымдардың көрсетілуі, қаһармандардың туу, өсу-ержету, үйлену, қалыңдық іздеу мәресімдерінің, үлкенді сыйлау, ананы, атаны құрметтеу, достық пен қастық туралы халықтық ұғымдар сипатталуы – осының бәрі көптеген нұсқаларда қайталана келетін ортақ желілер екеніне М.Әуезов баса назар аударады.

Шығармашылық өмірінде көп салалы қызмет атқарған, қазақтың жазба мәдениетінің бас тұлғасы ретінде қыруар міндет көтерген, драма, проза жанрларында биік үлгілер жасаған, әлем әдебиетінің інжу-маржан ескерткіштерін қазақ оқушысының игілігіне айналдырған, әрі ғұлама оқытушы ретінде жоғары оқу орындарында дәріс берген, қазақ фольклорының аса көрнекті білгірі болған М.Әуезовтің «Манас» жөніндегі талқылауға араласып, ең беделді, шешуші сөз айтуы оның ғылыми мүддені ардақ тұтқаны ғана емес, халықтар достығының нығаюына да қосқан үлесі болды.

Заманымыздың аса көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге алып жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», екіншісі – Мұхтар Әуезов» деген сөздері ұлы суреткер ғалымның тарихи орнын белгілейтін биік баға.

Әдебиеттер тізімі:

1. Энциклопедический феномен эпоса «Манас» //Сборник статей об эпосе «Манас» /Составители С.Алиев, Р.Сарыпбеков, К.Матиев. –Бишкек.: Главная редакция КЭ, 1995. –472 с.

2. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. –Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.

УДК 419.992:71

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНО-РЕЧЕВЫХ УМЕНИЙ ШКОЛЬНИКОВ

Рамазанова Л.К.
Школа-гимназия №95, г. Караганда, Республика Казахстан

Утверждение о том, что человек – существо социальное, он живет в обществе и неразрывно связан с ним, воспринимается как общепризнанный, достоверный факт, не требующий особых доказательств. Наиболее ярко социальный характер человека раскрывается в процессе коммуникации. Общение предполагает не только обмен жизненно необходимой для субъекта информацией, но и удовлетворение его духовных, эстетических потребностей. От того, насколько лаконично, точно, целесообразно в соответствии со сложившейся речевой ситуацией и, в конце концов, логично сформулирована коммуникантом мысль, зависит продуктивность процесса коммуникации. Следовательно, коммуникативно-речевое умение излагать свои мысли, а именно создавать текст, является не просто важным в жизнедеятельности людей, но и крайне необходимым, так как без общения, без социума человек существовать не может. Полноценное овладение умением порождать тексты предполагает длительную и целенаправленную работу.

Попытки решить эту проблему предпринимались еще в XIX веке в трудах И.И.Срезневского, Ф.И.Буслаева, К.Д.Ушинского, Н.А.Корфа, В.П.Вахтерова, В.И.Чернышева, Н.М. Соколова, П.П.Блонского. Долгое время, вплоть до 1980 года, формирование коммуникативно-речевых умений связывалось только с изучением грамматики. Исключением являются лишь 1922-1932 годы, когда в школе полностью отказываются от курса грамматики, считая, что она не способствует обучению правильно излагать мысли [1].

В настоящее время в методике преподавания русского языка наметилась тенденция коммуникативно-деятельностной направленности, которая отражает социальную природу учащегося и ориентирует на развитие его внутренних способностей. Акценты в обучении смещаются с логоцентрической концепции на лингвоцентрическую и антропоцентричес кую (термин В.И.Кодунова). На первый план антропоцентрической концепции выступает языковая личность и пути ее становления. В центре внимания оказывается ребенок с его мыслями и чувствами, которыми он желает и может поделиться в процессе коммуникации. Названные концепции не взаимоисключают, а дополняют друг друга, что придает обучению целостный и гармоничный характер.

В школе контролируется сформированность обоих видов речевых умений - некоммуникативных и коммуникативных.

Контроль за сформированностью речевых некоммуникативных умений. Проверяется овладение лексическими, произносительными и формообразовательными умениями, а также построением словосочетаний и предложений. Проверка, как правило, осуществляется в процессе изучения программного материала. Основными способами проверки сформированности названных умений на этапе текущего контроля является составление словосочетаний и предложений по схемам с включением необходимого лексического и грамматического материала.

Вот некоторые примеры подобных заданий:

1) составить словосочетания «глаг. во 2-м л. ед. ч. + сущ. в косв. пад.», используя глаголы мирить - мириться, рассердить - рассердиться, извинить - извиниться и т.п.;

2) составить предложения, включая в них словосочетания «глаг. + личн. мест, я в косв. пад.», используя глаголы грубить, тосковать, скучать;

3) поставить слово в такой-то форме;

4) прочитать слово (для проверки правильности произношения и т.п.).

Подобные задания предлагаются учащимся после анализа материала, иллюстрирующего нормы произношения, изменения, употребления слов, построения словосочетаний. Их цель - проконтролировать (диагностировать), как учащиеся овладевают нормами русского литературного языка.

Контроль за формированием связной речи. На этапе текущего контроля используются следующие виды заданий: творческий диктант, свободный диктант, диктант с продолжением.

При проведении названных контрольных упражнений диагностирующего характера учитель получает сведения о том, как протекает формирование отдельных речевых умений учащихся: правильно строить предложения; определить основную мысль высказывания и выразить ее самостоятельно; соблюдать определенную композиционную форму при изложении текста; подбирать доказательства при рассуждении; связывать части высказывания определенными языковыми средствами и т.п.

Контроль за формированием речевых умений учащихся в данном случае осуществляется одновременно с проверкой сформированности других умений, прежде всего правописных, о чем свидетельствует общее название работы – диктант. В процессе его написания проверяется умение пользоваться словами и грамматическими формами, синонимичными конструкциями. Речевые умения проверяются в ходе записи, обогащения и изменения текста.

Творческий диктант на этапе контроля проводится без предварительного разбора задания. Учащиеся самостоятельно анализируют задачу, поставленную учителем (что следует включить в текст диктанта или заменить в нем), самостоятельно решают ее.

Свободный диктант дает учителю возможность проверить умение учащихся воспринимать и запоминать услышанное, передавать его содержание близко к тексту с использованием тех языковых единиц, которые есть у автора. Кроме того, контролируется умение учащихся соединять предложения в процессе записи текста, пользуясь различными видами межфразовой связи, правильно применять нормы русского литературного языка. Наряду с этим проверяются и правописные умения учащихся. Контрольный свободный диктант проводится без предварительного анализа текста, без предварительной подготовки.

Диктант с продолжением предполагает, что после записи основного текста учащиеся продолжают его в направлении, указанном учителем: делают выводы, дают оценку событиям и героям, описанным в основном тексте, продолжают развитие сюжета и т.п. Для того чтобы учащиеся справились с заданием на продолжение текста, он должен быть несколько меньшим по объему по сравнению с текстом обычного диктанта [2].

Диктант с продолжением дает возможность проверить, как формируются важнейшие речевые умения учащихся: определить основную мысль высказывания, развивать (разворачивать) сюжет повествования, умение ввести в основной текст микротекст другого типа (в повествование - описание, например), строить рассуждение в правильной композиционной форме и т.п.

Таким образом, учитель может одновременно проверить, как формируются различные виды умений учащихся: правописные (первая часть работы - запись текста под диктовку) и речевые (вторая часть работы - продолжение текста). Причем проверка орфографических умений является основной целью задания, а проверка речевых умений - сопутствующей. Очевидно, что при оценке названных видов диктанта - творческого, свободного, с продолжением - учитель выставляет ученику две отметки: за орфографическую и пунктуационную грамотность и за речевое задание.

Основными способами проверки уровня речевой подготовки учащихся являются сочинения и изложения. С помощью изложений и сочинений проверяются: 1) умение раскрыть тему и основную мысль в соответствии с темой, задачей и содержанием высказывания; 2) умение соблюдать нормы русского литературного языка; 3) умения правописного характера. Именно поэтому любое сочинение и изложение оценивается двумя отметками. Первая ставится за содержание и речевое оформление работы, вторая - за соблюдение орфографических, пунктуационных и языковых норм.

Критерии и нормативы оценки содержания и композиционного оформления изложений и сочинений. Критериями оценки указанных сторон изложений и сочинений являются: 1) соответствие работы теме, наличие и раскрытие основной мысли высказывания; 2) полнота раскрытия темы; 3) правильность фактического материала; 4) последовательность и логичность изложения; 5) правильное композиционное оформление работы.

Нормативы оценки содержания и композиции изложений и сочинений выражаются в количестве фактических и логических ошибок и недочетов. Так, отметка «5» ставится при отсутствии каких-либо ошибок, нарушающих перечисленные критерии, а отметку «4» можно поставить при наличии двух недочетов в содержании.

Критерии и нормативы оценки языкового оформления изложений и сочинений. Основными качествами хорошей речи, которые лежат в основе речевых навыков учащихся, принято считать богатство, точность, выразительность речи, ее правильность, уместность

употребления языковых средств, поэтому изложения и сочинения оцениваются с точки зрения следующих критериев: 1) богатство (разнообразие) словаря и грамматического строя речи; 2) стилевое единство и выразительность речи; 3) правильность и уместность употребления языковых средств.

Показателями богатства речи являются большой объем активного словаря, развитой грамматический строй, разнообразие грамматических форм и конструкций, использованных в ходе оформления высказывания.

Показатель точности речи - умение пользоваться синонимическими средствами языка и речи, выбрать из ряда возможных то языковое средство, которое наиболее уместно в данной речевой ситуации. Точность речи, таким образом, прежде всего зависит от умения учащихся пользоваться синонимами, от умения правильно использовать возможности лексической сочетаемости слов, от понимания различных смысловых оттенков лексических единиц, от правильности и точности использования некоторых грамматических категорий (например, личных и указательных местоимений).

Выразительность речи предполагает такой отбор языковых средств, которые соответствуют целям, условиям и содержанию речевого общения. Это значит, что пишущий понимает особенности речевой ситуации, специфику условий речи, придает высказыванию соответствующую стилевую окраску и осознанно отбирает образные, изобразительные средства. Так, в художественном описании, например, уместны оценочные слова, тропы, лексические и морфологические категории, употребляющиеся в переносном значении. Здесь неуместны термины, конструкции и обороты, свойственные научному стилю речи.

Снижает выразительность школьных сочинений использование штампов, канцеляризмов, слов со сниженной стилистической окраской, неумение пользоваться стилистическими синонимами.

Правильность и уместность языкового оформления проявляется в отсутствии ошибок, нарушающих литературные нормы - лексические и грамматические (а в устной речи произносительные) - и правила выбора языковых средств в соответствии с разными задачами высказывания.

Речь – это один из видов общения, которое необходимо людям в их совместной деятельности, в социальной жизни, в обмене информацией, в познании, в образовании. Она обогащает человека, служит предметом искусства [3, 343].

Язык – это система условных символов, с помощью которых передаются сочетание звуков, имеющих для людей определённое значение и смысл: язык вырабатывается обществом и представляет собой форму отражения в общественном сознании людей их общественного бытия. Основное значение языка заключается в том, что, являясь системой знаков, он обеспечивает закрепление за каждым словам определённого значения

Список литературы:

1. Формирование коммуникативно-речевых умений младших школьников в процессе изучения текста // http://www.dissercat.com

2. Контроль за сформированностью речевых умений учащихся // http:// litirus.ru/prepodavanie/

3. Жумабекова С.С. Речевые уроки русского языка - средство развития коммуникативных способностей учащихся // Духовность и экономика: проблемы становления человеческого капитала: Материалы международной научно-теоретической конференции, КЭУ, 15 марта 2010 г. Караганда, 2010.

ӘОК 81:37.016

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Сакимбаева Ж.А.
«Қарағанды тау-кен индустриалдық колледжі» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Бүгінгі таңда жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту бағдарламасының мазмұны бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше. Мұның басты себебі қазақ тілінің қазіргі қоғамдық мәнімен

байланысты. Қай қоғамда да тіл проблемасы болатыны белгілі шындық десек, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуіне орай, шешімін табуға тиісті күрделі мәселелер әлі де баршылық. Бұл жағынан білім беру саласында да атқарылуға тиісті ауқымды істер жетерлік.

Жаңа буын оқулығының бағдарламасы да осы мақсатты көздейді, сондықтан да оқулық «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» тақырыбынан басталады да, ұлттық тіл, оның пайда болуы, тарихи кезеңдері сияқты танымдық тақырыптағы мәліметтермен жалғасады.

Дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үшін, ең алдымен, қазақ тілінің заңдылықтарын үйреніп, айтылмақ ойды жазбаша түрде дәл әрі айқын етіп жеткізіп беру керек. Көркем әдебиет туындыларын мәнерлеп оқуды, іс қағаздарын мемлекеттік тілде толтыруды, ғылыми-зерттеу тілін, күнделікті ақпарат құралдарының зор мүмкіншіліктерін меңгеру қажет. Осыған орай оқулықта стилистика және тіл мәдениеті мәселелері қамтылған. Жалпы, дұрыс оқып, дұрыс жаза білудің, сауаттылықтың басты көрсеткіші – тыныс белгілерін жетік меңгеру. Сол себепті жаңа бағдарламада пунктуация арнайы жеке мәселе етіп алынып отыр.

Мектепте қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – ана тілінің қызметін жетік білетін, оны қарым-қатынас құралы ретінде емін-еркін пайдалана алатын тәлімді оқушы тәрбиелеп шығару. Ана тілі коммуникативтік қызметіне қоса, оқушының жалпы дүниетанымын, ойлау қабілетін қалыптастыратын маңызды құрал. Қазіргі таңда, қазақ тілі өзінің қоғамдық қызметіне шын мәнінде ие болып келе жатқан кезеңде, ана тілін оқыту – аса жауапты міндет. Оқу бағдарламасында қазақ тілін оқытуға қойылатын талап туралы: «Ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу», – делінген. Міне, осы мақсатты орындау бағытында мектептегі қазақ тілі пәнінің құрылымы мен білім мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілді. Олардың ең бастылары 9-сыныпта оқытылатын материалдардық көлемі мен мазмұнына қатысты.

9-сынып оқулығы «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» атты тақырыптан басталады. Қазақстан – егемен мемлекет. Егемен мемлекеттің өзінің мемлекеттік тілі болуы қажет. 9-сынып оқушысы ұлттық тіл және оның формаларын, мемлекеттік тіл және оның қолданылатын орындарын, «Тіл туралы Заңды» білуге тиіс, бұл тарих пәнімен сабақтастықты да білдіреді.

Екінші тақырып – «Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі». Зерттеулерде дүние жүзінде алты мыңға жуық тіл бар делініп жүр. Осы тілдер екі тұрғыдан: біріншіден, генеологиясына (шығу тегіне қарай); екіншіден, типологиясына (морфологиялық құрылысына) қарай топтастырылған. Туыстық жақындығы бойынша тілдер алпыс шақты үлкен-үлкен топқа бөлінеді. Мысалы: үндіеуропа тілдері, семит-хамит тілдері, кавказ тілдері, түркі тілдері т.б. Бұлардың әрқайсысы өз ішінде әлденеше топтар мен тармақтарға бөлінеді.

Қазақ тілі түркі тілдерінің батыс ғұн бұтағына, оның ішінде қыпшақ тобына жатады. Туыстығы жағынан қырғыз, қырым татары, татар, башқұрт, қарашай, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын.

Қазір Қазақстанда тіл үйренуге деген құлшыныс өте үлкен, ендеше балалардың өздері оқып, үйреніп жүрген түрік тілі осы түркі тілдер тегіне, оның оғыз тобына енетінін, қазіргі түрікмен, гагауыз, әзірбайжан тілдеріне біршама жақындау екенін, ал ағылшын тілі үндіеуропа тегіне, оның батыс герман тобына жататынын т.б. тілдер туралы айту оқушылардың танымын тереңдете түседі. Бұл арада 9-сынып оқушысы мұғалімнің жеке біліктілігіне де мән беретінін ұмытпау керек. Біздер бағдарламада көрсетілген оқушының міндетті меңгеру деңгейі деген мәселелер көлемінен шығып кетпеуді ойластырдық. Ал мұғалім сыныптың осы мүмкіндіктерін айқын көріп отырғандықтан, әрине, жеңілдетіп немесе толықтырып, тереңдетіп оқытуына болады. Бұл тақырыпты түсіндіргенде қаралатын екінші бір мәселе – тілдердің туыстастығын танытатын белгілер. Ол – алдымен, лексикада мағыналары бірдей, дыбысталуы жағынан өте ұқсас сөздердің болуы. Оқулықта ол кесте түрінде беріледі, оны жеке кестеге де түсіруге болады. Сонымен қатар грамматикалық құрылымдағы ұқсастықтар да айтылып, енді олардың әрқайсысының ерекшеліктері де бар екендігі, солар арқылы туыстас тілдер бірінен-бірі бөлінетіндігі дәлелденеді.

Қазақ тілінің пайда болып, қалыптасу тарихы туыстас тілдер тарихынан алшақ кетпейді, оның да тамырын тым әріден іздеуге болады. Бұл жерден тақырыптың тарихпен, көне дәуір әдебиетімен, түркология ғылымымен, тілдер тарихымен байланыстылығы келіп шығады. Ғалым Н.Баскаков түркі тілдері дамуын алты кезеңге бөледі. Халық тарихы, тіл тарихы сол

халықтың өзі жасаған әдеби, мәдени, рухани т.б. мұраларынан көрініс тапқан. Өкінішке орай, көшпелілер өмірінің алғашқы кезеңдері, әсіресе алтай дәуірі туралы жазба деректер жоқ. Ал ғұн дәуірі туралы мәліметтер басқа халықтардың жылнамаларында кездеседі, себебі сол кездегі Ғұн державасы басқа мемлекеттер үшін қаһарлы көрші болғаны белгілі. Бұл жерде оқушыға:

«Жазылмаған тарихымның жолдарын,
Ауызекі аңызыңнан іздедім»,

немесе:

«Сенің бүкіл болмысыңның тағдырын
Домбыраңның пернесінен іздедім...
Тарихымды жазудамын бүгін мен,
Бабаларым, сенің Ана тіліңмен», –

деп ақын М.Мақатаев айтқандай, тілдің тарихын білуге ниет еткен ұрпақ, «дайын» деректердің бар-жоғына қарамай-ақ, тарихтың көмескі тартқан соқпақтарынан керегін тауып алатынын, ол үшін үлкен ізденіс қажет екенін, бұл тек тіл сабағы үшін ғана емес, тарихпен де байланысып жатқанын айтқан жөн. Ол деректер халықтың жер-су атауларында, таным, наным туралы аңыз-шежірелерінде де жатыр. Қазақстанда қазақ халқының өткен дәуірлеріндегі мәдениетін бейнелейтін 25 мыңға жуық заттық мәдени ескерткіш бар, олардың, негізінен, Сыр, Отырар аймағында, Маңғыстау, Үстірт, Ұлытау төңірегінде, Талас-Шу аңғарында, Жетісу, Ертіс бойына шоғырланғаны туралы айтқан – белгілі қоғам қайраткері, этнограф-тарихшы Ө.Жәнібеков.

Мұндай деректерді айту барысында дидактиканың негізгі қағидаларының бірі – оқыта отырып тәрбиелеу, яғни оқушыны өз халқының тағдырына аялы сезіммен қарауға, отан сүйгіштікке тәрбиелеу сияқты мәселелер жүзеге асады.

Түркілердің құнды мұрасы – тас кітаптар. Оқулықта бұл туралы біраз дерек берілді, оқушыларға олардың суреті, көне ескерткіштер графикасы, яғни көне түркі жазуының кестесі көрсетілсе – артық емес.

Бұдан соң қазақ тілінің дамуына түркі тілдері дамуының орта кезеңінің әсері туралы әңгіме болады. Соңында қазақ тілінің өзіне өте жақын басқа тілдерден айырмашылығы көрсетілді.

Тақырыптарды түсіндіру кезінде дәріс әдісі қолданылады, сонымен қатар оқушылардың өздерін ізденіске жетелеу мақсатында шағын баяндама, реферат жазғызу да қажет-ақ. Оқулықта берілген жаттығулардың мақсаты әр түрлі екеніне назар аударған жөн. Олар: «Әл-Фараби», «Ең қиын тіл қандай?», «Қай тіл көп тараған?», «Құпия жазулар туралы», «Күлтегін ескерткіші», «Түркі халықтарының тілдері туралы» атты тақырыптарда берілген, бұлардан оқушылар өздері үшін тың, жаңа деректер, мағлұматтар алады.

«Күлтегін» ескерткішінен алынған үзіндіге орай алдымен қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздерді (тәңір, бол, есіт, біл, тыңда, ұл, бір, бек, отыз, тоғыз т.б.) тауып, олардың бүгінгі дыбыстық өзгерісіне көңіл аударып, кестесін жасатуға болады. Бұл сөздерден осы күнгі түркі халықтары тілдеріндегі ассимиляция, сингармонизм заңдылықтарын да байқаймыз.

Ал «Күлтегін» ескерткішінен алынған шағын үзіндінің тақырыбын, идеясын талдау арқылы батырдың, елбасының бейнесін жасауға болады:

«Өлімші халықты тірілттім,
Жалаңаш халықты тонды қылдым».

Ел қамқоры, елі үшін еңіреп туған ерлердің сонау замандардан-ақ халықтың үзілмес арманы болып келе жатқандығын, ондай қаһармандарына халық алғысы мәңгілік екендігін ауыз әдебиетіндегі батырлар жырымен салыстыру арқылы түсіндіруге болады. Ал жырдың тек әдеби мұра ғана емес, тарихи, мәдени, тілдік мұра екенін де ескерту орынды. Сөз мағынасының ауысуы, кеңеюі сияқты мәселелерді оқушылар біледі, ендеше осындағы сөз мағынасына талдау жасап, *«тірілттім»* сөзінің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғаны, *«тон»* сөзі бұрын жалпы киім дегенді білдірсе, қазіргі мағынасы тарылып, киімнің бір түрін білдіретіні айтылады. Халықтың әлеуметтік, қоғамдық дамуымен бірге, тіл дамып, байып отырады.

Келесі жаттығу морфологиялық және фонетикалық ұғымдарды тереңдету мақсатында орындатылады. Көптік жалғауының түркі тілдерінде дыбыстық нұсқасы жағынан әр түрлі болуы, ең алдымен, буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің қалыптасу дәрежесін көрсетеді. Қазақ тілі – буын үндестігі қатаң сақталатын тіл.

Даналық тамыры – тереңде, ғасырлар қойнауында. Оған ата-бабаларымыз қалдырып кеткен мақал-мәтел, нақыл сөздер дәлел. Бұл тақырыптағы жаттығуларды орындату, күні бүгін

естіп-біліп жүрген сөздердің соншалықты ерте замандарда пайда болғандығы бала сезіміне ерекше әсер етеді, халық ойының тереңдігін, халық даналығы өшпейтін, мәңгі жалғасып, халықпен бірге жасайтын мұра екендігін сезіну оқушының халқына, оның тарихына деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады, оны сыйлауға, сүюге үйретеді. «Даналық тамыры – тереңде» немесе «Өз халқының ой байлығын білмеген адамды мәдениетті адам деуге бола ма?» деген сияқты тақырыптарда пікірталас өткізуге болады, ол оқушылардың өз пікірін жүйелеп, ойын дәлелді айтуға, қисынды жазуға, сауатты сөйлеуге үйретеді.

Бағдарламада берілген танымдық мақсаттағы екі тақырып лекциялық әдіспен түсіндіріледі, ол үшін материалды мынадай көлемде жүйелеп алуға болады:

1. «Тіл – қарым-қатынас құралы» дегенді қалай түсінеміз?

2. Ұлт тілі және оның қалыптасу жолы.

3. Ұлт тілінің құрамы жағынан біркелкі болмайтыны, оның жалпы халыққа ортақ, түсінікті, қалыптасқан жоғары формасы – әдеби тілі және ауызекі сөйлеу тілі болатыны, сондай-ақ белгілі аймақтарда қолданылатын, жергілікті ерекшеліктері бар бөлігі болатыны, оның диалектілер деп аталатыны туралы.

4. Әдеби тіл, оның ерекшелігі, лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, стильдік нормалары туралы.

5. Қазақтың ұлттық тілінің Қазақстанның мемлекеттік тілі екендігі. Мемлекеттік тіл және оның қызметі, қолданылатын орындары туралы.

6. «Тіл туралы» заңның қабылдануы, оның себептері туралы. Жаттығу материалдарының төмендегідей жүйеде орындалғаны жөн:

Мәтіннің мазмұнына ерекше назар аудартуды көздеу. Өйткені мәтін – ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби туралы. Мәтінді оқу арқылы оқушы даналыққа барар жол – мектеп, медреседен басталатынына зер салады. Ұлы бабамыз Бағдатқа дейінгі жолында көптеген елдерді аралап, солардағы бар жақсы білімді алады. «Іздеген жетер мұратқа» дегендей, бұл жолдың әл-Фарабиді ғылымның әр саласында еңбек етуіне апарар жол болғанын оқушы санасына жеткізуге тырысу керек. Келесі кезеңде тілдік талдау жасауға болады:

– қазақтың төл сөздерін атаңдар;

– басқа тілден енген сөздерді теріп жазыңдар, олардың қай тілден енгенін, өмірдің қай саласында қолданылатынын айтыңдар;

– атақты, ойшыл, ат, ұстаз, қала сөздерінің синонимдік қатарларын жасатыңдар;

– көне сөздерді, сөз тіркестерді тауып, мағынасын ашындар, олардың, қандай мәтінде қолданылып тұрғанына көңіл аударыңдар;

– жаңа мәнге ие болған сөздер, жаңа сөздер бар болса тауып, мағынасын ашыңдар;

– тұрақты тіркестерді, ауыспалы мәнде қолданылып тұрған сөздерді көрсетіңдер;

– кәсіби сөздерді, диалектілерді табыңдар;

– мәтіндердің ұлттық тілдің қай тармағына сай келіп тұрғанын табыңдар;

– қай мәтін әдеби тілде жазылған деп ойлайсыңдар? Тек диалектілермен немесе ауызекі сөйлеу тілінде қарым-қатынас жасауға бола ма?

– мәтіндерден ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін, диалектизмдерді көрсетіңдер;

– бұл мәтіндердің тілдің қоғамдық өмірдегі қай қызметін көрсетіп тұрғанын анықтаңдар, мемлекеттік тіл қоғам өмірінің тағы қай саласында қолданылуға тиісті екенін айтындар.

Жаттығуларды осылай жүйелеп алған соң мұғалім оқушылардың таным деңгейін көтеруге, оларды еңбекке баулуға, халық тұрмысының ерекшелігін танытуға, халықтың әдет-ғұрпын қадірлеуге, отан сүйгіштікке, ата-ананы қадірлеуге, ізденгіштікке тәрбиелеу сияқты үлкен мақсатын орындай алады деп сенуге болады. Осыдан кейін «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Жеті жұрттың тілін біл», «Басқа елді тануға апарар жол – ана тілің» сияқты тақырыптардың біріне пікірталас өткізу тиімді. Сол арқылы оқушы мемлекеттік тіл, оның қолданылатын орындары және қазіргі жағдайы туралы ойланады, толғанады.

Осылайша сабақтың – өткенді қайталау емес, енді меңгерілетін білімге негізделетін сабақ екенін сезіндіру аса маңызды кезең болып табылады.

Жалпы, оқулықта беріліп отырған мәтіндер жаңа бағдарлама қойып отырған талапқа сай, негізінен, тұтас (жеке-жеке сөйлем емес) берілді. Мәтіндердің мазмұны терең, танымдық мәні жоғары болуы міндеттеледі.

УДК 811.512.141

СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО ЭТИЧЕСКИХ КОНЦЕПТОВ В БАШКИРСКОЙ ПРОЗЕ

Самситова Л.Х.
Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмуллы, г. Уфа, Республика Башкортостан, Российская Федерация

Культура, национальный менталитет, национальное сознание народа больше всего проявляется в прозе. Об этом свидетельствуют культурные концепты, функционирующие в художественных текстах. Исследование культурных концептов башкирской языковой картины мира на материале художественных текстов способствует выявлению этнических особенностей стиля мышления башкир как образа культуры, являющегося одним из аспектов духовной культуры.

Основу культурных концептов составляют этические концепты. В «пространствах этики» важное место занимает исследование этических концептов: *совесть, честь, грех, долг, стыд, истина, благо, ложь* и т.д.

Как отмечает З.А. Бербешкина, “совесть – это способность личности осуществлять моральный самоконтроль, самостоятельно формулировать для себя нравственные обязанности, требовать от себя их выполнения и производить самооценку совершаемых поступков» [Бербешкина, 1986: 4]. «Совесть» имеет рациональное основание и базируется на рефлексии человека над собственными поступками и действиями других людей.

Совесть *(намыҫ, иман, выждан)* один из определяющих этических категорий в башкирской языковой картине мира. На материале художественных произведений башкирских писателей выявлены примеры сочетаемости слова с предикатами, имеющими значение наличия и отсутствия совести: *Ах, **выжданһыҙ**, бүкән!* (З. Биишева. Емеш, 98-се б.). *Фәйзрахман ағай таяғын мөйөшкә һөйәне, ауыр көрһөндө, бер аҙ ултырғас, асыу менән әйтте:*

*– Юл төҙөү эшендә йөрөнөм тигән булаһың тағы. Нимәкәйгә кәрәк миңә уларҙың премияһы! Шул харам премияны ала буламмы? **Намыҫым** етмәй минең уға!* (Н. Мусин, Ауылым юлы, 526-сы б.). *Мин шулай уйлайым: беҙҙең **иман** йырҙарыбыҙҙа, хикәйәттәребеҙҙә* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 466-сы б.).

Существуют:

- действующая совесть (она подсказывает человеку, какой поступок ему следует совершить): *Төн ҡараңғылығында атлауын атлай ҙа Гөлбаныу. Яҡтырғас нимә эшләр ул? Төндә бысранған **намыҫын** ни менән йыуыр?!* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 41-се б.))

- догоняющая совесть (помогает оценить свои действия после их свершения): *Ниндәй **выжданы** етеп танытһын ул үҙен? Ниндәй намыҫ менән төйәген, йортон, ата-инәһенең йылы ҡосағын, хатта ҡыҙ **намыҫын** ошо сабыйға алыштырған, төртмәйенсә лә йығылырға торған сибек был ҡыҙға үҙен, баланың әсәһе мин булам, тип таныштырһын?* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 68-се б.)). В романе Т. Гариповой “Буренушка” много примеров, относящихся ко второй группе. Например: *Тынлыҡ урынлашты. Сәйфулла өнһөҙ генә сәй һөлпөлдәтте, Азат үҙ уйҙарына бирелде. Теге саҡ, шәңгәрәйҙе ерләгәндә, был ата партизан **иманға** ултырған кеүек күренә ине. Һәр хәлдә Мирхәйҙәровҡа ул шулай тойолғайны* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 690-сы б.).

Концепт «намыҫ» социально значим, его сохраняют до конца жизни перед кем-либо: *Бына мин ауылдар буйлап үттем. Хоҙай йортон бары бер ауылда осраттым, ә халыҡтың **иманы** сәләмәт. Был ниҙән?* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 465-се б.). *Ләкин мин һинең «дөрөҫ» кенә түгел, **иманлы** кеше икәнеңде лә беләм* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 470-се б.).

Семантическая структура концепта «намыҫ» включает в себя нравственные нормы жизни, такие, как щедрость *(йомартлыҡ),* великодушие *(киң күңеллелек),* справедливость *(ғәҙеллек, хаҡлыҡ, дөрөҫлөк),* честность *(намыҫлылыҡ),* правда *(хәҡиҡәт): Һуғыштан атаһы имен-һау ҡайтты, аҡыллы, **киң күңелле**, **йомарт**, эшсән, уҡымышлы Әптеләхәтте осратты, Мәскәү һынлы Мәскәүгә уҡырға инде, ҙур-ҙур музыка белгестәренән белем алды, үҙе өсөн йәнен бирергә риза дуҫтар тапты, улы тыуҙы, ире йәһәннәмдең үҙенән ҡайтып төштө, беренән-бере матурыраҡ ҡыҙҙары донъяға килде, Барсынбикә өләсәһе уны килеп тапты, ауыл*

күрке булырҙай өй ҳалдылар, баҡса үҫтерҙеләр, улы армиянан имен ҡайтты, Әбүбәкер ҙур уңыу йортона инде, ә үҙе күпме кешеләр күңелен йырҙары менән байытты, йырҙар уны үҫтергән кеүек, ул да халҡы йырҙарының ғүмерен оҙайтыштыһ (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 601-се б.).

– *Әгәр **хәҡиҡәт, ғәҙеллек** тип даулаша башлаһаң, аҙағы дар ағасы йә булмаһа Иисусты көткән яза менән тамамланасаҡ, тине Давид, һаҡалын нәҙек оҙон бармаҡтары менән семтеклəй-семтеклəй* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 324-се б.).

Концепт «гөнаһ» (грех) как компонент входит в парадигматическое поле концептов «совесть (намыҫ) – стыд (оят) – вина (ғәйеп) – грех (гөнаһ) – страх (ҡурҡыу) – месть (үс) – проклятие (ҡарғыш)» и тема его распознавания и разграничения составляет текстовую доминанту диалогов и монологов.

Совесть человека, отделяя доброе от злого, порождает чувство стыда за недостойные поступки, побуждая помнить о необходимости оставить о себе добрую память [Татарова, 2003: 109]. *Оят (стыд)* имеет нравственную основу и является побудителем совести и одной из ярких форм ее эмоционального выражения. Понятие *оят* – неприятное ощущение, смущение личности после совершения каких-либо отрицательных поступков, которое проявляется на социальном уровне: "*Уф! **Ояты** ни тора… Берәйһе күрһә… Былай ҙа…*".

– *Ул, һыйырҙарға ышыҡланып, сүкәйеп ултырҙы* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 351-се б.). ***Оят** та, ауыр ҙа булыр* (З. Биишева. Емеш, 43-сө б.).

Концепт «оят» тесно связан с концептом «ғәйеп» (вина). «Оят» и «ғәйеп» выполняют регулятивную функцию в башкирском социуме. Стыд проявляется в том случае, если человек осознает ошибочность собственных действий. Они являются важнейшим, сформированным культурой внутренним механизмом, контролирующим соблюдение человеком общественных нравственных норм. Различие между культурными феноменами стыда и вины заключается в том, что первый из них сфокусирован на внешней оценке релевантных для того/иного социума явлений культуры, а второй ориентирован преимущественно на самооценку индивида [Дженкова, 2005: 6]. Но человек не осознает ошибки молодости: ***Ғәйеп** итмәйем, йәшлекте **ғәйеп** итеп буламы ни?!* (З. Биишева. Емеш, 87-се б.).

Концепт «намыҫ» является антиподом концепта «гөнаһ». Гөнаһ – чувство вины, связанное с совестью; предосудительный поступок, который не отвечает нравственным законам. В башкирской языковой картине мира концепт «гөнаһ» является одним из основных концептов. Грешный человек – это тот человек, который нарушает религиозные и нравственные законы. По религиозным верованиям башкир, грешного человека бог не любит. Если не в обыденной жизни, то на том свете он его накажет. В художественных произведениях башкирских писателей часто употребляются понятия, связанные с грехом: *Ярабби, уйлайым-уйлайым да, ахыры, донъялыҡта ҡылған иң ҙур **гөнаһым** шулдыр тиеһ* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 471-се б.). *Эйе, бынан һуң һиңә үҙ йүнеңде үҙеңә күрергә тура киләсәк, мин үҙемдең тауҙай **гөнаһым** менән башҡаса әҙәм күҙенә күренергә йөрөргә теләмәйемһ…* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 657-се б.).

Ҡурҡыу (страх) является одной из доминантных эмоций человека: страх перед явлениями природы, страх войны, страх за свою жизнь, за жизнь близких людей, страх перед неизвестным будущим. В мировоззрении башкир концепт «ҡурҡыу» имеет несколько значений: 1) кто-то пугает, угрожает; 2) чувство вины; 3) страх, связанный с мифологическими образами; 4) чувство приближения опасности и т.д. В башкирской прозе встречаются все виды страха: *Ҡараңғыла оҙон кәртәгә яңғыҙы барып инеү әллә ҡайһылай, **ҡурҡыта*** (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 286-сы б.). *Күк күкрәгән, йәшен ялтылдаған һайын, әле лә уның йөрәге **ҡурҡыуҙан** атылып сыға яҙа* (З. Биишева. Емеш, 63-сө б.). *Тик уларҙың алтынын элек бай шунда уҡ тартып алған… **ҡурҡытып**, алдап* (З. Биишева. Емеш, 88-се б.).

Үс (месть) – расплата за причиненный вред, зло. В башкирской языковой картине мира концепт «үс» встречается редко. Это объясняется тем, что у башкир с древнейших времен не было чувства мести к кому- или чему-либо. Если она и была, то проявлялась в борьбе за справедливость. Закон кровной мести назывался *ҡарымта*. Он вступал в силу, если кто-то был убит при конфликтах с чужими. Карымта со временем приобрела новое содержание. «Она стала не только средством мщения за пролитие крови, но и распространилась на такие явления, как умыкание девушек и хищение имущества. Из средства кровной мести карымта превращается в универсальное средство защиты» [Валеев, 1989: 76]. Постепенно обычай

кровной мести был заменен на *барымту*, где за причиненный моральный и материальный ущерб платили не местью, а определенным количеством скота, похищения женщин и грабежа имущества.

Башкиры – справедливый и свободолюбивый народ. Как отмечает З.Н. Рахматуллина, «героическая смерть за свободу, за справедливость была оправданной в их глазах, была важнее трудовых будней, только в подвиге человеческое существование обретало подлинный смысл и истинное значение» [Рахматуллина, 2007: 89]. В романах концепт «*үс*» используется и при описании отношения народа, который борется за справедливость, и по отношению врагов, которые не хотят сдаваться: *Ҡанмаған **үс**... Һуғыштың тәүге йылдарында, илебеҙ ғазаптарынан йән әрнегәндә, ҳалдат кейеме кейгән һәр бер немецты биш тапҡыр үлтерерлек **үс** йөрөтә инек күңелдә. Үлтерергә! Мылтыҡ атҡан сағындамы, йоҡлаған, ашаған, ғибәҙәт ҡылған ерендәме – үлтерергә! Аҡ сәсле ҡартмы йәки мыйығы сыҡмаған һеләгәй малаймы – үлтерергә! Был нәфрәтте беҙҙең күңелгә улар үҙҙәре ҳалды* (М. Кәрим. Оҙон-оҙаҡ бала саҡ, 449, 450-се б.).

Концепт «ҡарғыш» (проклятие) в произведениях башкирских писателей встречается очень редко: *Әсәһе генә, ниҙер һиҙенгәндәй, Ихсанбайҙар йәшәгән яҡҡа ҡарап әленән-әле йоҙроҡ төйҙө, ҡуҡыш тоҫканы, Хоҙайҙан биттәренә ҡара яҡҡан, ҡыҙын ғүмерлек бәхетһеҙ яһаған бәндәгә үлем һораны, **ҡарғыш** яуҙырҙы* (Т. Ғарипова. Бөйрәкәй, 605-се б.).

Концепт «hayап» (сауап) является антиподом концепта «гөнаһ». В башкирской языковой картине мира «hayап» (вариант сауап) является одним из основных концептов, репрезентирующих внутренний мир человека. Концепт «hayап» не имеет эквивалента. Безэквивалентное слово, если оно не заимствовано, нельзя выразить на иностранном языке с помощью точного соответствия, однословного перевода. «Һayап» – одна из самых главных нравственных ценностей башкир. Это – добро, доброе дело по отношению к кому-либо. Помощь, щедрость, даже посадка дерева считается *һayап.* По религиозным поверьям, *һayап* будет тому, кто делает добро и когда нужно, этому человеку бог приходит на помощь, защищает его:

*– Изгелек ҡылған кешегә **сауабы** ҙур була, ти, ҡыҙым...* (Я. Хамматов. Ҡара яу. С. 35).

– Мәсеткә барығыҙ, – тине Данир ахыр ҙа белдекле генә. – Хәйер ҳалығыҙ.

*– Эйе шул. Һин эйәрһәң дә, **сауап** булыр, – әсәһенең тәкдименә егет ҡаршы төшмәне. Ярата ла, юҡһына ла Данир өләсәһе мәрхүмәне* (С. Шәрипов. Зәңгәр катер, 95-се б.).

Бинарная оппозиция «hayап – гөнаһ» также универсальна: *Ҡояш үлсәү йондоҙлоғо яғына күсәсәк иң оҙон көндө атаны ул. Нәҡ шул мәлдә күк үлсәүендә **сауаптар** һәм **гөнаһтар** нисбәтен иҫәпләүгә әҙерлек, ҡайһы йәндәрҙе ҡояш артынан артабан үткәреү, ҡайһыларын был яҡта ҡалдырыу мәсьәләһе хәл ителә башлай* (Б. Рафиҡов. Үлсәү йондоҙлоғо, 79-сы б.).

Таким образом, анализ этических концептов показывает, что в башкирской лингвокультуре имеется разветвленная система этических оценок. Нравственные нормы жизни, входящие в семантическое пространство этических концептов, отражены в художественных произведениях, что позволяет ясно представить башкирскую языковую картину мира.

Список литературы:

1. Бербешкина З.А. Совесть как этическая категория. – М.: Высш. шк., 1986. – С.4.

2. Валеев Д.Ж. Нравственная культура башкирского народа: прошлое и настоящее. – Уфа, 1989. – С.76.

3. Дженкова Е.А. Концепты «стыд» и «вина» в русской и немецкой лингвокультурах: Дисс. канд. филол. наук. – Волгоград, 2005. – С.6.

4. Рахматуллина З.Н. Менталитет башкир: сущность, характеристики: Монография. – Уфа: БГУ, 2007. – С.89.

5. Самситова Л.Х. Культурные концепты в башкирской языковой картине мира: Монография / Научн. ред. М.В. Зайнуллин. – Уфа: Гилем, 2015. – 360 с.

6. Татарова Б.Р. Языковая концептуализация понятия «совесть»: Материалы всероссийской научной конференции студентов, аспирантов и молодых ученых. Т. II. – Нальчик, 2003. – С.109.

УДК 811.512.141

ПОЗДРАВЛЕНИЯ И ПОЖЕЛАНИЯ КАК КОНЦЕПТ (НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОГО, РУССКОГО, БАШКИРСКОГО ЯЗЫКОВ)

Самситова Р.И., Семенова Н.В.
Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмуллы, г. Уфа, Республика Башкортостан, Российская Федерация

В современной лингвистике слово рассматривается не только как лингвистическая категория, но и как концепт культуры (единица, совмещающая в себе лингвистику, мышление, знание, культуру).

Полным является исследование концепта, проведенное З.Д. Поповой и И.А. Стерниным. Под концептом ученые понимают «глобальную мыслительную единицу, представляющую собой квант структурированного знания» [Попова, Стернин, 2002: 3].

Однако до сих пор нет единого определения этого термина. Под концептом мы, вслед за Е.С. Кубряковой, понимаем основной вид ментальных ресурсов: «концепт – термин, служащий объяснению единиц ментальных или психических ресурсов нашего сознания и той информационной структуры, которая отражает знание и опыт человека; оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга, всей картины мира, отраженной в человеческой психике…» [Кубрякова, 1996: 93].

На сегодняшний день поздравления и пожелания входят в область малоизученных явлений, поэтому данная тема является весьма актуальной. Под *поздравлением* понимается приветствие по поводу приятного, радостного события в жизни адресата, включающее приятные пожелания в адрес получателя.

По мнению С.И. Ожегова и Н.Ю. Шведовой, пожелание – высказанное желание, мнение о желательности осуществления чего-нибудь; поздравление – приветствие по случаю чего-нибудь приятного, радостного [Ожегов, 2005: 546, 547].

В обществе поздравление и пожелание в соответствующей ситуации считается нормой, естественным явлением, но, с другой стороны, при отсутствии ожидаемого поздравления, пожелания автоматизм нормального общения нарушается, отсутствие конвенционального акта освежает его прямое, неконвенциональное значение, и человеку, которого не поздравили, становится некомфортно. Значимость в культуре и в целом в жизни общества таких явлений, как приветствие, прощание, поздравление и пожелание, благодарность и мн. др., неоспорима, поэтому анализ поздравлений и пожеланий, а также стоящих за ними речевых действий, представляется целесообразным [Козельская, 2004: 7].

Семантическая структура концептуального поля «поздравления и пожелания» (congratulations and wishes) включает в себя концепты «gratitude» / «благодарность» / «рәхмәтле булыу», «apology» / «извинение» / «ғәфү үтенеү», «farewell» / «прощание» / «hаубуллашыу», «condolence» / «соболезнование» / «ҡайғы уртаҡлашыу». Следует отметить, что в английском языке концепт «поздравление» обозначается через слова congratulation (при поздравлении с каким-либо достижением) и greetings (с каким-либо праздником); концепт «пожелание» – через слова wish (в значении пожелания в честь праздника) и desire (в значении желания, мечты). Башкиры те же самые концепты передают через различные варианты слов. Концепт «поздравление» может быть выражено через такие лексемы, как «ҡотлау», «тәбрикләү», «туйлау»; концепт «пожелание» – через «теләк», «ниәт», «сама» [Ураҡсин, 1985: 92]:

Концепт «поздравление» вбирает в себя следующие понятия: *salutation / приветствие / сәләмләү, greeting / пожелание/теләк, success / успех / уңыш, luck / удача / уңыш, a holiday / праздник/байрам, a gala lunch / dinner / торжественный обед / ужин / тантаналы аш мәжлесе, a pleasant / joyful event/приятное / радостное событие /, ҡыуаныслы/шатлыҡлы ваҡиға, a congratulator / поздравитель / ҡотлаусы*, *a greeting card / поздравительная открытка / ҡотлау открыткаһы, a gift / подарок /, presentation of the gift /вручение подарка/бүләк тапшырыу, gratitude / благодарность / рәхмәт белдереү, congratulatory word / поздравительное слово / тәбрикләү һүҙе, the expression of joy or sympathy / выражение радости или сочувствия/ҡыуаныу йәки хуплауҙы белдереү, Happy St. Valentine's Day! / С днем святого Валентина! / изге Валентин көнө менән!* и др.

Пожелание реализуется чаще всего за поздравлением и прощанием, которые являются для пожелания, таким образом, левыми горизонтальными репликами. В концептуальное поле *пожелания* входит следующий ряд понятий: *good / добро/яҡшылыҡ, pleasant / приятное / күңелгә ятышлы, salutation / приветствие / сәләмләү, farewell / прощание / һаубуллашыу, holiday / праздник / байрам, proposal / предложение / тәҡдим, demand / требование/талап, gratitude / благодарность / рәхмәт белдереү, the expression of hope*, *desire / выражение надежды, желания / өмөт, теләк белдереү, health / здоровье / һаулыҡ, happiness / счастье / бәхет, love / любовь / мөхәббәт* и др.

Семантическое пространство концептов «поздравление» и «пожелание» включает в себя понятие *a gift / подарок / бүләк,* которое в речи адресата звучит следующим образом: Let me give you a gift/Разрешите/позвольте вручить Вам подарок! / Һеҙгә бүләк тапшырырға рөхсәт итегеҙ!; Please accept my humble gift / Примите мой скромный подарок/Минең бәләкәй генә бүләгемде ҡабул итегеҙ!; (And) this is my gift / (А) это мой подарок / (Ә) был минең бүләк и т.д.

Взаимодействие языка и культуры особо ярко прослеживается через функционирование слова-концепта в пословицах и поговорках. Во всех трех языках проходит мысль, что главное не подарок, а внимание: Don`t look a qift horse in the mouth/Дареному коню в зубы не смотрят/Дөйә лә бүләк, төймә лә бүләк.

Концепты «поздравление» и «пожелание» репрезентируются через понятие *тост*, которое встречается во всех трех контрастивных языках. Как отмечает Л.М. Зайнуллина, тост связывается с понятиями «поздравление» и «пожелание». Но, к сожалению, в современном обществе тост заканчивается предложением поднять бокалы. Такое явление показывает, что в корне меняется менталитет народа. Тосты у англичан чаще всего встречаются в следующих вариантах: – *To your health!* – Һеҙҙең һаулыҡ өсөн! – За Ваше здоровье!; – *To peace and friendship!* – Тыныслыҡ һәм дуҫлыҡ өсөн! – За мир и дружбу!; – *To friendship and cooperation!* – Дуҫлыҡ һәм хеҙмәттәшлек өсөн! – За дружбу и сотрудничество! [Зайнуллина, 2000: 40].

После проведенного анализа можно сказать, что в лексико-семантическом поле концептов «поздравление» и «пожелание» разноструктурных языков имеются, как сходства, так и различия. Сходства в том, что у всех трех народов поздравления и пожелания имеют широкое употребление. Но если англичане в большинстве случаев используют однообразные, клишированные фразы, то у русских и башкир, напротив, высказывания красочные, эмоциональные и индивидуальные.

Таким образом, концепты «поздравление» и «пожелание» раскрывают сущность менталитета и мышления англичан, русских и башкир как систему моральных ценностей, как основы этической культуры и как регулятора разнородных отношений, являясь важной частью воспитания современного человека, в частности цивилизованного общества и культурно-компетентной страны в целом.

Список литературы:

1. Зайнуллина Л.М Сәләм, Башҡортостан! Hello, Bashkortostan! Привет, Башкортостан!: Башкирско-англо-русский разговорник. – Уфа: Китап, 2000. – С.40, 41.

2. Козельская И.В. Синтаксическая структура и компонентный состав диалектных устойчивых выражений со значением недоброго пожелания как отражение мировосприятия носителей говоров: Дисс. канд. филол. наук. – Орел, 2004. – С.7.

3. Кубрякова, Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Т., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996. – С.93.

4. Нуриахметов Г.М., Хизбуллина Д.И. Башкирские, русские и английские пословицы и поговорки. – Уфа: Китап, 2002. – 96 с.

5. Ожегов, С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 2005. – С.546, 547.

6. Попова, З.Д., Стернин С.А. Язык и национальная картина мира. – Воронеж: Истоки, 2002. – С. 3.

7. Саяхова Л.Г. и др. Русско-башкирские речевые параллели: Пособие для изучающих башкирский язык. – Уфа: Китап, 1995. – 64 с.

8. Ураҡсин З.Ғ. Башҡорт теленең синонимдар һүҙлеге / Т.М. Ғарипов редакцияһында. – Өфө: Башҡортостан китап нәшриәте, 1985. – С.92.

ӘОК 398

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ СӨЗ КӨРКЕМДІГІ МЕН ТІЛ ӨРНЕГІ

Сейтжанова А.С., Шекен Ж.
«Болашақ» академиясы», Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Эпостың көркемдік бейнелеу құралдары сюжет құрайтын элементтердің қатарына жатпайды. Дегенмен олар сюжетті көркемдеуге, эпоста жырланатын түрлі оқиғаларды айшықтауға, табиғат пен тұрмыс-тіршіліктің көріністерін бейнелеуге тікелей қатысады. Әсіресе, олардың образдар жүйесін жасаудағы қызметі айрықша.

Көркемдік бейнелеу құралдарын жеке-жеке алып қарайтын болсақ, олардың функциясы, шығарманың көркемдік кестесін өрнектеудегі ролі бірден көзге түсе бермеуі мүмкін. Алайда олардың тұтас тұрған қалпында эпостың жанрлық, тақырыптық, идеялық болмыс-бітіміне лайықты жүйе құрайтынын байқаймыз.

Себебі көркемдік бейнелеу құралдарының қолданылуы бір жағынан шығарманың жанрлық, идеялық-тақырыптық өзгешеліктерімен байланысты болса, екінші жағынан олар сол шығарманың стилдік өрнектерін де айғақтайды.

Көркемдік бейнелеу құралдарының қызметі текстегі өзге де толып жатқан компонеттердің функциясымен байланысты. Олар өзара күрделі қарым-қатынастарға түсу арқылы тұтас шығарма жасайды және ондай қарым-қатынастардың сипаты нақтылы шығарманың тақырыптық, идеялық бағытына қатысты болып келеді. Онсыз эпостық жырлардың түрліше болуы мүмкін емес.

Батырлар жырында кең таралған, мағынасы бірдей эпитеттер, теңеулер /троптың/ түрлері бола береді. Тұтастай алғандай олар эпостың ортақ белгілерін, дәстүрлі сипатын көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде көптеген эпостық жырлардағы ұқсас, мағынасы бірдей көркемдік бейнелеу құралдарың рет-ретімен тізіп шығу қиынға түспейді. Алайда контекстен, өзге компоненттерден жеке-дара бөлініп алғандықтан, оларды салыстырып шығу формальді түрде ғана болады. Көркемдік бейнелеу құралдарының ерекшеліктерің өз орнында, өзге компоненттермен алып, әрі осындай байқаудың нәтижесінде анықталған заңдылықтарды салыстыра қарастыратын болсақ – ол шын мәнінде жүйелі типологиялық зерттеудің объектісі болады [1, 70].

Батырлар жырының сюжеті мен композициясын сөз ету барысында біз мотивтерді сюжеттердің ең төменгі жинақтаушы, ұйымдастырушы компоненті ретінде қарастырдық. Ендеше мотивтер мен эпикалық тәсілдердің, көркемдік бейнелеу құралдарының бір-біріне атқаратын қызметі жағынан байланысты екендігіне ой жіберу қиын емес. Себебі мотивтердің құрылысы көркемдік бейнелеу тәсілдерінің қызметі мен эпикалық баяндау формаларының деңгейінде анықталады.

Мотивтердің қызметі сюжет аясымен ғана шектелмейді. Олар іс жүзінде сюжеттен тыс композициялық тәсілдермен де тығыз қарым-қатынаста болады. Осыдан болар сюжеттің өрбу кезеңдерімен тікелей байланысы жоқ, сюжет құруға қатыспайтын мотивтерді ғылымда өзінше жіктеу тәжірибесі орын алып келеді.

Ондай мотивтерге кейде ат қойып, айдар тағылса (мотив-мінездеме, мотив-суреттеу), кейде арнайы бөліп алмай-ақ композициялық тәсілдермен бірлікте қарастырылып жатады. Осындай композициялық тәсілдердің бірі – қарама-қарсы қойып суреттеу (контраст) [1, 262].

Бұл тәсілдің іс жүзіндегі көрінісі – қаһарманды жау батырына қарсы қойып суреттеу, өзімдікі және жаудікі дейтін ұғымдарды (ел, жер, тіршілік, әдет-ғұрып) өзара жіктеу. Қарама-қарсы қойып суреттеудің оқиға өрбуіне қатысы аз болғанымен сюжеттің әлеуметтік астарын, мән-мазмұнын өрнектеуде таптырмайтын тәсіл екені даусыз.

Эпостың қаһарманы асқан күш иесі. Ол тумысынан бөлек. Соған лайық оның жаулары да осал емес, батырмен тең түсіп жатады. Күші жағынан екі жақтың батыры да өзгелерден оқшауланып шығады. Қаһарман өзінің жауын үлкен қиындықпен жеңеді. Кейде жау батырына ешкім тең келмейді.

Жетіп келді Қараман,
Алпамыстың қасына,
Қолындағы күрзімен
Кетті салып басына.

Осы ұрған күрзіге
Құлар еді шапқанда
Қойқапты тауы, тасы да... [2, 111].

Эпос батырларын жау батырларына қарама-қарсы қойып суреттеу іс-жүзінде мотив-мінездеме арқылы көрінеді.

Мотив – мінездеменің тағы бір қызметі – бас қаһарманды даралап көрсету. Бұл тәсіл батырды өзгелерден оқшау, ерекше етіп көрсету үшін қолданылады. Эпостық экспозициясынан бастап-ақ болашақ қаһарманның өзгеге ұқсамайтындығы байқалады [3,123]. Жалпы алғанда батырдың ғажайып тууы, тездетіп өсуі оны даралап, айрықша күн иесі етіп бейнелеуде аса маңызды роль атқарады. Қаһарманды өзгелерден бөліп, ерекше етіп көрсетуде ұлғайту (гипербола) тәсілі де кең қолданылады. Қазақ эпосында батырдың іс-әрекеті, күші, соғыс картиналары, батырдың тұлпар аты, оның шабысы ерекше ұлғайтылып суреттеледі. Мысалы: «Бір күндері Алпамыс ойнауға бала таба алмай жалаңдап келе жатып бір өрмек құрып отырған кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы көріп: - ей, бала, тұр ойнайық, - деп, түртіп қалса, бала ұрғанын көтере алмай өліп қалады» [2, 100]. Немесе:

Атса мылтық өтпейді,
Шапса қылыш кеспейді...
Суға салса батпады,
Ұйқыдан бала қайтпады [2, 127].

Және Байшұбар аттың шабысы:

Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Шу дегенде жануар
Ұшқан құстан озады [2, 120] сияқты ұлғайту «Алпамыс» жырында кездеседі.

Ұлғайту тәсілі жаудың батырларын бейнелеуге де тән. Олар «жауатұғын бұлттай», «қоспақ нардай күрілдеп», «айбатымен айқайлап, жердің жүзін қуырып» [2, 109] сияқты қасиеттерімен көрінеді. Алпамыспен жекпе-жекке шыққан Таймастың күші тіпті ерен:

Қолындағы күрзісі,
Отыз батпан алмас ед,
Қаһарманың сілтесе,
Тау болса да қалмас ед... [2, 142].

Мағынасы жағынан мотив сюжет аясында жинақталады да, құрылымы бойынша поэтикалық тіл деңгейінде сипатталады. Оның бұл екі деңгейі – сюжеттік және тілдік деңгейді бір-бірімен жалғастырып жатқан аралық компонент болуынан да түсінеміз.

Экспозициядағы мотив – суреттеуде айрықша орын алатын бейнелі сөздер – көркемдік айқындаулар тіркемесі, яғни белгілі бір ұғым мен оның анықтамалары.

Мәселен, «Бұрынғы өткен заман», «төрт түлік», «тоқсан мың қара», «мұрындық ноқта тимеген, түйешілер мінбеген сексен мың мая», «шұрқырап жатқан жылқы», «мың жылқы», «атадан жалғыз ер», «еңіреген ер» [2, 88].

Мотив – ситуацияларының құрамында кездесетін көркемдік бейнелеу құралдарының да негізгі салмағы көркемдік айқындауыштар жағында.

«Алпамыстың барлық версияларының тілінде дәстүрде бар тұрақты эпитеттер, теңеулер, әсірелеулер көп ұшырайды. Мәселен, Алпамыстың образын күшейту үшін: «мырза». «төре», «сұлтан», «берен», «жаб берен», «қыран», «нар», «сұңқар», «арыстан», «жолбарыс» т.б. тұрақты эпитеттерді қоса айтады. Ал Гүлбаршын бейнесі «ақша жүз», «ақша бет», «сұлу» т.б. тұрақты эпитеттермен беріледі.

Ақындар мен жыршылар Алпамыстың батырлығын дәріптеу үшін оны: «Аш бөрідей тиді», «Дариядай тасыды», «әр мезгілде тоғыз на жеп, қырық мың қолмен тең келді», «жолбарыстай қол салды», «сұңқардай мойын бұрды» т.б. десе, Гүлбаршынның келісті келбетін беру үшін оны: «сұлу айдай боп», «аймен күндей болып», «ақша жүзі айдай», «жібектей сұлу есіліп», «алмадай қызыл жүзі», «Гүлбаршын сұлу айдай боп, қысыр емген тайдай боп» т.б. әсірелей көрсетеді. Жырда батырдың қайратты, қаһарман күшіне сәйкес сыртқы сымбаты да, көрікті келбеті де әсем әсерленіп, суреттелінеді:

Ауызына қарасам,
Сұлуды таңдап сүйгендей.
Келбетіне қарасам,
Қамқапты таңдап кигендей... [2, 174].

Олар батырдың өзіне сай аты Байшұбардың шабысын дәлелдеу үшін де «жиырма күншілік жерді жеті күнге шақтайды», «айналайын шұбар ат, қолтығында бар қанат», «құйындай шауып шұбар ат» т.б. әсірелейді. Ақындар мен жыршылар әсерлі, тартымды сөздерді, соны-соны поэтикалық құралдарды алып, оларды эпостың негізгі кейіпкерлерін суреттеуге, олардың ісін мадақтауға жұмсайды.

Гүлбаршын мен Алпамысты бейнелеу үшін қолданылған суреттеу құралдары қазақтың басқа да батырлық эпосы мен тұрмыс-салт жырларындағы ұнамды кейіпкерлерді мүсіндеу үшін алынған көркемдік еске түсіреді. Бұл қазақтың эпостық жырларында суреттеу құралдары көбінесе дәстүрлік қалыпта болғандығын көрсетеді. Осының шындығын жырдағы ұнамсыз кейіпкерлердің бейнелерінен де анық байқаймыз. Ұнамсыз кейіпкерлердің жексұрындығын, ажуыздығын жеріне жеткізе ашу үшін жыршылар әсірелеуге бой ұрады, небір ұсқынсыз сипаттарды, эпитеттерді, теңеулерді теріп алады. Мәселен, Ұлтанның көзі терең зындандай... Аузы үлкен ошақтай, азу тісі пышақтай болса [2, 89], Мыстан кемпірдің сипаты «туғаннан құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген» [2, 120], - делініп беріледі. Мұндай суреттерден олардың ішкі дүниесінің де жексұрындығы байқалады.

Дәстүрлік қалыптағы суреттеу құралдары «Алпамыс» жырының барлық версияларында кең қолданылған. Соның нәтижесінде жырда Ұлтанның, Гүлбаршынның, Мыстанның, батырдың өзінің портреті жасалған.

«Алпамыстағы» көп қайталанатын: «аққан су», «арыстай ақ білек», «арыстан қылып», «дариядай тасып» тәрізді дәстүрлі сөз тізбектері басқа суреттеу құралдарымен араласып, жымдасып кеткендіктері де байқалады. Мәселен, жырдың әр нұсқасында: «ботадай боздап келеді», «ботадай боздап өкірді», «ботадай боздап көрісті», «ботадай боздап қосылды» болып түрліше айтылған «ботадай боздауы» образды сөзі де осы топқа жатады. Бұл эпос кейіпкерлерінің жан тебіренісін, басынан кешірген қайғы-қасіретті, ауыртпалықты суреттеу үшін дәстүрдегі эпикалық форманы пайдаланып ақындар мен жыршылардың жасаған творчестволық ісі екенін көрсетеді. Көптеген композициялық тәсілдер мен стилистік суреттеу құралдары өмірдегі батырлық кескінді көтеріңкі көрсету үшін жұмсалған. Сондықтан да ол әсірелеумен әдейі берілген. Әсірелеу – батырлық жырлардың ең негізгі, басты қаруы екендігі белгілі. Ақындар мен жыршылар солай болғандықтан да оны сүйіне, сүйсіне пайдаланады. Ақындар мен жыршылар жырдың тіл ерекшелігін арттыруда, көркемдік бейнелеуде троптың түрлерін «метафора, метонимия, кейіптеу, синекдоха, аллегория» қолданған. Мәселен:

Ақырын құдай оңдағай,
Күллі әулие қолдағай,
Қиын болды бейбаққа [2, 109], - деген өлең жолдары иронияда (әжуә, келекеге) құрылған болса,

Кебенек киген ер еді,
Кебін киген жоқ еді,
Өлмесе қозым келеді... [2, 166].
және:
Өзімнен төмен ерден
Жегізді құдай жұдырық...
Өзімнің итім құтырып,
Өзімді қапты қуалап [2, 169].
Немесе:
Іште қалған жетімнің
Мен қозыңа ұқсаймын... [2, 174].
деген өлең жолдарында қозым, иттерден, итім, қозыңа деген метафоралар (ауыстырулар) кездеседі.

Сонымен бірге жырдың тілінде фигураның түрлері арнау, қайталау да кездесіп отырады. Мысалы, Гүлбаршынның Қаражанның астындағы Алпамыстың аты Байшұбарды көріп айтқаны:

Мойныма тақтым ерте бойтұмар,
Мен жыладым күні-түні зар-зар,
Апаң сенің шырайыңнан айналсын,
Қапыда өліп, олжа болған Байшұбар! –
деген зарлай арнауға жататын болса, Қаражанның баласына айтқаны:

Айымсың балам, айымсың,
Жылқыда тұлпар, тайымсың,
Арт, балам жұрттан арт, балам,
Дұшпанға қылма мерт, балам,
Жан атаң сенен айналсын,
Сұлтаным менің жалғызым,
Жағаға біткен жалбызым,
Алып берем хан қызын.
Ата десең сен мені,
Достымның аты қалмасын,
Атыңның басын тарт, балам! -деген сұрай арнауға жатады.

Сонымен бірге қайталаудың да барлық түрлері кездесіп отырады. Алпамыс пен Бадамша айтысында қайталаулар көп кездеседі. Біріне-бірі жақын, немесе, көршілес сөйлемдердің басқы жағында анаформалық қайталаулар жиі кездеседі:

Гүлбаршын деген жарың бар,
Орынсыз кеткен малың бар,
Орынсыз батыр болғанша,
Осыдан барып кегіңді ал.
Бір көзіңе келгенім,
Бір кезіңе келгенде,
Бір серкесін балаңның
Құдайы қылып бергенің.

Сонымен бірге жыр бір-бірімен байланысты жолдардағы синтаксистік параллелизмді жиі қолдану арқылы жасалады. Мәселен:

Біреуді біреу білмеді,
Біреуді біреу көрмеді...
Немесе
Баз біреулер ешкі алып,
Баз біреулер қойды алып...

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. –298 б.
2. Батырлар жыры. II том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 221 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 312 б.

ӘОК 81 (091)

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР

Сембиев Қ.З.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Лексика – тілдің өте құбылмалы қаттауы екені мәлім. Сондықтан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің лексикасы мен қазіргі түркі тілдері арасындағы өзгешеліктердің едәуір болуы заңды. Сөйте тұра сына жазулы көне түркі ескерткіштер тіліндегі жеке сөздердің көпшілігінің мағыналық және тұлғалық бітімі жағынан қазіргі бірқатар түркі тілдеріндегі соның ішінде қазақ тіліндегі сөздермен бірдей түсетіндігі байқалады.

- адамдарға және туыстық қатынастарға байланысты сөздер: ата, қатун, қыз, іні, сіңлі, келін, йегін /жиен /, оғул /ұл /.
- табиғат құбылысына қатысты сөздер: йер, тағ, қар, таш, тас, йыл, күн, суб, құм.
- әлеуметтік қатынастарға байланысты сөздер: ес, іл, йурт, қан, / хан /, қаған, бек, бай, күң, чығай / кедей /, тәрү /төре, заң /.
- әскери лексикаға жататын сөздер: сү / әскер /, шерік / шеру /, уруш, қылыч, сүңгі, оқ.

• шаруашылыққа, тұрмысқа қатысты сөздер: бедіз / өрнек /, ағыл / ауыл /, қапығ / қақпа /, еб / ұй /.

• жан-жануарлар атаулары: адғыр, ат, буқа, тай, інгек / сиыр /, бөрі, қой, йылқы, йонт / жылқы /, барс, бічін / мешін /.

• анатомиялы атаулар: баш, бас, адақ, көз, қаш, құлғақ, йүрек, сач, тіл, од /от /.

• заттардың сынын көрсететін сөздер: бедүк – биік, йуйқа - /жұқа/, йоған, йінчке, узун, қалың, улуғ, кічіг.

Түпүтке кічіг тегмедім – Тибетке сәл жетпедім, Өзі қысға / өмір сүрді / кергек болты - өзі өмір сүрді, Улуғ күлі Чор секіз он йасап, йоқ болты – Ұлы Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды. Бен өзүм узун йелмег ытты – Менің өзім алысқа шабуыл жасауды ұйғардым. Қағаны алп ерміс – қағаны алып еді.

• заттың сапасын білдіретін сөздер: арығ, арық, едгү, қары, йіг, йаблақ, семіз, тоқ.

Семіз буқалы – семіз бұқалы, сүчіг сабын – тәтті сөзін, түрк будун тоқ – түркі халқы тоқ. Біздің сү аты туруқ – Біздің ескердің аттары арық.

• заттың түр-түсін көрсететін сөздер: ақ, боз, йашыл, йегрен, көк, тарығ, қара, қызыл, өрүң, сарығ.

Ақ атын бініп омайу тегді – Ақ атын мініп шабуылға шықты. Боз атыг бініп тегді ілгері ћашыл үгіз тегі сүледіміз – Алға жасыл өзенге дейін соғыстық. Көк теңрі – Көк тәңрі. Қара будун – жай халық, Қызыл қаны төкті – Қызыл қанын ағызды. Сарыг алтун – сары алтын.

• есімдіктер: бен, мен, сен, сін, біз, сіз, не, қаны,бу, кім, ол.

• Сан есімдер: бір, екі. үч, төрт, беш, алты, йеті, секіз, тоқуз, он, йігірмі, отуз, қырық, еліг, йуз, мың, бің, түмен.

• етістіктер: -те, есід, олур-/отыр/, йат-йарат, көр, біл, тут, йаңыл, сақын, сыгта.

• Үстеулер: ілкі, кідін /кейін/, күнтүз, таңүнтүрү /таң ата/ сияқты сөздер деп бөліп, олардың қазақ тіліне де тән екендігін, бірлі-жарым фонетикалық айырмасы болмаса, негізінен сол қалпында сақталғандығын көрсетеді.

Зерттеуші Ә.Құрышжанов пен М.Томанов Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі қазіргі қазақ тілімен тұлғалық әрі мағыналық жағынан ұқсастығы / сәйкестігі / айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөзді, ал қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер деп 397 сөзді, тұлғалық та, мағыналық та жағынан ұқсастық таппайтын сөздер деп 311 сөзді тізіп көрсетеді [1]. Бұл өте құнды статистикадан біз қазіргі қазақ тіліне, оның әдеби түріне мағыналық жағынан сай келетін, тұлғалық жағынан да сай немесе аз-кем өзгешеліктерімен сәйкесетін сөздер сан жағынан сәйкес келмейтін сөздерден көп екенін көреміз. Әрине, көне және қазіргі тілдердің бір-біріне алыс-жақындығын тек сөздердің санымен ғана өлшенбейтіндігін мойындай отыра, дегенмен лексикалық қордың негізі іліктестік тауып жатса, көне жаңа тілдердің де арналарының бір екендігін көре аламыз.

Ескерткіштерде кейбір сөздер әр түрлі мағынада қолданыла береді. Мұндай сөздер көп мағыналы сөздер деп есептеледі. Ерте кездің өзінде-ақ белгілері бір-біріне ұқсас әр түрлі заттарды бір сөзбен атаудың нәтижесінде сөздің көп мағыналылығы пайда болды. Әдетте, сөздің көп мағыналылығы контексте айқын көрінеді. Бұған мәтіннен мысал келтіре кетейік:

• *Көк – түр түсті көрсетеді. Көк оңүч йуғуру, Өтүкен йышғару удуз тум – Көк оңүч өзенінен өтіп, Өтүкен қойнауына бастадым.*

• *Көк – аспан.*

Үзе көк теңрі – Биікте көк тәңрі

• *Көк – шөпті көрсетеді.*

• *йурт-жер, 2/ йурт-отан, 3/ йурт-ел*

• *бош-бос, 2/ бош-қатты, 3/ бош- бос болу*

Ескерткіштер тілінде омоним сөздер де кездеседі. Сөздер түбір күйінде де, туынды күйінде де омонимдер бола береді. Текстерде түбір сөздерден болған омонимдер өте жиі кездеседі. Олар төмендегідей: ат – көлік, ат – кісінің аты, ат – етістік

Йуз – сан есім, етістік, зат есім

Күн – планета, күн – уақыт

Йаз – жаз / уақыт /, йаз – жазу /етістік /

Қан – ел билеуші, қан – адамның қаны

Йат – етістік, йат – бөтен

Ай – планета, ай – жылдың он екі бөлігінің бір аты.

1. Теңрі анча теміс ерінч: Қан бертім – Тәңірі /сонда/ былай деген екен: хан бердім.

2. Қаның субча йүгүрті, сөңүкүң тағча йатады – қаның судай әр құйылды, сүйегің таудай үйілді.

1. Аты – күчі йоқ болмадун тійін – Аты, даңқы өшпесін деп.

2. Боз атығ бініп тегді. Ол ат анта – Боз атын мініп шапты, ол ат сонда өлді.

Ескерткіштерде дыбысталуы әр түрлі бірақ мағыналары бір-біріне жақын синонимдер де кездеседі. Олар төмендегідей: алп – ер, йабыз – йаблақ, әрүң – ақ, көп – үкүш, еб – барқ, қалуғ – сары, ай – те, ті т.б.

Ер. 1. Тоқыз еріг егіре тоқыды – Тоқыз ерін қуып тақымға басты.

2. Әдгү /кісіг /, білге кісіг, едгү алып кісіг йорымтаз ерміз – Ақылды кісілерді, батыл кісілерді табғаштар қозғай алған жоқ.

*Жаман***.** 1. Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр – Жырақ болса, жаман берер.

2. hабыз, йаблақ будунта үзе олуртум

Ақ. 1. Күлтегін Байырқун ақ адғырығ бініп, оплайу тегді – Күлтегін Байырқының ақ айғырын мініп, шабуылға ұмтылды.

2. Өрүң күміс, қыз – қыдыз, егрітебі, ағу бундыз келүрті – Ақ күміс, қыз-қыпқын, бағалы қазына-мүліктер есепсіз келіп жатты.

*Қара***.** 1. Үзе көк теңрі, асра йағыз йер қылынтуқта – Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Күлтегін Аз йағы зын бініп – Күлтегін Аз қарагерін мініп.

2. Қара көлте сүнүшдіміз – Қара көлде соғыстық. Қара құмұғ олурур ертіміз – Қара құмда отырушы едік.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді.

Ескерткіштерде мағыналары бір-біріне, қарама-қарсы келетін антоним сөздер де кездеседі.

Зат есімнен жасалған антонимдер: байчығай, қыш-йаз, батсық-тоғсық, күн-түн т.б. Чығайыг бай қылты – Кедейді бай қылды. Күн йене, түн йене йелу бардумуз – Күн демей, түн демей желіп бардық. Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтуз олурмадым – Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым.

Антонимдер сын, сапаны білдіретін сөздер арқылы жасалады: қатығ – йумчақ, қатты – жұмсақ, йіг – йаблақ, жақсы – жаман, қары – йали, кәрі – жас, арық – семіз, арық – семіз; узун – қысға, ұзын – қысқа, ач – тоқ, аш – тоқ, ақ –қара, ақ- қара, қалың – йуйқа, қалың – жұқа.

«Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр, йағұқ ерсер едгү ағы бірүр» - тіп – Жырақ болса, жаман сыйлық берер, жақын болса, жақсы сыйлық берер», -деп; Семіз буқа, туруқ буқа тійін, білмез ерміс тійін – Семіз бұқаны, арық бұқаны, - дедім, айыра білмес дедім; Турк будун тоқ, Арық оқ сен, ачсық, тосық өлмез сен, бір тодсар, ачсық елмез – сен – Онда түркі халқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықты, тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты түсінбейсің; йуйқа қолун болсар, топлағулуқ алп ерміс, йінчге йоған болсар, үзгүлүк алп ерміс – Жұқа қалыңдаса, /оны тек / алып бүктейді, жіңішке жуандаса / оны тек / алып бүктейді; йалаң будуныг тоңлығ, чығай будуныг бай қылтам – жалаңаш халықты тонды, кедей халықты қылдым.

Сонымен қатар ескерткіштердегі антонимдер етістіктен де жасалған:

Ал – бер, ал – бер

Иат – олтур, жат – отыр

Себін – сақын, қуан – мұңай

Ол – тоғ, өлу – туу

Уч – қон, ұшу – қону

Ескерткіште үстеуден жасалған антонимдер де кездеседі:

Ілгерү – керү /кері /, ілгері – кейін

Йоқары – қоды, жоғары – төмен

Ічре – ташра, ішке – тысқа

Қурыйа – бірійе, оңға – солға

Ілгерү – қадырқан йықша тегі, керү – Темір Қапуйқа тегі қонтұрмыс – Ілгнрі Қадырқан қойнауына дейін, кері – Темір қақпаға дейін жайлаған. Өнрекі ер йүгүру тегүрүр – Төмендегі ерлер жоғары шығып; ічре ашсыз, ташра тонсыз йабыз, йаблық будунта үзе олуртым – іші ассыз, сырты тонсыз бейшара, мүсәпір халыққа отырдым.

Антонимдер басқа сөз таптарынан да жасалған: аз–көп, бар –йоқ т. б.

Азық үкүс қылты – Азды көп қылды. Бұл келтірілген антонимдердің барлығына дерлігі қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

Сөздік қазынасының негізі сақталып келгенімен, ондаған сөздердің бұл күнде, мысалы, қазақ тілінде қолданылмайтындығын білеміз. Дегенмен қай түркі тілі болмасын өзінің бүгінгі лексикалық қазынасында көп сөздерді ішінара сақтап қалғандығы да байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік барым сөзі, «шақыру» мағынасындағы оқу, «сөйлеу» мағынасындағы саб /сөз саптау, сөз сөйлеу/, «кедей» мағынасындағы шығай /Шықбермес Шығайбай / деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдердің аталуында сақталған. Осы сияқты «өзен» ұғымындағы «үгіз» сөзі топоним құрамында кездеседі. Бірқатар көне түркі тұлғалары бұл күндегі меонастық / бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданылуы / тіркестерде сақталғаның көреміз. Мысалы, ел-күн, жылап-сықтау деген қос сөздердің екінші сынарының бірі күн көне түрлі жазбаларында «ел, жұрт» мағынасындағы сықтау – «жылау» мағынасындағы сөздер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ. Құрымжанов Ә. Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.
2. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, Мектеп: 1989.
3. Арынов Т. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981.
4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – Б.45-49.

ӘОК 378.016:004

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ТІЛ ҮЙРЕТУ МҮМКІНДІГІ

Смыкова А.Д.
Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге бейімделуді талап етеді. Бүкіл әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына сай жаңартылып отырады. Қазіргі кезде тіл үйренудің көптеген жолы, әдіс-тәсілдері бар. Соның бірі – ұялы телефон арқылы тілді үйрену. Ғарыштап дамыған кезеңде, адамдардың арнайы курстарға жазылып тілдерді үйренуге уақыт тапшылығы байқалады. Сондықтан тілді елқатарлы үйренуде ұялы телефон көмекке келеді.

«Ұялы телефонмен оқыту» терминінің мағынасын кеңірек түсіну үшін, ең алдымен «Қашықтықтан оқыту» терминіне түсінік беру керек сияқты. Қашықтықтан оқыту – ол оқу үрдісі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қоданып, оқытушы мен білім алушы арасындағы арақашықтыққа қарамай, өзара тығыз байланыс орната отырып, білім беру жолы [3, 17]. Ұялы телефонмен оқыту – қашықтықтан оқыту технологиясының бір түрі. Сонымен қатар ұялы телефонмен оқытуда тікелей және on-line, off-line мүмкіншіліктерін қолдануға болады. Мұнда оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс ұялы телефон арқылы жүзеге асады. Білім алушы кез келген жерде жүріп-ақ бір мезетте бірнеше оқыту материалдарына, өзі қалаған ақпараттарға қол жеткізе алады. Бұл біріншіден, оның уақытын, қаржысын үнемдейді. Екіншіден, ол бірнеше курстарға еркін қатысып, білімін жетілдіре алады. Ұялы телефонмен оқытудың тиімділігі:

- еркін қозғалысқа мүмкіндік береді;
- мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім алуға мүмкіндік береді;
- экономикалық тұрғыдан тиімді: арнайы компьютер және қағаз бен оқулықты қажет етпейді;
- (WAP, GPRS, EDGE, Bluetooth, Wi-Fi) сымсыз технологиялардың көмегін қолданушылар өзара оқу матералдарын еркін таратады;

- ұялы телефонға арналған қолданбалы бағдарламалардың түрлілігіне қарай материал жеңіл түрде беріледі және қызығушылықты оята отырып, есте жақсы сақталады.

- қазақ тілінде сөйлескенде психологиялық кедергіден еркін өтуге мүмкіндік береді.

Ұялы телефонның мұндай мүмкіншілігін еркін қолданған адамға бұл үлкен әлемге айналады. Енді тіл үйренушінің қысқаша моделіне үңілейік.

Белгілі бір тақырып бойынша толық ақпарат жинау ақпаратты өңдеу ақпаратты сақтау ақпаратты кеңістікте тарату.

Мұндай тәсілді қызығушылық білдірген кез келген адам қолдана алады. Әсіресе, бұл тәсіл студенттер мен оқушылар арасында, саяхаттауды ұнататын адамдар арасында және офис қызметкерлерінің арасында кеңірек тараған. Өкінішке орай, арнайы қазақ тілін үйренуге ұялы телефонға арналған қолданбалы бағдарламалар жоқтың қасы және ешбір оқу орны осыған түбегейлі бет бұрып кіріскен емес. Оқытушылар да қазақ тілін үйрету үшін ұялы телефонның қарапайым мүмкіншіліктерін пайдаланбайды. Осы тәсілді сабақтарда түрлендіріп қолданса, біріншіден, тыңдаушының қызығушылығын артады, екіншіден, аз уақыттың ішінде көп нәрсеге қол жеткізеді. Ал бұл алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерде әлдеқашан дамыған. Көршіміз Ресей елінде оқушы мен мұғалімдерге және жеке тіл үйренушілерге бағдарламалар жасалу үстінде.

Бізге де осы мәселені шешу керек. Тіл жанашырлары мен Отандық бағдарламашылар арнайы қазақ тілін үйренуге арналған қолданбалы бағдарламалар (приложение) жасап, көпшілікке ұсынғаны абзал. Мысалға, ағылшын тілін үйренуге арналған тегін және сапалы бағдарламалар ғаламторды жаулап алған. Соның біріне тоқтала кетсек: Lingua Leo (Android IOS); Grammar 2; Бұлардың арнайы сөздерді жаттауға арналған сөздіктер, синоним сөздіктер, сөздердің дұрыс айтылуын тексеретін қайталама аудио түрлері және 15-20 минуттық видио сабақтары бар. Сол бағдарламаға арналған қосымшалары да көп. Мысалы: аудармасын білетін сөздерді әріптермен құрастыратын орфографиялық құрама (конструктор слов) тәсілі және сөздерді жеңіл жаттау үшін әр тақырыпта мәтін беріледі. Сол мәтінде кездескен жаңа сөздердің аудармасын білу үшін сол сөздің үстіне барып басып қалсаңыз, бірден аудармасы мен түсінігі беріледі. Бағдарламаны өз телефоныңызға жүктеу үшін кодын біліп оны смс арқылы жіберіп, түрлі ресурстарға бірден қол жеткізе аласыз. Сонымен қатар, жастардың қызығушылығын бірден оятатын басқа да бағдарламалар бар. Сөздік қорды молайту үшін «арнайы электронды флэшкарта» ашуға болады. Ондағы сөздер түсініктемесімен беріледі және кез келген уақытта тіл үйренуші өзін тестілеп тексере алады, глоссарилерді қарай алады. Әртүрлі сөздік ойындар арқылы сөздік қорын көбейтеді және сөздердің дұрыс айтылуын тексеретін интерактивті фонемалық ойын түрлері бар [1, 1].

Атақты бағдарламашы Стив Джобс: «Миды демалдыру үшін теледидар көреміз, миға жұмыс істету үшін компьютерде жұмыс істейміз», - дейді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, технологияның ғарыштап дамыған кезеңде, адамның да миы өте тез даму үстінде екен. Шынымен, өзімізден байқаймыз, адам компьютерде жұмыс істегенде миымыз белсенді әрекетте болады, тіпті шаршап қалжыраймыз. Сондықтан қалта телефонын компьтердің бір түрі деуге болады. Технологияның дамығаны соншалық компьютерде орындалатын түрлі операцияны кішкене ұялы телефонда қайталауға болады [5, 144] .

Меніңше, ұялы телефонға үнемі үңіліп отыратын заманды пайдаланып, қазақ тілін үйрету керек. Ең болмаса, тұрмыстықтық актив сөздерді қолдана алатындай етіп, қызығушылықты оятатын ұялы телефонға арналған қолданбалы бағдарламалар мен оқу орындарында әдістер қалыптастыруымыз тиіс. Мұны күнделікті күн тәртібімізге енгізіп, әдетке айналдыру қажет. Аталмыш мәселені жоғары оқу орындарында тек қана пилоттық жоба түрінде және семинар түрінде ғана қарастырып жатыр. Түбегейлі енгізіліп, сабақта еркін қолданылатын әдіс-тәсілдің біріне айнала қойған жоқ.

Қазіргі кезде ұялы телефонмен қазақ тілін үйрету үшін біршама қиыншылықтар кездеседі:

- ұялы телефонға арналған қолданбалы бағдарламалар жоқ.
- бағдарламалардың қымбаттығы
- мұндай бағдарламалар кез келген ұялы телефонға келе бермейді, тек арнайы мүмкіндігі бар телефондарға арналған.

Бізге бұл қиыншылықтардың шешімін табу үшін әлемнің үлкен тәжірибесіне сүйеніп, өзіміздің тілдік ерекшелігімізді ескере отырып, тілдік бағдарламалар құру керек.

Қазақ тілін үйрену үшін арнайы бағдарлама болмаса да, қарапайым функцияларын қолдануға болады. Ұялы телефондағы фотокамерасын селфи үшін ғана емес, көше бойындағы кездескен жарнамадағы сөздерді, қызықты сөз тіркестерін фотоға түсіріп алуға болады немесе диктафонды ұтымды қолдануға болады. Көшеде, базарда, дүкенде жалпы қоғамдық орында естіген сөздерді немесе өзінің дауысын жазып алу арқылы сөздердің дұрыс айтылуын тексеруге болады.

Тағы бір мәселе, оқытушы бұл технологияны өзі толық меңгеруі тиіс және ұйымдастыру барысында соған толық басшылық жасау керек. Егер де бұл технологияны мектепте қолданатын болсақ, арнайы мектеп басшысының рұқсаты керек, өйткені мектепте оқушыларға сабақ үстінде ұялы телефон қолдануға болмайды. Егер оқытушы бәрін өз бақылауында ұстай алса, бұл технологияны жоғары сынып оқушыларымен өткізуге болады. Мұндай технологияны қолдану үшін барлық білім жүйесі арнайы курстардан өтіп, тәжірибе жинақтауы тиіс. Әртүрлі қиыншылықтарға қарамастан, озық ойлы, заман талабына сай жастарды даярлап шығару үшін, кез келген Қазақстан Республикасының білімге құштар әр азаматы осы аздаған ұялы телефонмен оқытудың мүмкіншіліктерін игеріп, қолданысқа енгізсе, бұл біздің ақпараттық-технологиямен оқытудағы үлкен қадам болар еді.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. http:// www. Ambientinsight.com/Reports/MobileLearning. Aspx

2. http://distant.ioso.ru/ do/termin.htm

3. Теория и практика дистанционного обучения: Учеб.пособие для студ. высш. пед. учебн. Заведений / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева; Под ред. Е.С. Полат // М.: Издательский центр «Академия», 2004 –416 б.-17бет

4. Қазақша-орысша терминологиялық сөздік

Информатика және есептеуіш техника / А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты – «ҚАЗақпарат» баспа корпорациясы. –Алматы, 2014

5. Темникова Л.Б., Демченко В. Мобильное обучение иностранному языку в неязыковом вузе // Научные труды КубГТУ. – 2014. №4

УДК 811.512.141'37

ТОПОНИМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИИ МУСТАЯ КАРИМА «В НОЧЬ ЛУННОГО ЗАТМЕНИЯ»

Султанова А.Ш.
Стерлитамакский филиал Башкирского государственного университета,
г. Стерлитамак, Республика Башкортостан, Российская Федерация

К наиболее актуальным проблемам ономастики башкирского языка можно отнести комплексное изучение башкирской топонимии. Изучение топонимов дает сведения по исторической лексике, диалектологии, словообразованию, фонетике различных языков; можно определить границы былого расселения того или иного народа, племени, пути их миграции, этнокультурные контакты, отдельные моменты этногенеза. Как справедливо отмечает видный российский топонимист XX века В.А. Никонов, «Красноречивые свидетели прошлого, географические названия занимают почетное место среди самых драгоценных исторических памятников, как живое эхо отдаленных времен» [4].

Топонимы действительно самый надежный, самый долговечный памятник истории. Необходимость фронтального сбора топонимического материала и его систематизации заключается еще и в том, что знатоков богатства географической лексики, бесценных

информаторов – людей старшего поколения – становится все меньше и меньше, а большинство топонимов остается еще незафиксированным. Являющиеся самой подвижной частью топонимов, безвозвратно потеряны для науки десятки и сотни тысяч топонимов, не вошедшие в карты и справочники в связи с бурными социально-политическими переменами в нашем обществе [10]. С этой точки зрения исследование башкирских топонимов представляется весьма актуальным.

В настоящее время ученые-лингвисты также выделяют поэтическую топонимику, которая изучает географические названия, их функции и роль в художественных произведениях. В отличие от реальных топонимов, поэтические топонимы выполняют описательную функцию, они не только называют предмет, но и придают ему стилистическую окраску[1]. До сих пор нет достаточно полного и цельного представления о специфике и закономерностях употребления топонимов в художественно-литературных текстах, хотя уже имеется ряд исследований, посвященных данной проблематике. Изучение топонимов как составной части художественного произведения носит комплексный характер, так как требует учета художественного метода писателя, жанра этого произведения, тематического содержания и эстетической направленности текста, индивидуальных особенностей стиля писателя и т.д. [3].

В тюркских языках в исследовании поэтической ономастики широко известен опыт татарских ученых-лингвистов. Ими были проанализированы лингвистические особенности и поэтическая ономастика татарских народных песен. Также были исследованы на диссертационном уровне поэтонимы произведений М. Махадиева, Г. Баширова, М. Джалиля, А. Еники и Т. Миннуллина [Гаррапова, 2000], [Биктимерова, 2002], [Арсланова, 2004], [Гарипова-Хасаншина, 2004], [Зиннатуллина, 2005], [Нуруллина, 2011] [8].

Поэтическая топонимия башкирского языка представляет собой значительный пласт башкирской ономасиологии и имеет специфические особенности. Этой проблеме посвящены отдельные статьи и монография «Башкирская ономастика: микротопонимия, поэтическая ономастика» Л.М. Хусаиновой. Нужно сказать, что поэтическая топонимия в башкирском языке мало изучена. Исходя из этого, в последней главе данной монографии была изучена поэтическая топонимия, выделенная в драмах М. Бурангулова, М. Карима, З. Биишевой, в произведениях Н. Мусина, А. Утябая. Также были проанализированы стихотворения М. Акмуллы.

Изучение поэтической ономастики того или иного мастера слова помогает раскрыть внутреннее богатство, увидеть целостную эстетическую канву и понять психологию его творчества. Имена персонажей в художественном тексте приобретают особые смыслообразующие функции, не свойственные научным и официально-деловым текстам. Их анализ, выявление каких-либо закономерностей, осознание смысловой целенаправленности способствуют постижению эстетической функции художественного произведения [5].

Мы рассмотрим использование поэтических топонимов в произведении Мустая Карима «В ночь лунного затмения». Нужно отметить, что Мустай Карим занимает в башкирской драматургии особое место. Определяющей чертой его произведений является то, что в них посредством изображения действительности передаются внутренний мир, чувства и переживания литературных героев. Понять художественное своеобразие ономастической поэтики М. Карима – значит более полно выявить специфику его художественно-образного мышления, определить вклад драматурга в национальную литературу.

В произведении Мустая Карима «В ночь лунного затмения» всего было зафиксировано 11 топонимов:

Тәкүлгән ҡая – ...Анау Тәкүлгән ҡая бар бит әле. Шул ҡаяның башында бер бөркөт үҙенең дүрт балаһын талап үлтерҙе… (стр. 240);

Ырыҫкол йәйләүе – ... Бындай мөртәтлеге өсөн Ырыҫкол йәйләүенә бөгөн үк яу сабыр инем… (стр. 241);

Һаҡмар далаһы – ...Ырыҫкол бей йәнә шуны әйтте икән: Һаҡмар далаһынан Ҡарағужа бейҙән Зөбәржәтте һоратып яусылар килде, әммә мин кире ҡаҡтым, Илмырҙа бейгә биргән вәғәҙәмдә ҡалдым, ти… (стр. 242);

Ҡаҡтүбә – ...Фәскәр инде Ҡаҡтүбәне артылды, ти… (стр.251);

Талҡыуаҡ – ...Талҡыуаҡҡа еткәс тә, Ырыҫкол бейҙең аты йығылып үлде… (стр. 261);

Ҡояш Тәкүлгән ҡая – ... Ҡояш Тәкүлгән ҡаяға килеп төртөлдө… (стр. 262);

Бағдадт – ... Егерме биш йыл әүәл Бағдадта бер бай сауҙагәр ҡыҙына кейәү итергә теләне мине... (стр.270);

Истамбул – ... Әле ун йыл ғына элек Истамбулда бер тол дәһри ҡатын ҡосағына саҡырҙы – барманым... (стр. 270);

Бохара, Һарайлы – ... Йәнә Бохарала, Һарайлыла... (стр. 270);

Ҡаф тауы – ... Беҙгә тигән именлек Ҡаф тауы артында, Ялсығол ағай... (стр. 274).

Мы также рассмотрели количество использованных автором топонимов. В произведении они упоминаются только по одному разу. Исходя из этого, можно сделать вывод, что М. Карим в данном произведении редко использует топонимы. Это объясняется тем, что трагедия «В ночь лунного затмения» является драматическим произведением, в котором автор использует определенное количество сцен. Обычно топонимы встречаются только в диалогах героев.

При выборе топонимов важную роль играют жизненные реалии, фонетическая, семантическая и поэтическая мотивированность топонимов. В произведении Мустая Карима семантическая мотивация топонима играет важнейшую роль. Исходя из этого, поэтические топонимы, использованные в произведении Мустая Карима «В ночь лунного затмения» мы рассмотрели в «Словаре топонимов Республики Башкортостан». Из 11 топонимов, выделенных в драме М. Карима только 1 зафиксирован в словаре:

Һарайлы (Сарайлы) – деревня в Благоварском районе. От этнонима Һарайлы-мең.

Мы проанализировали топонимы, употребленные в произведении М. Карима «В ночь лунного затмения» по принципу происхождения. По классификации Н.В. Подольской данные лексемы можно отнести к:

1) научной этимологии: *Бағдадт, Истамбул, Бохара, Һарайлы;*

2) этимологии ложной: *Тәкүлгән, Ырыҫкол йәйләүе, Һаҡмар, Ҡаҡтүбә, Талҡыуаҡ, Кояш Тәкүлгән ҡая, Ҡаф тауы;*

3) этимологии народной.

Основу топонимикона драматургического произведения составляют топонимы, относящиеся к ложной этимологии. Ложная этимология – это неверное осмысление исконных или заимствованных топонимов, основанных на ошибочном понимании его структуры, фонетики, семантики его основы. В произведении топонимы, относящиеся к народной этимологии не используются. Это объясняется тем, что не существует однозначных определений данных топонимов.

Как показало исследование, поэтическая ономастика Мустая Карима составляет своеобразный пласт в лексической структуре его драматургических произведений. Она сформирована под влиянием ономастических традиций фольклора и башкирской литературы. Ономастическая система драматургии Мустая Карима отражает философию и психологию творческой лаборатории писателя. В произведениях Мустая Карима ономастическая лексика – одно из основных средств формирования лингвистической и поэтической структуры литературного текста и индивидуального творческого стиля драматурга. Топонимы в драматургии Мустая Карима участвуют в передаче авторского замысла, способствуют формированию содержательно-смысловой структуры художественного произведения, взаимодействуют с другими компонентами художественного текста, играют роль ключевых элементов в том или ином произведении. Подводя итог, нужно сказать, что Мустай Карим внес огромный вклад в развитие башкирской топонимии и ономастики в целом.

Список литературы:

1. Биктимирова А.Р. Поэтическая топонимия татарских народных песен // II Международные Бодуэновские чтения: Казанская лингвистическая школа: традиции и современность. Труды и материалы: В 2 т.– Казань: Издательство Казанского университета, 2003. – С.124.

2. Каримов М.С. Сочинения в пяти томах. Том 2.: пьессы (на башкирском языке). – Уфа: Китап,1996 – 536 с.

3. Никольский А.А. Рязанские топонимы в художественной литературе: материалы и комментарии. – Рязань: Издательство Рязанского государственного университета имени С.А. Есенина, 2007. – 48 с.

4. Никонов В.А. Введение в топонимику. – М., 2011. – 184 с.

5. Нуруллина Ф.Ф. Поэтическая ономастика драматургии Туфана Миннуллина: диссертация ... кандидата филологических наук: 10.02.02 / Нуруллина Фарида Фаридовна. – Казань, 2011. – 264 с.

6. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. Изд. 2-е, перераб. И доп. – М.: Наука, 1988. – С. 152.

7. Словарь топонимов Республики Башкортостан. – Уфа: Китап, 2002. – 256 с.

8. Хусаинова Л.М. Башкирская микротопонимия: структура, семантика, этимология: Автореф. дис. на соиск. уч. степ. к.ф.н. – Уфа, 2002. – С. 27.

9. Хусаинова Л.М. Башкирская ономастика: микротопонимия, поэтическая ономастика: Монография. – Стерлитамак: РИО СФ БашГУ, 2014. – 120 с.

10. Шакуров Р.З. Исторические пласты башкирской топонимии Южного Урала и Предуралья // Ватандаш. – 2000. – № 2. – С. 250-261.

ӘОК 81’’373;001.4

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСАРЛАМА ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Тәжібаева Ә.С.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қосарлану да грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қызмет атқарады. Қосарлану тәсілі түркі тілдерінде кең тараған және жиі қолданылады.

Көне түркі тілінде де кейбір қос сөздер кездеседі. Бірақ олардың саны көп емес: ічі-тысы - іші-тысы, екі-үч - екі-үш, куз-қудуз – қыз-қыркын [14, 64].

Қайталама қос сөз бір сөздің қайталануы арқылы жасалса, қосарлама қос сөз әр басқа екі сөздің қосарлануынан жасалады. Мысалы: Лезде ыстықтап жеңілтектеніп келе жатқан үстібасымыз суға малшынды (С.С.). Барлық Шыңғыс сыртындағы ұшы-қиыры жоқ, ен өлке, кең сала, мол жайлау, құйқалы адыр, қалың таулардан жұрт ағылды (М.Ә.). Сол шығын өскен сайын іші ауырып, ең ақырғы кездерде Ұлжанды абысын-ажынға да, ағайын-жақын үлкенге де, тіпті бала-шағаға да жамандай бергіш боп еді (М.Ә.).

Қосарлана айтылған қос сөздер лексикалық мағынасы басқа-басқа екі түрлі сөзден құралады.

Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралады. Мысалы: бес-алты, асты-үсты, жылап-сықтап деген тәрізді сөздердің әрқайсысының компоненттері мағына жағынан бір-біріне орай, өзара бір-бірімен жақын сөздер, олар морфологиялық жағынан да бір тектес, демек, белгілі бір сөз табына ғана тән, әрі формалары біркелкі сөздер және осындағы әрбір сөздің компоненттері синтаксистік қызметтері жағынан біріне-бірі әрі бағынбай, әрі бірінен - бірі тәуелсіз болып салаласа құрылған күрделі сөздердің бірімен-бірі тең табиғи бөлшектері есебінде қызмет етеді.

Компоненттері морфологиялық жағынана бір тектес, синтаксистік жағынан өзара тең болатындықтан, қосарлама қос сөздің мағынасы құрамындағы екі компоненттің де мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалдау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді.

Мысалы: Жүгербай үйі мен етке тіккен үйдің арасындағы жерошақтың басында күнге шағылысқан самауыр жанында шүпірлескен қатын-қалаш, бала-шаға (С.С.). Сөйлемдегі қос сөздер жинақтылық, я жалпылық мағынаны білдіріп тұр.

Жасы жиырма бес-жиырма алтылар шамасында (С.С.). Сөйлемдегі жиырма бес-жиырма алтылар деген қос сөз болжалдық мағынаны білдіріп тұр.

Қосарлама қос сөздер синонимдес, антонимдес сыңарлардан да құрылуы мүмкін. Мысалы: сауық-сайран, ағайын-туысқан, үлгі-өнеге, күш-қуат, ұрыс-керіс тәрізді қосарлама қос сөздер синонимдес сыңарлардың қосарлануынан жасалса, аз-көп, өтірік-шын, бар-жоқ тәрізді қосарлама қос сөздер антонимдес сыңарлардың қосарлануынан жасалған.

Аз уақытта үш қабірдің басына еркектер ғана емес, барлық көштердің әйелдері де, жас-кәрісі үйілген еді (М.Ә.).

Күндіз-түні тізесі айрылмайды (М.Ә.). Мұндағы жас-кәрісі, күндіз-түні қос сөздерінің сыңарлары бір-біріне антонимдес сөздерден құралған.

Компоненттерінің мағыналық дербестігі болу я болмауы жағынан алғанда, қосарлама қос сөздердің өздері де біркелкі емес. Мысалы: құрбы-құрдас, шыбын-шіркей, ат-жөн, көрген-білген деген қос сөздердің екі сыңарларының да дербес лексикалық мағыналары бар. Қора басына пішендерін тасу, тоңын аудару, қыс жағатын қиларын қалап алу, мал қораның жыртық-тесігін бүтіндеу, үй сылау, пеш түзету сияқты істері қыстық мекені бар елдердің бәрінің да тегіс жұмылған науқаны (М.Ә.). Мысалдағы жыртық-тесік қос сөз сыңарларының жеке тұрғанда лексикалық мағынасы бар.

Ал апыл-ғұпыл, әуре-сарсаң, жылап-сықтап дегендердің бір компоненттерінің дербес лексикалық мағыналары жоқ я олар әлсіреген. Сонымен қатар тілімізде екі компонентінің де дербестігі жоқ алба-жұлба, ағыл-тегіл сияқты қос сөздер де бар. Осыған орай А.Ысқақов қосарлама қос сөздерді былай топтастырады: біріншіден, екі компоненті де бірдей мағыналы қос сөздер, екіншіден, бір компоненті мағыналы, бір компоненті мағынасыз қос сөздер және үшіншіден, екі компоненті де бірдей мағынасыз қос сөздер [6, 115].

Ол – Жәмпейіс, Әйтімбет және бір-екі басқа қойшы болатын (М.Ә.).

Осыдан соң Байдалы бастаған үлкендер қастарына Қаршығалыдағы барлық басты ру, бай ауылдарының мал иелерін алып отырып, Бөжейдің жаназасына, підясына байлайтын мал-мүліктің әңгімесіне кірісті (М.Ә.). Сөйлемдердегі бір-екі және мал-мүлік дегендердің екі сыңары да мағыналы.

Олардың ортасында Құнанбайдың үлкен әйелі Күнке, сонан соң Айғыз және Қалиқа сияқты абысын-ажын (М.Ә.).

Бөжейдің өзін қойып, тұстастарын айтып келіп, әркімді атай отырып, үйдің іші тегіс жым-жырт тына қалғаг уақытта, бір кезде Құнанбай атын сап еткізді (М.Ә.).

Арада тағы да әлденеше көккасқа айтып, күндіз-түні көл-көсір қып мал сойып, қалжыңға, күлкі айғайға, ән, жырға бөленіп, ұзақ қызық көріп жатты (М.Ә.).

Бұл жерде абысын-ажын, жым-жырт, көл-көсір сөздерінің бір сыңарлары мағынасыз.

Осымен қабат, жас жігіт көңліне тағы алай-түлей ұйтқып кеп, бір өзгеше жүрек құйынын соқтырғандай болды (М.Ә.).

Кейін де осы көрші қойшы Әйтімбет, Қодарға анда-санда қатынасатын кедей-кепшіктен жағалатып, сұрау салып, жаңағы жаладан Қодарды аман деп ұйғарды (М.Ә.).

Мұнда алай-түлей, анда-санда сөздерінің екі сыңары да мағынасыз болып келген.

Қосарлама қос сөздердің құрамындағы компоненттер дыбыс, буын және реті жақтарынан да үйлес, үндес болып құралады.

Біріншіден, қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттер рифма жағынан өзарар орайласып, үйлесіп отырады. Бұл үйлесім синтаксистік жағынан бір-бірімен тең екі компоненттің екеуінде де бір түрлі қосымша арқылы да, осымен байланысты буын сан мен екпіннің орны ауысуы арқылы да өзара орайласып отырады. Мысалы: аң-таң, ата-ана, әке-көке, азан-қазан, емін-еркін сияқты қосарлама сөздер рифма жағынан ұйқасып та, үйлесіп те құралған. Көздерінен шын өкініш жастары ағыл-тегіл шығады (М.Ә.).

Екіншіден, қосарлама сөздердің құрамындағы компоненттердің дауысты және дауыссыз дыбыстары үйлесіп, үндесіп отырады. Мысалы: қашқылықты-қуғылықты, келін-кепшік, жоқ-жітік, бай-бөсір, дау-дамай, дәрі-дәрмек, жадап-жүдеп, содыр-сойқан, тақыл-тұқыл, шат-шадыман дегендер сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы үндескен аллитерациялық үйлесімдер.

Осындайларды қазып ойлап, Абай осы күзде бар үлкенінің шама-шарқын танып алды (М.Ә.).

Құнанбай қолы осы күні, түс аумастан, Тоқпамбеттің батыс жағындағы салбыраған тұмсыққа желе-жортып, шыға –шыға келді (М.Ә.).

Ол дәл осы түннің өзінде қасына Күнкені алып, тағы он шақты қарт-қария, жігіт-желең алып Бақанасқа келді (М.Ә.).

Осы мысалдардан сөз басындағы дауыссыздардың қайталануы көрініс тапқан.

Абынып-қабыну, абыр-сабыр, айқыш-ұйқыш, ырду-дырду, ырым-жырым, егжей-тегжей, егіл-тегіл, ұйпа-тұйпа, ұлан-асыр сияқты қосарлама қос сөздер я бірыңғай, я ұқсас дауысты дыбыстардың қайталануы арқылы ассонанс жолымен үйлескен.

Бақанастың кең қара суын әрлі-берлі екі жүзіп өтті (М.Ә.)

Бұл хабары да Құнанбай дуаннан шықпай-ақ ауыл-аймағына жеткен болатын (М.Ә.).

Бұл жерде әрлі-берлі және ауыл-аймақ қос сөздері бір-біріне ұқсас дыбыстардың және бірыңғай дауыстылардың қайталануы арқылы жасалған.

Үшіншіден, қосарлама қос сөздер буындарының сандары мен түрлері жақтарынан бір-біріне көбінесе орайлас компоненттерден жасалады. Мысалы, ондай бір буынды компоненттерден құралған қосарлама сөздерге: шай-қант, аң-таң, бас-көз сияқтылар, екі буынды компоненттерден құралған қосарлама қос сөздерге: ағыл-тегіл, азын-аулақ, айран-асыр, алқа-қотан, билеп-төстеу, бұлан-талан, егжей-тегжей, жиын-терін, бөлек-салақ, сақыр-сұқыр, шама-шарық т.б. және одан да көп буынды компоненттерден құралған қосарлама қос сөздерге: апалаң-топалаң, аралас-құралас, жападан-жалғыз, елбесіп-селбесіп т.б.

Бірақ кетіп қалған азын-аулақ қағаз бар (М.Ә.).

«Тап солай» десіп, бастарын шұлғи-шұлғи иланып еді. Осымен қатар Құнанбайдың «жүрек жұтқан ерлігі, айла-тәсілі» өзінен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (М.Ә.).

Керекуде үш-төрт күн аял қылғанда, шапыраш Майыр қуып жетті (М.Ә.).

Мысалдардағы азын-аулақ, айла-тәсіл сөздері екі буынанан құралса, үш-төрт сөзі бір буыннан құралған.

Мұнымен қатар бір компоненті бір буынды, екінші компоненті екі я үш буынды болып келетін де қосарлама сөздер бар. Мысалы: ат-тұрман, бет-әлпет, жай-жапсар, жат-жаран, жер-жебір, жүн-жұрқа, бай-бөсір, бай-манап, дау-далаба, жас-желең т.б.

Сол себепті: Жігітек масайрап, шат-шадыман боп жатыр (М.Ә.).

Құнанбай ауылдары да бір-бірінен шанжау-шанжау болатын (М.Ә.).

Осындайларды қазып ойлап, Абай осы күзде бар үлкенінің шама-шарқын танып алды (М.Ә.).

Мұнда шат-шадыман сөзінің бірінші сыңары бір буынды болса, шанжау-шанжау, шама-шарқы сөздерінің әрбір сыңары екі буыннан жасалған .

Буын түрлеріне қарай қосарлама қос сөздер ашық буынды да, тұйық және бітеу буынды да бола береді.

Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сыяпат (М.Ә.).

Ал ендеше сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? - деді (М.Ә.).

Шымылдық арқылы Абай мен Ділдәға айтқан ата-ананың тілектері еді (М.Ә.).

Берілген мысалдардағы сый-сыяпат сөзі бітеу буын, әдет-дәстүр сөзі ашық буын мен бітеу буын арқылы, ата-ана сөзі ашық буын арқылы жасалып тұр.

Қорыта келгенде, қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас,морфологиялық жағынан тектес,синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – Б.64.

2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.115.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.117.

4. Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс, 2007. – Б.81.

5. Қазақ тілінің грамматкасы. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. – Б.35.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.118.

7. Айдаров Т. Парные слова в казахских говорах Узбекистана // Проблемы этимологии тюркских языков. Алматы: Ғылым. 1990. – 395 с.

8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы, 1986.

ӘОК 398

МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

Токбаева Ж.Х., Асанов Қ.Д.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айтулы өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіпұлы Көпеев болып табылады. Ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісінде айтарлықтай еңбектер жүргізілді. Оны ақын, ағартушы, тарихшы және халық ауыз әдебиетінің

үлгілерін жинаушы ретінде М.О.Әуезов, Ә.Х.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов, Ә.Қоңыратбаев, І.Жарылғапов, Ы.Дүйсенбаев, М.Бөжеев, Қуандық Пазылұлы, Д.Әбілев, Уалихан Қалижан т.б. жоғары бағалады.

М.Ж.Көпеев жайлы алғаш мақала жазып, өзінің әділ пікірін айтқан адам – Әлкей Марғұлан («Қазақ әдебиеті», №25, қаңтар, 1940). Жастайынан оның өлеңдерін жаттап, атағына тәнті болған ғалым өзінің аталмыш еңбектерінде ақынның шыққан тегі, өмірбаянына байланысты тың деректерді келтіреді.

Мәшһүр өмірінде үш рет 1887, 1895, 1907 жылдары Бұқар, Ташкент, Түркістан жаққа барып, әрі білімін толықтырып, әрі жолшыбай ел аралап ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін жинастырумен болды». Ол өзінің көрген-білгенін, сезген-түйгенін, естіген, керектісін, ел игілігіне алады-ау дегенін ерінбей-жалықпай хаттап, қағаз бетіне меруерттей түсіріп кеткен жан. Бұл жөнінде М.О.Әуезов былай деп тұжырымдайды:

«Ал өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» [1, 358].

Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ы.Дүйсенбаев М.Көпеевтің творчестволық жолын жан-жақты зерттей келе, өз ойын былайша түйіндеген:

«М.Ж.Көпеев Бұқарға қатысты деген өлең-толғауларды ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз етіне түсірген, екіншіден ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толығырақ және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден өзі де Бұқардың өмірі және творчествосымен жете таныс болғандықтан кейбір жыр-толғауларының қандай жағдайда туғанына арнайы түсіндірме берумен бірге басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған» [2, 17] десе, бұл ойды біз де мақұлдаймыз.

Ал профессор Б.Кенжебаев «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды патша үкіметінің чиновниктерін сынайды» [3, 63] – деп жіті байқап, дұрыс баға береді.

Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлықтай айрықша бір ерекшелігі – өлең жазып шығарған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар». Бұл өлеңдердің сарыны ортақ, ой-арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін егуге, сауда істеуге шақырады [4, 10-11] Бұл жөнінде Ә.Тәжібаев:

«Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстайды. Ақындығын өзіне мұрат етті» [5], – деп терең ой толғап айтыпты.

1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан Мәшһүр Жүсіптің «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын үш кітабы бірдей шықты. Оның бір өлеңдерінде 1905 жылғы халық көтерілісінің де әсері бар екені көрініп тұр. Бұл шығармаларда қожа-молдалардың да жағымсыз іс-әрекеттерін сынайтын жерлері де аз емес. Осы кітаптардың ішінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы айтылған пікір де кездеседі. Мәшһүр Жүсіп Россиямен қосылудың прогессивті жақтарымен бірге, қиындығы да аз болған жоқ деп айтады. Егер біз осы үш жинақта жырланған дүниелерді түйіп айтар болсақ, халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігін, іс-әрекетін психологиясын біршама суреттеп беруімен де құнды [5, 10-17].

Патша үкіметі қазақ халқының ғасырлар бойы арманы болған ұлттық мемлекет құру идеясын басып жаныштады. Ұлттық-демократиялық мәдениеттің, әдебиеттің, кітап басу, ағарту ісін тұншықтырды. Қазақтар қарапайым саяси құқықтарынан айрылды. Мектептерде ана тілінде оқуға рұқсат етілмеді, көптеген мектептер жабылды, сабақ орыс тілінде өтілетін болса ғана жаңа мектептер ашуға рұқсат етілді. Демократиялық ұлттық мәдениеттің көптеген қайраткерлері себепсіз қуғындалды. Қазақ тілінде шыққан кітаптарды Россия империясының көлеміндегі күллі баспа ісін құдалау 1905-1907 жылдардағы төңкеріс жеңілгеннен кейін мүлде күшейді. Байқылаушылардың міндеттері тез өзгеріп, олар жарыққа шыққан әрбір шығармаға күдікпен қарады [6, 16].

Россия өкіметінің қазақ туралы мынадай қанды саясаты болды:

1.Қазақтың байлығын сүліктей сору.

2.Қазақтың сорпаға шығар маңдай жерін сыпырып, қазақты шөлге қуу.

3.Ауылнайлық, билік, болыстық партиясы отын үрлеп, май тастап қазақты бір-бірімен қол қамшы-шоқпар қылып, ұлттық азаттық сезімін өсірмеу.

4.Қазақты шоқындыру.

Казак-орыстың қазақ жеріне қаптатудың мәнісі:

1.Помещиктердің жеріне жеріккен мұжықтардың қазақ жеріне бетін аудару.

2.Қазақ жерінде мал өсірген, егін салған орыс байларына жұмыскер жеткізу.

3.Бір қазаққа екі орысты орнату [7].

Дәл осы кезде қазақ ақын-жазушыларының халықтың ой-санасына күшті әсер еткен, өмір шындығын дәл бейнелейтін өткір де шыншыл туындылар жарық көрді. Алайда бұл шығармалардың көпшілігі қара тізімге ілініп, қудалауға ұшырады. Осындай жасырын түрде идеялық мазмұны жағынан ерекше қауіпті деп табылған кітаптардың ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Қазақтың осы күнгі әңгімесі» атты туындылары болатын. Цензуралық комитеттің бұл тізімі 1913 жылдың 5 көкек айында құрылды. Мәшкеңнің патшалық және феодалдық түнектің езгісінде қайыршылыққа ұшыраған қазақ халқы туралы тебірене жазуы, халықтың санасын оятып, қоғамдық саяси өмірге атсалысуға шақыруы, өзіне кесір боп тиді [6, 17].

Комитет 1912 жылғы 10 көкектегі жиналысында кітаптардың мазмұнын тексере келе, аударма жасап, қорытынды шығару ісін прокурор Н.Ф.Қанатовқа тапсырды. Атап айтсақ: Ғ.Ғалымжанов «Есіл жұртым», М.Кәшімов «Насихат казакия», И.Бейсенов «Әдебиет өрнегі», Г.Мұштақаев «Қарлығаш», М.Ж.Көпеев «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз». Осылардың ішінде комитет «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген тамашамыздан» басқасынан қанша тырысса да қарсы іс қозғарлық қылмысты мін таба алмады [6, 21].

Ал М.Ж.Көпеевтің туындылары туралы Қанатов былай деп түсініктеме жазды:

«Мен аударған 3-7, 14-17 беттердің мазмұнына қарасақ, автор 1905 жылғы манифесті езілген халықтардың көз жасын құрғатқан пайдалы іс еді деп дәріптейтіндігі. Ал ел билеуші болыс, билер халықты өздерінің құлқындарын толтыратын байлық көзі деп санайды. Сондай-ақ, ол жер аударылған шаруалар да ол пиғылда емес деп есептейді».

Қанатовтың осы аударма арқылы берген түсініктемесінен кейін баспасөз туралы уақытша комитеті «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген тамашамыздың» авторын қылмысты істер ережесінің 129-статьясының 6-тармағы бойынша жауапқа тарту туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулыны 1913 жылы 6-қарашада Қазан сот палатасы бекітті.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық шиеленістің себептерін шыншылдықпен көрсете білді. Ол бәріне кінәлі патша өкіметінің жаулап алушылық, тонаушылық саясаты, халықты аяусыз езіп-қанауы деп пайымдады. Дегенмен автор қанша шындықты айтса да, оның 1907-1912 жылы алғашында Қазан университеті баспаханасында, кейін Б.Л.Домбровскийдің жекеменшік баспаханасында 3000 дана болып басылған «Хал-ахуал» атты өлеңдер кітабы да 1913 жылы 16 қаңтарда тұтқындалды. Көпеевті тұтқындау Қазан полицмейстері арқылы іске асырылды. Осылайша, демократиялық баспасөз бірінің артынан бірі қуғындала берді. Бірақ қандай қуғындау болса да қазақ халқының арасына терең тараған ұлтаралық қозғалысын тоқтата алмады. Қатал цензураға қарамастан кітап шығару ісі жалғаса берді. Авторлар сонда да оқу ағарту, ұлттық еркіндік идеясын насихаттаудан шектелмейді.

Демократ жазушылар патша әкімшілігінің жаулап алушылық саясатына қарсы күресті күшейтті. Олардың идеясы далаға кетпеді. Халық санасында терең із қалды.

Абзал ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевке қанша қудалап күйе жақса да, ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар, аузына арам салмаған тахуа еді. Ақынның таза мінезі оны ел ішінде қадір-құрметке бөледі. Халайық қауымның сүйіп қойған «Мәшһүр» деген атына лайық заты да болды. Саналы өмірінде дәретсіз жер баспаған, отыз күн оразасын ұстап, бес уақыт намазын қаза қылмаған, басында сәлдесін, аузында дұғасын, қолынан құранын, қалам-қағазын тастамаған жан.

Мәшекеңнің қуғынға ұшыраған 3 кітабы өз кезінде ел-жұрттың іздеп жүріп оқитын асыл дүниесіне айналған. Сол кездегі зиялы қауымның бәрі де ақынды жақсы біліп, терең танып сыйлайтын болған. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытов пен Мәшһүр Жүсіптің бір-біріне жолдаған сәлем-сауқатынан, жазысқан хаттарынан білеміз. Хатты бірінші жазған Жүсіпбек Аймауытов:

«Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыздың ұзын, қиялыңыздың терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінез сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өте

берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты, ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой» [8, 231], – деп жазса, оған ақын ағасы өте орынды жауап бере келіп:

«Қол жетпес көктегі айға созғанменен,
Бақ дәурен, өмір қызық озғанменен.
Қанша жерге қарады кәрі шіркін,
Желігіп делебесі қозғанменен.

Кірер үйі азайған басымыз бар,
Аппақ қардай сақал мен шашымыз бар.
Өзіңе берсін Алла ұзын өмір,
Көнгіш бол, қорғасындай болма темір.

Сұрапсың қандайсыз деп мән-жайымды,
Саған үйіп төкпеймін мен уайымды.
Ісек күнінде қартайған біз жаман қой,
Аз ғана мылжыңдайын қандайымды.
Бұралқы болмайтын мен еркек қой ма,
Бұл жалған айтшы маған айт пен той ма.
Неге ерте мезгілі жоқ қартайдың», – деп,
«Әменді көрген болсаң кінә қойма?!» – деп тебіренеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы керағар пікірде болғандардың бірі – белгілі тарихшы ғалым Қасым Бейсенбаев. Ол өзінің «Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века начала XX века» және «Идеино-политические течения в Казахстане конца XX века, начала XX века» деп аталатын кітаптарында Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына толығырақ тоқталып, оның баспа бетін көрген шығармаларын, атап айтқанда «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген жинақтары және «Дала уалаяты» газеті мен «Айқап» журналының беттерінде жарияланған мақалаларын сөз етеді. Ондағы діни уағыз бен ұлтшылдық сарынды баса айтады.

Қорыта келе айтқанда, ақынның діни сарындағы қисса-дастандары, оның мұсылман дінінің қазақ топырағындағы насихатшысы болған көрсетеді. Әсіресе, отаршылдық саясат көздеген орыстандыру, шоқындыру сияқты озбырлыққа ақынның рухани қарсылық білдіргенін дәлелдейді. Сонымен қатар адамгершілік ізгі қасиеттерді бойға сіңіру, имандылықты, ұлттық әдет-ғұрыпты сақтау және ислам дінінің ілкі қасиетін сақтап қалу мұратына деген ақынның имани қасиетін жаңа бір қырынан айғақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдеби мұра жайында // Әдеби мұра және оны зерттеу. –Алматы: ҚМКӘБ, 1951. –358 б.
2. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 172 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1976. – 363 б.
4. Көпеев М.Ж. Таңдамалы екі томдық. I том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 358 б.
5. Тәжібаев Ә. Халқын сүйген ақын // Пионер. – №4. – 1986.
6. Байғалиев Б. Қыспақ көрген кітаптар // Мәдениет. – №38. – 1993.
7. Қошке Кемеңгерұлы. Бұрынғы езілген ұлттар! // Дауа. – №14. – 1991.
8. Ақышев З. Мәшһүр Жүсіп һәм Жүсіпбек // Дауа. – №14. – 1991.

ӘОК 811

АҚЫТ ҚАЖЫНЫҢ ШЕЖІРЕЛІК ДАСТАНДАРЫ

Туғалбаева А.А., Шекен Ж.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов – Қазақстан, Қытай, Монғолия сияқты үш елді мекендейтін қазақ халқының ортақ ақыны, ағартушы, қоғам қайраткері. Ақынның өмірі мен шығармашылығы қазақ халқының тарихындағы күрделі қоғамдық-саяси өзгерістер кезеңімен тұспа-тұс келеді. Ақын ел, жер шежіресін тарқата отырып, ұлттық сана-сезімді оятуға ерекше ықпал етті.

Ақыт Үлімжіұлының «Абақ Керей шежіресі», «Алтай толғауы» атты шежіре-дастандары қазақ елінің қалыптасу, даму тарихын құрайтын бір саласын қамтиды. Қазақтың қазіргі ата-бабалары жүріп өткен жолдарда жеке тұлғалардың олардан тараған ұрпақтардың, қасиетті ата-мекендердің этнографиялық, географиялық жүйесі бар. Көрнекті тарихшы ғалым Х.Маданов «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты кітабында былай дейді: «Қазақ хандары дәстүрі бойынша ата-бабаларының шежірелерін жаздырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп келген. Мұндай шежіре түзу көптеген ру тайпалардың зерделі адамдарына тән болған».

Қазақ мәдениеті тарихында осындай игі дәстүрдің заңды жалғасы шежіре-дастан жазу үрдісі ұлттық поэзиядағы тарихи поэтика болмысын байқатады.

«Ақыттың «Абақ Керей шежіресі», атты шығармасының идеялық-композициялық желісінде әдеби-тарихи шығарманың құрылымдық жүйесі сараланады: бірінішісі – ақынның халықтың өткен тарихына арналған көзқарасы, екіншісі – дана атты бидің Керей, Уақ есімді ағайынды екі баласы, олардың өсіп өркендеуі (енші алысуы, үйленуі) туралы; үшіншісі – Керейдің баласы Ашамайлының оның анасы Абақтың тағдыры (қайынағасы Уақтың оған үйленгісі келгені); төртіншісі – Абақтың төркіні Үйсінге көшкені, Нәзір молдамен қосылғаны, ұлы Қарақожа молланың, одан Майқы бидің, одан Жанастың дүниеге келгені. Шежіре-дастан сюжетінің идеялық түйіні – қазақтың іргелі аталығы екі Абақ ұрпақтарының тарихи-этнографиялық жүйесін саралау» [1, 12].

Нәзірден бір ұл тапты Абақ қатын,
Қойыпты Қарақожа оның атын.
Өскен соң ол да үлкен молла болып
Өсиет жұртқа жайды шариғатын.
Баласы Қарақожа Майқы би-ді,
Әділдік айтқаннан соң жұрты сүйді,
Ақылмен әділдік қып елді билеп,
Тентек пен тебіздің бәрін тиды.
Баласы Майқы бидің Жанас екен,
Қаңтар туса қара бура жарайды екен
Ағалар, құлақ салып тыңдасаңыз.
Он екі Абақ осыдан тарайды екен.
Атамыз одан кейін Мерген екен,
Құдай тілек Абаққа берген екен.
Қыдыр дарып, бақ дәулет қоса қонып,
Осынша жұрағаты өнген екен.
Атамыз онан кейін Дүзбен екен,
Біреудің несібесі түзден екен.
Қорқып қашып өкпемен құтылмапты,
Аралап жердің жүзін кезген екен [2, 137-138].

Қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалардың композициялық құрылысында үнемі жүйесі бұзылмайтын желі – халықтың мекендеген атамекен қоныстарының аталуы, суреттелуі. Қазақ әдебиетіндегі басқа жанрларға қарағанда тарихи деректіліктерді мол қамтып баяндауға көбірек құралса да, шежірелердің прозалық үлгілерінде де табиғат көріністері, ата-баба мекендерінің пейзаждың көріністері суреттелетіні алдыңғы тарауда да айтылды. Ал ақындық поэзия тарихында қазақ даласының ата-бабалар өсіп-өркендеген байырғы атамекендерін лироэпикалық сарынмен жырланған Ақыт Үлімжіұлының «Алтай толғауы» шежіре-дастанының

поэтикалық сипаты айрықша маңызды. Себебі шежіре-дастанның идеялық-композициялық құрылысынан ежелгі түркі өркениеті дәуірлерінде, одан кейінгі замандарда бүкіл Алаш жұртының көңілдерінен өшпеген туыстық-қандастық байланыстардың дәнекері болған Алтай тауы өлкесі шежірелі жырмен өріледі. Ақыт ақынның аталған «Алтай толғауы» шежіре-дастанының поэтикалық-көркемдік тіні – ата-бабалық мекеннің ғасырлар бойы ұрпақтардың жандүниесіне, санасына сіңген атауларының тарихи мәнін, маңызын саралай жырлау. Шежірелік шығарманың поэтикалық құрылымы топонимикалық-географиялық сипаттау тұрғысында танылады. Шежіре-дастанның поэтикалық құрылымындағы ата-баба мекендерін жүйелеп қарағанда көптеген географиялық атаулар сараланып көрінеді. Мысалы: 1. Өр Алтайдың құрамындағы шоқылар, шыңдар, белестер, сайлар: Қаба, Бәйтік, Боғда, Сауыр, Шеміршек, Қыран, Жайыр, Көктоғай, Тұрғын, Қайырты, Өрмегейті, Үшбиік. 2. Өзеңдер: Қара Ертіс, Қалутан, Қарақас, Күрті, Талдысай, Сарбұлақ, Қара Түңке, Қу Ертіс, Бұлғын, Шіңгіл т.б. 3. Көлдері: Бағыраш, Баркөл, Үліңгір, Сайрам және т.б. 4. Жайлаулары: Қашқырты, Құсты, Қайырты, Қаранор, Үштөгіс, Қаракезең, Түяты, Мөнке, Құмыл, Ақсала, Сарысүмбе, Бітеужар, Салбырты, Сасыр және т.б. [1, 18].

Ақын атамекен Алтай тауы мен сол атырапқа жақын қоныстардың барлығының да адамдардың тұрмыстық-әлеуметтік тіршілігіне жайлылығы жақтарын қозғай жырлайды. Бұл жағынан алғанда, Ақттың шежіре-дастаны сонау Асан Қайғының (XV ғ.). Қазақ даласының әрбір қонысына берген бағалауларын да еске түсіреді.

Ақын шығармасының эстетикалық сымбатын ажарландырып тұрған басты ерекшелік – Алтай өлкесінің әсем табиғатын, жер-су мекендерінің көрікті келбеттерін бейнелі, суретті қолданыстармен жырлағандығы. Қазақ поэзиясының ежелгі замандардын бүгінгі дамуға дейін ұласқасы көркемдік үрдістерінін бірі – қазақ ауылдарының жазғы жайлауларының сұлу келбетін бейнелей жырлау. Жыраулар поэзиясында да, кейінгі кезеңдерде де қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлері мол бояулы сипатпен жырланатыны осы жазғы жайлаулар сымбатымен айқындалады. Ақыттың шежіре-дастанында осындай суреттеулер түйдек-түйдек шеғырлы бөліктер арқылы жырланады. Мысалы:

1.Жеті Қаба, Қанастың,
Басы жетеу шалқайған.
Шөбі қандай жұғымды,
Жетім қозы марқайған.
Тынысы кең өзен су,
Тау жаңғыртып әуені,
Құлап ағар тар сайдан
Сай-саласы салбырап,
Ағады бұлақ әр сайдан.
Тынысы кең өзен сол,
Жайлауы толық кезең сол [2, 139].
2. Саяда сайран бұлбұлы,
Аққу, қазы, сылаңдар.
Көкорай шалғын көк жайсаң,
Балалар аунап, тыраңдар [2, 140].
3. Жазғұтұрым болғанда,
Оның өзі бір арман.
Көктоғайды көрмесең,
Қаз бен үйрек, қарлығаш,
Неше түрлі күй салар [2, 142].

Ақынның атамекен қоныстардың атаулы мекендерінің берекелі, жанға да, малға да жайлы жақсылықтарын бейнелі өрнектермен жырлауы арқылы көшпелі тұрмыс мәдениетіне қалыпта сақын ұлттық дүниетаным психологиясының болмысы да айқындалады. Атамекен қоныстың сонау түркілер заманынан бері сақталған берекелі табиғаты, өзені, тоғайы, шөбі және т.б. тіршілік мүшелері, құбылыстары – бәрі де адамдардың аң саған арманы көрінісіндей бейнеленеді:

1. Қызылқия, Сарғобы,
Шегіртай деген жері бар.
Құрымты, Жолты, Жаматы,
Алтайға асар жолы бар.

Өрмегейті бел екен,
Дайын деген көл екен.
Қобда суы, Ақ қолда,
Сүгірбайдың елі екен.
Шеруші тұған мекендеп,
Шөбі шүйгін жер екен.
Шипалы шөбі көп өнген,
Адам мен малдың емі екен.
Міне осылай айнала,
Қазақтың мекен жері екен [2, 146].
2 ...Судың құмы сары алтын,
Балығы жүзіп бұраңдар.
Буыршын, Қаба қатарсың,
Бидайдың дәмін татарсың,
Күз болғанда егіннің
Қызығына батарсың... [2, 146].
...Алма жемісің аңқыған,
Жеріңнің қалмай даласы [2, 147].

Ақын – туған ел табиғатының тамыршысы, суретшісі. Ата мекен қоныстардың кейбірі жанға жайлылығымен ерекшеленсе, кейбіріндегі қолайсыздық жағдайлары да халық тарихындағы шындық.

Ақыт ақынның топонимикалық-географиялық атаулардың шежірелік жинағы сынды шығармасында қолайсыз ауа райы бар мекендердің табиғи болмысы да реалистікпен жырланады:

1 ...Қобданың жері Делуін,
Тезекке елдің көнуін.
Жазғытұрым жел соқса,
Ойпаңға таман қашады.
Пәлен дейтін ағаш жоқ,
Тезекпен етін асады.
Қара жел қатты соққан күн,
Топырағын шашады.
Алтайға асса тағы да
Қары жауып басады.
Алтай беттің қары бар.
Қобда беттің зәрі бар.
Өр керей байғұс не қылсын,
Өлмей жүрген жаны бар [2, 144].

Ақындар – тарихи негіздері ата-бабалар қоныстары болған атамекендерді жырлауда солардың кейінгі ұрпақтар үшін мәңгілік қайырлы, жайлы қоныстар бола алмағанын жырлайтын алаңжар, қамкөңілді тұлғалар. Ақының осы шығармасындағы қоныстар туралы әдеби-тарихи танымен жырлаған толғаныстары Дулат Бабатайұлының «Ақжайлау мен Сандықтас», «Қазаққа», «Ата қоныс Арқадан», Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Сарыарқа» атты толғауларындағы атамекен қоныстардың тағдырына күйзелген азаматтық тебіреністерін еске түсіреді.

Ақыт ақынның аталған шығармасы – қазақ тарихының отарлаушы елдердің құр сауына түскен зарлы заманның шежірелі кезеңдерін елестетеді. Монғолияның және Шығыс Түркістанның Алтай тауы атыраптары кіретін өлкесіндегі өзге ұлыстардың қазақтарға жасаған қысымшылықтары – тарихтың шындығы. «Алтай толғауы» эпикалық шығармасындағы қазақ халқы бөлігінің түртпекке, қыспаққа ұшыраған қиын тағдары өлең жолдары арқылы суреттеледі:

...Қамалып қалған қайран ел,
Ендің қоныс таппайды.
«Жерімнен кет!» деп қоқилап,
Қорлығы қалмақ өткені.
Сол қорлыққа шыдамай,
Бөкенің ұзап кеткені [2, 145].

Алтай атырабындағы қазақтардың қоныстарымен ортақтасқан өзге халықтардың (қара қытай, дүнген, сарт, қалмақ, сібе, солан, ноғай, өзбек, тәжік) тағдырларына да қоғамдық-әлеуметтік шындық аясында пікірін айтады:

...Қайда жүрсің қазағым,
Қоныстың тартқан азабын?
Көшуменен күнелтсең,
Бәрінді солай жазамын.
...Қазан алман, лау ат,
Батырған қатты салмағын.
Салмағыңды ойлаумен,
Қысуда кетті бармағым [2, 149].

Қазақ тарихының ежелгі түркі өркениеті, орта ғасырлардағы исламдық мәдениет, одан кейінгі Алтын Орда – Қыпшақ, Қазақ хандығы және солардың жалғасып икеліп жат елдерге отар-бодан болған тарихи шежірелі жолды жырлау – ақындар поэзиясында XIX ғасыр мен XX ғасыр басында кеңінен өрістеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі шежірелік шығармалар жалпы адамзаттың мәдениеті тарихындағы көркемдік-эстетикалық үрдістердің құрамдас бөлігі болып саналады. Әлем халықтарының және қазақтың әдеби мұраларында классикалық үрдіс болып қалыптасқан көркем тарихнамалықтың поэтикалық заңдылықтары аясында ұлттық мәдени мұраларымыздың ақтаңдақ беттерін толықтыру Қазақстанның жаңа тарихына үлес болып қосылады.

Ұлтының қамы үшін қалам сілтеп, азаттықты армандаған ақынның тәуелсіз қазақ елімен қауышар кезі келді. Ендігі жерде алаштың арманын айтқан Ақыт есімі ел есінде болары хақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева А.С. Қазақ әдебиетіндегі шежірелік шғармалар: тарихилығы және жанрлық, стильдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ...диссертация. – Алматы. – Б.27.

2. Ақыт хажы. Ғахылия. – Баян-Өлгей баспагер компаниясы, 1994. – 213 б.

ӘОК 821.512.122

З.АХМЕТОВТІҢ «ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ТЕОРИЯСЫ» ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Ускенова А.М.
«Болашақ» академиясы» ЖММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі кезеңде қазақ әдебиеттануы қандай күрделі проблеманы да дербес зерттей алады. Бұл жолда кең арналы зерттеуге жол ашып берген аға буын зерттеушілердің еңбегі мол.

XX ғасыр қазақ халқы үшін есте қаларлық тұтас бір тарихи дәуір десек, соңғы жетпіс жылы біздің ұлт мәдениеті мен ғылымы үшін үлкен өркендеу кезеңі болды: осы кезеңде қоғамдық ғылымдар бұрын болмаған дәрежеде дамып, жаңа деңгейге көтерілді. Еліміздің қоғамдық ғылымдарының, оның ішінде ұлттық әдебиеттану ғылымының іргесі бекіп дами түсуінде 1950 жылдары таланттарымен көрінген бір топ жас зиялылар легінің рөлі ерекше болды. Сол таланттар шоғырының көш басында аса көрнекті ғалым, қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының бірегей өкілдерінің бірі, академик Зәки Ахметов есімі ерекше аталады.

Өмір жолын ұстаздықтан бастап, ғылым жолымен ұштастырған Зәки Ахметұлының 1975 жылы Ұлттық Ғылым академиясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы сан-салалы ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен жалғасты. Әдебиеттану ғылымында З.Ахметов әдебиет тарихы, абайтану, Әуезовтану, әдебиет теориясы мен әдебиеттану әдіснамасы туралы өзекті мәселелерді қамтыған іргелі зерттеу еңбектері арқылы, ұлттық әдебиеттану ғылымын республикадан тыс жерлерге де әйгілі етті. З.Ахметовтың әдебиет теориясы, поэтика, өлең құрылысы мен өлең жүйесі, абайтану мен әуезовтану проблемалары жөніндегі күрделі зерттеулерінің мән-маңызы күн өткен сайын тереңдей түсуде. Сондай еңбектерінің бірі – «Өлең сөздің теориясы». Кітап өлең теориясының екі үлкен тармағына «Тіл кестесі» және «Өлең өрнегі» болып бөлінген. «Тіл кестесі» бөлімі төрт тараудан тұрады. Алғашқысы өлең сөздің бейнелеу құралдарына арналған. Алдымен автор сөз бейнелілігі деген не, оның ерекшелігі неде, сөзді бейнелеу мен қолдану әдісі қалай деген

сұрақтарға жауап беріп, оқушыға жалпы поэзияның табиғаты, оның басқа жанрлардан өзгешелігі туралы толық мағлұмат береді. «Поэзияда қорытындылап жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттардың ұштасып, ұласып жатуы», сондай-ақ, көркемдік, бейнелі түрде сипаттау, суреттілігі басым болатыны дәлелді айтылған. Мәселен, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» деген белгілі өлеңінің талдануы оқушыға поэзияның құдіреті мен қасиетін толық танытады. Өлеңнің ішкі мазмұнына терең үңілген зерттеуші мәтінге түгелдей әдеби-мазмұндық талдау жасап, поэзияға тән көркемдік суреттеу әдісіне кең тоқталады. Мұнда табиғаттың әсем көрінісі мен аулақта жолыққан қыз бен жігіттің типтік қасиет ерекшеліктері үлкен талғампаздықпен сұрыптап алынғанын айтады. Өлеңді жете қарастырған автор мұнда басы артық жай айтыла салған бірде-бір эпитет, анықтамалардың жоқтығына терең зерделеу арқылы көз жеткізеді.

Қазақ поэзиясында ауыспалы мағынада қолданылатын бейнелі сөздердің шығу төркіні көне замандарға барып тіреледі. Сондай-ақ олардың шығуы мен ерекшелігі қазақтың көшпелі, мал шаруашылығы тіршілігімен де байланысты. Осыған орай З.Ахметов қазақ өлеңінде кездесетін бейнелі сөздерді екі үлкен салаға бөледі. Бұл табиғат суретін және төрт түлік малға байланысты ұғым-түсініктерді білдіретін сөздер. Осы екі түрге сәйкес автордың көптеген нақты мысалдарға жасаған талдаулары мен пайымдаулары, тұжырымдары оқушыға ой салып, қазақ халық поэзиясының қадірін жете түсінуге баулитыны даусыз.

Халық поэзиясының тіліне арналған тарауда автор ауыспалы мағынада көркем құралдарды зерттей отырып, бүкіл қазақ фольклорының кейбір жанрлық сипаттарын да ашып көрсеткен. Мәселен, еңбекте нақты мысалдар негізінде жасалған мынадай қорытынды бар: «Қазақ поэзиясында, әсіресе, халықтық өлең-жырлар мен эпостық туындыларда адамның кескінін, сұлу қыздың, арудың келбет-сымбатын айшықтап, мәнерлеп суреттеуге үлкен мән беріледі, әйел портреті мейлінше көркем жасалады және бояуының ашықтығы, тартымдылығы нақтылығымен айрықша көңіл аудартады».

Қазақ әдебиеті тарихында Абай есімі ерекше екені мәлім. Ол – қазақтың поэзиясын мазмұн жағынан да, түр жағынан да байытып, тек жаңашыл ғана емес, нағыз реформатор, тіпті әдебиеттің қоғамдық сипатын, көркемдік бітімін, мазмұнын, қызметін түгелдей өзгерткен суреткер. З.Ахметов Абайдың тіл ұстарту өнерінен екі заңдылықты байқаған. Бірі – жаңа, соны сөздер мен сөз тіркестерін жасау да, екіншісі – бұрыннан белгілі, дәстүрлі, бейнелі сөзді жаңаша көркемдеп, тең мағынада қолдану. Мысал ретінде Абайдың бұрыннан қолданылып жүрген «жүрек» пен «көңіл» бейнесіне ондаған жаңаша көркем сипаттама тапқанын айтуға болады.

«Тіл кестесі» бөлімін қорытындылап тұрған тарау – кеңес дәуірінің алғашқы кезінен бастап, осы күнге дейінгі қазақ поэзиясында бейнелі сөздер мен көркемдеу құралдарының жан-күйі мен өркендеу тенденциясы, бағыты. Автор әр жылдардағы халық поэзиясының үлгілерін салыстырып, әрқайсысына тән ерекшеліктерді ашады. Сонымен қоса, оларға түр жағынан, бейнелі сөзді қолдану әдісі жағынан ортақ қасиеттерді де іздестіреді. Мысалы, автор Сәкен Сейфуллин поэзиясында бейнелеудің, көркемдеудің жаңа тәсілдерінің мол екенін көрсете отырып, бұрыннан қолданылып жүрген, дәстүрлі құралдардың орын алатындығын айтады. Бұл жалғыз Сәкен емес, Сәбит, Ілияс, Әбділда, Қасым, Сырбай, Жұбан сияқты ақындарда, тіпті қазіргі барлық қазақ поэзиясында кездесетін жағдай. Бірақ әрқайсысында өзіндік ерекшелігі бар, әр ақын өлең сөзді өзінше ойнатады, өзінше құбылтып, түрлендіреді. Біреуі бұрыннан белгілі сөзді жаңа мағынада қолданып, басқа қырынан көрсетсе, екіншісі тыңнан сөз жасап, жаңадан бейнелі ұғым тудырады. Осының екеуі де кейде бір ақынның шығармашылығында ұштасып жатады. Мұның өзі мүмкін нәрсе. Оның мәнісі қай ақын да ойын кестелеп, айшықтап айтуға тырысады, осы жолда былайынша көңіл аудармайтын мәселеге үлкен маңыз беруі мүмкін. Қазақ ақындарының дәстүрінде олар өз шығармаларында дағдылы халық үлгісін ғана емес, басқа ел әдебиетіндегі дәстүрлерді де енгізуі мүмкін. Осы ретте қазақ ақындарының В.Маяовскийден көп үйренгенін атаған жөн. Мәселен, С.Сейфуллинде, С.Мұқановта орыс ақынының өлең өлшемдері кездесті. Маяковскийдің сөз саралау ерекшеліктері, жаңа мазмұнға жаңа форманы сәйкестендіру тәсілдері, сөзді жаңа мағынада қолдана алуы – қазіргі ақындарға да үлгі боларлық. Осы себептен З.Ахметов қазақ ақындары шығармашылығындағы Маяковский дәстүріне кең тоқталады.

Кітаптың екінші бөлімі «Өлең өрнегі» деп аталады. Мұнда қазақ өлеңінің құрылымына, өлшем-өрнектері мен түрлеріне, қазіргі поэзияда қолданылу жолдарына, ерекшеліктеріне талдау беріледі. Өлеңді өлең ететін ең алдымен оның ұйқасқа негізделген шумақтық құрылысы,

ырғақтылығы, әуезділігі мен үнділігі. Өлең сөздің қара сөзден басты айырмашылығы да осында. Оның үстіне ерте заманнан бері қазақ өлеңді әуенмен айтқан, ал тақпақтап айту дәстүрі кейіннен туған. Яғни, өлеңге әуенділік те тән. Қазақ өлең деп әнді де, өлең сөзді де айтады. Өлең сөздің оқылу мәнері мен айтылу қалпы қара сөзден бөлек. Тиянақты ырғақ болуы да – өлең сөздің құрылысына тән ерекшелік. Ырғақ қара сөзде де бар, бірақ ол өлеңдегідей мөлшерлі емес, тыныс алу үшін ғана сөйлем арасында болады. Мөлшерлі ырғақ – өлең жасаудың басты шарттарының бірі.

Өлеңнің құрылыс жүйесіне арналған тарауда ырғақтан басқа да өлеңнің негізгі жанрлық, композициялық сипаттары зерттеледі, тармақ, бунақ, шумақ сияқты өлең бөлшектерінің заңдылықтары талданады. Өлшем туралы айтқанда, автор жалпы түркі тектес халықтар поэзиясындағы өлшем түрінің ең көнесі жыр мен қара өлең үлгісі екенін айтады. Автор бұл ойын көптеген тюрколог ғалымдардың пікірімен дәйектейді. Бұл екі өлшем Абайға дейін қазақ поэзиясында басты орында болып келгендіктен, қазақ өлеңін зерттеген әдебиетшілердің бәрі дерлік осы екеуіне назар аударып, олардың табиғатын ашуға зер салады. Міне, осының бәрін ескере отырып, автор бұл екі түрдің өзара жақындығы мен ішкі заңдылықтарын, ерекшеліктерін аша түскен, әсіресе, ырғақтық құрылыс бітіміне бірлестік барын айтуы және оның себебін ашып беруі – үлкен жаңалық. Зерттеуші жыр мен қара өлеңдегі өлшемдердің айырмашылығы мен өзіндік қасиеттерін жан-жақты қарастырады. Жырдағы жеті-сегіз буынды өлшемнің қазақ өлеңінің барлық үлгісінде келетінін айта келе, автор оның жырмен бірге термеде, толғауда мол қолданатынын анықтайды, терме мен толғауға ғылыми анықтама береді. Зерттеушінің жеті-сегіз буынды жыр түріндегі өлең үлгілеріне тән шумақ пен ұйқас, тармақ пен түйдек туралы пайымдаулар маңызды. Мәселен, осы күнге дейін жеті-сегіз буынды жырдың ұйқасы шұбыртпалы екендігі орныққан пікір болса, ғалым З.Ахметов жыр ұйқасының бірнеше түрлерін айқындап, өзекті (желілі), жанама, бірыңғай, егіз ұйқас деген атаулар береді. Осыған байланысты зерттеуші бірнеше ұйқас түрлерін атап (айқас, ақсақ, аттамалы, егіз, қаусырмалы, шумақ, аралық), ұйқастың тармаққа да, буынға да, ырғаққа да дауыс толқынына да қатысты болатындығын ескертеді. Тіпті «ұйқасты түрлендіріп пайдалану өлең сөздің синтаксистік құрылыс жүйесін байытып, молықтыра түсуге мүмкіндік береді» деген түйін айтады. Қазақ поэзиясында қара өлең ұйқасы біршама зерттелгені белгілі. Ал зерттеуші З.Ахметовтың бұған дейін айтылмаған қырларын, яғни, тармақтарының буын санының біркелкі болуы, төрт тармақты қара өлең шумағында алдыңғы екеуінің негізгі айтылатын ойға тікелей байланысты болмауы, дауыс қалпының өзгеруі секілді мәселелерді айқындайды. Зерттеуші З.Ахметов мақал-мәтел, жұмбақ, нақыл сөз сияқты ұсақ жанр үлгілерінің өлеңдік өрнегін, ырғақ-өлшемін анықтайды. Ғалым «олардың өзінше қалыпты ырғағы бар екенін, «белгілі өлшеммен» айтылатынын, «ырғақтың құрылыс жағынан еркін және алуан түрлі» болатынын айтады. Екі тармақты нақыл сөздің (мақалдың, жұмбақтың) көпшілігі төрттен сегізге дейінгі буыннан тұратынын, ал төрт тармақтылары жеті-сегіз буыннан құралатындығын айтады.

Қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғақты туғызатын – өлең сөздің қайталанып келетін мөлшерлі бөлшектері болса, қазақ поэзиясында ырғақ туғызатын – өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері. Өлеңді оқығанда, айтқанда тармақтың өлшеулі шегі бар екені ерекше көзге түседі. Тармақтың бірлік-тұтастық тауып, оқшауланып тұратыны тегін емес. Оның шегі берік сақталып, өрнегі үнемі қайталанып отырады. Әрбір тармақ көбінесе тиянақты ойды немесе оның бір түйін-тарауын білдіреді, дауыс толқыны, сөйлем құрылысы жағынан да бөлекше болып келеді. Ал тармақты бунаққа бөлу ырғақтық жағынан анық болғанымен, синтаксистік (сөйлем құрылысы), интонациялық (дауыс толқыны) жағынан көзге түсе бермейді. Шумақтың құрылысын алсақ, мысалы, тармақтар төрттен, алты-алтыдан топтасса да, көбіне өлең сөздің интонациялық, синтаксистік ерекшеліктеріне сәйкестеніп алынады. Өлең өлшемдері тармақтағы буын санына қарап ажыратылады. Мысалы, он бір буынды өлең, алты буынды өлең, жеті-сегіз буынды жыр өлшемі т.б. Тармақ ішінде өлең ырғағын белгілейтін – буын. Ырғақты күшейтіп, толықтыра түсетіндер-шумақ, ұйқас. Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын. Буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясында, басқа түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түркімен, әзербайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде, сонымен бірге француз, чех тілінде де қолданылады. Силлабикалық өлең жүйесінде буындардың өлең ырғағын туғызуға, белгілеуге қатысты біркелкі сипат алуы, әрине, тіл құрылысының түпкі ерекшеліктерімен терең байланысты.

Қазақ өлең жүйесінде ырғақтың буынға негізделуі, тармақтың да буын санымен белгіленуі – мұның бәрі тілдің құрылысына, алдымен, оның дыбыстық, яғни фонетикалық

